

Л2016
3022

Раушан ӘБДІҚҰЛОВА

ЖАНР
ЖӘНЕ
ШЫҒАРМА







Раушан ӘБДІҚҰЛОВА

ЖАНР ӘНЕ ШЫҒАРМА



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

Раушан ӘБДІҚҰЛОВА

**ЖАНР
ӘНЕ
ШЫҒАРМА**



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5 қаз)

Ә 14

**«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарыла-
ту, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру»
бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»**

Пікір жазғандар:

Филология ғылымдарының докторы, профессор А.Б. Темірболат

Филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. Қ. Мәдібаева

Әбдіқұлова Р. М.

Ә 14 **Жанр және шығарма:** Зерттеулер, әңгімелер.
/Р.М.Әбдіқұлова. – Алматы: «Қаратау ҚБ» ЖШС:
«Дәстүр», 2016.– 288б.

ISBN 978-601-7505-24-0

Бұл кітапқа жанр тарихының көне бастауларына шолу жасалады. Жанр категориясының әлемдік әдеби даму заңдылықтарымен, көркем әдебиеттің стильдік ерекшеліктерімен тығыз байланысы, жазушының шығармашылық психологиясымен тұтастығы жанр эволюциясы сипатында қарастырылады. Жаңа дәуірдегі жанрлық түрленулер мен жаңғырулар қазақ көркем әдебиеті құрылымында тәуелсіздік идеясының көрініс табуымен сабақтастықта пайымдалады. Әлемдік үштік: эпос, лирика, драма тегінен тарайтын түрлердің жіктелуі қазақ әдебиеті шығармалары негізінде сараланады. Әлем әдебиетіндегі жанр метаморфозасы төңірегінде туындаған даулы көзқарастардан қызықты деректер келтіріледі. Кітапта жанртану ілімінің негіздеріне сүйене отырып жасалған тұжырымдар жас зерттеушілерді жанр мәселесін оңтайлы шешуге бағыттайтыны анық. Сондай-ақ, оқу құралына автордың мәңгілік ел идеясының көркем әдебиетте көрініс табуын байыптайтын мақалалары мен оқырманның биік талғамын қалыптастыруға септігін тигізетін туындылары енгізілді.

Кітап зерттеушілер мен мамандарға, көпшілік оқырманға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5 қаз)

ISBN 978-601-7505-24-0

© Әбдіқұлова Р., 2016.

© «Дәстүр», 2016.

© «Қаратау ҚБ» ЖШС, 2016.

I бөлім

ЖАНД ЖӘНЕ ШЫҒАРМА



ЖАНРТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Жанр (француз сөзі-genre, латынша-generis) тек, түр деген ұғымды беретіні белгілі. Жанр – тарихи категория. Жанрдың тарихи тамырлары әріде жатқандығы көркем әдеби дамудың үздіксіздігін айқындайды. Көркемсөз туындыларының ерте кезден эпос, драма және лирика деп аталатын ірі үш текке бөлінгендігі белгілі болды. Бұл Сократ, Платон пайымдарынан айқындалады. Аристотель Гомердің өз атынан сөйлеуінің мәнін айқындайды. Сөйтіп, Қайта Өрлеу дәуірінде Аристотель триадасы нақтыланады.

Жанр мәселесі ұлттық әдебиетіміз ауқымында кеңінен талданады. Қазақ әдебиеттануының негізін қалаушы А. Байтұрсынов шығарма мазмұнының төрт түрін көрсетеді: «1. Жай сөйлеу түрде. 2. Сөйлестірген түрде. 3. Хат түрінде. 4. Аралас түрде.» /1,345/. Тарихи-сабақтастық принципінің, жанрлық жіктелу дәстүрінің ұлттық әдебиетіміздегі көрінісі Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, Р. Нұрғалиев, Р. Бердібаев, Е. Лизунова, М. Дүйсенов, Ы. Дүйсенов, З. Ахметов, М. Атымов, Ә. Нарымбетов, Н. Уахатов т.б. зерттеушілер көзқарастары негізінде айқындалады. Мәселен, Қ. Жұмалиев әдебиеттің тегі мен жанрын бір ұғым деп түсіндіріп, эпостық жанр, лирикалық жанр, драмалық жанр деп атау ұғынықты екенін атаса, З. Қабдолов тек пен түрді «жанр» ұғымымен мәндес деп түсіндіреді, ал Р. Нұрғалиев жанр тудыратын элементтер қатарына сюжет түзілісін, композиция,

тақырып, поэтиканы, шығарма идеясы мен мазмұнын ашатын көркемдік құралдарды жатқызуға болатынын аңғартады./2,128-138;/ Сондай-ақ, әралуан поэзия, проза, драма жанрларының поэтикасын талдайтын ұжымдық еңбектер 1968, 1971 жылдарда жазылды./3; 4;/

Әдебиет теоретигі В. Е. Хализев лирикада (дифирамба) ақын өз атынан сөйлеуі және шығарманы кейіпкерлердің пікір алмасуына құруы, ақын сөздерінің кейіпкерлер сөзіне араласпауы трагедия мен комедияға тән болуы жөніндегі, өз сөзін кейіпкерлер сөзімен біріктіруі әрі арасында өз атынан сөйлеуі эпосқа тән екендігі жөніндегі Сократ пайымдары Платонның «Мемлекет» деген еңбегінде тұжырымдалғанын пайымдайды./5,308/. Аристотельдің «Поэтика» еңбегіндегі пайымдарының осыған ұқсастығы танылады. Л. И. Тимофеев текті композициялық ерекшеліктеріне қарай ажыратады. Жанрды тек деп түсіндіреді, ал жанрлық формаларды «вид» деп атайды. Ол үш түрлі тек (жанр) бар деп: 1. лиро-эпикалық жанр 2. көркем-тарихи жанр 3. сатира. Эльсберг те сатираны өзінше текке жатқызады. Н.П. Утехин – түрше (вид) дегенді айтқан. Б.В. Томашевский «Поэтика литературы» (М,1989) деген еңбегінде композиция құраушы тәсілді доминант (басты) ретінде қарастырады. Доминанттар жиынтығы – жанрдың құрылуының айқындау сәті деп санайды. Бұл да үшке бөледі: 3-шісі баяндау жанрлары. М.Н. Эпштейннің пікірі Хализевке жуық болса, Днепров сияқты ғалымдар романды әдеби тек деп санайды. Б.В. Томашевский де текті үшке бөліп, үшіншісіне баяндау жанрларын жатқызады. Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі әдебиеттануда жанр текке бөлудің екі принципін жүйелеуге болады./6, 95/ Кейбірі екі принципті де араласты-

рады. Л. И. Тимофеев Аристотельге жуық, Г.Н. Поспелов, Н. А. Гуляев, В. Е. Хализев Гегельге, Белинскийге жақын. Қысқасы, үш тек бар екенін түсіну керек. Текаралық формалар (лиро-эпикалық, лиро-драмалық) тек болып есептелмейді. Тектен тыс (дәстүрлі емес) формаларға очерк, эссеистика, әдебиеттегі «сана ағынын» жатқызуға болады. Әр тектің өзіне тән доминанты, мысалы: субъективті-эмоциональдық толғаныс лирика тегіне тән доминант, эпос тегіне тән доминант оқиға туралы баяндау, драма тегіне тән доминант оқиғалардың диалогта бейнеленуі болып табылады. Жанр типологиясын зерттеушілер әдебиеттің текке бөліну проблемасына қатысты теориялық тұжырымдарды жіктей түсіндіруден бастауды жөн деп санайды. Дегенмен, тек пен түр жайлы пайымдардың үндестігі де байқалады. Халық прозасын сөз еткен С. А. Қасқабасов жанр – шығармадағы сюжеттің берілу, өрілу тәсілі дей келіп, сюжет ауыз әдебиетінде тұрақталу керек, содан соң ғана шығармаға айналып, жанры айқындалады деген пікір айтады./7, 11/. Ал, әдеби жанрлардың үздіксіз дамуы, жаңғыруы, сабақтастығы туралы «жанрлық жад» туралы ой түйген орыс ғалымы М.М. Бахтин: «Литературный жанр по самой своей природе отражает наиболее устойчивые, «вековечные» тенденции развития литературы. В жанре всегда сохраняются неумирающие элементы архаики» /8,121/.

Жанр мәселесін әлеуметтік тарихи тұрғыдан қарастыру қажеттігі белгілі. Орыс ғалымы Л.В. Чернец «Литературные жанры» деген еңбегінде жанрлық жіктеу жасаудағы мақсат – жанрлар арасындағы сәйкестікті табу екенін, жанрлық типологияда ең маңызды мәселе – әртүрлі әдеби кезеңдердегі жанрлық жүйе арасын-

дағы байланысты табу, әдеби процестегі қалыптасқан әдеби белгілерді айқындау екенін көрсетеді /9, 132/. Романтизм мен реализм дәуіріндегі жанрлық жүйенің қайта құрылуы – әдеби сабақтастықтың көрінісі. Әсіресе, реализм жанрлық нормалардың өзгеруіне әкеледі. Жанрлардың дамуындағы сабақтастық мәселесін, типологиялық белгілердің тарихи қайталанып отыруын әдебиеттанушылар қоғам өмірімен байланыстыра қарастырады. Зерттеушілер Аристотельдің ой-толғауларын, Гегель мен В.Г.Белинскийдің, А.Н.Веселовскийдің жанрлық типологиясына тарихи тұрғыдан қараған. Зерттеуші А. Ісімақова: «Методологией исследования жанровых предыстоков прозы явились работы теоретиков историко-генетического направления русского литературоведения – А. Н. Веселовского, О. М. Фрейденберг, В. Я. Проппа, М. М. Бахтина, Е.М. Мелетинского и др.» – деп жазады/10, 155/. Олардың еңбектеріндегі құндылықтар пайымдалады. Гегель мен А. Н. Веселовскийдің концепцияларындағы басты проблема – көркемдік форманың жанрлық ерекшелігі. Л.В. Чернецтің еңбегінде бұл мәселе ары қарай марксистік негізде қалай дамытылғаны кеңес әдебиеттануындағы жанр теориясын терең сабақтау негізінде түсіндіріледі. Кеңес әдебиеттануындағы жанр теориясының мәні мен маңызы Ю.Н.Тынянов, М.М.Бахтин, В.Д.Сквозников, Г.Н.Поспелов т.б. еңбектері мен көзқарастары негізінде айқындалады. Автор батыс әдебиеттануында жанр мәселесіне қатысты концепциялар әрқилы екенін айта келіп, бұл әртүрлі концепцияларды салыстыра қарау мәселені түсіндіруде пайдалы ғана емес, методологиялық көзқарас тұрғысынан кеңірек зерттеуге жол ашатынын тұжырымдайды. Жанр мәселесі сөз болғанда әдеби

процестің маңызды заңдылықтары бір-бірімен тоғысып жатады: мазмұн мен пішіннің сәйкестігі, автордың ой өзегі және дәстүр мәселесі, оқырман талабы және әдеби өзгерістер, т.б.

Әдебиеттің текке бөліну мәселесі сөз болғанда ежелгі дүние ойшылдары Сократ, Платон пайымдарын ескермеуге болмайды. Аристотельдің «Поэтика» еңбегінде қарастырылатын текке бөлу мәселесі де көне ойшылдардың пайымдарымен үндестік тауып жатады.

Қазіргі уақытта орыс әдебиетінің теоретиктері В.Е.Хализев, Л.В.Чернец сөз өнерінің бұл үш тегін сөйлеушілердің қарым-қатынасы типі сипатында қарастырады. Дегенмен, зерттеушілердің пікірінше, әдебиеттің аталған үш тегі XIX ғасырда алдымен романтизм эстетикасында көркемсөз формасы емес, философиялық категория мәніндегі көркем мазмұн сипатында қарастырылғандығы, сондықтан да олардың поэтикадан алшақ болғандығы белгілі.

Жанр зерттеушілері қайсысы да Шеллинг, Гегель пайымдарын назардан тыс қалдырмайды. Гегельше, эпикалық поэзия объективті, лирика субъективті екені пайымдалады.

В.Е.Хализев эпика және эпикалық, лиризм, драматизм туралы тұжырымдарды стильмен байланыстырады. В.Е.Хализев Аристотельше, әдеби тек – көп жағдайда жинақтаушы және адам өмірінің негізгі формаларын бейнелеудің әралуан тәсілдеріне негізделген әдебиеттің қалыптасқан тарихи жіктелуі болып табылатындығын айқындай келіп: «Демек, Аристотель әдебиетті текке бөлудің негізі ретінде шындықты суреттеудің тәсілін қарастырады, эпос – оқиға туралы өз атыңнан айтылған әңгіме, баяндау, лирика – өз-өзіңмен

сырласу, драма – суреттелген қаһармандардың іс-әрекеті, Гегель негіз ретінде бейнелеу пәнін қарастырды: эпос – оқиға, лирика – көңіл-күй жағдайы, драма – әрекет», – деп тұжырымдайды /5,308/. Демек, әдебиеттегі әрбір тек өзіндік ерекшелікке ие: көркем шығарманың уақыт пен кеңістік тұрғысынан құрылымы, оларда адам іс-әрекетінің қатыстырылуы, автордың қарым-қатынасы, мәтіннің оқырманға қатысты сипаттары /6, 95/.

Бұл тұста тектердің шығу тарихын білудің мәні де зор. Эпос, драма, лириканың алғашқы қауымдық синкретті шығармашылық кезеңінде тууына байланысты А. Н. Веселовскийдің атақты еңбегін ескермеуге болмайды./11;/. Әдеби тектердің ғұрыптық әннен, хордан туғандығын Веселовскийше дәлелдеп түсіндірген жөн. А. Н. Веселовскийдің түсіндіруінше, хордағы корифейлер әні-кантилена ғұрыптық әннен бірте-бірте бөлініп шыққандығы, лиро-эпикалық ән поэзияның алғашқы формасы екендігі, сол әннің негізінде эпикалық баяндау қалыптасқандығы, хордан лирика бөлініп шығуы, эпика мен лириканың ғұрыптық хордан бөлінгендігі белгілі. Сондай-ақ драманы хор мен корифейдің реплика алмасуы деп тұжырымдаймыз. Би мен пантомимаға келе-келе сөз қосылғандығын да пайымдаймыз. Дегенмен, Веселовский теориясында эпос пен лириканың ғұрыптық әрекеттерге тәуелсіз қалыптасқандығы ескерілмегендігін зерттеушілердің пікіріне сүйеніп бағамдаймыз.

В.Е. Хализевтің пікірінше, мифологиялық ертегілер хордан тыс пайда болды. Ғалым мифологиялық ертегілердің тууына тайпа өкілі әңгімесін негіз етіп алады. Лирика да ғұрыптан тыс пайда болғандығын, тұрмыс-еңбек қарым-қатынастарынан туғандығын пайымдай-

ды. Демек, әдеби тектердің тууының әртүрлі жолдары болды. Соның бірі ғұрыптық хор екендігі дәйектеледі. /5,308/

Л.В.Чернец «Литературные жанры» деген еңбегінде Г.В. Гегельдің жанрлық теориясын тектердің шығу тарихына қатысты пайымдайды. Л.В.Чернецтің пайымдауынша, Гегель теориясындағы субстанция өнердің ақиқат, ақылға сыйымды мазмұны десек, субъект – жеке адамның іс әрекетінен тұратын мазмұн екені түсінікті болуға тиіс. Субстанцияның мәні – қоғам және жеке адам – мазмұндық жіктелудің критерийі болып табылады. Гегельдің өнер туралы концепциясында жанрдың мазмұны, коллизия мен характер типтері, роман мен сатирадағы коллизия, «ғасыр геройы» мәселесі қарастырылып, Гегельдің саяси консерватизмі айқындалады /9,125/.

Гегель теориясын В.Г.Белинскийдің дамытқаны белгілі. В.Е. Хализев В.Г. Белинскийдің еңбегінде XVIII-XIX ғғ. романдарында жеке адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынастардың сипатталғандығын, социалистік реализм әдебиетіндегі романтиканың жаңа типті коллизиясы пайда болғандығын, жанр тарихын жеке тұлғаның дамуымен байланыстырғандығын бағалай келіп, оның тұжырымдарының гегельдік жанр типологиясымен ұштасқандығын тұжырымдайды. Сондай-ақ, зерттеушілер В.Г.Белинский пайымдарының Гегельмен ортақ сипаттарын ашады. Шығармашылықтың субъективтілігі, жанрларды мазмұны бойынша ажыратудың Гегель, Веселовский концепцияларына тән екендігін айқындайды. Жалпы, Веселовский теориясының Гегель теориясынан өзгешелігі тектердің айырмашылығын ажырата алмағандығымен түсіндіріледі.

В.Г.Белинский Өрлеу дәуірін жеке адамның рухани күрделенуіне, тұлғаның бостандығын оқшаулап көрсетуіне қатысты қарастырғанын айқындап, Гегель теориясын өрлеу фонында көрсетіп, толықтырады.

Әдеби тектерге жеке тоқталатын болсақ, эпос грекше сөз деген ұғымды береді. Эпос кейіпкерлер тағдыры, олардың іс-әрекеті, көңіл-күйі, сюжетке негіз болатын өмірлік оқиғалары туралы баяндау екендігі мәлім.

Эпоста баяндау өткен шақта айтылады. Баяндау телімдері әдебиетте әртүрлі қолданылатындығы да белгілі. Баяндау кең мағынада алғанда шығармадағы пейзаж, жағдай, кейіпкерлердің келбеті, көңіл-күйлерінің суреттелуі, тілдік бейнелеу, қайталаулар, автор сөздері, диалог пен монологтар, ішкі сөздер болып табылады. Сондықтан эпикалық шығармада баяндау доминант болады. Баяндау латынша наррация деп аталады. В.Е. Хализев еңбегінде баяндау дискурсының мәтіндік талдауға негіз болатындығы туралы пайымын француз структуралисі Ж. Женнеттің пікіріне сүйеніп тұжырымдайды /5,308/.

Зерттеушілердің пікірінше, уақыт пен кеңістікте өмір шындығы еркін және көркемдік құралдар арсеналы арқылы игеріледі. Оның мысалдары: «Махабхарата», «Одиссея», «Соғыс және бейбітшілік», «Сага о Форсайтах» (Дж. Голсуорси), У. Фолкнер трилогиясы т.б.

Эпикалық шығармада басқа өнер түрінде болмайтын кейіпкерлер саны, оқиғалар, тағдырлар, детальдар болуы мүмкін. Баяндау формасы тұрғысынан алғанда эпикалық шығармада адамның ішкі жан әлеміне терең суреттеледі. Эпикалық шығармада қалыптасу үстіндегі күрделі характерлердің сомдалатындығы белгілі. Ендігі бір мәселе – эпос тегіне тән мүмкіндіктердің барлық

баяндау түрлерінде бола бермейтіндігі. Эпос өмірді көркемдік тұтастықта суреттейді, дәуірлік шындықты ашады. Эпостық шығармашылықтың бірегейлігі мен ауқымдылығын, эпикалық жанрдың табиғатын қарастыруға болады.

Осы негізде XIX-XXғғ. әдебиетіндегі баяндаушы-кейіпкер мәселесінің шындыққа көзқарастар сапасының әрқилылығы мен бағалаушылық бағдары тұрғысынан қарастырылуы маңызды. Үшінші жақтан баяндаудағы автор мүмкіндігі: ұстанымы, өз пайымы мен бағасы, автордан өзге «мен» болуы, «Мен» әңгімеші, А.С. Пушкин «Капитан қызындағы» Гринев, Ә. Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдарындағы» және С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» тектес мемуарлық шығармалардағы «мен» баяндау үлгілері зерттеу еңбектерде жан-жақты қарастырылды. Баяндау тәсілдерінің әралуандығы – екінші жақ мысалында Ш. Құдайбердіұлы «Әділ-Мария» романын негізге алуға болады.

Драма тегінің тарихы, драманың эпикалық сипаттары: оқиғалар тізбегі, адамдар іс-әрекеті, олардың қарым-қатынастары болып табылады. Драмада ашық баяндау мен суреттеудің болмайтындығы ескеріледі.

Автор сөзінің көмекші және эпизодтық болуы, драмалық шығармада қосалқы мәтін болатыны белгілі. Драма тегінің ерекшеліктері мәтін-монолог, репликалар мен кейіпкер сөздері. Драманың көркемдік мүмкіндігінің шектеулі болатындығына мәтінді пайдалану арқылы көз жеткізуге болады. Драматургтың предметтік-бейнелеу құралдарының бір бөлегін ғана пайдалана алатындығы, эпосқа қарағанда драмада характердің толымды еместігі, іс-әрекет уақыты драмада сахна уақытының шегіне сыйғызылатындығы, драмада бейнеленген сәт

келесі шақпен тығыз байланысты болатындығы, оқиғаның уақытының қысқармауы және ұзармауы, кейіпкерлер репликасының үздіксіздігі (К.С. Станиславский) театр теориясына қатысты еңбектерде тұжырымдалғанын айтпасақ та болады.

Лирика тегінің шығуы лира сөзімен байланысты екені белгілі. Лирикада жеке адамның сана-сезімінің бейнеленетіндігі, оқиғаның болмайтындығы анық. Лирикадағы жағдайдың тұтас емес екені де рас. Лирикалық көңіл-күй тек сөйлеушіге ғана тәуелді емес. Лирикада көркемдік құралдар жүйесі түгелдей адам жанының тұтастай қозғалысын ашуға жұмсалады. Лирикадағы жағдай ерекше қуатпен бейнеленеді. Зерттеуші В.Е. Хализев лирикалық эмоция адамның рухани құбылыстарының жиынтығы, квинтэссенциясы екендігін пайымдайды./5,308/ Шынында да лирикалық шығармадағы көңіл-күй ерекше бір рухани жаңару болып табылады. Лирика адамның шындық өмірде бастан кешкен жағдайларының көркем нәтижесі екенін айғақтайды.

Зерттеулерде лирика тегінің шығу тарихына қатысты философиялық, пейзаждық, азаматтық лирика мәселелері қарастырылады. Лирикада бейнеленетін сезімнің өмір және табиғат фактілерімен, тарих және бүгінгі уақытпен, әлем өмірімен байланыстылығын ұғындырылады. Діни мотивтердің қазіргі лирикада көріну мәселесін қарастырылған еңбектер бар. Мәселен бұл мәселе Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Мағжан шығармашылығына қатысты арнайы зерттеу еңбектерде қарастырылғаны мәлім. Лирика көбінесе жақсылықты, құндылықтарды жырлайды. Скептицизмге бой алдырмайды.

Л. Гинзбургтің «О лирике» деген еңбегінде лирикада әсемдік жырланатындығын, ирония мен қарама-қайшы-

лықтың көрінетіндігін пайымдағаны белгілі. Мәселен, лирикалық поэма жанры көңіл-күйдің көпқырлылығын көрсетеді.

Зерттеушілер кез-келген лирикалық шығармада медитативтік бастау болатындығын тұжырымдайды. Медитация латынша ой-толғаныс. Лирика суретке құрылса да оның астарында медитация болатындығы – көркемдік қуаты болуы шарт. Эпикалық баяндаудағы бейтараптық, құштарлықсыздық лирикаға тән емес екені белгілі. Лирика тілі экспрессияға толы болатындығы – негізгі доминант. Лирикалық экспрессия – сөз тандау ерекшелігін синтаксистік құрылым, мәтіннің ырғақтық-фонетикалық құрылымын тану оңай емес. Осы орайда З. Ахметовтің «Поэзия-даналық шыңы» еңбегіндегі Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» лирикалық өлеңіне теориялық және текстологиялық байыптама жасағанын айтсақ та жеткілікті /8,11-14/. Лирика жанрына қатысты ендігі бір мәселе – лириканың автопсихологиялығы. Бұл тұста А. Блок, А.С.Пушкин, М.Мақатаев, Ф.Оңғарсынова сияқты ақындардың мәтіндерінен нақты мысалдар келтірудің маңызы айрықша. Автор мен оқырман «бізі» лириканың эпостан ерекшелігі болып табылады.

Қорыта айтқанда, әдеби тектердің шығу тарихын олардың осындай әралуан әрі ортақ ерекшеліктері болатындығымен, тарихи уақыт қалыптастырған жіктелім жүйесі екендігімен түсіндіруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу /Құраст. Р. Нұрғалиев, –Алматы: Жалын, 1991, –464 бет.

2. Дандай Ысқақұлы. Сын өнері. (Оқу құралы). Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001, –304 бет.

3. Жанр және шеберлік. Алматы. Ғылым, 1968, –347 б.
4. Жанр сипаты. /Редакциясын басқарған М. Қ. Қаратаев. Алматы: «Ғылым» баспасы, 1971. 268 бет.
5. Хализев В. Е. Теория литературы: Учебник/ В. Е. Хализев. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Высш. шк., 2005 – 405 с.
6. Джуанышбеков Н.О., Темирболат А.Б. Теория литературы: Учебное пособие/-Алматы, 2009, –284с.
7. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.б-19 бб.
8. Бахтин М. М. Проблемы поэтики Достоевского. М., 1979. – С.121.
9. Чернец Л.В. Литературные жанры. МГУ.1982. – 338 с.
10. Жанр және поэтика мәселелері, –Алматы, 2004, –300 бет.
11. Веселовский А.Н. Историческая поэтика/Вступ.ст. И.К. Горского; Сост., коммент. В.В. Мочаловой. – М.: Высш. шк., 1989. – 406 с. – (Классика литературной науки)
12. Ахметов З. Поэзия шыңы– даналық. Зерттеу. Алматы: Қазақ университеті, 2009, –368 б.

ӘДЕБИ ТЕКТЕРДІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫН ОҚЫТУ

Әдебиеттің текке бөліну мәселесі сөз болғанда ежелгі дүние ойшылдары Сократ, Платон пайымдарын ескермеуге болмайды. Аристотельдің «Поэтика» еңбегінде қарастырылатын текке бөлу мәселесі де көне ойшылдардың пайымдарымен үндестік тауып жатады.

Көрнекті әдебиет теоретигі В.Е.Хализев Қайта Өрлеу дәуірінде Аристотель триадасы нақтыланғанын көрсетеді /1/.

Мәселен, көне ойшылдардың тұжырымдауынша (дифирамба) ақынның өз атынан сөйлеуі лирикаға тән болса, шығарманы кейіпкерлердің пікір алмасуына құру, ақын сөздерінің кейіпкерлер сөзіне араласпауы трагедия мен комедияға тән болуы, өз сөзін кейіпкерлер сөзімен біріктіруі әрі арасында өз атынан сөйлеуі эпосқа тән екендігі пайымдалады.

Қазіргі уақытта орыс әдебиетінің теоретиктері В.Е.Хализев, Л.В.Чернец сөз өнерінің бұл үш тегін сөйлеушілердің қарым-қатынасы типі сипатында қарастырады. Дегенмен, зерттеушілердің пікірінше, әдебиеттің аталған үш тегі XIX ғасырда алдымен романтизм эстетикасында көркемсөз формасы емес, философиялық категория мәніндегі көркем мазмұн сипатында қарастырылғандығы, сондықтан да олардың поэтикадан алшақ болғандығы белгілі /2/.

Жанр зерттеушілері қайсысы да Шеллинг, Гегель пайымдарын назардан тыс қалдырмайды. Гегельше,

эпикалық поэзия объективті, лирика субъективті екені пайымдалады.

В.Е.Хализев эпика және эпикалық, лиризм, драматизм туралы тұжырымдарды стильмен байланыстырады. В.Е.Хализев Аристотельше, әдеби тек – көп жағдайда жинақтаушы және адам өмірінің негізгі формаларын бейнелеудің әралуан тәсілдеріне негізделген әдебиеттің қалыптасқан тарихи жіктелуі болып табылатындығын айқындай келіп: «Демек, Аристотель әдебиетті текке бөлудің негізі ретінде шындықты суреттеудің тәсілін қарастырады, эпос – оқиға туралы өз атыңнан айтылған әңгіме, баяндау, лирика – өз-өзіңмен сырласу, драма – суреттелген қаһармандардың іс-әрекеті, Гегель негіз ретінде бейнелеу пәнін қарастырды: эпос – оқиға, лирика – көңіл-күй жағдайы, драма – әрекет», – деп тұжырымдайды /1/.

Жанр типологиясын оқытуда әдебиеттің текке бөліну мәселесін алдыңғы қатарда қарастыра отырып ғылыми негіздемелерге сүйену қажеттігі анық. Сондықтан қазіргі әдебиеттанудағы белгілі теоретиктердің тек туралы концепцияларын ұғындыруда ғылыми технологиялық инновацияларды пайдалану да қажет. Мәселен, Тимофеевтің текті композициялық ерекшеліктеріне қарай ажырататындығы, Эльсбергтің сатираны өзінше текке жатқызатындығы, Г.Н. Пospelовтің, Н.А. Гуляевтің әдеби тектерді адам мен өмір шындығы қарам-қатынасының типтері бойынша жіктейтіндігін, В.Е.Хализевтің текті әдеби шығарманың тілдік құрылымының типі сипатында қарастыратындығын технологиялық құралдарды қолдану арқылы нақты да айқын тәсілдермен түсіндіруге болады. Олардың қатарына әртүрлі шығармашылық еркін сызбалар мен кестелерді жатқызуға болады.

М.Н. Эпштейннің пікірі Хализевке жуық болса, Днепров сияқты ғалымдар романды әдеби тек деп санайды. Б.В. Томашевский де текті үшке бөліп, үшіншісіне баяндау жанрларын жатқызады. Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі әдебиеттануда жанр текке бөлудің екі принципін жүйелеуге болады. Кейбірі екі принципті де араластырады. Л. И. Тимофеев Аристотельге жуық, Г.Н. Пospelов Гуляев, Хализев Гегельге, Белинскийге жақын. Қысқасы, үш тек бар екенін түсіну керек. Текаралық формалар (лиро-эпикалық, лиро-драмалық) тек болып есептелмейді. Тектен тыс (дәстүрлі емес) формаларға очерк, эссеистика, әдебиеттегі «сана ағынын» жатқызуға болады. Әр тектің өзіне тән доминанты, мысалы: субъективті-эмоциональдық толғаныс лирика тегіне тән доминант, эпос тегіне тән доминант оқиға туралы баяндау, драма тегіне тән доминант оқиғалардың диалогта бейнеленуі болып табылады. Әдебиетті текке бөлу мәселесіндегі осындай күрделі теориялық тұжырымдарды қазіргі жаңаша технологиялық құралдардың көмегінсіз айқын ұғындырудың мүмкін еместігі белгілі. Мәселен, қазіргі жаңаша технологиялық құралдардың көмегімен жүзеге асатын әртүрлі ойын тәсілдерін пайдалану әдістемесі кең тарағанын айтсақ та жеткілікті. Сондықтан жанр типологиясын оқытуды ең алдымен әдебиеттің текке бөліну проблемасына қатысты теориялық тұжырымдарды жіктей түсіндіруден бастауды жөн деп білеміз.

Бұл тұста тектердің шығу тарихын оқытып үйретудің мәні де зор. Эпос, драма, лириканың алғашқы қауымдық синкретті шығармашылық кезеңінде тууына байланысты А. Н. Веселовскийдің атақты еңбегі міндетті түрде қарастырылады /3/. Әдеби тектердің ғұрыптық

әннен, хордан туғандығы Веселовскийше дәлелденіп түсіндірілгені жөн. Хордағы корифейлер әні-кантиленаның ғұрыптық әннен бірте-бірте бөлініп шыққандығы, лиро-эпикалық ән поэзияның алғашқы формасы екендігі, сол әннің негізінде эпикалық баяндау қалыптасқандығы, хордан лирика бөлініп шығуы, эпика мен лириканың ғұрыптық хордан бөлінуі түсіндірілуі тиіс. Сондай-ақ драманы хор мен корифейдің реплика алмасуы деп тұжырымдаймыз. Би мен пантомимаға келекеле сөз қосылғандығын да пайымдаймыз. Дегенмен, Веселовский теориясында эпос пен лириканың ғұрыптық әрекеттерге тәуелсіз қалыптасқандығы ескерілмегендігін зерттеушілердің пікіріне сүйеніп бағамдаймыз.

В.Е. Хализевтің пікірінше, мифологиялық ертегілер хордан тыс пайда болды. Ғалым мифологиялық ертегілердің тууына тайпа өкілі әңгімесін негіз етіп алады. Лирика да ғұрыптан тыс пайда болғандығын, тұрмыс-еңбек қарым-қатынастарынан туғандығын пайымдайды. Демек, әдеби тектердің тууының әртүрлі жолдары болды. Соның бірі ғұрыптық хор екендігі дәйектеледі.

Л.В.Чернец «Литературные жанры» деген еңбегінде Г.В.Гегельдің жанрлық теориясын тектердің шығу тарихына қатысты пайымдайды /2/. Л.В.Чернецтің пайымдауынша, Гегель теориясындағы субстанция өнердің ақиқат, ақылға сыйымды мазмұны десек, субъект – жеке адамның іс әрекетінен тұратын мазмұн екені түсінікті болуға тиіс. Субстанцияның мәні – қоғам және жеке адам – мазмұндық жіктелудің критерийі болып табылады. Гегельдің өнер туралы концепциясында жанрдың мазмұны, коллизия мен характер типтері, роман мен сатирадағы коллизия, «ғасыр геройы» мәселесі қарастырылып, Гегельдің саяси консерватизмі айқындалады.

Гегель теориясын В.Г.Белинскийдің дамытқаны белгілі. В.Е. Хализев В.Г.Белинскийдің еңбегінде XVIII-XIX ғғ. романдарында жеке адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынастардың сипатталғандығын, социалистік реализм әдебиетіндегі романтиканың жаңа типті коллизиясы пайда болғандығын, жанр тарихын жеке тұлғаның дамуымен байланыстырғандығын бағалай келіп, оның тұжырымдарының гегельдік жанр типологиясымен ұштасқандығын тұжырымдайды. Сондай-ақ, зерттеушілер В.Г.Белинский пайымдарының Гегельмен ортақ сипаттарын ашады. Шығармашылықтың субъективтілігі, жанрларды мазмұны бойынша ажыратудың Гегель, Веселовский концепцияларына тән екендігін айқындайды. Жалпы, Веселовский теориясының Гегель теориясынан өзгешелігі тектердің айырмашылығын ажырата алмағандығымен түсіндіріледі. В.Г.Белинский Өрлеу дәуірін жеке адамның рухани күрделенуіне, тұлғаның бостандығын оқшаулап көрсетуіне қатысты қарастырғанын айқындап, Гегель теориясын өрлеу фонында көрсетіп, толықтырады.

Әдеби тектерге жеке тоқталатын болсақ, эпос грекше сөз деген ұғымды береді. Эпос кейіпкерлер тағдыры, олардың іс-әрекеті, көңіл-күйі, сюжетке негіз болатын өмірлік оқиғалары туралы баяндау екендігі мәлім.

Эпоста баяндау өткен шақта айтылады. Баяндау телімдері әдебиетте әртүрлі қолданылатындығы да белгілі. Баяндау кең мағынада алғанда шығармадағы пейзаж, жағдай, кейіпкерлердің келбеті, көңіл-күйлерінің суреттелуі, тілдік бейнелеу, қайталаулар, автор сөздері, диалог пен монологтар, ішкі сөздер болып табылады. Сондықтан эпикалық шығармада баяндау доминант болады. Баяндау латынша наррация деп ата-

лады. В.Е. Хализев еңбегінде баяндау дискурсының мәтіндік талдауға негіз болатындығы туралы пайымын француз структуралисі Ж. Женнеттің пікіріне сүйеніп тұжырымдайды /1/.

Зерттеушілердің пікірінше, уақыт пен кеңістікте өмір шындығы еркін және көркемдік құралдар арсеналы арқылы игеріледі. Оның мысалдары: «Махабхарата», «Одиссея», «Соғыс және бейбітшілік», «Сага о Форсайтах» (Дж. Голсуорси), У. Фолкнер трилогиясы, «Абай» эпопеясы, «Қан мен тер» трилогиясы т.б.

Эпикалық шығармада басқа өнер түрінде болмайтын кейіпкерлер саны, оқиғалар, тағдырлар, детальдар болуы мүмкін. Баяндау формасы тұрғысынан алғанда эпикалық шығармада адамның ішкі жан әлеміне терең суреттеледі. Эпикалық шығармада қалыптасу үстіндегі күрделі характерлердің сомдалатындығы белгілі. Ендігі бір мәселе – эпос тегіне тән мүмкіндіктердің барлық баяндау түрлерінде бола бермейтіндігі. Эпос өмірді көркемдік тұтастықта суреттейді, дәуірлік шындықты ашады. Эпостық шығармашылықтың бірегейлігі мен ауқымдылығын, эпикалық жанрдың табиғатын ашуда теориялық анықтамаларды түсіндіруде алдын-ала әзірленген көрнекі құралдарды пайдалану арқылы игерту жолдарын қарастыруға болады. Олар: диаграммалар, ұяшықтар, сызбалар т.б. екені мәлім.

Осы негізде XIX-XXғғ. әдебиетіндегі баяндаушы-кейіпкер мәселесінің шындыққа көзқарастар сапасының әрқилылығы мен бағалаушылық бағдары тұрғысынан қарастырылуы маңызды. Үшінші жақтан баяндаудағы автор мүмкіндігі: ұстанымы, өз пайымы мен бағасы, автордан өзге «мен» болуы, «Мен» әңгімеші, А.С. Пушкин «Капитан қызындағы» Гринев,

Ә. Нұршайықов «Махаббат қызық мол жылдар» және мемуарлық шығармалар т.б. Баяндау тәсілдерінің әралуандығы – екінші жақ мысалында Ш. Құдайбердіұлы «Әділ-Мария» романы негізге алынады.

Драма тегінің тарихын оқытуда драманың эпикалық сипаттарын: оқиғалар тізбегі, адамдар іс-әрекеті, олардың қарым-қатынастарын айқындау қажет. Драмада ашық баяндау мен суреттеудің болмайтындығы ескертіледі.

Автор сөзінің көмекші және эпизодтық болуы, драмалық шығармада қосалқы (побочный текст) мәтін болуы түсіндіріледі. Драма тегінің ерекшеліктерін түсіндіруде әдістемелік материал ретінде нақты мәтін алынады. Мысалы: негізгі мәтін-монолог, репликалар мен кейіпкер сөздері. Драманың көркемдік мүмкіндігінің шектеулі болатындығы да нақты мәтінді пайдалану арқылы көз жеткізіледі. Драматургтың предметтік-бейнелеу құралдарының бір бөлегін ғана пайдалана алатындығы, эпосқа карағанда драмада характердің толымды еместігі, іс-әрекет уақыты драмада сахна уақытының шегіне сыйғызылатындығы, драмада бейнеленген сәт келесі шақпен тығыз байланысты болатындығы, оқиғаның уақытының қысқармауы және ұзармауы, кейіпкерлер репликасының үздіксіздігі (К.С. Станиславский) театр теориясына қатысты еңбектерде тұжырымдалғанын айтпасақ та болады. Драма тегіне қатысты теориялық тұжырымдарды сахна өнерін бейнелейтін видео-роликтерді пайдалану арқылы теорияны практикамен ұштастырудың әр алуан жолдарын қолдануымызға болады.

Лирика тегінің шығуы лира сөзімен байланысты екені белгілі. Лирикада жеке адамның сана-сезімінің бейнеленетіндігі, оқиғаның болмайтындығы анық. Лирикадағы жағдайдың тұтас емес екені де рас. Лирикалық

көңіл-күй тек сөйлеушіге ғана тәуелді емес. Лирикада көркемдік құралдар жүйесі түгелдей адам жанының тұтастай қозғалысын ашуға жұмсалады. Лирикадағы жағдай ерекше қуатпен бейнеленеді. Зерттеуші В.Е.Хализев лирикалық эмоция адамның рухани құбылыстарының жиынтығы, квинтэссенциясы екендігін пайымдайды. Шынында да лирикалық шығармадағы көңіл-күй ерекше бір рухани жаңару болып табылады. Лирика адамның шындық өмірде бастан кешкен жағдайларының көркем нәтижесі екенін айғақтайды.

Лирика туралы теориялық тұжырымдармен қоса ірі шығармашылық тұлғалардың дәйексөздерін интерактивті тақтада көрсету амалдарын да пайдаланамыз. Сондай-ақ лирика тегінің шығу тарихына қатысты философиялық, пейзаждық, азаматтық лирика мәселелерін де қарастырудың артықтығы жоқ. Лирикада бейнеленетін сезімнің өмір және табиғат фактілерімен, тарих және бүгінгі уақытпен, әлем өмірімен байланыстылығын ұғындыру қажет. Діни мотивтердің қазіргі лирикада көріну мәселесі өз алдына сөз болуы тиіс. Лирика көбінесе жақсылықты, құндылықтарды жырлайды. Скептицизмге бой алдырмайды.

Л. Гинзбургтің «О лирике» деген еңбегінде лирикада әсемдік жырланатындығын, ирония мен қарама-қайшылықтың көрінетіндігін пайымдағаны белгілі. Мәселен, лирикалық поэма жанры көңіл-күйдің көпқырлылығын көрсетеді.

Зерттеушілер кез-келген лирикалық шығармада медитативтік бастау болатындығын тұжырымдайды. Медитация латынша ой-толғаныс. Лирика суретке құрылса да оның астарында медитация болатындығы – көркемдік қуаты болуы шарт. Медитативті подтекст құбы-

лысында түсіндіріп өту қажет. Эпикалық баяндаудағы бейтараптық, құштарлықсыздық лирикаға тән емес екені белгілі. Лирика тілі экспрессияға толы болатындығы – негізгі доминант. Лирикалық экспрессия – сөз таңдау ерекшелігін синтаксистік құрылым, мәтіннің ырғақтық-фонетикалық құрылымын тану оңай емес. Бұлардың баршасы нақты мәтінді әдістемелік материал ретінде пайдалануды қажет етеді. Осы орайда Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» лирикалық өлеңіне теориялық және текстологиялық байыптама жасаудың маңызы жоқ емес. Лирика жанрына қатысты ендігі бір мәселе – лириканың автопсихологиялығы. Бұл тұста А. Блок, А.С.Пушкин, М.Мақатаев, Ф.Оңғарсынова сияқты ақындардың мәтіндерінен нақты мысалдар келтірудің маңызы айрықша. Автор мен оқырман «бізі» лириканың эпостан ерекшелігі болып табылады.

Қорыта айтқанда, әдеби тектердің шығу тарихын түсіндіруді уақыт талабына сай әралуан ғылыми инновациялық құралдарды қолдана отырып, теориялық аспектіде пайымдау әдістемесі әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

13. Хализев В. Е. Теория литературы: Учебник/ В. Е. Хализев. – 4-е изд., испр. И доп. – М.: Высш. шк., 2005 – 405 с.
14. Чернец Л.В. Литературные жанры. МГУ.1982. – 338 с.
15. Веселовский А.Н. Историческая поэтика/Вступ.ст. И.К. Горского; Сост., коммент. В.В. Мочаловой. – М.: Высш. шк., 1989. – 406 с. – (Классика литературной науки)

АШЫҚ МОНОЛОГТЫҢ КӨРКЕМДІК ТЕЛІМДЕРІ

Шешендік сөздердің баяндау жүйесінен мол орын алатын көркемдік телімдерінің бірі – ашық монолог. Оның стильдік ерекшеліктері шешендік сөздердің өзгеше табиғатынан туындайтынын пайымдауға болады. Өйткені, шешендік сөздердің өзіне тән баяндау жүйесінің тек қана ашық монолог, диалог, сұрақ-жауап пішініне негізделуі шешендік өнер туындысы екендігінің басты айғағы болып табылады.

Шешендік сөздердің баяндау жүйесі суырып – салмалық дәстүрмен етене сабақтас деуге болады. Қазақтың би-шешені өзінің тыңдаушысымен немесе қарсыласымен бетпе-бет келгенде ойын шамырқандырып, сезімін қозғаған өмір құбылыстарының сол сәттегі мән-мағынасы жайлы толғаныстарын табан астында суырып салып бүкпесіз ашық айтатындығы мәлім. Бұндай ауызша шешендік дәстүрдің тарихи тамырлары ирандық «Ассирий ағашы», ассирлік-вавилондық «Ат пен өгіздің диалогы» сияқты сөз сайысы жанрының алғашқы үлгілерінде, баска да көне шығыс халықтарының ескерткіштерінде жатқанын айтуға болады [1,21]. Ал осы көне шешендік дәстүр нақыштары қазақтың төл әдебиетінде көркемдік із қалдырғаны мәлім. «Қазақ ертегілерінде ұшырасатын қысқаша тұйық репликаларды, батырлар жыры, лиро-эпос, тарихи жырлардағы, өлеңмен жазылған романдардағы, жекелеген ақындар шығармашылығындағы ашық толғаулардың зор көр-

кемдік қуатын байқау қиын емес» \2,10\, – деп жазады профессор Б.Майтанов.

Расында, шешендік сөздердің баяндау және бейнелеу жүйесіндегі ашық монологтың стильдік қызметі прозалық, поэзиялық туындылардағы ашық монолог атқаратын міндет-мақсаттармен бірдей емес. Көркем шығармадағы монологтың қай түрі де қаламгердің идеялық-характерологиялық міндеттерімен тұтасып отырады. Ал, шешендік сөздерде ашық монолог ерекше ұтымды көркемдік телім болып саналады. Шешен айтпақ ойын эксплицитті түрде жеткізеді. Бұл шешендік сөздің тақырыптық-идеялық тұтастығымен де, қысқа да нұсқа айтылу ерекшелігімен де сипатталады. Осыған орай, шешендік сөздердің көлемі де ықшам, шағын болып келеді. Шешеннің айтпақ ойы мен сөзінің әлеуметтік мақсаты айқын, мағынасы терең, ойға қонымды, дәлелді болуының сырын оның табиғи дарындылығымен, поэтикалық ойлауының тереңдігімен, нағыз шешенге тән ақыл алғырлығымен, сезім сергектігімен, дүниетаным, өмірлік тәжірибе байлығымен де түсіндіруге болады. Дегенмен, белгілі әдебиет зерттеушісі Г.Поспелов көркем шығарманың көркемдік жүйесін сөз ете келіп, тілдік стильдің қалыптасуындағы фактор образ емес, предметтік бейнелеу детальдары екенін айтады \3, 194-196\ . Сондай көркемдік телімдерді шешендік сөздердің көркемдік жүйесінен көруге болады.

Шоқанның атасы Уәлихан қайтыс болғанда Абылайханның сегіз биінің бірегейі болған Байдалы би жаназаға бара алмапты. Уәлиханның ханымы қадірлес қарияның келіп көңіл айтпағанына ішінен өкпелеп жүреді екен. Бір күні Байдалы өзінің келгенін сыртта тұрып білдіреді. Бірақ, өкпелі ханым шешенді аттан түсіріп

алуға сыртқа шыға қоймайды. Сонда шешен атының басын кейін бұрады да, тұра қалып:

а) «– Хань өліп,
Қайғырып жатқан, Айғаным,
Қара жамылып,
Ай-күні батқан Айғаным,
Ханға сүйеніп,
Қоқай көрмеген Айғаным,
Қамқаға оранып,
Шоқай көрмеген Айғаным.
Мен бір сөз айтайын, тыңдағың?!» – депті.

Қара жамылып, жоқтау айтуға даярланған Айғаным құлағын тіге қалыпты. Сонда Байдалы би тағы да былай депті:

ә) – Ер қартайды, мал тайды,
Екеуледі, ей ханым!
Қатын жалқау, ұл ынжық.
Төртеуледі, ей ханым!
Келін қатал, кер болды,
Ағайын жат ел болды
Алтаулады, ей ханым!
Кәрілік пен кедейлік
Егіз келді, ей, ханым!
Мұның бәрін санасаң,
Сегіз болды, ей, ханым!
Қаусаған жақ иек бар,
Саудыраған сүйек бар.
Ауыл алыс жер болды,
Тоқсан деген тор болды,
Оннан асты, ей, ханым!
б) – Шығар жолды осыдан

Өзің тапшы, ей, ханым!» – деп жүре беріпті. \4, 266\ Шешендік сөздің құрылым жүйесінің бөлігі шартты түрде – а), ә) және – б) деп белгілеп алайық. Шешендік сөз негізінен арнау, жұбату үлгісінде айтылғаны байқалады. Шешен өзінің ашық ой-толғамдары арқылы ханы өліп, қабырғасы қайысқан ханымға ғана емес, артындағы халыққа да тоқтам, ғибрат айтады. Монологта жалқыдан жалпыға көшу ұстанымы көзге түседі. Шешен Айғаным басындағы психологиялық халді «Ханы өліп, қайғырып жатқан», «Қара жамылып, Ай-күні батқан», «Ханға сүйеніп, Қоқай көрмеген», «Қамқаға оранып, Шоқай көрмеген» деген күрделі эпитеттермен суреттейді. Сондай-ақ, «Айғаным», «Мен бір сөз айтайын тыңдағың?!» деген қаратпа, сұраулы-лепті сөздер тыңдаушы назарын өзіне аударту мақсатында ғана емес, алдыңғы құбылыстың мәнін нақтылап, кеңейте түсу үшін қолданылады. Ал, «Ай-күні бату» сөзі дәурені өту, күні біту мағынасында алынған перифраз деуге де болады. Сондай-ақ, шешен «шоқай» мен «қамқаны» антитезалық мәнде қолдану арқылы «Ханға сүйеніп, Қоқай көрмеген» ханшаның ертеңгі күніне де қам жейтінін сездіреді. Әрі «Қамқаға оранып» деген тіркес мегзеу тәсілі арқылы берілген портреттік штрих десе де болады. Алайда, бұл мегзеу арқылы берілген портреттік деталь күрделі эпитетке тоғысып кеткенін, ал қаратпа сөз түрінде алынған «Айғаным» сөзінің аяққы қайталау тәсіліне айналғанын көруге болады. Сондай-ақ, сөз ішінде -қа буынының қайталануы да сөзге ерекше айшық, ырғақ дарытады. Шешеннің тыңдаушы назарын баурау әдіс-тәсілдері әлемдік шешендік өнер қағидаттарымен желілес келетіндігін байқауға болады. Ашық монологтың көркемдік телімдері осындай әсерлі, ай-

шықты бейнелеу құралдарынан тұратындығы көзге түседі.

«Қамқаға оранып, Шоқай көрмеген», «Ханға сүйеніп, Қоқай көрмеген» деген эпитеттердің семантикалық мәні ретроспекциялық тәсіл ретінде де қолданылып, шешеннің өзіне бұрыннан таныс хан әулетінің мәнжайынан, тарихынан да хабардар екенін тыңдаушысына аңдатқандай болады. Қонақ келгенде Айғанымның тысқа шыға қоймаған пандығын «Қоқай көрмеген», «Шоқай көрмеген» деп ауызекі тілмен жеңіл мін еткендей болады. Демек, «Шоқай» мен «Қоқай» сөздерінің юморлық астары да жоқ емес. Жалпы, шешендік сөздің бұл бөлігі – а) сөздің құрылым жүйесінде бастама қызметін атқарып тұр деуге болады. Монолог құрылымында жүйелі логика, суреттілік бар. Суреттіліктің нақтылығын да пайымдауға болады.

Ал, сөздің мазмұндама – ә) бөлігінде шешен 7 буынды жыр үлгісінде өз жайынан хабар бере төкпелей, кәрілікке өкпелей сөйлейді. Дегенмен, бұл сөздің де шешендік арнау үлгісі екендігін лепті айтылатын қаратпа сөз аңғартады. Монолог – толғаныс бернелеу (символ) тәсіліне иек артқанмен, «ер қартайды, мал тайды» деген ішкі ұйқасқа құрылған тармақтардың ұйқасы қара өлендегідей а,а,б,а болмай, а,б, в,б,г т.б. деп аралас келеді. Сондай-ақ, әр тармақтың ритмикалық буын топтары 2+2 тәртібімен келуі де өлең емес, шешендік сөз үлгісі екенін көрсетеді. Синтаксистік құрылымында салалас құрмалас сөйлемге тән сипат бар. Мысалы, 1,2 тармақты мынадай синтаксистік үлгіге түсіруге болады: «Ер қартайды, мал тайды, екеуледі, ей, ханым!». Монологтағы «екеуледі», «төртеуледі», «алтаулады» деген туынды етістіктің жедел өткен шақ формасын-

дағы тілдік детальдар кәрілікке мойынсұнған адамның қиын халін сандық прогресс арқылы берілген градация тәсілімен үдете суреттейді: «Ағайын жат ел болды» сөзі қарама-қайшы мағынаға құрылса, «кедейлік пен кәрілікті» егіздей суреттеп, сандық прогресті онға дейін өсіріп, үдемелі градация үлгісін жасайды. Ал, «қаусанған жақ иек бар, саудыраған сүйек бар» деген бейтарап жалпылық мәндегі портрет штрихтары қарт адамның кәрілік кейпін гиперболалық мәнде береді. «Ауылалыс жер болды», «Токсан деген тор болды» деген дәстүрлі метафоралардың алдыңғысын дәстүрлі үлгіде «Жақыным алыс болды» демей, «жақын» сөзін «ауыл» сөзімен ауыстырып, метонимиялық мәнде қолданады. Сөздің – б) қорытпасында ойын түйіндеп, кетейін деп жүре бергенде, Айғаным шешеннің шаужайына орапып, құрметтеп аттан түсіріп алады. Төрге отырған соң, Айғанымның жоқтау айтуға ыңғайланғанын байқаған шешен, былай деп тоқтау айтады:

а) – Қайрат деген қыран бар,

Қайғыға тізгін бермейтін.

Қайғы деген жылан бар,

Өзекті шағып өртейтін.

Үміт, сенім, тілек бар,

Қуантып, қуат алдырар.

Жылау деген азап бар.

Қуартып отқа жандырар

ә) – Мен қайғыңды қозғалы келгем жоқ,

Қайратыңды қолдағалы келдім. \4,267

Шешендік сөздің құрылым жүйесі а) ұсынба мен ә) қорытпа бөліктерден ғана тұрады. «Қайрат – қыран, қайғыға тізгін бермейтін, қайғы – жылан, өзекті шағып, өртейтін», деген жолдар ұлғайған метафоралар. Ашық

монологтағы бұл ұлғайған метафоралардың антитезалық құбылуларын да көруге болады. Мысалы, қыран-жылан, қуану – жылау. Ал, қайрат, қуат өзара мән-дес сөздер, алдыңғы ойдың мәнін ашып толықтыра түседі. Шешен өзі куә болып отырған өмір құбылыстарының мәніне ассоциат болатын құбылысты, оның белгілерін «қайғы-жылан», «қайрат-қыран» деп дәл таңдауы дүниетаным кеңдігін танытады.

Ашық монологтың көркемдік телімдерінен халықтың ақындық, жыраулық өнерін, дәстүрін де көруге болады. Мысалы, Есет би Көтібарұлы патша үкіметінің жалдамалы сұлтаны Арыстан Жантөринмен кездескенде, былай деп тіл қатқан екен:

*а) «– Мен, мен едім, мен едім,
Қатарға салсаң қайыспас,
Қас қара нар мен едім.
Шабуыл салса шаршамас,
Шыны тұлпар мен едім.
Су шашырап жел тимес,
Аударылмас қара кеме едім.
Қасарысып келгенде,
Қап түбінде сыймаған,
Қара болат мен едім.
Қияннан ұшқан қу ілген,
Анық сұңқар мен едім.
Тегеурінім теріс біткен,
Тепсем жілік сындырған,
Қыран бүркіт мен едім.» \4,335*

Шешендік сөздің құрылым жүйесі ұсынба – а) бөліктен ғана тұрады. Бұл бірегейлік те шешен сөздің ықшам, нақтылығы мен суреттілігін көрсетеді.

Расында шешендік сөз Махамбеттің әйгілі «Мен, мен едім» өлеңінің сарынында айтылғанмен, өзіндік нұсқасы да жоқ емес. XIX ғасырда өмір сүрген Махамбет акын да күрескерлік идеясын өзіне дейінгі акын-жыраулардың дәстүрінде «шарға ұстаған қара балта», «аксұнқар құстың сойымын» деген сияқты дәстүрлі метафоралар арқылы суреттесе, Есет би «Қас қара нар», «шыны тұлпар», «қара кеме», «қап түбінде сыймаған қара балта мен едім» деп, «болат пышақ қап түбінде жатпас» деген халық мәтелін өзгерте, түлендіре сабақтайды. Ал, «Қияннан ұшқан, қу ілген, Анық сұнқар мен едім» деген жолдар мен сөздің соңғы үш тармағы: «Тегеурінім теріс біткен, Тепсем жілік сындырған, Қыран бүркіт мен едім»- ұлғайған метафора. Сондай-ақ, бұл ашық монологта «қ», «ш» дыбыстарының жарасымды аллитерациясы да бар. Шешендік монолог Махамбет өлеңінің сарынында болғанымен 7 буындық өлең үлгісін сақтамайды. Мысалы, «Аударылмас қара кеме едім» дейді.

Жалпы, ашық монологтың көркемдік телімдерінен шешендік сөздердің баяндау және бейнелеу жүйесінің тұтастығы танылады. Ол мегзеу, перифраз, портреттік суреттеулердің ұлғайған метафоралар мен эпитеттерге тоғысып кету құбылысынан айқындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Литература Востока в средние века. II часть. Сост: Конрад Н.И. и др.
2. Майтанов Б.Қ. Монолог құрылымы. Алматы, 2006
3. Пospelов Г. Теория литературы. Москва, 1978.
4. Қазақтың би-шешендері; 2-кітап. Құраст. Төрехұлов Н, Қазбеков М. Алматы, 1993.

ШЕШЕНДІК ДИАЛОГТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Ашық сөздің диалог, сұрақ-жауап формасының көне үлгілері шығыс ескерткіштерінде молынан кездеседі. Соның бірі-«Повесть Йовишт из рода Фриянов» деп аталатын туынды. Оның фольклорлық сюжеттік негізі Авестада бұрыннан белгілі болады. Көне аңыз әңгіменің кейіпкері Йовишт егер сұрағына дұрыс жауап алмаса халықты қырмақшы болған қаһарлы жауыз жиһангердің: «Аспан жұмағы жақсы ма? Жер жұмағы жақсы ма?»-деген сұрағына: «Жер жұмағы жақсы», -деп жауапбереді/1,21/. Шындығында сұрақтың халықтық шешімінде діни сипат бар. Жер жұмағы жақсы болатын себебі, адам Ормазданың о дүниелік мекеніндегі болашақ өмірі үшін жерде еңбек етеді. Йовишт жауабының тапқырлығы осында. Бұдан ары Йовишт жауыз Ахтйаның жұмбақтарын бірінен соң бірін шеше береді. Осындай сөйлесулердің көне үлгілерінің бәрінен де өткір сөз, тапқыр ой, жұмбақтау, астарлау секілді суырып салма дәстүр ерекшеліктері аңғарылады.

Қазақтың шешендік сөздерінің баяндау және бейнелеу жүйесінде мол орын алатын диалогтық құрылымдарды сол көне суырып салма дәстүрдегі тілдесулердің эволюциясы ретінде тануға болады. Солардың бір тобы сұрақ-жауапқа құрылған шешендік сөздер. Әдетте, сұрақ-жауап қарама-қарсы құбылыс болғанмен, бірін-бірі ұштап, тірілтіп, жандандырып отырады. Оның бұл сипаты шешендік сөздердің көркемдік жүйесінде ерекше айқын көрінеді. Сұрақ-жауап құрылымынан шешендік сөздің идеясы, шешеннің рухани дүниетанымдық қасиеттері арқылы адам өмірінің

сыр-сипаты ашылып, моральдық-этикалық тұжырымдар жасалып, қоғам, дүние, жаратылыс жайының сырлары танылады. Ашық сөздің сұрақ-жауап формасында сұрақ қарапайым тыңдаушы атынан да, есімі көпке белгілі бшешен атынан да берілуі мүмкін. Алдыңғының сұрақ берудегі мақсаты танымдық қана болса, кейінгісі шешендік сын, түптеп келгенде сөз сайысына шақыру екенін аңғаруға болады. Мысалы, атақты Сырым батырдың Үргеніш шешенімен айтысы сондай сұрақ-жауап құрылымында беріледі.

«Үргеніш шешені:

– Сөз анасы не?

– Су анасы не?

– Жол анасы не? – деп сұрайды. Сырым батыр:

– Сөз анасы – құлақ,

– Су анасы – бұлақ,

– Жол анасы – тұяқ! – деп жауап береді. Үргеніш шешені:

– Дау мұраты не?

– Сауда мұраты не?

– Қыз мұраты не?

– Жол мұраты не? – дейді. Сырым батыр:

– Дау мұраты – біту,

– Сауда мұраты – ұту,

– Қыз мұраты – кету,

– Жол мұраты – жету, – дейді. Үргеніш шешені: Намазда жан-жағыңызға қарай береді екенсіз, мұныңыз не? – деп сұрайды.

– Жан-жағыңызға сіз қарамасаңыз, менің қарағанымды қалай көрдіңіз? – дейді. Сырым батыр:

– Сырымның айтқанын тыңдамай, өз сөзін соға берген адам Сырымды күнде жеңеді, – дейді/2,57/.

Көріп отырғанымыздай, бұл диалогтың құрылымынан екі түрлі сипат танылады. Сөздің бір бөлігі халықтық жұмбақ өлең сипатында болса, екіншісі ауызекі сөйлеу синтаксисі үлгісінде беріледі. Дегенмен, халықтық жұмбақтың

табиғатына тән «жекеден тұтастың, тұтастан жекенің сипатын білдіру» тәсілі жұмбақталған нәрсенің болмысын орағыта ашып, аңғарту шешендік сауалға да тән. Дегенмен, ол сипаттар шешендік сөйлесулерде қысқа да ықшам келеді. Әдетте, халықтық жұмбақтарда, жұмбақ өлең, айтыстарда бір құбылыстың немесе өзара ұқсас құбылыстардың сын-сипаты жұмбақталса, шешендік сұрақ-жауап формасында шешендік өнердің дүниетанушылық-интеллектуальдық қызмет аясының кеңдігіне сай бір емес, бірнеше, әртектес деректі-дерексіз құбылыстар да жұмбақталады. Мәселен, шешеннің «сөз анасы», «су анасы», «жол анасы» деген сөздері меңзеу-метонимиялық алмастыру. Өйткені, ана сөзі тура мағынасында тек адамға ғана қаратылып айтылады. Сол сияқты «мұрады» сөзінің де стилистикалық фрейм ретінде алынып, өзге сөздермен тіркес құруы меңзеу-болжал сипатындағы экспрессивті мағына береді.

Ал, қара сөз үлгісіндегі сұрақ-жауап тапқыр ой жүйесіне құрылған. Сырым Үргеніш шешенінің сұрағына риторикалық сұрақпен жауап қайыруы арқылы оны бір сүріндіреді. Бұл Сырымның әрі байқағыштығы, әрі тапқырлығы. Сырым қарсыласының сұрағына өзінің жауабын орайластыра айтуы арқылы сөзіне жаңылтпаштық сипат дарытқаны «жан-жағыңызға қарай береді екенсіз», «жан-жағына қарамасаңыз, менің қарағанымды» деген тіркестердегі қайталаулардан, ішкі ырғақтардың сақталуынан көрінеді. Үргеніш шешені де «екі аяқты, бір адам» деп Сырымды сөзден жаңылдырмақ болады. Алайда, Сырым «өз сөзін соға берген адам» деп келемеж етуімен қарсыласын сан соқтырады. Бұл құрылымда драмалық сипат та жоқ емес.

Шынында сұрақ-жауап құрылымынан халықтық жұмбақ, жаңылтпаштардың образдылық сипаты аңғарылады. Ғұлама М. Әуезовтің пікіріне сүйенсек жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады/3,127/.

Сұрақ-жауап құрылымы сөз майталмандары көкейіндегі дүние-өмір құбылыстары жайлы көп сауалды алып шы-

ғып, оған халық алдында табан астында жауап айтқызуымен құнды. Демек, диалог арқылы рухани қуат жарылыстары жүзеге асады/4,7/.

Осы тақылеттес шешендік диалог құрылымы «Жерден ауыр не?» дейтін шешендік сөзде де кездеседі. «Балаби қартайған шағында халқын жиып: «Жерден ауыр не? Судан терең не? Оттан ыстық не? Көктен биік не?» – деп төрт сұрақ берген екен. Ешкім шеше алмапты. Сонда Балаби өзі айтқан сұрақтарын өзі былай деп шешкен екен:

– Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім,

Судан терең дегенім – оқу, ғылым.

Оттан ыстық дегенім – фани жалған, адамның өмірі,

Көктен биік дегенім – тәкәббардың көңілі»/ 2,70/. Бұл диалог құрылымының алдыңғы сұрақ-жауаптан өзгешелігі-шешеннің өз сауалына өзі жауап беруі – диалогтың монологпен жымдасуында немесе монолог болуында. Шешен өзін-өзі сынайды, ашық толғанады. Балаби сөзінің жұмбақтық сипаты «дегенім» сөзін қайталауынан көрінеді. Сөзде жұмбақталып отырған құбылыс «жердің», «көктің», «оттың» өзімен емес олардың сын-сипат белгілерімен салыстырылады. Шешеннің оқу-білім мен ғылым, ілім, т.б. сияқты өзара мәндес жекелеген құбылыстардың әрқайсысын басқа бір тұтас құбылыстың сапа белгісімен салыстыруы – концептуальды талдау жемісі.

Сондай-ақ, «Асусыз тауға кез болдым» дейтін шешендік сөзде Байдалы шешен : «Асусыз тауға кез болдым, өткелсіз суға кез болдым, жоқты жаяу қарай беретін болдым, аяусыз жаудың қолына кез болдым», – деп жұмбақтап астарлы сөйлейді. Оның бұл сөзінің астарын елге билік айтып жүрген Мерке деген бір адам: «Мұның үшеуі асусыз тауға кез болғаны – тізесі сарыбуын болып, аяғы жүруге келмейді екен, өткелсіз суға кез болғаны- көзі жасаурап аттам жерді көре алмағаны, жоқты жаяу қарай беретін болдым дегені-тәрбиелеп қасында отырған бәйбішесі жоқ, шақшасын қалбақтап көп іздеп, зорға тауып алып отырады екен. Аяусыз

жаудың қолына кез болдым дегені-келін-баланың қолында отыр екен»/2,43/ – деп шешіпті. Расында Мерке мен Байдалы бетпе-бет тілдесіп тұрған жоқ. Байдалы Меркеге сәлем айтады. Мерке көпшілікке Байдалы сөзінің астарын түсіндіреді. Бұндай структуралық айқын ерекшеліктері жоқ диалогтар қарасөз ішінде беріледі. Сондықтан Байдалы шешен сөзінің Мерке сөзі ішінде төл сөз ретінде айтылуына мән берудің қажеті жоқ. Ең бастысы диалог-жұмбақ пен оның шешімі, диалогтық құрылымның шарттылығы. Шынында, шешендік астарлы сөздің көркемдік қуаты ерекше. Байдалы шешеннің сөзі тұтастай табу. Болымсыз мағына беретін –сыз жұрнақты зат есімдердің зат есімдермен «асусыз тау», «өткелсіз су», «аяусыз жау» түрінде тіркестер құруы, сондай-ақ «жаяу» мен «аяу» сөзінің үндестігі ашық сөзге ырғақ бітіреді. Сөздегі «кез болдым», «қарай беретін болдым» дейтін қайталаулар да жұмбақталған құбылыстың мәнін үстей түседі, оны концепт арқылы меңзейді. Расында бұл тектес шешендік сөз үлгілеріндегі сұрақ-жауап құрылымының уақыт пен кеңістік ыңғайындағы шарттылығын ескеруіміз қажет.

«Қасқакөл дауы» дейтін шешендік сөздің баяндау жүйесінен де өзіндік ерекшеліктерін тануға болады. Төле би, Әйтеке би, Орманбет би үшеуі Қасқакөл деген көлге таласып, даулы болады. Төле Орманбетке: « – Ай, Орманбет! Мен әлі тірімін өлгем жоқ, бұдан бұрын неше сәлем айтсам да келген жоқсың, ер кетер, жер жетер. Ешкімге опа қылмас дүние боқ! Ей, Орманбет, сен бізден кіші боласың барып қайттық, сен ілгері барасың, біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз, сен жас едің көңілдегіңді аларсың! – дейді. Әйтеке де Төленің сөзін қостап: «– Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң дұшпанға найзаң тисін. Бай болып пайдаң тимесе, батыр болып найзаң тимесе жұрттан алабөтен үйің күйсін деген, бізге кейінгілер осыны айтама деп ойлаймын, – дейді. Сонда Орманбет: «Екі би, айтқан сөзің жарасады, еншіге әркімдер-ақ таласады, бұл Қасқа-

көл Орта жүздің көлі еді, айтқандарың қиянатқа жанасады. Қанағатсыз билерді қабан деген, қамшылатқан жүйрікті шабан деген, біреудің ақысына зорлық қылса, ақыретте мұндай істер жаман деген, – дейді. – Ей, Орманбет, сіз бізге Қасқакөлді беріңіз, Қасқакөл рас сізге жақын. «Бардан пайда, жоқтан залал» деген, не берсе қайырын тілеп көріңіз. «Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар, әр жерде су ішетін басқа көл бар, үш бөліп енші қылып алысайық, жер жетер, көңіліңді ұстама тар» – дейді Төле /2, 111-112/. Үшеуі олай сөйлесіп, былай сөйлесіп келісе алмайды. Дау бітпей Орманбет еліне қайтады. Кейіннен анасының ақылына тоқтап, Қасқакөлді қарттарға бөліп береді. Бұл – шешен-билердің талас-тартысына құрылған полилогтық сценаның көрінісі. Ал талас-тартыстың екіжақтық сипатына қарасақ, диалогтық құрылым танылады. Негізгі сөз тартысы Орманбет пен Төле арасында. Одағай, қаратпа сөздер «ер кетер, жер жетер» деген мәтел мен «Ешкімге опа қылмас боқ дүние!» деген поэтикалық инверсия, сондай-ақ, «көп жүрмеспіз, көмілерміз, сен көңілдегіңді аларсың!» деген жолдардағы дауыссыз «к» дыбысының аллитерациясы Төле сөзінің экспрессивті-эмоциялық қуатын арттырып, драмалық ширығысты күшейте түседі. Төленің кезекті репликасында қаратпа сөз, бұйрық райлы етістік өтініш мағынасында қолданылады. Осы реплика ішінде монолог құрылымы тырнақшаға алынған. Монологтың «Қасқакөл бар», «басқа көл бар», «ұстама тар» деген ішкі ырғақ-ұйқасқа құрылуы, «бардан пайда, жоқтан залал» деген мақалдағы тілдік бірліктер – «бар» мен «жоқтың» қарама-қайшылық мәні де сөзге драматизм дарытады. Әрине, Орманбет би сөзінің өзіндік құрылымы ерекше. Бұл сөйлеу құрылымының бірінші сөйлемінде қарсылықты шылау жасырын тұр. Сондай-ақ, екінші сөйлем мақал-мәтел түрінде айтылады. Шешеннің тауып айтқан мақалында «қабан деген», «шабан деген» деп келетін ұйқастан өзге «қанағатсыз би», «қамшылатқан жүйрік» деген тіркестердегі сөзге ыр-

ғақ беруші – қа буынының үндестігі де айырықша. Жалпы, «Қасқакөл дауы» – шешендік жекпе-жектің кемел көрінісі. Мұхтар Әуезов өз драматургиясында осындай «орасан шешендік сапаларын мінез, дүниетаным сипаттарын даралап ашуға қас шеберлікпен пайдаланады» /5, 261/.

Негізінен, «Қасқакөл дауы» сөзінің баяндау жүйесіне полилог, моно-диалогтық құрылымдар тән. Алайда, оны айтпасақ та, баяндау жүйесі драмалық диалогқа құрылған деуге болады.

Жалпы, шешендік диалог – шешендік сөздердің баяндау және бейнелеу жүйесінде мол орын алатын іргелі құрылым. Оның полилог, монолог, халықтық жұмбақ сипатындағы шешендік сұрақ-жауап, астарлы сөзге құрылған шартты сұрақ-жауап формасы мен драмалық диалог үлгілерін ажыратуға болады. Сондай-ақ, шешендік диалогтың құрылымы метафоралық салыстыру, меңзеу, табу, мақал-мәтел, риторикалық сұрақ, инверсия, ішкі ұйқас пен ырғақ, аяққы қайталау, буын үндестігі секілді көркемдік телімдерге бай екенін көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Литература Востока в средние века. Часть 2.-М, 1970.
2. Шешендік сөздер // Құраст. Адамбаев Б. – Алматы, 1990.
3. Жармұқамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы, 1976.
4. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, 1996.

ПОРТРЕТ ТЕЛІМДЕРІ

Көркем шығарманың баяндау жүйесіндегі мәнді телімдердің бірі – портрет. Портрет кейіпкердің сыртқы бет-әлпеті, киім киісі, жүріс-тұрысы, бет құбылысын суреттеу деген түсінікті берсе де, әдебиетте адамның сырт бейнесінен гөрі оның ішкі әлемінің ерекшеліктеріне үнілу маңыздырақ. Батырлық жырлар мен аңыз-ертегілерде кейіпкерлер сырт тұлғасы, іс-әрекеті мен ішкі мінез-құлқы бір-біріне тікелей қабыса суреттеледі. Орыстың ежелгі эпикалық жанрларындағы осындай ерекшелікті сөз ете келіп, зерттеуші Л.А. Юркина :«Итак, художественной литературе на протяжении долгих веков было свойственно изображение персонажей по определенным канонам и образцам. Общее в значительной мере преобладало над индивидуальным»/1,256/, – деп, XVIII ғасырдың аяғына дейін орыс әдебиетінде канондық портрет үлгілері өмір сүргенін сөз етеді. Шынында кейіпкердің өмір қозғалысында мүсінделуінің дамуы XIX ғасыр реализмінің үлесіне тиеді. Сондықтан ежелгі кезеңдердегі статикалық және нормативті суреттеу үлгілерін қазіргі әдебиеттегі толымды динамикалық мүсіндеу өнерінің бастауы ретінде тануға болады. Ал, ол бастаулардың қазақ ауыз әдебиетіндегі ерекшеліктері айрықша сөз етуді қажет етеді.

Әдебиет теоретигі Б. Майтанов «Портрет поэтикасы» атты еңбегінде халық ауыз әдебиетіндегі автор мен кейіпкердің жалпы әсерлерін жеткізетін белгілер бірінші кезекте тұратын, олардың жеке қасиеттеріне орын қалмайтын жорамал портрет жайлы, жорамал портретке қарсы

«архитектуралық», «живописьтік» деген жіктемелері, «пластикалық портрет», «өзгеріс үстіндегі портрет» жөніндегі түйіндері мен одан туындайтын «паспорттық белгілер портреті», «лейтмотивті портрет» жөніндегі А.И.Белецкийдің тұжырымдары мен байламдарының ақиқаттығын құптағанмен, алдыңғы екі жіктеменің қазір айтылмайтындығын сөз ете келіп, портрет жасауда сан алуан теңеулер аясы кеңігенімен, құбылту, айшықтау үлгілері жетекші қызмет атқармайтынын, бейнелеу, сәулет өнерлеріне қатысты балама, салыстыру элементтері әрқилы сапада елес тастайтындығын айтады./2, 4/. Дегенмен, бұл айтылған тұжырымдар мен терминдердің ауыз әдебиетіне қатыстысы жорамал портрет қана, өзгесі жазба әдебиеттегі мүсіндеу өнеріне тән екені танылады. Алайда, «көркем шығармада (жазба әдебиетте – ауд. Р.Ә) портреттің алатын орны мен қызметі, оның жасалу тәсілдері әдеби тек пен жанрға қатысты әрқилы болатындығын» /1,253/ пайымдауға болады. Алайда, жазба әдебиет пен фольклор туындыларындағы портрет үлгілерін эволюциялық тұрғыдан шендестіруге болғанмен, теңдестіруге болмайды. Фольклорда идеалды типтік сипаттағы «отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын» батыр, «ай десе аузы, күн десе көз бар» ақылына көркі сай ғашық жар, кемеңгер қария, тапқыр жігіт, «астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреген» желден жүйрік тұлпар, жағымсыз кейіптегі мыстан, батырдың жаулары сияқты кейіпкерлер әсірелене бейнеленеді. Осыған қарағанда, «фольклор өмірді де, кейіпкерді де бір тұрғыдан бейнелейді, бір жағынан ғана сипаттайды»/3,29/. Сондықтан фольклордың өмірді субъективті және нормативті бейнелеу принципі кейіпкерді не жағымды, не жағымсыз етіп белгілі бір типтік қалыпқа салып, «универсалды» эпитеттермен, теңеулермен сипаттайды. Де-

генмен, кейіпкердің сырт тұлғасының сипатталуынан-ақ тыңдаушы оның ішкі құлқының қандай екенін жорамалдайды. «Қыз Жібек» жырында типтік сипаттағы сұлудың қандай болатындығы Жібектің идеал образы арқылы суреттеледі. Оның сырт бейнесі қыз жанының рухани тазалығымен сәйкестендіріледі. Сұлу осындай болу керек деген халық танымы мен түсінігі идеал образдың жан әлемінен қайшылық іздемейді, оның мінезіне көркі сай екені жорамал ретінде сездіріледі. Жырда бірінші қыз: «Шытырма көйлек үстінде, Нұр сәулесі бетінде Бұралып кетіп барады»/4, 24/, – деп суреттелсе, үшіншісі: «Отыз түйе жетелеп, Сары мая үлектеп, Мұрындығы сары жез, Бұйдасын ескен жібектен.

Толған айдай толықсып, Ақ сазандай бұлықсып, Бұралып кетіп барады»/4,24/, – деп мүсінделеді. Ал, Жібекті тапқан шешесінің сұлулығы былай пішінделеді: «Асылдай болып есіліп, Нұрдай болып шешіліп, Ақ мандайы жарқылдап, Танадай көзі жалтырап, Алтынды кебіс сартылдап, Көшті тартып барады, Жібектің тапқан шешесі» /4,24/. Бұл мысалдарда жыршы «шытырма көйлек үстінде» немесе «алтынды кебіс сартылдап» деп қыздардың киген киім-кешектерінің материалдық негіздерін сипаттап қана қоймай, олардың жетегіндегі сары маяны да зат-дүниелік, сән мағыналарын беретін мәдени-материалдық таңбалар арқылы суреттеп, этнографиялық мінездеме береді.

Енді Жібектің сұлулығын сипаттайтын портреттік элементтер екінші кейіпкер – оған ынтызар Төлегеннің әсері, көзқарасымен бейнеленеді. Суреттелуші құбылыстың эстетикалық әсері одан әрі арта түседі. Бұдан жыршы-автордың субъективациясы кейіпкер қабылдауымен бірлесіп кеткендігін аңғаруға болады. Бұл тұста қазіргі жазба әдебиеттегі ортақ төл сөз үлгісіндегі стилисти-

калық тәсіл бастаулары да қылаң береді. «Қыз Жібекті Төлеген Ақылы менен танып тұр. Көз мейірі қанып тұр. Бейіштен жанған шамшырақ, Көзі ойнап жанып тұр. Белі нәзік талып тұр, Тартқан сымнан жіңішке, Үзіліп кетпей неғып тұр» /4,24/. Жырда Жібектің жекелік портреті жыршы симпатиясымен былайша дараланады: «Қыз Жібектің ақтығы, Наурыздың ақша қарындай, Ақ бетінің қызылы Ақ тауықтың қанындай. Екі бетінің ажары, Жазғы түскен сағымдай /4,24/.

Көш бойындағы Жібекке дейінгі он бір қыздың сұлулығын салыстыра сипаттау амалы градацияға ұласады. Қыз Жібекті махаббаттың піріне балап асқақтата, табына бейнелеген жыр ырғағында романтикалық, патетикалық леп, сұлулар портретін бейнелеудегі күрделі теңеулер арқылы жасалған градация мен метафоризм фольклорлық дәстүрді айқындайды. Алайда, бірінші қыз бен үшінші қызды суреттеудегі «толықсып», «бұлықсып», «бұралып» деген бірыңғай қимыл-сын пысықтауыштардың «кетіп барады» деген күрделі нақ осы шақтағы етістікпен тіркесуі ашық та, жасырын да тіркесуі қозғалыс үстіндегі сырт сымбат, кескін-келбетті аңғартатын, Қыз Жібектің шешесін мүсіндеудегі градацияның қимыл-сын пысықтауыштан жасалуы да оның бет-пішін, дене бітіміне сай әсем грация – қимыл-қозғалыс сапаларының жанды құбылыстарын бедерлейтін динамизм нышандары ғана деуге болады. Сондай-ақ, «танадай көзі жалтырап» деген портреттік сегменттегі «көзге» қатысты теңеудің белгісі «жалтырап» деген бейнелеуіш сөзден жасалған көсемше тұлғалы етістік қана емес, «бейіштен жанған шамшыраққа» баланған көздің «ойнап жанып тұр» деп нақ осы шақтағы күрделі етістік арқылы сипатталуы экспрессивті-эмоционалды мағына бергенмен, сұлу жар, асыл ана образы жырдың баяндау

ағымындағы экспрессивті, биік теңеулер арқылы жасалғанмен, ауыз әдебиетіне тән сипаттама портрет екенін аңғартады.

Шынында, ежелгі эпикалық жанрлардың қай-қайсысында болсын кейіпкердің сырт келбеті оның мінезі мен болашақ іс-әрекетіне сай болып суреттеледі. Жалпы бұндай сәйкестік, типтендіру образдың тұтастығы үшін қажет болғанмен, белгілі бір үлгі-қалыпта бейнелеу заңдылығы қазақ фольклорында болғандығын академик С. Қаскабасовтың: «Жыршы болмысты, батырдың өмірін суреттегенде, оны белгілі бір схемаға, қалыпқа салады, сөйтіп кейіпкер бейнесін идеалды типтік сипатқа түсіреді, оның ешбір даралық қасиетін қалдырмайды, бейнеленіп отырған қоғамның түсінігіне, тыңдаушы түсінігіне сәйкес дәріптеп, мадақтайды»/3,31 /, – деген тұжырымы айқындайды.

Ал, қазақ эпостарының сюжеттерін мотивтерге бөліп қарастырған белгілі ғалым Ш. Ыбыраев: «Батырлардың жеке басына тән белгілері іс-әрекет үстінде де, қозғалыссыз қалпында да мотив-мінездеме түрінде сипатталып, сюжет құрамайтын мотивтің осы түрі композициялық тәсілдермен қызметі жағынан тұтас жүретіндігі байқалады»/5,263/, – деп портрет-мінездеменің қызметін көрсетеді. Мотив-мінездемені мотив-ситуацияның бір тобы ретінде таныта келіп, мотив-ситуацияда теңеудің қызметі негізінен кейіпкердің портретін берумен байланысты екеніне, сюжеттің динамикалық іс-әрекетті бейнелейтін сәттерінде де теңеудің дені кейіпкердің тұлғасы мен жүріс-тұрысына қатысты екеніне назар аудартады. Белгілі ғалым Ш. Ыбыраев «Алпамыс» жырының композициясындағы Ұлтанқұлдың портретіндегі әсірелеу тәсілінің де теңеу арқылы жасалғанын көрсетеді/5,270/.

Қазақ шешендік сөздеріндегі гротескілік бейненің теңеу арқылы жасалғанын, оның халық ауыз әдебиетіндегі портрет үрдісінің интерпретациясы екенін бұрынғы жұмысымызда/6,149-151/ пайымдаған болатынбыз. Алайда, теңеудің әралуан вариацияларының тоғысуы, әсіресе гиперболалық теңеу арқылы жасалған гротескілік бейне шешендік сөздердің баяндау жүйесіне тән ықшамдылыққа бағындырылады, сондықтан сатиралық сарындағы жекелік портреттерде таңбалық белгілерді Ұлтанқұл портретіндегідей түгел санамалап суреттеуге мүмкіндік берілмейді.

Шешендік сөздердің баяндау телімдерінде портрет-таңбалар аз емес. Олар адресанттың адресатқа көзқарасын әзіл немесе кекесінің мегзеу арқылы сипаттауынан да көрінеді. Мәселен, ер Жәнібек Сары Шуаш шешенмен сөз сайысында оның әлпет-кейпін синекдоха түрінде әзілмен бедерлеп, қарсыласын сөзден тоспақшы болады: « – Сен кемсек ауыз, жарғақ құлақ, Жылқыға суат болмас ылайсың » /7, 135/ – дегендегі мегзеулер мінездік типтің әлпет ерекшелігін юмор астарында кескіндейді. Алайда Сары Шуаш тапқырлық танытады.

Ал, диалог құрылымындағы ирониялық суреттемелер халық танымындағы дәстүрлі теңеулер арқылы жасалады: «Көзің көк тұздай, Мұрның істік біздей» /8, 361/. Шешен қарсыласының ұнамсыз мінез-құлқын адам тіршілігінде танымал жағымсыз белгісі бар заттармен салыстырады. Осындай диалог құрылымдарына көбінесе драматизм тән деуге болады.

Тіпті, шешендік толғау, шешендік нақыл сөздерде жақсы мінез бен жаман мінез жайы ұжданлық-этикалық, философиялық тұрғыдан ашық тұжырымдалады: «– Жақсы кісі ақылымен тәуір болады, Мінезі қорғасындай ауыр болады, Құлағы естімейтін сауыр болады, Кедейдің жал-

ғыз керіндей Құйрығы шолақ, арқасы жауыр болады» /7, 76/. Бұндай семиотикалық құрылымдарда тұтастай алғанда адамгершілік идеясы объективтендіріледі.

Мүсіндеу өнерінің халықтың ұждандық-этикалық дискурстармен байланысы да жоқ емес. Ондай портреттер семиотикалық, символикалық рәуіште сипатталады. Мәселен, Жиёмбет жырау семиотикалық мәндегі автопортрет жасайды: «Менің ерлігімді сұрасаң, Жолбарыс пенен аюдай, Өрлігімді сұрасаң, Жылқыдағы асау тайындай, Зорлығымды сұрасаң, Бекіре менен жайындай, Періктігімді сұрасаң, Қарағай менен қайыңдай» /9,81/.

Жыраулар поэзиясында жалпылау мәндегі портрет үлгісі де кездеседі. Ол – зар замандағы қазақтың сырт кейіптемесі, демек, жалпылық мәндегі пішіндеме қатарына жатқызуға болады. Қазақ дегенде нақты бір қазақ адамының кескін-келбеті жоқ, жырау зар замандағы қазақ халқын тұрмыстық, эпистемологиялық бағдары бойынша тұтастықта суреттеуді мақсат тұтады: «Сақалына сары шіркей ұялап, Миығына қара шыбын балалап, Жазыда мал іздеген қазақтың Басы қайда қалмаған» /9,71/. Жырау қазақтың қыспақ замандағы азапты тұрмысын, жан күйзелісін сырт кейпіндегі ерекшеліктерді грация арқылы: «Сақалына сары шіркей ұялап, Миығына қара шыбын балалап...» деп үдете сипаттап, оны риторикалық сауалмен түйіндейді. Бұл толғаудағы публицистикалық -риторикалық стиль ізін аңғартады. Сондай-ақ: «Еңсегей бойлы ер Есім, Есім сені есірткен Есіл де менің кенесім»/9,81/, – деген толғауда жыраудың Есім ханды «Еңсегей бойлы ер» деп сипаттауындағы реалистік ұстанымы антропометриялық өлшемнің тарихи, физиогномиялық дерекпен сәйкестігінен аңғарылады.

Жоғарыда сөз еткен эпостық жырдағы сұлудың кескін-келбеті Ақтамберді толғауында өзгеше интерп-

ретацияға түседі: «Бұлттан шыққан ай бетті, Мұнардан шыққан күн бетті Айттырса бермес сұлуын Аппақ қылып маңдайын, Бұғақ қылып таңдайын, Қиылдырып қастарын, Төгілдіріп шаштарын, Күніне аламанға Тегін олжа қылар ма екенбіз!?»/9,88/. Әлбетте, алғашқы екі жол синтаксистік параллелизмге құрылған 7-8 буынды жыр өрнегі болғанмен, портретік таңба «бет» дәстүрлі сұлулық символдары ай мен күннің анықтауыш мағынасындағы күрделі эпитет арқылы жасалған сапалық белгілерімен шендескендіктен қатыстық сын есім жұрнағын қабылдайды. Бұл метонимиялық әліптеме «Ат басты, Арқар мүйізді. Бөрі кеуделі, Бөкен санды» деген қарапайым жұмбақ құрылымының өзгеше интерпретациясы екенін аңғартады. Сондай-ақ, таңбалық белгілер «қиылдырып», «төгілдіріп» тәріздес қимыл-сын пысықтауышпен тіркесіп, сұлудың қимыл-қозғалысы сәтінен елес беріп, экспрессивті-эмоционалды мағына иеленгенімен жазба әдебиеттегідей «тілдік бояулар эпикалық каноннан пластикалық көрнекілікке ауысып» /2, 60/ кете алмайтындығы жанрдың тарихилығын аңғартады. Алайда, жырау суреттеуіндегі кескіндеме қазіргі жазба прозадағы «адамды мүсіндеудегі кеңістік, жарық, түс,-субъект» ұғымдарынан да ада емес екенін пайымдауға болады.

Осыған қарағанда, фольклор мен авторлы ауыз әдебиетінде қазіргі көркем прозадағыдай «іс-әрекет барысындағы адамның жан әлемі мен оның сыртқы көрінісінің авторлық эмоциялар арқылы қабыса суреттелуі» /2,33/, баяндау ағымында түрлі көркемдік-стистикалық тәсілдер арқылы толысатын динамикалық портрет үлгісі жоқ десек те, оның алғашқы бастау көздерін, жалпы алғанда эпикалық жанрдың даму, жаңғыру үдерісін тануға болады. Көркемдік-стистикалық тәсілдер де жоқ

емес. Мәселен, қаһарманды басқаның көзімен кескіндеу тәсілін айтуға болады. Әрине, мүсіндеу өнерінің алғашқы бастау көзі болған ауыз әдебиеті идеал образды, сатиралық, юморлық бейнелерді сомдаудағы суырып-салмалыққа негізделген ықшам стилімен ерекшеленеді. Дегенмен, кескіндеу мәтінінің идеялық мазмұндық құрылымынан пластикалық бедер, бояулардың нышанын аңғармау мүмкін емес. Алайда, біз сөз еткен эпостық жыр мен авторлы ауыз әдебиетіндегі мүсіндемелердің баршасын жорамал портрет деп танығанымызбен, олардың идеялық құрылымының тұтастығы, стильдік нақтылығы мен ықшамдылығы, басқа да қилы ерекшеліктері тарихи диахронияда терең зерделеуді қажет етеді. Өйткені, портрет телімдері баяндау жүйесіндегі мінездемелік-эстетикалық сипаты мол іргелі құрылым болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Л.А. Юркина. Портрет. Стр253. // Введение в литературоведение: Учеб. Пособие/ Л.В. Чернец, В.Е. Хализев, А. Я. Эсапек и др.; Под ред. Л.В Чернец. – 2-е изд. перераб. и доп. – М.: Высш. Шк., 2006. – 680 с..
2. Майтанов Б.Қ. Портрет поэтикасы. Ғылыми зерттеу. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 127 б.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272б.
4. Қыз Жібек. – Алматы, 1957ж.
5. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. –296б.
6. Әбдіқұлова Р.М. Бөлтірік Әлменұлының шығармашылығы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 195 б.
7. Шешендік сөздер/Құраст. Адамбаев Б. – Алматы: 1990. – 166бет.
8. Төрехұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. 1,2-кітап. – Алматы: Жалын, 1993. – 400бет. б
9. Мағауин М. Алдаспан. Көне қазақ поэзиясының антологиясы. XV-XVIII ғасырлар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 312 бет.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ШЕШЕНДІК ЖӘНЕ ОНЫҢ СИПАТТАРЫ

Қазақ шешендік өнерін зерттеудің егемендікке дейінгі талайлы тағдыры салдарынан шешендік сөздің бір түрі саналатын академиялық шешендік жайы енді ғана сөз бола бастады. Қазақтың ғұлама ғалымы А. Байтұрсын-нов шешендіктің бұл түрін: «Білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнды сөйлегені білімір шешен сөзі деп аталады»/1, 405/, – деп көрсетеді. «Шешендік өнер» атты танымал еңбектің авторы, профессор С. Негимов «академиялық шешендік»/2, 115/ деген көнеден келе жатқан терминдік атауға ден қойып келсе, шешендік өнерді тіл тарапынан зерттеуші Г. Косымова оны «білім-ғылым мазмұнды шешендік» /3, 199/, – деп жіктейді. Дегенмен, күнделікті өмірімізге кеңінен сіңіп кеткен «академик», «академиялық» деген сөздердің халықаралық мәні бар екенін де ұмытпасақ керек. Шынтуайтында, қазіргі риторикада шешендік өнерді ең алғаш тек пен түрге бөліп көрсеткен Москва университетінің профессоры А.Ф. Мерзляков (1778-1830) екені XVII-XVIII ғасырлардағы Ресей риторикасының тарихын зерттеген ғалым В.П. Вомперскийдің еңбегінде /4,242/ айтылады. Әйткенмен, шешендік өнердің көптеген жіктемелері бар. Соның ішінде, көбінесе Г.З. Аapresянның жіктемесі /5, 83-85/ басшылыққа алынғанымен, қазіргі риторикада академиялық шешендік: жоғары оқу орындарындағы (мектептердегі) лекция, ғылыми баяндама, ғылыми шолу, ғылыми хабарлама, ғылыми-көпшілікке арналған лекция түрлеріне жіктеледі. Г.Аapresян: « В даваемой нами классификации красноречие под «академическим»

подразумевается строго научное по характеру красноречие, отличающееся глубокой аргументированностью, высокой логической культурой, строгим стилем речи, к тому же имеющее специфическую терминологию»/5 92/, 0 академиялық шешендіктің айрықша сипаттарын атап өтеді. Бұған қоса, қазіргі риторикада академиялық шешендіктің мазмұнына тән шынайылық, ақпараттық толымдылық, қозғалып отырған мәселенің ғылыми жаңалығы, өзектілігі, материалдың толық жетімділігі сияқты ерекшеліктері де ескеріледі. Жоғары оқу орындарындағы ұстаз-ғалымдар мен мектеп мұғалімдері ғылыми конференция, семинарлар мен симпозиумдарда өз ойларын ортаға салып, көсіле сөйлегендерінде академиялық шешендікке жол ашылғанын байқауға болады. Сондықтан академиялық шешендікті педагогикалық риторикадан бөле жара қараудың жөні жоқ. Оқытушылар мен мұғалімдердің шешендік шеберлігі бір максатқа бағындырылады. Ол: студенттер мен оқушыларға білім беру, олардың бойына сол білімді игеру дағдылары мен машықтарын қалыптастыру. Сондықтан сөз болып отырған шешендік өнер тегі тақырыптың айқындығымен, жүйелі, дәлелді баяндауға құрылып, түсінуге жеңілдігімен, сөздің тыңдаушының қиялын қозғап, сезіміне әсер ете алуымен, диалогтық ерекшелігімен, бір аудиторияда немесе класта үнемі қайталанып отыратындығымен де сипатталады. Ұстаз-ғалымдар студент-шәкірттерге білім беріп қана қоймай, олардың жан әлемін байытады, адамгершілік қасиеттерді сіңіріп, рухани-эстетикалық құндылықтарды танытады.

Академиялық және педагогикалық шешендіктің бір түрі – лекция. Ол жөнінде Г. Апресян: «Лекция всегда отличается определенной обстоятельностью изложения и, как правило, имеет прежде всего познавательное значение. Лекция отличается углубленностью ораторских суждений и умозаключений» /5,92/, -деген тұжырым айтады. Зерттеуші ғалым А.Б. Темірболат «Риторика» (2005) атты

оқу құралында студенттердің өткен материалды игеру негіздерін қалыптастыру мақсатын көздейтін дидактикалық лекцияның ғылыми (нақты ғылым саласынан түсінік беру), дүниетанымдық (ғылыми дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру), әдіснамалық (нақты ғылым саласын зерттеудің әдістері туралы түсінік беру), ұйымдастырушылық (семинар, лабораториялық сабақтарға, коллоквиум, СӨЖ сияқты басқа оқу-жаттығу түрлеріне негіз болады), тәрбиелік (ғылым-білімге қызығушылығын ояту) қызметтерін көрсетеді/6, 86/.

Әрине, лекция – жоғары оқу орындарында оқытудың дәстүрлі түрі. Лекция оқу бағдарламасына және оқулықтың (бар болса) мазмұнына сәйкес оқылады. Осы орайда, аталмыш оқу құралы авторының айтуынша, лекцияның мазмұны нақты ғылым саласының қалыптасқан негіздерін қамтиды, ғылыми мәселені шешудің міндеттері әдіс-тәсілдерін белгілейді, ұғым-түсініктерді талдайды, ғылыми мәселенің болашақ дамуы мен қазіргі жағдайына баға береді, теориялар мен концепцияларға, тарихи құбылыстар мен заңдылықтарға талдау жасайды. Лекцияда айтылған әрбір тұжырымға мысалдар арқылы көз жеткізеді. Лекцияда оқытушының өз тәжірибесінен байқағандары мен байламдарын да ортаға салуға мүмкіндігі бар/6,86/. Дегенмен, әрбір лекцияның мазмұны жинақы, құрылысы нақты болуы шарт. Өйткені бұл студенттің лекцияны қысқа тұжырымдар мен қорытындылар түрінде жазып алуына мүмкіндік туғызады. Сондықтан, лекцияның құрылысы да «үштік тұтастықтан» (шешендік өнердегі «үштік тұтастық»: шешен сөздің басы, ортасы, аяғы) тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Әдетте, кіріспеде лекцияның мақсат-міндеттері белгіленеді, оның өткен тақырыппен байланысы айтылады, қаралатын мәселеге қысқаша сипаттама беріледі, тақырыпқа сай әдебиеттер ұсынылады. Ал, негізгі бөлім тақырып мазмұнын толық қамтиды. Олар: келтірілген тұжырымдардың дәлелдемелері, теориялар-

ды, фактілерді талдау мен бағалау, теориялық білімдерді практиккада қолданудың мүмкіндіктерін қарастыру мәселелері. Лекцияның қорытындысында тақырып деңгейінде тұжырымдар беріледі, семинар және лабораториялық сабақтарға, СӨЖ орындауға арналған әдебиеттер ұсынылады, сұрақтарға жауап беріледі.

Алайда, қазіргі риторикада лекцияның көптеген жанрлары бар: теориялық лекция, шолу лекция, негізгі лекция, ағартушылық лекция, үгітшілік лекция, қорытынды лекция және басқалар. Олардың әрқайсысы оқу курсы бағдарламасында өз алдына белгілі бір міндеттер атқарады. Мысалы, шолу лекцияның мақсаты нақты бір пән бойынша студенттердің алған білімін жүйелеу және тереңдету болса, негізгі лекция пәннің мазмұнына құрылады. Әдетте, лекция не баяндау (нақты бір ақпаратты хабарлау), не талдау (концепциялар, теориялар, көзқарастар және т.б) немесе өзара әңгіме (қойылған мәселені талқылау) сипатында құрылады /6,87/.

Лекцияның тартымды, қызықты оқылуының сыр-сипаты аз емес. Ол, ең алдымен, лекцияға мұхият дайындық жұмыстарын жүргізуден басталады. Оның да қазіргі заманға сай қалыптасқан мынадай талаптары бар: мәселен, тәжірибелі лектор аудиторияның психологиясын, көңіл-күй ауанын, жас ерекшелігін, білім деңгейін барлайды, соған сәйкес материалды жүйелеп, жоспар құрады, ұсынылатын әдебиеттер тізімін жасайды, лекцияның ғылыми мазмұны айқын болуын қадағалайды, тақырыпты игеруге қатысты дидактикалық методикалық құралдарды белгілейді, негізгі оқулық болмаған жағдайда жаңа курс үшін лекция мәтінін жазады, көрнекі құралдарды таңдап, әзірлейді. Сондай ақ, риторикада оқытушыға мынадай талаптар қойылады: 1) пәнді оқытушы оқу курсының деңгейінен артық білуі керек. 2) сөйлеу мәдениеті жоғары болу керек. 3) студенттерге қарым-қатынасы жақсы болуы керек. 4) өз пәніне жан – тәнімен берілген болуы керек...Лекцияның тиімділігінің

негізгі шарты педагогтың аудиториямен контакт орната алуы болып табылады. Контакттының үш түрі болады: логикалық (оқытушы мен студент ойлауындағы контакт); психологиялық (студенттердің ақпарат мазмұнына назар тігуі, баяндалып отырған материалға қарым-қатынасын білдіруі); адамгершілік (оқытушы мен студенттің өзара түсінушілігі) 6,88/. Бұларға қоса, риторикада лектордың аудитория алдында өзін ұстауы, киім киісі, жүріс-тұрысына-сырт келбетіне үлкен мән беріледі. Бұл жөнінде кеңінен ой толғаған Поль Л. Сопер асқақ тұлғалы шешеннің сырт келбетінің мінсіздігін сөз ете келіп: (Скромность в одежде предпочтительное назойливого шика. Не вызывайте удивления и зависти – это помешает слушать, что вы говорите) /7,147/, – деп жазады.

Әрине, оқытушы-лектордың ізденіс әрекеттерінің бәрі де лекция оқудың ежелден қалыптасқан дәстүрлі тәртібіне айналғанын көреміз. Дегенмен, қазіргі заманға инновациялық оқыту жүйесі интерактивтілік әдістемені кеңінен қолдана бастағанын айтуға болады. Алайда, бұл жаңаша оқыту лекция оқудың дәстүрлі қалпын бұзбайды, керісінше оның мазмұндық – құрылымдық сапасын түрлендіріп, дамытады, білім берудегі тиімділікті арттырады. Ал, оқытудың қазіргі заман талабына сәйкестігі басты мәселе болып қала бермек. Солай болғанмен де, зерттеушілер көрсеткендей, білім берудегі жетістік – ұста-лектордың біліктілігімен, өз ісінің шебері болуымен, оның қыры мен сырына қанықтығымен (компетентность) анықталады «өз пәніңді жетік, жан-жақты терең білсең шешен сөйлеуге даңғыл жол ашасын», – деп жазады профессор С. Негимов /2,34/. Оқытушы әрі педагог, әрі ғалым, әрі шешен болу керек. /6,88/. Бұның бәрі риторикада ежелден қалыптасқан тұжырымдар екені рас. Алайда, «кез келген тәжірибелі лектор шешен бола алмайды» /5,93/. Өйткені, шешенді-өнер, кез келгеннің мандайына біте бермейтін тума қасиет. Өйткенмен, ол қажырлы еңбекпен, үздіксіз дайындықпен

ұштасып жатуы тиіс. Сондықтанда, әйгілі оқымысты М.В. Ломоносов «шешендік дегеніміз ғылым» деген кітап жазғаны мәлім. Ал, нағыз ғалым, оқу дегеніңіз «инемен құдық қазғандай» азапты еңбекті тілемей ме?!

Риторика қайта жандана бастаған кезден бері зерттеушілер лекция тілінің «жатықтығы» («суость» – ауд. Р.Ә.) немесе «қарапайымдылығы» («сдержанность» – ауд. Р.Ә.) жөнінде айта келіп, оның сол ерекшеліктерінің өзінен өрбитін эстетикалық «көркемдігі» («художественность»)-ауд. Р.Ә.) және «сахналық өнерге тән сипаты» ретінде лекция тілінің жүйелі баяндауға құрылған сыртқы «жағымдылығы» («изящество» – ауд. Р.Ә.), лектордың еркін суырып салып айту (импровизация), тыңдаушыларды баурай алу, олардың қиялын қозғай алу ерекшеліктері танылып жүргені белгілі. Ал, осылардың ішінде импровизацияның да орны бөлек. Ол жөнінде Чеслав Далецкий: «Речь оратора в большей части-импровизация, а импровизация-это не что иное, как спешная мобилизация раннее накопленных знаний» /8,187/, – деп жазады.

Риторикада лекцияның «көркемдігі» туралы идеяны алған ұсынған Н.В. Гоголь (1934 ж.) екені айтылады /5.93/. Шынында, академиялық шешендікке тән сипаттардың баршасы лекцияның «көркемдік» мәні меңзейтінін түсінуге болады. Өйткені, ақпараттық толымдылықтан шынайылық пен айқындықтан туындайтын қысқалық пен нақтылық ғылыми қара сөздің қуатын арттырып, оған көркемдік пен сұлулық дарытады. Сондықтан, ғылым тілі нәрсіз, көркемдіктен ада деп ойлау дұрыс болмас еді. Ғылыми сөздің көркемдігі оны сырттай көзге ұрып тұратын эпипеттермен, метафоралармен, әртүрлі риторикалық айшықтармен безендірілуінде емес /9,188/. Ғылыми проза тілінің көркемділігі мен сұлулығы – сөздің ең жоғары ақпараттық толымдылығы арқылы ойға қуат, сөзге қысқалықпен нақтылық беруі.

Әрине, ерте дамыған орыс педагогикалық риторикасы шешендік сөздің бұл тегінің негізгі мақсаты тыңдаушының ғылыми көзқарасын қалыптастыру екенін айқындай отырып, оның түрлі сипаттарын ашып, міндеттерін белгілеп береді. Лектордың шеберлігін шындайтын талаптар қоя отырып, осы тұрғыдан оның ой өрбітіп, сөз сақтауындағы ешкімге ұқсамайтынын сара қасиеттерін суыртпақтайды. Олардың лекциялары немесе оған негіз болған академиялық еңбектерін талдай келіп шешендік қасиеттерінің бір құписы- терең білімділікте, кең дүниетанымда екенін көрсетеді.

Ресейде XVII ғасырдың басында-ақ риторика оқулықтары жазыла бастағаны белгілі. Ол ғажайып оқулықтардың авторы да М.В. Ломоносов, И.С. Рижаский, А.Ф. Мерзляков, М.М. Сперанский, А.И. Галич (А.С. Пушкиннің ұстазы), А.Ф. Кони сияқты шешен лекторлар еді. Бұл – табиғи заңдылық. Орыстың әйгілі оқымыстылары, орыс физигі А.Г. Столетовтың, орыс әдебиетшісі, біртуар тұлға Ф.И. Буслаевтың, атақты физиолог К.А. Тимирязевтің, әйгілі сыншы А.В. Луначарскийдің ауызша шешен сөйлеу шеберліктерінің әлемге танылуы, ғылым тарихында сақталуы академиялық шешендікті тануға, бағалауға о бастан ден қойылғандығын аңғартады.

Дегенмен, қазақ академиялық ғылымы мен әдебиетінде де білімпаз лекторлардың шешендік шеберлігін пайымдаған ой-пікірлер жоқ емес. Бірақ, З. Қабдоловтың М. Әуезов, С. Негимовтың Қ. Сәтбаев, Г.Қосымованың З. Қабдолов, Р. Сыздық, М. Қозыбаев сынды ғұлама ғалымдардың шешендігі жайлы толғаныстарын, ұлтық кітапханадан тауып оқуға болатын Ә. Болғанбаев, А. Қыдыршаев сияқты бірен-саран авторлардың алғашқы қадам іспетті шағын еңбектерін айтпағанда, лектордың шеберлігі мен шешендігін арнайы зерттеп жазылған татымды еңбек жоқтың қасы екенін (басқа жұрттың танымал еңбектерін көре отырып) мойындауымыз керек. Тек тіл, әдебиет қана емес, басқа да

ғылым салаларын орыс физигі А. Г. Столетов, физиолог К.А. Тимирязев сынды шешендерді танып, үлгі етудің мәні зор. Дегенмен, өркениетке қол созған бүгінгі таңда ұлттық академиялық шешендікті дамытудың, оны зерттеп-зерделеп, көпшілікке таныта білудің қажеттігі туындап отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу/Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991.-464 бет.
2. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 бет.
3. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері (Оқу құралы). – Алматы, «Білім», 2003. – 260 бет.
4. Вомперский В.П. Риторика в России XVII-XVIII веках. – Москва, Наука, 1988.-с.
5. Апресян Г. Ораторское искусство. – Москва: Московский университет, 1978. – с.
6. Темірболат А.Б. Риторика (основа ораторского искусства): Учебное пособие. – Алматы: Қазақ Университеті, 2005.-136 с.
7. Поль Л. Сопер. Основы искусства речи. «Прогресс», 2002.- 373 с.
8. Далецкий Чеслав. Практикум по риторике. Москва, издат. Центр АЗ, 1996. -192с.
9. Солганик Г.Я. Стилистика текста. – Москва: Филинта, Наука, 1997.

М.ӘУЕЗОВ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР ХАҚЫНДА

Шешендік сөздер – ауыз әдебиетінің ең аз зерттелген жанрлық түрлерінің бірі. Бұның себебі – кеңестік өктем саясаттың қазақ шешендік өнерінің зерттелуіне тежеу салып келгендігі. Өйткені, шешендік сөздерде халықтың ұлттық тарихы мен дүниетанымы ғана емес, азаттық пен тәуелсіздікті, егемендікті аңсаған күрескерлік рухы жатты. Сондықтан кеңестік тоталитарлық тәртіп тұрғысында шешендік сөздерді жинап жариялау, зерттеу ісіне шек қойылып отырды. Дегенмен, қазақ ауыз әдебиетін алғаш зерттеушілердің бірі М.Әуезов «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде (1927) шешендік сөздерге «билер айтысы» [1;188] деген терминдік атау беріп, оның билер сөзі екенін қалған жоқ. Әйтсе де, әдебиет зерттеушілері күні бүгінге дейін шешендік сөздерді фольклор қатарына қосып келеді. Бұл орайда, ұлы М.Әуезовтің пікіріне сүйінсек, билер сөзінің авторы қазақтың даңқты би-шешендері болмай ма? Расында, шешендік сөз белгілі бір би-шешеннің атынан айтылатыны мәлім. Ал, атақты В.Г.Белинский фольклорда даңқты есімдер болмайтынын, ондағы көркем сөз авторы халық екенін ескерткен [2, 9]. Осы пікірлерге қарамастан, шешендік сөздерді фольклорға телу кеңестік дәуір тұсында би-шешендер есімін ауызға алуға тайсақтағандық па, әлде фольклор мен авторлы ауыз әдебиеті ара жігінің ғылыми тұрғыда түпкілікті ажыратылмағандығы ма? Рас, шешендік сөздер ғана емес,

белгілі әдебиет зерттеушісі Е.Тұрсыновтың айтуынша, жақын уақыттан бері ғана баспасөзде авторлы шығарма деп танылған және осы күнге дейін авторлығы ауызша сақталып келген қазақ ақын-жырауларының бай поэзиясы, неге екені беймәлім, фольклор қатарына жатқызылып келген [3,95]. Сондықтан кеңестік дәуір тұсында жазылған еңбектерге (С.Сейфуллиннің, Ә.Мәметованың) жаңаша көзқарас тұрғысынан баға беру лазым. Осы тұрғыдан келгенде, кенес дәуірінің соңғы кезеңдерінде шешендік сөздерді шұқшия зерттеген ғалым Б.Адамбаевтың көзқарастарында да қайшылық аз емес. Ол: «Демек, шешендік сөзге авторлы шығарма ретінде қараудың және авторларын анықтаудың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің табиғи байланысын, жалпы қазақ көркем әдебиетінің басталуын, қалыптасуын, даму тарихын анықтай түсу үшін үлкен ғылыми мәні бар» [4;38] дей отырып, енді бірде: «Демек, шешендік сөздерді алғаш айтушы жеке адамдар болғанмен, оны кейін өңдеп-жөндеуші, сақтаушы-халық; сондықтан оның шын иесі – авторы да халық дейміз [5,80], – деген сөзінен кеңестік саясаттың ықпалы айқын танылады. Ал, оның шешендік сөздердің құрылысына қатысты: «Бірен-саран өңдеу-жөндеу болмаса, түпнұсқаға түбегейлі өзгеріс жасау кез келген кісінің қолынан келе бермейді» [5, 128], – дейтін пікірі де шешендік сөздердің «халықтығын» паш етіп тұрмағанын бағамдауға болады. Шындығында, М.Әуезов есте қалмаған ескі заманда шыққан Алдар көсе, Жиренше шешен әңгімелерін, халықтық аңыздарды ғана қалың бұқара туындысы деп бағалаған[6;244]. Демек, тарихи таңба бедері бар шешендік сөздердің жайы басқаша. Олардың белгілі бір би-шешенге тән екенін нақтылы тарихи оқиғалар шең-

берінде айқындауға болады. Айталық, «Қазыбек пен Қонтажы» сөзінің тек Қазыбек би, «Алтын Емел дауына дауа» сөзінің тек Бөлтірік шешен атынан айтылуының мәнісі сонда. Олардың көпнұсқалы болуын мұраны жеткізуінің шығармашылық қарымы деп түсінген жөн. Сонымен қатар, шешендік сөздердің авторлығына қатысты мәселенің бірі – дәстүрлі шешендік сөздердің би-шешендердің көпшілігіне қатар телінетіндігі. Өйткені, оларды айтушы әрбір өңірдің адамы сөзі өтімді болуы үшін көнеден қалған сөзді өз елінің беделді би-шешендерінің атынан айтқан. Әрине, бұл көпшілікті сөзге ұйытудың тәсілі екені де рас. Алайда, дәстүрлі шешендік сөздерді белгілі бір би-шешендерге меншіктеп беру қисынсыз. Тарихи деректер мен шежірелер, жазба мұрағаттар айғақ болған жағдайларда да дәстүрлі шешендік сөздердің алғашқы шығарушысын айқындау қиын [7;154-155]. Дей тұрғанмен, ауызша сақталып жеткен дәстүрлі шешендік сөздердің билер сөзі екенін жоққа шығара алмаймыз. Ал, дәстүрлі шешендік сөздердің би-шешендердің көпшілігіне қатар телінетіндігі ауыз сақталып, ауызша таралғандығымен байланысты екендігі дәлелдеуді қажет етпесе керек.

Олай болса, ұлы М.Әуезов пікірін қазық ете отырып, бүгінгі таным тұрғысынан шешендік сөздердің авторлы шығарма екенін танытатын еңбектің бірі – 1993 жылы жарық көрген Бөлтірік Әлменұлының «Шешендік сөздер» жинағы (құрастырған Ж.Дәдебаев). Өйткені, белгілі ғалым Ж.Дәдебаев «Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері» атты оқу құралында [8] Бөлтіріктің, Төленің шешендік сөздерін олардың төл туындысы ретінде қарастырады. Сондай-ақ, белгілі зерттеуші С.Негимов те «Шешендік өнер» атты еңбегін-

де [9] қазақ би-шешендерінің шешендік өнері туындысының көркем шығарма екендігіне көз жеткізеді.

Сонымен қатар, ұлы жазушы М.Әуезов аталмыш еңбегінің «Билер айтысы» деген тараушасында бұл жанрлық түрдің толық жиналмағандығы зерттеу ісінде қиындық келтіретінін, сондықтан оны сол кезеңде түгел жіктеп бөліп қоюға болмайтынын [3] айта отырып: «Бірақ бұл жіктеу уақытына ғана жіктеу және ылғи ішкі мағынасына қарай жасалған жіктер болады» [1;188], – деп ескертеді. Шынында, М.Әуезов тұжырымдарының шешендік сөздерді бүгінгі жаңаша таным көкжиегінен бағалауда айтарлықтай мәні бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М., Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.–240 бет
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. –288бет.
3. Турсунов Е. «Единство эстетического опыта кочевых и нековых народов» // Кочевники эстетика – Алматы.
4. Адамбаев Б. Алтын сандық. – Алматы: Жазушы, 1989.–200 бет.
5. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Рауан, 1996.–156 бет.
6. Әуезов М. Өр жылдар ойлары.–Алматы: Қаз. мем.көркем.әд.баспасы, 1959.–554бет.
7. Мамырайым Б. Шешендік сөздердің тарихқа қатысы // ҚазМУ-дың хабаршысы, фил.сериясы. №33, 1999ж. 153-155б.б.
8. Дәдебаев Ж. Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 180 бет.
9. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997.–208 б.

ҚАЗАҚ СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ ИНТЕРТЕКСТ МӘСЕЛЕСІ

Интертекстуальдық теориясының бастауы М.Б. Ямпольский, И.В. Арнольд, М.М. Бахтин сияқты басқа да шетел ғалымдарының еңбектерінде жатқанымен, оның сілемдерін қазақ әдебиеттануының бастапқы кезеңдерінде еңбектерде де кездестіруге болады. Алайда интертекстуалдық мәселесін зерттеушілер тар және кең мағынада түсіндіріп келеді. Тар мағынасында интертекстуалдық мәтін ішінде мәтін екені жиі айтылып жүр. Тар мағынада түсіну көрнекті ғалым Ю.М. Лотманның есімімен тікелей байланысты. Алайда одан кейінгі лингвистердің қилы көзқарастарын түйіндей келсек, көркем мәтінде келтірінді құрылымдарды тар мағынада қолдану автордың оларды әртүрлі мақсатта пайдалануымен түсіндіріледі. Ал интертекстуальдықты кең мағынада түсіну шетелдік ғалым Ю.Кристеваның байланысты екені көпшілікке аян. Дегенмен орыс әдебиетінің білгірі М.М. Бахтин көркем шығарманың диалогтық сипаты туралы пайымдай келіп:

«В любой момент развития диалога существует огромные, неограниченные массы забытых смыслов, но в определенные моменты дальнейшего развития диалога, по ходу его, они снова вспомнятся и оживут в обновленном (в новом контексте) виде» деп жазады [1, 445].

Ғалымның пайымдауынша диалогизм көркем мәтін құрылымындағы цитаталық байланыстарды да мең-

зейді. Шығарма сюжетіндегі образдарындағы ұқсастық пен үндестік жайы қазақ ғалымдарының да еңбектерінде ерте кезден-ақ сөз бола бастады. Қазақтың ғұлама ғалымы М.Әуезов «Әр жылдар ойлары» атты зерттеу еңбегінде назирагөйлік дәстүрді еліктеу мен аудармадан алшақ алып пайымдауының мәнін бүгінгі күн тұрғысында ескерсек болады [2].

Әдебиеттану мен лингвистикада «интертекст», «интертекстуалды», «интертекстуалдылық» терминдері төңірегінде қайшылықты пікірлер көп. Соған қарамастан қазіргі уақытта интертекстталдық проблемасын зерттеу жүйелі түрде қолға алына бастады. Әрине аталған мәселе тіл мен әдебиет тоғысында қарастырылып келеді. Қазақ прозасы мен поэзиясындағы интертекст поэтикасының фольклорлық негізі зерттеле бастады. Алайда бүгінгі күнге дейін фольклорға телініп келген авторлы ауыз әдебиеті үлгілеріндегі дәстүр жалғастығы принципін интертекстуалды байланыс түрінде түсіндірудің жанашылдық сипатын ұғынуға тиіспіз. Бүгінде қазақтың авторлық ауызша әдебиетінен интертексттің сан алуан үлгілерін табу арнайы зерттеуді қажет етеді. Себебі И.И. Ильиннің айтуынша, әр мәтін интертекст болып табылады. Олай болса қазақтың авторлы ауыз әдебиетіндегі интермәтін поэтикасы біздің мақаламызда алғаш рет сөз болады [3, 207].

Фольклорный интертекст шешендік сөздерде де кездеседі. Әдебиет зерттеушілері күні бүгінге дейін шешендік сөздерді фольклор қатарына қосып келеді. Бұл орайда, ұлы М.Әуезовтің пікіріне сүйінсек, билер сөзінің авторы қазақтың даңқты би-шешендері болмай ма? Расында, шешендік сөз белгілі бір би-шешеннің атынан айтылатыны мәлім. Ал, атақты В.Г.Белинский

фольклорда даңқты есімдер болмайтынын, ондағы көркем сөз авторы халық екенін ескерткен [4, 9]. Осы пікірлерге қарамастан, шешендік сөздерді фольклорға телу кеңестік дәуір тұсында би-шешендер есімін ауызға алуға тайсақтағандық па, әлде фольклор мен авторлы ауыз әдебиеті ара жігінің ғылыми тұрғыда түпкілікті ажыратылмағандығы ма? Рас, шешендік сөздер ғана емес, белгілі әдебиет зерттеушісі Е.Тұрсыновтың айтуынша, жақын уақыттан бері ғана баспасөзде авторлы шығарма деп танылған және осы күнге дейін авторлығы ауызша сақталып келген қазақ ақын-жырауларының бай поэзиясы, неге екені беймәлім, фольклор қатарына жатқызылып келді [5, 95]. Сондықтан сонау Қазтуғаннан бастап, бертінгі Жамбыл, Кенен, Иса сияқты ақындарды авторлы ауыз әдебиетінің өкілдері деп тану абзал. Белгілі ғалым Р. Сыздықова «Қазақ әдеби тілінің тарихы» еңбегінде шешендік сөздермен қоса, жыраулық поэзияны ауызша тараған авторлы әдебиет деп көрсетеді [6, 22].

Шешендік сөздердің авторлығына қатысты мәселенің бірі – дәстүрлі шешендік сөздердің би-шешендердің көпшілігіне қатар телінетіндігі. Өйткені, оларды айтушы әрбір өңірдің адамы сөзі өтімді болуы үшін көнеден қалған сөзді өз елінің беделді би-шешендерінің атынан айтқан. Әрине, бұл көпшілікті сөзге ұйытудың тәсілі екені де рас. Алайда, дәстүрлі шешендік сөздерді белгілі бір би-шешендерге меншіктеп беру қисынсыз. Тарихи деректер мен шежірелер, жазба мұрағаттар айғақ болған жағдайларда да дәстүрлі шешендік сөздердің алғашқы шығарушысын айқындау қиын. Дей тұрғанмен, ауызша сақталып жеткен дәстүрлі шешендік сөздердің билер сөзі екенін жоққа шығара алмаймыз. Ал, дәстүрлі шешендік сөздердің би-шешендердің көпшілігіне қатар

телінетіндігі ауыз сақталып, ауызша таралғандығымен байланысты екендігі дәлелдеуді қажет етпесе керек. Жамбыл мен Абайдың ақындық қасиеттеріндегі үндестіктер аз емес. Екеуіне ортақ мүдде – ұлт мүддесі. Екі ақын ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтарға жаны күйзеледі. Тығырықтан шығар жол іздейді. Қытымыр байдың қылықтарына күйініп, кедейдің мүшкіл халіне жаны ауырады. Рас, Жамбылдың бұл өлеңі қазақ кедейінің жайын күйттеген Ыбырай, Сұлтанмахмұт, Бейімбет сияқты көптеген ақындардың, әсіресе Абай өлеңіндегі кедей мен байдың бейнесін көбірек еске түсіретін реминисценция болып табылады. А.Ахматованың «Белая стая» (1915) өлеңіндегі «қайыршы» реминисценциясы Бунин, Горький, Блок шығармаларындағы «қайыршы» сөзінің тарихи мәнімен, олардың «қайыршы Ресейге» деген сүйіспеншілігін айғақтайтын азаматтық үнімен қалай ассоциацияланса [7, 267], Жамбыл мен Абай өлеңдерінің әлеуметтік мәні де солай шендеседі. Ақынның «Әлемде бір жұлдыз бар» өлеңінде: «Үміт алыс, өмір шақ» деген интермәтінді шеберлікпен сыналап енгізгенін де көруге болады.

Ақындық пен шешендік егіз өнер екенін Жамбыл айтыс өлеңдерінде ерекше танытқаны белгілі. Жамбыл шешендік өнері қанат жайған, фольклоры аса бай әлеуметтік ортадан өсіп шыққандықтан, оның ақындық әлемі бұлардың екеуімен де астарлас жатқанын дәлелдеудің қажеті болмас. Дегенмен, Жамбыл поэзиясында суырыпсалмалық өнер, ойға жүйріктік, халықтық қағидаларды қанат ету, нақыл сөздерді жаңғырта қолдану, өзінше афоризм түйю, шешендік айшықтар түрінде көзге түседі.

Әдебиет туындыларының баяндау жүйесіндегі интертекст телімдерін айқындау мүмкіндіктері болғанмен, фольклорлық шығармалардан интертекст компоненттерін іздеудің шарттылығын түсінуге болады. «Фольклорный текст в буквальном смысле образуется из анонимных, неуловимых и вместе с тем уже слышанных цитат без кавычек. Литературный текст цитирует фольклор (или даже стилизует его), как правило, подчеркивая факт цитирования, демонстрируя свой фольклоризм («сигнализируя» фольклорность, по выражению П.Г. Богатырева). А в казахской литературе фольклорный интертекст в силу активности фольклорного сознания является базовым» [8, 445], Расында да, қазақтың XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулары, шешен-билері ғана емес, тіпті XIX-XX ғасырлардағы ақын-жазушы, өнерпаздардың қайсысы да өз халқының тарихы мен дәстүр-салтынан, айтыс, ақындық-жыраулық өнерінен мол хабардар болғаны, ел аузындағы аңыз-жыр, өлендердің шығармашыл тұлғалардың сана-сынан ірге тепкені айқын.

Көрнекті ғалым Е.Турсынов фольклор жанрларының туу тарихы мен оларды таратушылардың типі жөнінде: «Это родовые поэты и песенники-композиторы акыны, «вещие» поэты и создатели эпических произведениях жырау, исполнители бытовых рассказов, преданий и легенд ангимеши, исполнители перенятых произведений жыршы, шаманы-баксы, поэтызатейники сал и сэри, поэты и предсказатели-физионмисты сыншы и другие» [9, 6], Ауыз әдебиеті жанрларын тудырушы импровизатор ақын-жыраулар мен шешендер өнерінде ортақ тақырыптар бар екені белгілі. Солардың бірі ел мен жер жайы десек, бұлар туралы ақын-жыраулардың,

би-шешендердің де танымы да ұқсас болуын да интертекст құбылысымен түсіндіруге болады. Дәстүрлі шешендік сөздерді есте сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мақсатымен қайталап айтып отыру ауызша дамыған қазақ шешендік өнерінің шарты да, салты да болған. Сол сияқты ақын-жыраулар да дәстүрлі қолданыстарды тіркес оралымдарды қайталап отырған. «Біреудің айтқанын келесінің, одан үшінші бір жыраудың айнытпай келтіріп отыруы – мін емес, біреудің меншігін еншілеу емес. Оял жырау поэзиясының ерекшелігі, міндетті шарты» [10, 52]. Десек те, жырау поэзиясындағы немесе шешендік сөздердегі бұндай дәстүр жалғастығы принципін бүгінде интертекст поэтикасы мен ұштастыруға болады.

К.С. Бузаубагарова фольклор мен әдебиеттің өзара ықпалдастығы проблемасын, фольклор дәстүрлерінің жемістілігін қарастыра келіп: «Именно в соотношении с литературой особенно ясно становится, что фольклор – искусство слова. Близости к фольклору обязана казахская литература своими лучшими художественными ценностями» [8, 444].

К.С. Бузаубагарова интертекстуалдық теориясы тұрғысынан қазақтың ұлы ақыны Шәкерім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» поэмасын жазуда «қазақ халқының эстетикалық, тарихи және этикалық тәжірибесіне сүйенгенін» сөз етеді. Демек Еңлік Кебектегі поэмасындағы кейіпкерлердің тағдырлары, есімдері «Қалқаман-Мамырдағы» кейіпкерлерге ауысады. Автор эпостық негізді сақтай отырып өз шығармасына «өзгелік» сипаттар дарыта отырып, жаңа туындыны жазып шығады. Фольклорлық сюжет-архетип Шәкерім өңдеуінде әлеуметтік адамгершіл жаңа сипатты иеле-

неді. Шәкірім поэмасына фольклорлық интертекст айтарлықтай ықпал еткенмен автордың тек өзіне тән қолтаңбасы да ерекше. Сондықтан Шәкәрім шығармаларындағы фольклорлық дәстүрді зерттеуші: «В поэмах Шакарима много недосказанного. Герои всю боль, все муки уносят с собой. Но это уже сюжет для другого произведения. А физическая среда фольклора не знает сопротивления. Этой особенностью фольклорной поэтики интертекстуально характеризуются поэмы Шакарима. Особенности фольклорного мира как центральной категории в поэтики жанрово-обусловленного эпоса демонстрируют фундаментальную роль фольклорного интертекста» [8, 448].

Белгілі қазақ ғалымы Ш.Елеукенов «Мағжан» атты зерттеуінде мынадай бір жайтты аңғартады. Қазақ ақынының орыс символизімі өкілдерінің бірі Д.С.Мережковскийдің бір шумақ өлеңін «Пайғамбар» атты шығармасына эпиграф етіп алғанын жазады: Мұндағы мақсат – шығарма тақырыбына сілтеме жасау ғана емес, Эпиграф Күншығыс идеясының әлемге кең таранына айғақ есебінде де келтірілсе керек. Орыс акын Шығыстан Христосты, яки Айса пайғамбарды күтсе, Мағжан Күннен туған Гун келеді, деп жар салады» [11, 195]. Интертекст поэтикасының осыған ұқсас ерекшеліктері тек Мағжаннан табылады деп айту ағаттық болар. Демек интертекстуальдық теориясы төңірегінде дәстүр мен жанашылдық, ұқсастық туралы да ой қорытуға мүмкіндік бар екенін пайымдаймыз.

Бұнымен қоса қазақ әдебиеттануы романдық поэтикалық интертекст мәселесіне де назар аударғанын айтуға тиіспіз. Зерттеушілер (З.Ахметов, А.Жақсылықов, Е.В.Лизунова) қазақтың алғашқы романдарындағы

(«Несчастная Жамал», «Печальная Мариям», «Смотринь») халықтық поэтикалық дәстүрлерді көрсетеді [12, 132-138]. Бұл жаңа қалыптаса бастаған қазақ прозасындағы оқырманды роман мазмұнын эмоциональдық қабылдауға дайындайтын поэтикалық экспозициялардан көрінеді. Сондықтан көптеген поэтикалық интекстер қазақ романдарының көркемдік телімдерінің қатарында саналады. Роман жүйесінде кездесетін өлеңдер кейіпкерлердің сөздері мен ой сезімдеріне экспрессивтік мән жүктейді. Сондай-ақ зерттеушілер З.Ахметов, Е.Лизунова «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы М.Әуезовтың Абай өлеңдерін тура мәнінде де, келтірінді мәнінде де пайдаланғанын көрсетеді. Демек фольклорлық поэтикалық интертекстер мен цитаттарды қолдана отырып, қазақ жазушылары өз шығармаларына ұлттық сипат береді, мотивтерді шығармашылықпен жаңғыртады, оның мазмұнын көркемдікпен байытады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі қазақ прозасы мен поэзиясына фольклордың бай қазынасы негіз болып, интертекст поэтикасының дамуына ықпал етті деуге болады. Басқа елдердің мәдениетінде сирек ұшырасатын, импровизацияға негізделген шешендік өнері мен жыраулық поэзиядағы және авторлы ауызша әдебиеттің өзге үлгілеріндегі интертекстуалдық байланыстар ұқсастықтар, үндестіктер, жаңғырулар, жаңашылдықтар туғыза отырып, қайталанбас поэтикалық құндылықтарды құрайтынына көз жеткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бахтин М.М. Эстетика словесного искусства. М., 1979. – 373 с.
- 2 Әуезов М. 50 томдық шығармалар жинағы. 15-том.

- 3 Ильин И.И. Современное зарубежное литературоведения. – М.: Интрада, 1999. – 319 с.
- 4 Белинский В.Г. Полн.собр.соч. В 13-ти т. Т.5. М., 1954. – 863 с.
- 5 Турсунов Е. Единство эстетического опыта кочевых и некочевых народов // Кочевники. Эстетика. – Алматы: Ғылым, 1993. – С. 94-96.
- 6 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
- 7 Хализев В. Е. Теория литературы: Учебник/ В. Е. Хализев. – 4-е изд., испр. И доп. – М.: Высш. шк., 2005 – 405 с.
- 8 Бузаубагарова К.С. Фольклор и литература: к вопросу об интертексте // Проблемы поэтики и стиховедения: Материалы VМеждународ. науч., –практ. Конф., посвящ. Памяти к 70-летию доктора филологических наук, профессора В.В. Бадикова (15-16 окт. 2009 г.) /Отв.ред. С.Д. Абишева. – Алматы, 2009. – С444-448.
- 9 Турсунов Е.Д. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. – Астана: ИКФ «Фолиант», 1999. – 252 стр.
- 10 Мәдібай Қ. Хандық дәуір әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1996. – 61 б.
- 11 Елеукенов Ш. Мағжан. Алматы, «Санат», 1995. – 376 б.
- 12 Агибаева С.С. Поэзия и проза в структуре романа: проблема интертекста. 10.01.08 – Теория литературы. Текстология. На соискания кандидата филологических наук. Науч. рук. к.ф.н., доцент Савельева В.В. АГУ. Алматы 2002; 157 с.

АБАЙ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ИНТЕРТЕКСТ ҚҰБЫЛЫСЫ

Интертекст проблемасы М.Б. Ямпольский, И.И. Арнольд, У. Эко, Ж. Женетт, Ю. Кристева, Ю.Н. Тынянов, М.М. Бахтин, Ф. Де Соссюр, Г.В. Денисова, Ю.М. Лотман, М.Л. Гаспаров сияқты көптеген орыс және басқа да шетел ғалымдарының еңбектерінде тұжырымдалғаны белгілі. Қазақ әдебиеттануында интертекст проблемасы А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Е. Турсунов, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, Ө. Күмісбаев еңбектерінен бастау алып, С. Ағыбаеваның, А. Әділованың диссертациялық жұмыстарында жүйеленеді. Сондай-ақ, О.В. Васильева,

Н. Богатова, К. Воронкова, Ж.В. Бурцева, К.С. Бузаубагарова сияқты авторлардың мақалаларында талданады. Интертекст тар және кең мағынада қарастырылады. Бір жағынан, интертекст мәтін ішіндегі мәтін сипатында айқындалады (мәселен, Ю.М. Лотманның жұмыстарында). Екінші жағынан- интертекстуальдылық табиғаты зерделенеді (мәселен, Ю. Кристеваның, М. Бахтиннің, С. Кибальниктің еңбектерінде).

Алайда бұлардан кейінгі лингвистердің қилы көзқарастарын түйіндей келсек, көркем мәтінде келтірінді құрылымдарды тар мағынада қолдану автордың оларды әртүрлі мақсатта пайдалануымен түсіндіріледі. Ал интертекстуальдықты кең мағынада түсіну шетелдік ғалым Ю.Кристеваның байланысты екені көпшілікке аян. Дегенмен орыс әдебиетінің білгірі М.М. Бахтин көркем шығарманың диалогтық сипаты туралы пайымдай келіп:

«В любой момент развития диалога существует огромные, неограниченные массы забытых смыслов, но в определенные моменты дальнейшего развития диалога, по ходу его, они снова вспомнятся и оживут в обновленном (в новом контексте) виде» деп жазады. [1, 445].

Ғалымның пайымдауынша диалогизм көркем мәтін құрылымындағы цитаталық байланыстарды да меңзейді. Шығарма сюжетіндегі образдарындағы ұқсастық пен үндестік жайы қазақ ғалымдарының да еңбектерінде ерте кезден-ақ сөз бола бастады. Қазақтың ғұлама ғалымы М.Әуезов «Әр жылдар ойлары» атты зерттеу еңбегінде назирағөйлік дәстүрді еліктеу мен аудармадан алшак алып пайымдауының мәнін бүгінгі күн тұрғысында ескерсек болады. [2].

Зерттеуші А. Әділова интертекстуалдылықты кең мағынада түсінуді Ю. Кристеваның, тар мағынада түсінуді Ю.М. Лотманның еңбектерімен байланысты қарастырады. Интертекстуалдылық кең мағынада – мәтіннен алынған цитаталардың тоғысу кеңістігі, әр мәтіннің басқа мәтінді өзіне сіңіріп алуы және оларды трансформациялауы. Ю. Лотман көрсеткен «мәтін ішіндегі мәтін» белгілері өткен ғасырдың 60-жылдарындағы қазақ көркем прозасында, М. Мағауиннің, Т. Әбдіковтің, Ә. Нұршайықовтың романдарында цитаталық атаудан бастап, түрлі поэзиялық мәтіндерден келтірілген үзінділер, кейіпкер хаттары, күнделіктері, түстері сияқты келтірінді (интертекстуалды) элементтердің бірнеше түрі кездесетінін пайымдайды. Интертекстуалдылықты әдебиеттанудағы «жалпы орындар», «тұрақты формулалар» ұғымдарымен байланысты қарастырған еңбектерді атайды. Интертекстуалдылықты тұжырымдаудағы шетел ғалымдарының көзқарастарындағы қайшылықтарға тоқталады. [3, 67]. Зерттеуші Б.М. Гаспаровтың, И.В. Арнольдтің,

интертекстуалды байланыстар туралы пікірлері мен топтамаларын маңызды деп санайды. Қазақ көркем мәтіндеріндегі интертекстуалдық элементтерге: өзгертілген цитатаға, орыс тіліндегі эпитафияға, жасырын цитацияға, аллюзияға, реминисценцияларға мысалдар келтіреді.

Әдебиеттану мен лингвистикада «интертекст», «интертекстуалды», «интертекстуалдылық» терминдері төңірегінде қайшылықты пікірлер көп. Соған қарамастан қазіргі уақытта интертекстуалдық проблемасын зерттеу жүйелі түрде қолға алына бастады. Әрине аталған мәселе тіл мен әдебиет тоғысында қарастырылып келеді. Дегенмен, қазақ әдебиетіндегі интертекстуалдық байланыстың түпкі бастауы фольклорда екенін де пайымдауға болады. К. С. Бузаубагарова интертекстуалдық теориясы тұрғысынан қазақтың ұлы ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» поэмасын жазуда «қазақ халқының эстетикалық, тарихи және этикалық тәжірибесіне сүйенгенін» сөз етеді. Демек Еңлік Кебектегі поэмасындағы кейіпкерлердің тағдырлары, есімдері «Қалқаман-Мамырдағы» кейіпкерлерге ауысады. Автор эпостық негізді сақтай отырып өз шығармасына «өзгелік» сипаттар дарыта отырып, жаңа туындыны жазып шығады. Фольклорлық сюжет-архетип Шәкәрім өңдеуінде әлеуметтік адамгершіл жаңа сипатты иеленеді. Шәкәрім поэмасына фольклорлық интертекст айтарлықтай ықпал еткенмен автордың тек өзіне тән қолтаңбасы да ерекше. Сондықтан Шәкәрім шығармаларындағы фольклорлық дәстүрді зерттеуші: «В поэмах Шакарима много недосказанного. Герои всю боль, все муки уносят с собой. Но это уже сюжет для другого произведения. А физическая среда фольклора не знает сопротивления. Этой особенностью фольклорной поэтики интертекстуально характеризуются поэмы Шакарима. Особеннос-

ти фольклорного мира как центральной категории в поэтики жанрово-обусловленного эпоса демонстрируют фундаментальную роль фольклорного интертекста». [4, 448], – деп жазады.

Қазақ әдебиетінің әралуан жанрларындағы интертекстің стильдік қызметі мен құбылыстарын жүйелеу арнайы зерттеуді қажет етеді. Себебі И.И. Ильиннің айтуынша, әр мәтін интертекст болып табылады. [5, 207].

Олай болса, осы күнге дейін қазақ поэзиясындағы дәстүр жалғастығын, ақындардың шығармашылық өнеріндегі үндестікті ғана терең танып қана қоймай, интермәтін поэтикасын зерделеудің де маңыздылығын аңғаруға болады. Әсіресе, интермәтін ерекшеліктері Абай мен Шәкәрім поэзиясынан да айқын танылады. Әрине, Абаймен үндеспейтін, Абайды өзіне үлгі тұтпаған ақын жоқтың қасы екені белгілі. Мәселен, Жамбыл мен Абайдың ақындық қасиеттеріндегі үндестіктер аз емес. Екеуіне ортақ мүдде – ұлт мүддесі. Екі ақын ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтарға жаны күйзеледі. Тығырықтан шығар жол іздейді. Абай:

*«Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,*

О да қылған кедейге үлкен сыйы» [6,77], – десе, Жамбыл:

*«Сараң байдың үйіне қонақ келсе,
Қояды кәрі қойын ол ыңғайлап.
Кедей жомарт үйіне мейман келсе,*

Жалғыз қойдың тұрады басын байлап» [7,29], – дейді.

Қытымыр байдың қылықтарына күйініп, кедейдің мүшкіл халіне жаны ауырады. Рас, Жамбылдың бұл өлеңі қазақ кедейінің жайын күйттеген Ыбырай, Сұлтанмахмұт, Бейімбет сияқты көптеген ақындардың, әсіресе

Абай өлеңіндегі кедей мен байдың бейнесін көбірек еске түсіретін реминисценция болып табылады. Көрнекті зерттеуші Зәки Ахметов: «Кедейдің тұрмыс жайын суреттеудегі Абай салған із Сұлтанмахмұттың поэзиясында толыса келіп, үлкен арнаға айналды. Дарынды ақын «кеудесін есік тескен» кедей бейнесін шебер мүсіндеп берді» [8,78], – деп жазады. А.Ахматованың «Белая стая» (1915) өлеңіндегі «қайыршы» реминисценциясы Бунин, Горький, Блок шығармаларындағы «қайыршы» сөзінің тарихи мәнімен, олардың «қайыршы Ресейге» деген сүйіспеншілігін айғақтайтын азаматтық үнімен қалай ассоциацияланса [9,267], Жамбыл мен Абай өлеңдерінің әлеуметтік мәні де солай шендеседі. Жамбыл «Әлемде бір жұлдыз бар» өлеңіне Абайдың «Үміт алыс, өмір шақ» деген оралымын интермәтін сипатында шеберлікпен сыналап енгізгенін де көруге болады. Ал, «қазақтың қара өлеңін шекпен жауып өзіне қайтарған» ұлы Абайдың өлеңдеріндегі реминисценциялар мен интертекстуальдық байланыстардың да түп негізі халықтық фольклорда жатқандығын ақын поэзиясын індетте зерттеген көрнекті ғалым Зәки Ахметовтің: «Қызарып, сұрланып» секілді өлеңдерінде жастардың көңіл-күйін, жан сырын, сезімін өте нәзік көрсететін махаббат лирикасының жаңа үлгілерін туғызған Абай қазақ поэзиясында қалыптасқан қыздың портретін арнайы, бажайлап суреттеу тәсілінен бойын аулақ салмайды. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» атты өлеңінде Абай сұлу қыздың портретін суреттеудегі халықтық үлгіні шебер қолданады» [8,83], – деген пайымынан да аңғаруға болады. Тіпті, З. Ахметов «Алпамыс», «Қыз Жібек» сияқты халық поэзиясындағы «ұйқастардың кейбірі Абай ұйқастырған сөздермен әуендес, ал кейбірі (былқылдап, бұлтылдап, қылтылдап, сыңқылдап) дәлме-дәл келетіндігін

де айқындайды [8,88]. Фольклорды айтпағанда, Абайға дейінгі XV-XVIII ғасырлардағы ауызша шығарылып, ауызша таралған, авторы белгілі ақын-жыраулар, би-шешендер шығармашылығының да Абай поэзиясына ықпалы болғаны анық. Абай поэзиясында орыс, араб, парсы сөздері әрқилы мәнде қолданылатыны әлдеқашан сөз болғаны белгілі жайт. Ал, ақын-жыраулар поэзиясындағы, шешендік толғаулардағы тәуелсіздік рухына толы ел бірлігі, ел жайы, жер құты, ақылды басшыны аңсау немесе өмір мен өлім, ақыл жайлы философиялық тұжырымдар Абай өлеңдерінде өзгеше өң, тың өріс табатындығы да интертекст құбылыстарына айқын мысал болатыны аңғарылады. Мысалы, Абай берекелі ел, құтты жер жайын: «Берекелі болса ел-Жағасы жайлау ол бір көл. Жапырағы жайқалып, Бұлғақтайды соқса жел» деп сипаттаса, би-шешендер: «Жер деген-байлық, Ел деген-халық. Жер сәні-мыңғырған мал, ағылған аң, Аққан су, жайқалған ну» [10,42], – деп толғайды. Абай «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде ақыл мен қайратты адамгершілікпен ұштастыра өнеге етсе, Абайды өзгеше жақын тұтқан шәкірті Шәкәрім бұл мәселеде үндестік танытады. Сондай-ақ, Абайдың әйгілі «Жаз» өлеңіндегі етістікті қолданудағы ерекшеліктеріне ұқсас сипаттарды Шәкәрім Құдайбердіұлының «Өлген көңіл, ыңдынсыз өмір» өлеңіндегі табиғат пен өмір құбылыстарын бейнелеудегі ерекшеліктерінен де тануға болады: «Көшейін деп қыбырлап, Ел қыстаудан қозғалды» немесе «Қырдан ойға дүбірлеп, Жас балалар шуласты. Күншуақта күбірлеп, Кемпір-шал да сырласты»[11,87].

Ал, Абай шығыс ақындарынша: «Иузи-рәушан, көзі-гәуһар» »[12,35], – десе, Шәкәрім өзгешелеу мақаммен: «Гауһардай көзі, бұлбұлдай сөзі, Жаннан асқан бір пері» [11,27], деп жырлайды.

Қорыта айтқанда, халық поэзиясынан қайнарынан нәр алған Абай поэзиясы мен Абай поэзиясына етене жақын болып, оның үлгісі мен өрнегін өз шығармашылығында өзіндік түр, өзгеше мазмұнмен байытқан Шәкәрім өлеңдеріндегі интертекст құбылыстарын тану қажеттігі мәселесі туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бахтин М.М. Эстетика словесного искусства. – М., 1979.
2. Ауэзов М.О. Собрание сочинений в 50-ти томах. Т. 4.– Алматы: Ғылым, 2001. 3.Әділова А.С. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуальдықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы. Ф.ғ.д. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. Алматы, 2002; 312б.
4. Бузаубагарова К.С. Фольклор и литература: к вопросу об интертексте // Проблемы поэтики и стиховедения: Материалы V Международной научно-практической конференции. – Алматы, 2009. – С. 444-448.
5. Ильин И.И. Современное зарубежное литературоведение. – М.: Интрада, 1999.
6. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005 – 296 бет.
7. Жабасев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым, – 1-т. 1996. – 312 б.
8. Ахметов З. Поэзия шыңы-даналық. Зерттеу, –2-бас, –Алматы: Қазақ университеті, 2009, –368 б.
9. Хализев В. Е. Теория литературы: Учебник. – М.: Высшая школа, 2005.
10. Әлменұлы Б. Шешендік сөздер, –Алматы: Ғылым,1993, –144б.
11. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, кара сөздер. Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов. [А. Құдайбердиев]-Алматы: Жазушы: 1988, –560 бет, суретті, портр.
12. Абай «Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, –Алматы: Жазушы, –Т.1: Өлеңдер мен аудармалар, –2005-296 бет.

ЖАМБЫЛ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІК ИІРІМДЕР

Қазақ шешендік сөздері ғана емес, аты аңызға айналған Асанқайғы, Қорқыт, Бұқар айтты деген сөздерді былай қойғанда, Қазтуғаннан бастап, Махамбет, бертінгі Жамбыл, Кенен, Иса сияқты ақын-жыраулар поэзиясының төл туындылары, айтыстары, жыр-толғаулары мен термелері ауызекі немесе жазба түрде шығарылуына карамастан, «көпұлтты совет фольклорының алтын қорына енгені», шын мәнінде олардың фольклор емес, авторлығы ауызша сақталған әдебиет екендігі жөнінде академик Р. Сыздықова, белгілі ғалым Е. Тұрсынов алғаш рет пікір түйіп, сол негіздегі ғылыми пайымдаулар Ж. Дәдебаев, С. Негимов сияқты басқа да әдебиеттанушылардың еңбектерінде нақты зерделеніп, дамытылған еді. [1,4; 1,11] Соған карамастан, «авторлығы ауызша сақталған әдебиет» деген ұғымға ғылыми көпшілік құлақ арта қойған жоқ. Жамбылдың жеке авторлығы дабыл қағып тұрса да, кейбір танымал әдебиетшілердің күні бүгінге дейін сол баяғы кеңестік ескі сүрлеуден шыға алмай, оны фольклорлық әдебиет өкілі ретінде танып, сөйтіп, «халық ақындары шығармашылығының» фольклорға телініп келгендігін ескермеуін немен түсіндіреміз? Әйткенмен, бұның себебін өткенді күстаналаумен ғана емес, ауызша әдебиеттің жекелеген өкілдері шығармашылығын тәуелсіздік кезеңі әдебиеттануында әлі де жаңаша көзқарас тұрғысынан бағалау,

көркемдік әлемін терең аша білу қажеттігімен түсіндіруімізге болады.

Жамбыл шығармашылығын кеңестік кезең фольклорға қанша иіп апарғанымен, Жамбыл деген әйгілі аты, авторлығы өшпегені белгілі. Ұлы жазушы М. Әуезов айтқандай, «атсыз ақын» болып кетпегендігі «ат берген, қартайған шағы, сол шағында оны жетістірген өз заманы» [2,12] десек те, сол заманның шындығын жырлаудағы Жамбылдың ақпа-төкпе ақындықпен, да-нагөй жыраулықпен, суырыпсалма шешендікпен, асқақ азаматтықпен ұштасып жатқан ұлы дарынының күдіреті деуге болады.

Туып-өскен, есейген жердің тұмса табиғаты мен Ұлдан-анадан дарыған тума қасиетті жазбай таныған әйгілі Бөлтірік шешен бала Жамбылды көргенде: – «Атың Жамбыл болса, көңілің даңғыл болар, балам» [1, 136] – дейді. Сөз астарында ашық айтылмаған үлкен сыр жатқаны анық еді. Шешеннің ой қайнарынан тұнып шыққан бұл сөзі бала Жамбылдың болашағының зор екендігін бейнелейді. Сегіз жасынан ақындығын аңғартқан Жамбылдың өзі де бұл жайды: «Жасымнан атым аян Жамбыл едім, Сүрінбес қара өлеңге даңғыл едім», – деп жырлайды [3,20].

Расында, Жамбылдың өлеңдері ауызекі айтылғандығы, кейіннен хатшыларының жазып алып отырғандығы баршаға мәлім. Жамбыл бұл туралы өзі де андатады: «Ағыт деп, асыл сөздің қазынасын, Сөйлесем домбырама – қаламыма» [3,126].

Қағазға түспей жоғалып кеткендері де бар. Жамбылды ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетті байланыстырушы дегенімізбен, бұл арнайы текстологиялық зерттеуді қажет ететін күрделі мәселе болып табылады.

Тегінде, Жамбылды ауызекі суырыпсалмалық өнердің өкілі деп танығанымыз жөн болса керек. Мұхтар Әуезов: «Төкпелік ұзақ сүре үлкен толғауда шығып кетеді. Осыны бірде Өтегендей, Сұраншыдай үлкен эпос туғызып отырса, бірде дәл келелі сүре айтыстың өзінің үстінде Құлманбет, Сарыбасқа Сұраншы тарихын поэма еткізгендей, ұзақ сүре әңгімелі жыр желісін жатқызып кетеді. Кейде ескі труверлер үлгісінде – Домалақ дастанындай, тамаша көркем (Сарыбаспен айтысында) аңыз поэманы толғап кетеді.»-деп Жамбылдың сол акпа-төкпе ақындығын ерекше бағалайды М. Әуезов Жамбыл Күсеп, Сүйінбай, Майкөт ақындар өзінше жырлаған дастандарды қайта жырлағанда өзгеге ұқсамайтын өрнек тауып, труверлерше түлеткен шеберлігін айтады [4,16]. Шынында, айтыстың идеялық құрылымына ел аузында қара сөзбен айтылып келген шежіре-әңгіме, аңызды жыр желісіне сары майдан қыл суырғандай шеберлікпен киюластыруы аузымен құс тістеген жүйрікке ғана сын емес пе? Иә, ғұлама Мұхтардың қырағы көзі шалмаған Жамбыл шеберлігі бар ма екен, сірә деген ойға қаласың...

Сол жыршылық өнеріндегі шеберлігінің бір қыры – дәстүрлі батырлық жыр үлгісін өзінше жаңғыртуы. Бұл эпикалық жанрлардың жалғастығына көз жеткізеді. Академик С. Қирабаев «Сұраншы батыр» дастанының тарихилығы туралы айта келіп: «Дастанда дәстүрлі батырлық жырдың үлгісі жаңа мазмұнмен байытылады. Жырдың тағы бір жаналығы: онда қазақ халқын Қоқан қол астынан азат етудегі шаруа орыс әскерлерінің пайдалы қызметі, азаттық жолындағы күресте табысқан қырғыз, өзбек еңбекшілерінің достық ынтымағы нағымды суреттеледі», –деп жазады [3,11]. Әрине, жыр-

дың бұл аталмыш жаңалығы Жамбыл ақынның еларалық ынтымақты көксеген мәмілегерлігін де аңдатпай қоймайды және өмірлік шындықтан алшақ емес. Жамбыл ақын сол кездегі «жаңа заман» шындығына дауасыз сенгенін жоққа шығаруға болмайды. Ол: «Бейнесін төрт заманның өзім көрдім, Заманның онан арғы сөзін көрдім. Қалмақ хан, Тезек төре, Құдияр хан, Ұсқынын Николайдың көзбен көрдім» [3, 128], – деп жырлайды.

Жамбыл сол замандардың қай-қайсысында да ел мүддесін қорғап жыр төгеді. Жамбылдың халық ақыны атануының бір бөлек сыры осында болса керек. Ақындық өнерінде «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген халықтық қағиданы ұстанады. Жамбыл бастаған бір топ ақын Ресей патшасы – Романов әулетінің таққа отырғанына 300 жыл толуына орай ұйымдастырылған той-көрмеде патша тұқымын мадақтап, ояз, ұлықтарды дәріптеуден бас тартып, ақындық өнерді қорлаған жендеттерге қарсылық білдіреді. Сонда соққыға жығылғандардың бірі Жамбыл болады. «Әділетсіз ояздар, Ақтаяқты оқталып, Есігінде тұрады. Жазығы жоқ Жамбылды Төбеден сілтеп ұрады [4,287], – деп Жамбыл өлең шығарады. Ел еркесі ақынын сабатып қойып, ұйлығып тұрған қазақ байларының дәрменсіздігін бетіне басып, Жамбыл «Өстепкеде» деген айыптау өлеңін қалың жұрттың көзінше айтады [4,287].

Жамбылдың қай заманда да көрген құқай-қыспағы аз болмаған. Осы жағынан ол өз замандасы Абаймен тағдырлас екенін ұқтырады. «Абайдың суреті» деген өлеңінде: «Терең ойдың түбінде теңізі бар, Тесіле кеп қарасаң көңіл ұғар: Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей, Есіл сабаз ызамен өткен шығар!» [3,217], – деп қамығып, өз жүрегінен де шер төккендей болады. Өлең

1940 жылы жазылған. Осыған қарағанда, Жамбыл өзі ағынан жарылып қуана қарсы алған «жаңа заманның» кейбір құбылыстарынан түңілгенге ұқсайды. Бірақ, бұған дәлел табу қиын. Өйткені, Жамбыл шығармалары кеңестік сүзгіден өткізілгеніне күмәніміз жоқ.

Жамбыл мен Абайдың ақындық қасиеттеріндегі үндестіктер аз емес. Екеуіне ортақ мүдде – ұлт мүддесі. Екі ақын ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтарға жаны күйзеледі. Тығырықтан шығар жол іздейді. Қытымыр байдың қылықтарына күйініп, кедейдің мүшкіл халіне жаны ауырады. Абай:

*«Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,*

О да қылған кедейге үлкен сыйы» [5,77], – десе, Жамбыл:

*«Сараң байдың үйіне қонақ келсе,
Қояды кәрі қойын ол ыңғайлап.
Кедей жомарт үйіне мейман келсе,*

Жалғыз қойдың тұрады басын байлап» [4, 29], – дейді. Рас, Жамбылдың бұл өлені қазақ кедейінің жайын күйттеген Ыбырай, Сұлтанмахмұт, Бейімбет сияқты көптеген ақындардың, әсіресе Абай өлеңіндегі кедей мен байдың бейнесін көбірек еске түсіретін реминисценция болып табылады. А. Ахматованың «Белая стая» (1915) өлеңіндегі «қайыршы» реминисценциясы Бунин, Горький, Блок шығармаларындағы «қайыршы» сөзінің тарихи мәнімен, олардың «қайыршы Ресейге» деген сүйіспеншілігін айғақтайтын азаматтық үнімен қалай ассоциацияланса [6,267], Жамбыл мен Абай өлеңдерінің әлеуметтік мәні де солай шендеседі. Ақынның «Әлемде бір жұлдыз бар» өлеңінде: «Үміт алыс,

өмір шак» деген интермәтінді шеберлікпен сыналап енгізгенін де көруге болады.

Ақындық пен шешендік егіз өнер екенін Жамбыл айтыс өлеңдерінде ерекше танытқаны белгілі. Жамбыл шешендік өнері қанат жайған, фольклоры аса бай әлеуметтік ортадан өсіп шыққандықтан, оның ақындық әлемі бұлардың екеуімен де астарлас жатқанын дәлелдеудің қажеті болмас. Дегенмен, Жамбыл поэзиясында суырыпсалмалық өнер, ойға жүйріктік, халықтық қағидаларды қанат ету, нақыл сөздерді жаңғырта қолдану, өзінше афоризм тую, шешендік айшықтар түрінде көзге түседі. Мәселен, қазақтың би-шешені: «Арғымақ атта жал болмас, Жабы келіп жалымен теңесер. Ақиық ерде мал болмас – Жаман келіп малымен теңесер» [1,39], – десе, Жамбыл: «Жабы жүйрік болар ма байлағанмен, Жасық болат болар ма қайрағанмен? Жамбыл қайта жасарып жігіт болмас, Жағасын неше қайта майлағанмен» [3,192б], – дейді. Ұлы М.Әуезов өзінің айтулы мақаласында, Жамбылдың күнделікті өмір қарым-қатынастарындағы әзіл-қалжыңдарын мысалға келтіріп: «Ақындық теңеу тілімен сөйлейді. Бірақ оны келістіріп айтқан күнде де ақындық демейміз, шешендік дейміз» [4,18], – дейді. Айтқандай-ақ, Жамбыл өлеңдерінің тілі шешендік иірім-өрнектерге бай. Жамбыл поэзиясындағы таңбалық жүйенің өзіндік ерекшеліктерін көруге болады. Олардың семиозис тұрғысындағы құрылым ерекшелігі аңғарылады. Ақын ел басына төнген зұлматты жалпылық мәндегі портрет арқылы таңбалайды: «Малы бардан мал алды, Малы жоқтан жан алды. Аралдағы қояндай, Ел топанға қамалды» [4,65].

Тығырыққа тірелген ел сиқы – «аралдағы қояндай». Жамбылдың шамырқанған ойынан туған – әрі шынайы,

әрі жанды бейне. Ақын «үріккен қойдай» деген сияқты дәстүрлі теңеулерді қолданбай, өзіндік соны сурет салады. Жалпы, ақынның «Толғау» жыры тұтастай алғанда градацияға негізделген риторикалық-публицистикалық стильге құрылады.

Алайда, шешендікті қоғамдық қайраткерлікпен, күрескерлікпен жалғастырар болсақ, Жамбылдың азаматтық даусы, ұлт мүддесін қорғаудағы қайраткерлік қажыры 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы тұсында айтқан өлең-жыр, толғауларынан айқын танылады. «Халықтың еркі кетті баласынан,

Сөзімнің ғибрат ал сарасынан. Ақ патша бұйрық қылды солдат бер деп, Он тоғыз-отыз бірдің арасынан. Осыған тірі отырып көнеміз бе, Іріктеп бар боздақты береміз бе?! Болмаса елдік қылып, тізе қосып, Батырға қол бастаған ереміз бе?!» [4, 57]», – дейтін өлеңінің публицистикалық қуат-күші ерекше. Бұл – Жамбыл өлеңіндегі күрескерлік идеясының көрінісі. Жамбыл Ақтамберді, Қазтуған, Махамбеттердей жауынгер-жырау болмағанмен, қозғалысқа, күреске (ұлы отан соғысы жылдарындағы өлеңдері) қашанда дем беруші болғанын білеміз. Ақын «Толғау» жырында патша соғысын мақтап-жақтамағаны үшін байлауға түскенін: «Ақын, жыршы топырлап жеті жаттық, Түсінгенім болмады мүлде менің, Ұстаған қанды тырнақ елді қысты, Кім болмақ ызаланса елден күшті?!» [4,65], – деп, «хан – қайық, халық – теңіз» деген халықтық қағиданы ескерте сөйлейді. Би-шешендерше ширыға сөйлеп, айтар сөзін риторикалық сұрақтармен қайырады. «Бесігі – тау, анасы – ел» деген жырында: «Жер байлығы болмаса, Жерден алтын шығар ма? Ел қамын ойлар болмаса, Ерден ақыл шығар ма? Теңіз терең болмаса, Түбінен інжу те-

рер ме?! [3,190], – деп толғайды. Бұл жолдардағы «ж» және «т» дыбыстарының аллитерациясы, «е» дыбысының ассонансы ғана көркемдік үстеп тұрған жоқ, «алтын – камын – ақыл» сөздеріндегі буын үндестігі мен өлең жолдарындағы а, е сияқты тұтқа дыбыстардың да қызметі ерекше екенін тануға болады.

Жырауларша ел басында болған тарихи оқиғаларға дер кезінде үн қатып, халықты күреске үндеп, дүние, өмір жайлы толғауы Жамбыл ақындығының жыраулық өнермен қанаттас екенін аңғартады. «Жаратылыс сыры» деген толғауында: «Асқар тау ғаріп емес пе, Айдынды көлі болмаса. Ер жігіт ғаріп емес пе, Белгілі елі болмаса...» [4,55], – деп жырау-шешендер дәстүрін жалғай келіп, оған да өз өрнегін қосады.

Ақын батырлық жыр дәстүрін түлетіп қойған жоқ, фольклордың жұмбақ секілді басқа да жанрлары үлгісінде өлең өнерін дамытты деуге болады. Мәселен: «Туған айдай дер едім, Түнде бар да күндіз жоқ. Жанған күндей дер едім, Күндіз барда түнде жоқ» [3,337] немесе «Тауды көрдім дегенім – Тау емес екен, дөн екен. Өзен, көл көрдім дегенім – Көз жасынан сел екен» [3,45], –деген жолдар соның айғағы.

Сонымен, о баста айтқанымыздай, Жамбыл авторлы ауыз әдебиетінің өкілі екеніне талас тудыруға болмаса керек. Өйткені, Белинскийдің айтуынша, фольклорда әйгілі есімдер болмайды, фольклордың авторы – халық [1,625]. Жамбыл әралуан фольклор жанрларына тән сөз өрнектерін, жыраулық, шешендік өнерге тән дәстүрлер мен көркемдік құрылымдарды терең игеріп, ақындық шығармашылықпен дамытқаны белгілі. Демек, Жамбылдың ауызекі суырыпсалмалық өнерге негізделген поэзиясы жыршы-жыраулық өнермен ғана емес,

шешендік шеберлік үлгілерімен де ұштасып жатқанын пайымдауға болады. Олар түптеп келгенде, ақынның отты өлеңдеріндегі – көркемдік келісім. Ұлы сүре ақын атанған Жамбыл поэзиясындағы барша сипаттар оның көркемдік әлемінің көз жетпес көкжиегін айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдіқұлова Р. М. Бөлтірік Әлменұлының шығармашылығы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 195 б.
2. М.Әуезов. Жамбылдың ақындық шеберлігі. //Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым, – 1-т. 1996. – 312 б.
3. Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым, – 2-т. 1996. – 384 б.
4. Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым, – 1-т. 1996. – 312 б.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005 – 296 бет.
6. Хализов В. Е. Теория литературы: Учебник/ В. Е. Хализов. – 4-е изд., испр. И доп. – М.: Высш. шк., 2005 – 405 с.

М. ӘУЕЗОВ – АКАДЕМИЯЛЫҚ ШЕШЕНДІК МЕКТЕБІ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Қазақ шешендік өнерін зерттеудің егемендікке дейінгі талайлы тағдыры салдарынан шешендік сөздің бір түрі саналатын академиялық шешендік жайы енді ғана сөз бола бастады десе де болады. Қазақтың ғұлама ғалымы А. Байтұрсынов шешендіктің бұл түрін: «Білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнды сөйлегені білімір шешен сөзі деп аталады»/ 1, 405/, – деп көрсетеді. Қазіргі риторикада академиялық шешендік: жоғары оқу орындарындағы (мектептердегі) лекция, ғылыми баяндама, ғылыми шолу, ғылыми хабарлама, ғылыми-көпшілікке арналған лекция түрлеріне жіктеледі. Г.Апресян: «В даваемой нами классификации красноречие под «академическим» подразумевается строго научное по характеру красноречие, отличающееся глубокой аргументированностью, высокой логической культурой, строгим стилем речи, к тому же имеющее специфическую терминологию»/2, 92/, – деп академиялық шешендіктің айрықша сипаттарын атап өтеді. Бұған қоса, қазіргі риторикада академиялық шешендіктің мазмұнына тән шынайылық, ақпараттық толымдылық, қозғалып отырған мәселенің ғылыми жаңалығы, өзектілігі, материалдың толық жетімділігі сияқты ерекшеліктері де ескеріледі. Жоғары оқу орындарындағы ұстаз-ғалымдар мен мектеп мұғалімдері ғылыми конференция, семинарлар мен симпозиумдарда өз ойларын ортаға салып, көсіле сөй-

легендерінде академиялық шешендікке жол ашылғанын байқауға болады.

Академиялық және педагогикалық шешендіктің бір түрі – лекция. Лекцияның тартымды, қызықты оқылуының сыр-сипаты аз емес. Ол, ең алдымен, лекцияға мұхият дайындық жұмыстарын жүргізуден басталады. Оның да қазіргі заманға сай қалыптасқан мынадай талаптары бар: мәселен, тәжірибелі лектор аудиторияның психологиясын, көңіл-күй ауанын, жас ерекшелігін, білім деңгейін барлайды, соған сәйкес материалды жүйелеп, жоспар құрады, ұсынылатын әдебиеттер тізімін жасайды, лекцияның ғылыми мазмұны айқын болуын қадағалайды, тақырыпты игеруге қатысты дидактикалық-методикалық құралдарды белгілейді, негізгі оқулық болмаған жағдайда жаңа курс үшін лекция мәтінін жазды, көрнекі құралдарды таңдап, әзірлейді. Алайда, «кез келген тәжірибелі лектор шешен бола алмайды» (ауд. Р.Ә.) /2,93/. Өйткені, шешендік – өнер, кез келгеннің мандайына біте бермейтін тума қасиет. Өйткенмен, ол қажырлы еңбекпен, үздіксіз дайындықпен ұштасып жатуы тиіс.

Риторика қайта жандана бастаған кезден бері зерттеушілер лекция тілінің «жатықтығы» («сухость» – ауд. Р.Ә.) немесе «қарапайымдылығы» («сдержанность» – ауд. Р.Ә.) жөнінде айта келіп, оның сол ерекшеліктерінің өзінен өрбитін эстетикалық «көркемдігі» («художественность» – ауд. Р.Ә.) және «сахналық өнерге тән сипаты» («артистичность» – ауд. Р.Ә.) жайында ой қозғайды/2,93/. Академиялық шешендіктің «сахналық өнерге тән сипаты» ретінде лекция тілінің жүйелі баяндауға құрылған сыртқы «жағымдылығы» («изящество» – ауд. Р.Ә.), лектордың еркін суырып салып айту (импровизация), тыңдаушыларды баурай алу, олардың қиялын

қозғай алу ерекшеліктері танылып жүргені белгілі. Ал, осылардың ішінде импровизацияның да орны бөлек. Ол жөнінде Чеслав Далецкий: «Речь оратора в большей части – импровизация, а импровизация – это не что иное, как спешная мобилизация ранее накопленных знаний»/3,187/, – деп жазады.

Шынында, академиялық шешендікке тән сипаттардың баршасы лекцияның «көркемдік» мәніне меңзейтінін түсінуге болады. Өйткені, ақпараттық толымдылықтан, шынайылық пен айқындықтан туындайтын қысқалық пен нақтылық ғылыми қара сөздің қуатын арттырып, оған көркемдік пен сұлулық дарытады. Сондықтан, ғылым тілі нәрсіз, көркемдіктен ада деп ойлау дұрыс болмас еді. Ғылыми сөздің көркемдігі оның сырттай көзге ұрып тұратын эпитеттермен, метафоралармен, әртүрлі риторикалық айшықтармен безендірілуінде емес/4,188/. Ғылыми проза тілінің көркемдігі мен сұлулығы – сөздің ең жоғары ақпараттық толымдылығы арқылы ойға қуат, сөзге қысқалық пен нақтылық беруі. Әрине, ерте дамыған орыс педагогикалық риторикасы шешендік сөздің бұл тегінің негізгі мақсаты тыңдаушының ғылыми көзқарасын қалыптастыру екенін айқындай отырып, оның түрлі сипаттарын ашып, міндеттерін белгілеп береді. Лектордың шеберлігін шыңдайтын талаптар қоя отырып, осы тұрғыдан оның ой өрбітіп, сөз саптауындағы ешкімге ұқсамайтын сара қасиеттерін суыртпақтайды. Олардың лекцияларын немесе оған негіз болған академиялық еңбектерін талдай келіп, шешендік қасиеттерінің бір құпиясы – терең білімділікте, кең дүниетанымда екенін көрсетеді.

Ресейде XVII ғасырдың басында-ақ риторика оқулықтары жазыла бастағаны белгілі. Дегенмен, қазақ академиялық ғылымы мен әдебиетінде де білімпаз лекторлар-

дың шешендік шеберлігін пайымдаған ой-пікірлер жоқ емес.

Зымыран уақыт қарыштап алға жылжыған сайын адамзаттың ой-санасы да түлеп, білімі мен мәдениеті алға озып, тұрмыс-тіршілігі жанарып, жеке басының қарым-қабілетін дамытуға мүмкіндік алғаны бұлтартпас шындық болса керек. Бұның бір дәлелі – елімізде жыл өткен сайын өркендеп, қанатын кеңге жайған білім ордалары мен ошақтары. Олардың сапалық көрсеткішін айтпағанда, сандық өсуінің өзі халықтың заман талабына сай білімге деген сұранысының соғыстан кейінгі жылдардан осы уақытқа шейінгі аралықта аса зор жылдамдықпен еселеп өсіп отырғанын көрсетпей ме?!

Міне, сол білім ордаларының бірі – жоғары білім берудің көшбасшысы, жуықта 75 жылдық мерейтойын атап өткен Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті. Бұл өз алдына ұлы әңгіме, үлкен тарих! Дегенмен, біздің айтпағымыз – білім беру мен маман даярлау сапасын және ғылым саласын заманауи талапқа сай үздіксіз дамытып келе жатқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2003 жылдың 16 қыркүйегінде Қазақстан мен Орта Азия елдері арасында алғашқы болып Дүниежүзілік білім беру кеңістігіне қосылуы, Рейтер агенттігінің мәлімдемесі бойынша, бүгінде планетадағы ең танымал 500 университеттің ішінде 15-орынды иеленуі, 2006 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығын алуы, Қазақстан жоғары оқу орындарының рейтингі көрсеткішінде алғашқы орында тұруы – оның алып білім кемесіне ғана емес, біз сөз етіп отырған академиялық шешендіктің бесігіне – мектебіне айналғандығының шынайы куәсі екендігі.

Академиялық шешендіктің іргетасы ҚазҰУ-да ұлы жазушы, ғұлама ғалым М. О. Әуезов ұстаздық еткен со-

нау алыс жылдарда оның өз қолымен қаланғанын бүгінде жиі сөз ете бастадық. Дегенмен, кемеңгер тұлғаның жазбаша шешендігін былай қойғанда, ауызша лекторлық шешендігі қандай еді?! Әрине, ол жайлы мәліметтер көп емес. Әйтсе де, бұл мақсатта аз да болса, саз жазылған естелік сынды ой-толғамдар жоқ емес. Соны бірі – ұлы Әуезовтің аса дарынды шәкірті болған, өзі де өмірінің соңына дейін ҚазҰУ-да ұстаздық еткен академик, жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Ғұлама» атты мақаласы. Бүгінде бұл мақала тұңғыш қазақ университетінде академиялық шешендік негізін қалаған М. Әуезов екенін айғақтап, оның лекторлық шеберлігі мен шешендігін жалпақ жұртқа танытқан құнды жазба десек болады. Тағы бір байқайтынымыз, осы шағын естеліктің бойына көркемдік-эстетикалық, философиялық, этнопсихологиялық, этнопедагогикалық сипаттар тоғысқан. Әрине, бұл – өзге емес Қабдолов шеберлігі. Өйткені, бұл мақаланы бүгінде «Менің Әуезовімнің» алғашқы бастауы ретінде де тануға болады. Әрине, З. Қабдолов мақалада ұлы ұстаздың белгілі бір нақты тақырыпқа арналған лекциясын, оның мазмұндық құрылымын, ғылыми ойлаудың жүйелілігін, я болмаса ақпараттық толымдылығын, жоғарыда айтқандай, лекция тілінің «көркемдігі» мен «жатықтығын» академиялық шешендікке қойылар талаптар тұрғысынан напанақ талдап беріп отырмағаны белгілі. Алайда, Әуезовке шәкірт болу бақытына ие болған, оның лекцияларын құлақ құрышын қандыра тыңдаған Қабдолов ұлы ұстазының шешендік қасиеттерін тап басып тани отырып, жалпы мәнде қысқа ғана оймақтай ойып, әсерлі де әдемі айшықтағанын, шешендікпен толғағанын көруге болады: «Алысқа шабатын жүйрік, алдымен, біраз кібіртіктеп барып көсіледі деседі ғой. Сол секілді Мұқаң да басында біраз барлау жасайтындай,

немесе неден бастауды ойлағандай қайта-қайта іркіле беріп, тамағын кенеп, үздік-создықтау тұратын да, бірер минуттан кейін нөсерлете жөнелетін. О, енді бітті... Енді сіз уақыттың өткенін білмей қаласыз, шешеннің ой ағымымен жер дүниені шарлап кете барасыз» /5,105/

3. Қабдолов суреттеп отырған бұл сипат аудиторияның психофизиологиялық ерекшеліктерін, көңіл-күй ауанын, интеллектуалдық дәрежесін, қызығушылығын бет-жүз құбылыстарынан алдына ала зерттеп-барлап алу да шешендікке тән сипат болғанменен, «бірер минуттан кейін нөсерлете жөнелу» сирек құбылыс қой. Бұл кез келген кәнігі лектордың қолынан келе қоймасы белгілі. Ал, «шешеннің ой ағымымен дүниені шарлап кету» дегенде лектордың тыңдаушысының қиялына қозғау сала алғандығын, студентті лекцияның мазмұнына үңілтіп, онымен психологиялық контакт орната алғандығын айтып отыр емес пе? Қабдоловтың тағы бір андатып отырғаны – Әуезовке тән импровизация. Импровизация академиялық шешендіктің сахналық өнерге тән сипаттарының (артистичность) бірі ғана емес, есте сақтаудың да бір түрі. Импровизациядан шешен-лектордың өз пәнін талап етілген деңгейден артық білетіндігі – терең білімділігі де көрінеді. Шешен ой қоржынында жинақталған білімді қажет тұсында ерекше есте сақтау қабілеті арқасында табан астында суырып салып айтады. «Импровизациядан туған сөз миуасы, әлбетте, оқу-ғылым, ақыл-біліммен мұздай қаруланғандықтың, үнемі ой құшағында, қиял бесігінде тербелгендіктің белгісі»/6,32/ – дейді С.Негимов. Шәкірті «қанатты кісі» деп таныған, «шабытсыз сөйлемейтін» лектор Әуезовтің «тиіп кеткен жері тәрбие, үлгі, өнеге болатын»/5,104/. Ол оқытушы-лекторларға солай талап қойылатындықты емес, үлгі-өнегенің ұстазының кісілік болмысынан өз-өзінен туындап жататынын айт-

қан екен. Бұны біз «Менің Әуезовімді» оқығанда терең түсіндік емес пе?

Нағыз шешен аудитория алдында қобалжығанын зәредей де білдірмейді. Тіпті, не айтамын деп ойланбайды да. Аудиторияны серпілтіп, көпшіліктің назар өзіне аударып алудың, зеріктірмеудің амалын әпсәтте табады. Орынды әзіл-оспақ айтып жіберуге де шебер. Бұның бәрі риторикада бұрыннан танылған тәсілдер. Дегенмен, оның табиғи шығуы шешеннің шеберлігіне байланысты екені хақ. Мақала авторы ғұлама лектордың сондай бір шеберлігін былай суреттейді: «Тәрдегі стол жанына жайғасып отырған соң, мол денесін мойнымен бірге бұрып, аудитория ішін шолып шығар еді де, қабырғада ілулі тұрған Абай суретіне азырақ көз тоқтатар еді: «Бәлі, мынау Абайдың өзі емес, Абай роліндегі Қалибек Қуанышбаев қой. Шәкірттер ду күледі. Мұқаң күлмейді, қабағын паң, кербез шытып, тамағын кенейді /5,104/. Әрине, шешен адам тебіреніп сөйлер сәтте аудиториядағы болымсыз жайларға алаңдап, ойын бөліп алмауға тиіс. Ол көпшіліктің қатарлы болуға да тиіс емес. Демек, нағыз шешенге асқақтық тән. Автор Әуезовтің ұлы тұлғасын антоним (күледі-күлмейді), синоним (паң, кербез) арқылы сәтті сомдайды. «–Тегінде, әдебиеттен сабақ беретін әр адам, – дейтін Мұқаң, –өз сабағын шын мәніндегі эстетикалық сұлулық биігіне көтеріп әкетуі шарт» Лекторлық шешендікті осы тұрғыдан түсінетін»/5, 105/, – деп З.Қабдолов ұлы ұстазының академиялық шешендіктің қыры мен сырын терең меңгергенін танытады.

М.Әуезов лекциясының тілі... «Сөздегі саздылыққа, үндестікке көп мән беретін»/5,106/. Осыдан Зейнолла шәкірт те тәлім алса керек: «Мұқаңның майда қоңыр үніне бөленген, Мұқаңның дариядай шалқыған ақыл-парасатына кенелген аудиториялар қандай кемелдікке

меңзейді десенізіші»/5,108/. Күрделі эпитет, эпитеттік теңеу арқылы ұлы Мұхтардың асқақ тұлғасын шынайы бедерлеуін былай қойғанда, «Мұқанның» деген қайталау айтпақ ойын үстеп, ой бөліктерінде ұйқас құрып, ырғақ төгіп тұрған «бөленген-кенелген»-кемелдікке» деген сөздердегі дыбыс үндестігі құлаққа жағымды саз тудырып, Мұқанның майда қоңыр даусымен сені де тербетіп тұрғандай ма?! Таныс мақам, таныс үн... Жо-жок, бұл Қабдолов-ұстаз... Иә, ол осылайша Әуезов шешендік мектебінің тұңғыш шәкіртіне айналған еді. Олай болса, «Ғұлама» – академиялық шешендік сырлары жайлы тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шешендік сөзге тән қысқа да нұсқа сипатта бере алған көркемдік шеберлік үлгісі, автордың қаламына қас шешендік сиқыры ғана емес, М.Әуезовтің университетімізде академиялық шешендік мектебі негізін қалағандығын айғақтайтын құнды жазба.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу/Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет.
2. Апресян Г. Ораторское искусство. – Москва: Московский университет, 1978. – с.
3. Далецкий Чеслав. Практикум по риторике. Москва, Издат. центр АЗ, 1996. – 192с.
4. Солганик Г.Я. Стилистика текста. – Москва: Филинта,Наука, 1997.
- 5.Қабдолов Зейнолла. Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар. Алматы, Жазушы, 1977.380 бет.
6. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 бет.

I. ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ЖОЛДАСТАР» РОМАНЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақтың көрнекті ақыны І. Жансүгіровтің прозалық шығармалары, әсіресе оның 1935жылы жарық көрген «Жолдастар» романы туралы зерттеу мақалалар, еңбектер көп емес екені белгілі. Осы іспетті пікірді кезінде айтулы ғалым Мырзабек Дүйсенов те білдіре келіп: «Бұл кезде Сәкен Сейфуллиннің «Айша», «Жер қазғандар» повестері мен «Тар жол, тайғақ кешу» романы, Бейімбет Майлиннің «Раушан-коммунист», «Азамат Азаматыч» повестері, С. Мұқановтың «Адақандар», «Темір тас», М. Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы», Ф. Мүсіреповтің «Бір адым кейін, екі адым ілгері» повестері туған өнімді кезең еді. Осы кезеңде І. Жансүгіров «Жолдастар» атты романымен қазақтың өскелең прозасына өз үлесін қосады»,/1, 125/ – деп жазады. Рас, XX ғасыр басында жарық көрген романдардың да ықпал-әсері жоқ емес еді. Сондықтан екінші кітабы жазылмай қалған І. Жансүгіровтің «Жолдастар» романының бірінші кітабының да мазмұны мен пішіні кеңестік дәуір туғызған аласапыран шақтарды қамтиды. Зерттеуші М. Дүйсенов: «Жолдастар» романының бірінші кітабы негізінде революция алдындағы қазақ кедейлері мен жұмысшыларының өмірін көрсету арқылы қазақ даласындағы таптық жіктің ашылуы, сөйтіп 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы февраль буржуазиялық революциясы кезіндегі дүрбелең,

одан Октябрь революциясының дәл қарсаңындағы Ұлы социалистік революцияға қазақ жігіттерінің әзірлігі сөз болады» /1,126/, – деп романның мазмұнын байыптайды. Зерттеуші жалшылықпен қор өмір кешкен Сатанды, қанаушы саудагерге еріксіз қосылған Нәзипаны, паролдта істейтін жұмысшылар Мардан, Мәмбеттерді романда қоғамдық тартыс үстінде көрінетін негізгі кейіпкерлер қатарында танытады. Зерттеуші роман кейіпкері Сатанды қалыптасу үстінде көрсетудегі олқылықтарға ой жүгіртеді. «Соңғы тарауда еңбек еткісі келіп жүрген, қайрат-қуаты мол Сатан анда-санда бір-ақ көрінеді»/1,28/. Сондай-ақ, романда кісі ақысын жеуді кәсіп еткен «қу тұяқ саудагер», Сатанның қожасы Шалматай романда нанымды бейнеленгенмен, «кісі өлімі болатын тартысқа бұл да көп араласпайды»/1,28/. Зерттеуші Шалматай бейнесіне байланысты бірталай кемшіліктерді көрсетеді. Олардың бастысы-Шалматай бейнесін жасаудағы жетімсіздік. Ал, романдағы шыққан тегі мықты Мысық қажының қызы Нәзипа Шалматайға «ата аруағынан аса алмай» тоқал болып келгенмен, өзге қазақ қыздарындай тағдырына бас ұрмайды, «татар мұғалім Фазылды сүйеді»/1,129/. Зерттеуші Дәукен сияқты құбылма типтерді типтерді де, Мардан, Мәмбеттер сияқты орыс жұмысшыларымен бірігіп, санасы ояна бастаған жұмысшыларды да әрекет, тартыс үстінде суреттейді. Дегенмен, жазушы «оларды нысаналы жеріне жеткізбей орта жолда қалдырып қояды»/1,132/. М. Дүйсенов романның кемшіліктеріне көз жеткізе отырып, адам портретін суреттеудегі өткір метафоралар мен теңеулерге, автордың өзіне тән сарказмге толы тіліне назар аударады. «Жаңа туа бастаған прозаның күрделі түрінің алғашқы тәжірибелеріндегі кейбір кемшіліктер

тек қана «Жолдастар» романына ғана тән құбылыс емес, бұл, негізінен, сол жылдардағы қазақ прозасының роман жанрындағы ортақ кемшілігі деуге болады»/1,133/, – деп пікір түйгенімен, І. Жансүгіровтің роман жанрындағы мол жоққа шығармайды.

«Жолдастар» романын зерттеушілердің бірі – Мұратбек Иманғазинов. Ол «Жолдастар» романының поэтикасы» деген еңбегінде көбіне қазақ даласына енген сауда капиталының көріністері Шалматайдың, оның тізесі батқан Тәжи, Сатан сияқты кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы бейнеленетіндігін қарастырады/2,141/. Зерттеуші жазушының Сатанды «байдың малын ұрлады» деп ұрлыққа қимайтынын, Тәуке батыр мен Самалықтардың «қаракшылықтарын» да «елдің қамы үшін» деп санайтындығын дұрыс айқындайды. Жазушының роман кейіпкерлерінің сол кезеңде қазақ даласына еніп жатқан «жаңалықтардың» жақсы-жаманын айыра алмай өрескел қателіктерге бой алдыруын нанымды суреттегенін шынайы бағалайды. Алайда, М. Иманғазинов та «кейіпкерлердің көбісі эпизодтық қана роль атқарып, образ дәрежесіне жете алмай қалғанын» көрсетеді/2,158/. Зерттеуші еңбегінде романда бейнеленетін халықтық ғұрып ерекшеліктеріне, пейзаждық суреттеулердегі тіл шеберлігіне нақты мысалдар келтіреді. Жазушының «қазақ ауылының жайма-шуақ жатқан кешкі уақыттағы сырт көрінісін» панорамалық пейзажбен суреттеудегі сәтті детальдарды айғақтайды. Зерттеуші М. Иманғазинов академик М. Қаратаевтың: «І. Жансүгіров мұнда өмірдің, қазақ әдебиетінде бұрын мүлде көтерілмеген, тіпті тың жатқан салаларын қозғады. Мысалы, қала өмірі-1916 жылғы майданға алынған қазақтардың қара жұмыстардағы істеген хал-жайы,

өндірісте, құрылыста, пароход пристанында жұмыс істеген қазақ еңбекшілерінің күші бұрын әдебиетте мүлде сөз болмаған»/2,164/, – деген пікіріне сүйеніп, «сол тұстағы жұмысшылардың таптық санасының өсу жолдарын» реалистікпен баяндаған шығарма қатарында танытады. Әрине, «Жолдастар» романы «қазіргі әдебиет әлеміне қоғам өмірінде болып өткен қыруар құбылыстарды эпопеялық үлгіде көрсете алатын шығарма» болмағанмен, кейінгі ұрпақ тарихқа айналған тағдырымыздың ақиқаты туралы көркем мағлұмат ала алатын «алтын архивімізге» айналары хақ.

Ал, Ілияс Жансүгіровтің «Жолдастар» романының баяндау жүйесіне көз жүгіртер болсақ, ең алдымен оның сыртқы құрылысынан да, ішкі мазмұнынан да фольклорлық негіз аңғарылады. Роман тараулары өлеңмен басталады, тіпті өлең араласып отырады. Мысалы: «Мардан Ертістегі өздері айтып жүретін жүкшілердің жырына ыңырсыды: «Ертіс, Ертіс енеміз, Елден аңсап, келеміз, Жаздай өлең айтамыз, Күз жалаңаш қайтамыз...»/3,235/, – деген өлең жолдары жұмбақ өлеңдердің мақамына ұқсағанмен, сауда капиталы тығырыққа тіреген сол кездегі жұмысшының хал-күйін жеткізеді. Романның «Бастау» аталатын бірінші тарауындағы пейзаж да сол тұстағы қазақ ауылының типтік бейнесін айқын кестелейді: «Жазғы түн. Кедей ауылдың ешкі лағы қорасында бір уыс қана болып ұйысып жатыр. Көкке тойған соң қара тіл болып көк жалаған сиырлар қазыққа байлаулы күйінде ыңқ-ыңқ етеді. Бірлі-жарым шолақ кісенін сылдыратып, ауылдың артындағы өзекте оттайды. Тәжидің көк құнаны да соның ішінде. Ит үрмей, қоңыз ұшпай, түн тып-тыныш бола қалған бір мезгіл еді»/3,15/. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін-

де тұтастай қазақ ауылының экономикалық тіршілігі көрініс тапса, Ілияс романында өзі нысанаға алған кедей ауылының сипаты ерекшеленеді. Бұнда да фольклорлық тәсілдер қолданылады. Мысалы, «бір уыс қана болып ұйысып жатқан ешкі-лақ» кедей ауылдың жұтандығын тым кішірейте суреттеу-литота үлгісі болып табылады. Кедей ауылдың жылқысы көп емес екенін, олардың сықпытын да жазушы «шолақ» деген синекдоха арқылы нақты бейнелейді. Осы тұста ақын Ілияс жазғы түннің тылсым бір сәт тыныштығын ырғаққа, дыбыстар үндестігіне құрылған бір сөйлем бойына шеберлікпен сыйғызады. Соңғы сөйлемде «үр»-«ұш»-«ыз»-«ыш» дыбыстарымен қоса «мей»-«пай»-«түн»-«тын» де үндестікке құрылғаны айқындалады.

Міне, осындай тілдік-образдық сипаттарына қарағанда І. Жансүгіровтің «Жолдастар» романы өз тұсындағы кемшіліктеріне қарамастан, поэтикалық ерекшеліктерге бай көркемдік нысаны болып табылады. Сондықтан, І. Жансүгіровтің ақындық, фольклорлық дәстүрге бай «Жолдастар» романының предметтік-образдық жүйесі терең мәтіндік байыптауларды қажет ететіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дүйсенов М. Жансүгіровтің прозасы. // Сөзстан: 8-кітап /Құраст. Б. Сарбалаев, –Алматы, 1987, –118-133бб.

2. Иманғазин М. І. Жансүгіров/ ҚазҰУ, –Алматы: Қазақ университеті, 2004, –218 бет: Монография

3. Жансүгіров Ілияс. Көп томдық шығармалар жинағы, –Алматы: «Қазығұрт» баспасы, –2004. Екінші том: «Жолдастар». Роман, –448 бет.

МОТИВ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

Мотив (moveo) – латын етістігі, «қозғаймын» деген ұғым береді. Мотив термині тек әдебиеттануда ғана емес, тілтану, заң, психология және басқа ғылым салаларында қолданылады. Әдебиеттануға «мотив» ұғымы музыкадан келді деген пайымдар кездеседі. Әдебиеттануда мотив мәселесін зерттеу ерекше маңызды болып табылады. Өйткені, мотивтік тұрғыдан талдау көркем мәтінді жаңаша қырынан пайымдауға, атап айтқанда, оны нақты автордың мәтіндер жүйесіне, сол кезеңдегі әдеби дәуірге тән элемент сипатында қарастыруға мүмкіндік береді.

Алайда, мотивтің әдебиеттану термині ретіндегі мән-маңызын айқындау оңай емес. Ғұлама А. Байтұрсынов мотив терминін арнайы қолданбағанмен, ауыз әдебиетіндегі мазмұны, мағынасы, қызметі жағынан мотивке жақын мәндегі ұғымдарды қарастырады: «Сарындама (сарын сөз) саласы. Сарындама үш тарау: 1. Салт сөзі. 2. Ғұрып сөзі. 3. Қалып сөзі» /1,422 / Қазақ әдебиеттануында мотивті әдебиет пен фольклорға қатысты жүйелеу үрдісі қалыптасып келеді. Мәселен, С. Қасқабасов, Ш. Сәтпаева, Ш.Ыбыраев, А. Жақсылықов, Е. В. Корнеева, Н. И. Колодина, Ж. Сыдыкова сияқты тағы басқа көптеген ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Дегенмен, қазіргі қазақ прозасын, әсіресе поэзияны мотивтік тұрғыда талдау енді ғана қолға алына бастады десек те болады.

Зерттеушілер мотив туралы сөз қозғағанда, тарихи поэтиканың негізін салушы А.Н. Веселовскийдің әйгілі «Историческая поэтика» еңбегіндегі мотив жайлы алғашқы пайымдауларын дәйім алға тартады. Әдебиет теоретигі В.Е. Хализев: «Так, А.Н. Веселовский в своей незавершенной «Поэтике сюжетов» говорил о мотиве как о простейшей, неделимой единице повествования, как о повторяющейся схематической формуле, лежащей в основу сюжетов (первоначально – мифа и сказки)» /2,280/, – деп жазады. А. Н. Веселовскийдің бұндай мотивтерге сұлу қызды әлдекімнің алып қашуы, оны күшпен немесе тапқырлықпен тауып алу, күнді әлдекімнің ұрлауы т.с.с. мысал етіп келтіргені белгілі. Осындай мотивтердің әралуан тайпалар ортасында өздігінен туатынын айта келіп, олардың біркелкілігін немесе олардың ұқсастығын алмасумен түсіндіруге болмайтындығын, керісінше олардың тұрмыс-тіршілік шарттары мен оларда қалыптасқан психикалық үдерістердің біртектілігімен түсіндіру керектігін ескертеді. Сондай-ақ, ғалым мотивтің мынадай қарапайым формуласын көрсетеді: « $a+b$: жауыз кемпірдің сұлу қызды жеккөруі – оған өмірге қауіпті тапсырма беруі». Осы формуланың әр бөлігінің түрін өзгертуге, әсіресе b -ның өсуге қабілетті екенін дәлелмен көрсетеді. А.Н. Веселовскийдің тұжырымдауынша, мотив өсіп, ұлғайып, сюжетке айналады, сюжет мотивтер жиынтығы болып табылады /3, 301/. Бұл айтылғандардан ғалымның мотивті сюжетпен тығыз байланыста қарастырғанын түсінуге болады. Мотив те, сюжет те тарих айналымына енеді: бұл ұлғайып отыратын идеялық мазмұнды беру формалары. Осы талапқа жауап бере отырып, сюжеттер вариацияланады: сюжетке бірнеше мотивтер кірігеді,

немесе сюжеттер бір-бірімен тоғысады /3, 305/. Мотивтер, Веселовскийше, тарихи тұрақты және шексіз қайталанып отырады /3,281/. Түптеп келгенде, мотив сюжетпен тығыз байланысты, сюжет мотивтер жиынтығы болып табылады. В. Я. Пропп та мотивті сюжеттік сарындармен байланыста қарастырады.

Әлем әдебиеттануында мотивтің мәні қаншалықты кең болса, ол жөнінде қалыптасқан теориялық тұжырымдар да соншалық қайшылықты деуге болады. А.Н. Веселовский тұжырымдарына О.М. Фрейденберг, В. Томашевский, В.Я. Пропп сияқты ғалымдардың сын көзбен қарағанына көз жеткізуге болады /3,400-401/.

Көрнекті орыс ғалымы М. Бахтин «Эстетика словесного творчества» (1986) деген еңбегінде сюжет пен мотивтерді көркемдік сипатта байланыстырып, маскарадтық мотивтер табиғатын ашып береді/4/. Маскарадтық мотивтер өзін-өзі таныту әлеміне құрылады.

Шетелдік ғалымдар Р.Уэллек, О. Уоррен «Теория литературы» еңбегінде : «Мотив – қайталанып отыратын сөз, сөз тіркесі, оқиға, зат және идея. Көбінесе, мотив термині әдеби шығармаларда қайталанып кездесіп отыратын оқиғаларды білдіру үшін қолданылады. Мысалы, кедейдің кенеттен байып кетуі»(5,230). Ал, «Аналитика художественного» (2001) деген еңбегінде мотивті шығарма фабуласының элементі ретінде қарастырады, фабуланы барлық мотивтер жиынтығы деп пайымдайды. Белгілі орыс ғалымдары В. И. Тюпа мен Е. К. Ромодановская: «Мотив – это прежде всего повтор. Но повтор не лексический, а функционально-семантический», –деп жазады./6,15/ Б. В. Томашевский, Р.Уэллек, О. Уоррен мотив пен лейтмотивтің («лейтмотив» неміс термині – жетекші мотив деген мағынаны білдіреді)

тығыз байланыстылығын ескертеді. Лейтмотив деп бір шығарма ішіндегі қайталауды айтуға болады. Ол мәтіннің қандайда бір компонентін күшейтуге қызмет етеді.

Мотив терминіне әйгілі орыс ғалымы Б. М. Гаспаров: «В роли мотива может выступать любой феномен, любое смысловое «пятно» – событие, черта характера, элемент ландшафта, любой предмет, произнесенное слово, краска, звук и т. д.; единственное, что определяет мотив – это его репродукция в тексте», – деп кенінен анықтама береді /7, 30/. Ғалым мотивтің мәтін өріліміндегі «қозғалмалы компонент» екенін және оның тек басқа компоненттермен тоғысу үдерісінде өмір сүретінін, оның ерекшеліктері әр жолы қайтадан өсіп отыратынын, өзін-өзі талдау үдерісінде және әрбір жаңа кадам сайын, жалпы мағыналық өрілімнің әрбір өзгерісі сайын түрленетінін айрықша айтады /7,301/.

Жалпы, мотивтің ең басты сипаты оның бір немесе бірнеше шығармада, жеке шығармашылықта қайталанып отыратындығы. Зерттеуші Н. Е. Меднис: «Мотив, при его огромной эстетической и семантической значимости в художественном тексте, не имеет собственной очерченной телесной оболочки. Он являет собой нечто вроде души, которая в конкретном тексте может обретать сюжетное, временное, пространственное или какое-то иное воплощение, не замыкая себя при этом в жестко обозначенных границах», – деп атап көрсетеді. /8,79/ Анығында, ғалым мотивке сюжетке қатысты анықтама береді. Қорыта келгенде, мотив сюжет құраудың негізі, композиция түзуде белсенді қызмет атқарады, мотив оқиға барысымен, кейіпкер әрекеттерімен,

сезім құбылыстарымен, салт нұсқаларымен тығыз байланысты.

Егер мотивті көбіне прозалық шығармаларға қатысты сөз еткен зерттеушілер пікіріне сүйенер болсақ, сюжет элементі немесе нақты бір танымал дәстүрлі сюжет сипатында түсінуге болады. Зерттеушілердің пайымдауынша, мотив зат немесе дерексіз құбылысты білдіретін көбінесе архетиптік, мәдени танымға және авторлық семаға ие символикалық мәні бар жеке сөз болуы да мүмкін.

Мотивке анықтама беруде көбінесе прозалық шығармаларға қатысты тұжырымдарды қарастырғанымыз рас. Өйткені, поэзияға қатысты зерттеулер орыс әдебиетінде болмаса, қазақ әдебиеттануында жоқтың қасы деуге болады. Дегенмен, көркем шығарманы мотивтік тұрғыда талдауға байланысты тұжырымдардың әрқилылығы байқалады. Бұл мотив теориясының қалыптасып болмағандығын, мотивке нақты анықтама берудің қиындығын көрсетеді.

Мәселен, поэзиядағы жалғыздық мотиві орыс әдебиетінде А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов пен М. И. Цветаева лирикаларына қатысты зерттелгені белгілі. Жалғыздық мотиві Абайдан бергі ақындардың бәрінде де ұшырасатынына күмән туғызуға болмайды. Бірақ, олардың мотивтік талдау тұрғысынан зерттелмегені белгілі. Мысалы, әралуан ақындардың шығармашылық жүйесінің түйісу тұстарын мотивтік талдау арқылы айқындау зерттеушілердің қызығушылығын туғызуға тиіс. Біздіңше, жалғыздық мотиві қазақ лирикасына қатысты арнайы сөз болған емес. Егер бұл мәселені қазақтың біртуар ақыны Мұқағали Мақатаев лирикасы төңірегінде қарастырар болсақ, Мұқағали лирикасы-

ның философиялық мазмұнынан адамның жатсырауы мен жалғыздығы мәселесі, өмірдің мәні, жақсылық пен жауыздықтың мәңгілік күресі, үндестік пен үйлесімсіздік мәселелері көрініс берері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. «Ақ жол»: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу /Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет.)

2. Хализев В.Е. Теория литературы: Учебник/ В.Е. Хализев. – 4-е изд., испр.и доп. – М.: Высш. шк., 2005 – 405 с.

3. Веселовский А.Н. Историческая поэтика/Вступ.ст. И.К. Горского; Сост., коммент. В.В. Мочаловой. – М.: Высш. шк., 1989. – 406 с. – (Классика литературной науки)

4. Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества. 2-е изд. – М.: Искусство, 1986. – 445 с.

5. Р.Уэллек, О. Уоррен. Теория литературы. – М.: Прогресс, 1978. – 325с.


6. Тюпа В. И., Ромодановская Е. К. Словарь мотивов как научная проблема // Материалы к «Словарю сюжетов и мотивов русской литературы»: От сюжета к мотиву. Под ред. В. И. Тюпы. Новосибирск: Институт филологии СО РАН, 1996. – С. 3-15.

7. Гаспаров Б. М. Язык, память, образ. Лингвистика языкового существования. Текст. / Б. М. Гаспаров — М.: Новое литературное обозрение, 1996, –352с.

8. Меднис Н. Е. Мотив воды в романе Ф. М. Достоевского «Преступление и наказание» // Роль традиции в литературной жизни эпохи. Сюжеты и мотивы. Новосибирск, 1995. – С.79-88.

II бөлім

ҒЫЛЫМУ
ПОРТРЕТТЕР
ЖӘНЕ
ЕСТЕЛІКТЕР



Х. СҮЙІНШӘЛИЕВТІҢ ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАМДАРЫ

Ханғали Сүйіншәлиев – қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесіне, оның өсу, даму тарихын жүйелеп зерттеу ісіне саналы өмірін арнаған ғалым. Ол туған әдебиет тарихын халқымыз бастан кешкен қоғамдық, саяси-экономикалық тарихымен тығыз ұштастыра зерттеді. «Әдебиет тарихы – ең алдымен, тарихи ғылым. Әр дәуірдің әдебиет қайраткерлеріне сол дәуір талабы тұрғысында баға беріледі, оның өзі өмір сүріп отырған заманның басты мәселелерін қаншалықты айқын танып, қоғамдық ой мен өнердің дамуына қаншалықты үлес қосқанын айқындап алуды қажет етеді» / 1, 13-14/, – деп жазады ғалым «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1997) оқулығының кіріспесінде. Сондай-ақ, ол қазақ мәдениеті мен әдебиетінің қалыптасып, дамып, өркендеуі жайлы кеңінен ой қозғайды. Халық тарихының қалың қатпарларына үніліп, онымен біте қайнасып жатқан әдебиет, сөз өнерінің сырлы сарайларына да сергек ой, сұңғыла таным отын жағады. Ең алдымен, әдебиет тарихы нені зерттейді деген сұраққа тұрлаулы жауап айтады: « Әдебиет тарихы өткен дәуірлер суреткерлері жасаған көркем туындыларды талдап, поэзиямыздың қалыптасуына өз еңбектерімен ықпал еткен ақын, жазушылар творчествосын зерттейді. Олардың өнер тарихынан алатын орнын белгілейді. Бірақ әдебиет тарихын көркем шығармалар мен өткен дәуір жазушыларының

ғана сарабына айналдыруға әсте болмайды. Оны әдеби ағымдардың жиынтығы деп қарау да орынсыз. Өйткені әдебиет тарихы – күрделі де жанды процесс. Ол әрбір идеялық, көркемдік ағымдар мен мен бағыттардың жеке топтармен қайшы идеялық күресін, әдебиет жанры, стилі, әдістерінің есею, кемелдену, қалыптасу сатыларын, көркем сөз өнерінің даму кезеңдерін, тілдік құралдарының жетілу жолдарын т.б. тарихи заңдылықтарын танытады. Белгілі тарихи дәуірлер көркем туындыларының тұтас бет алысын, негізгі нысанасын анықтау белгілі дәрежеде, сол бір халық әдебиетінің тұтас даму процесін, бүкіл ішкі сырын ашу қажет болады» /1, 14/. Шынында, ғалым өз оқулығында әдебиет тарихы алдына қойған осынау міндет-мақсаттарды түбегейлі атқарып шыққанына көз жеткізуге болады. Анығында, оның әдебиет тарихын тапжылмай зерттеп, тынымсыз тер төгіп түйген тұжырымдарының қай-қайсысы да әдебиеттану ғылымындағы мәнін жоғалтпақ емес.

Әдебиет тарихын терең де шынайы зерделеу жолында ғалым тоталитаризм тосқауылына да тап болды. Соған қарамастан бұл тұста әдебиет тарихын зерттеу сияқты күрделі де жауапкершілігі мол іске батыл кіріскендердің бірі болды. 1967 жылы ғалым «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» деген монографиясын жариялады. Бұнда қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесі қайта қаралды, оның көне дәуірден бастап, XIX ғасырдың аяғына дейінгі даму тарихы жүйеленді. Ал, кейіннен тәуелсіздікке қол жеткен кезде «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1997) атты оқулығын жазды. Бұнда қазақ әдебиетінің VIII ғасырдан XX ғасырға дейінгі тарихы жаңаша көзқараста танылып, тың деректермен толықтырылды. Ұстаз-ғалым Х.Сүйіншәлиев өзінің өмірлік-

ғылыми тәжірибесінде әдебиет тарихын зерттеудегі сыңаржақтыққа жол бермеуге тырысады. Ғалымның: «Тарихты тарих деп түсіну абзал. Оның әрбір кезеңінде өмір сүрген қайраткерлердің өмір талғамы, түсініктері, қиялдауы, ой өрістері бір емес. Озық ойларына қоса, қайшы пікірлерге бой ұрған өнер өкілдері де аз болған жоқ. Зерттеушінің міндеті – сол міндетті бұрмаламай, орынсыз сақтыққа салынып, жалтақтамай, озық ілім тұрғысында баяндай білу: олардың шығармаларындағы идеялық ақауды сылап-сипамай, сынап отырып, әдебиетке қосқан үлестеріне жете назар аудару» /1,15/, – деген бағалы ой-пікірлері болашақ зерттеушілерге айтқан өсиеті іспеттес екені дау тудырмайды. Әдебиет тарихының белгілі зерттеушісі Х.Сүйіншәлиев әлгіндей кемістіктердің болуының себептерін әдебиет тарихы ғылымының кенжелігімен, әдебиеттануда теріс ағымдардың болуымен, жеке адамдарға табынушылықтың зардаптарымен түсіндіреді. Әсіресе, көшпенділер мәдениетіне топырақ шашпақ болғандарды тұқыртатын ғылыми негізді ой-пікірлерінен ғалымның ұлтжандылығы айқын аңғарылады. Оның осы орайда: «Халқымыздың көнерек тарихына көз салсақ, қазақ өмір бойы көшіп қонып қана жүрген, отырықшылық өмірді мүлде білмеген ел емес. Көшпенділік оның шаруа жайына не сыртқы жауының қысымына байланысты қолданған стратегиясы болған» /1,8/, – деп жазуы тарихи дәлелі ұтымды пікір екені айқын.

Х. Сүйіншәлиев әдебиет пен тарихтың тамырластығын тұтастыра танып,терең біле отырып, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті жөнінде тұңғыш ой-пікірлер айтқан В.Радлов, Я. Лютш, Г. Потанин, В. Васильев, т.б. сияқты орыс

ғалымдары мен Шоқан, Абай, Ыбырай еңбектерін құрметпен атай отырып: «Мәдениеті ерте дамыған елдердің әдебиет тарихы ХХ ғ-ға дейін-ақ зерттеліп, оқу орындарында пән ретінде жүргізіліп, жүйелі тәжірибе қорытылып келген болса, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу шын мәнінде ХХ ғасыр басынан, егемендікке ұмтылу дәуірінде басталды»/1,15/, – деп қынжылысты пікір де білдіреді. Оның түркі тілдеріне ортақ көне мұралардың әдебиетіміз тарихына қатыстылығы жайында алғаш пікір айтқан академик Ә.Марғұлан мен профессор Б.Кенжебаев есімдерін ілтипатпен атауынан, сондай-ақ кейінгі замандас зерттеушілер М. Мағауин, М. Жолдасбеков, Ә. Қоңыратбаев, А. Қыраубаева секілді ғалымдардың зерттеулерінің ерекше сипаттарын танып, бағалауынан әдебиет тарихын зерттеуге қосылып жатқан еңбектердің біртіндеп молая бастағанына қуанған пейілін де аңғарамыз.

Х. Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің тарихын» (1997) толықтырып, жаңа заман талабына сай қайта жазуға құлшына кіріседі. Кеңестік кезеңде қақпақыл көріп келген ойларын ортаға салады, әдебиет тарихынан өзінің лайықты орнын ала алмай жүрген ақтандақтарға орын береді. Осы орайда ол: « Қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму жолында жеке авторлы поэзия ерекше орын алады. Әсірес, шешен-билер, жыраулар мен ақпа-төкпе ақындар бұған көп үлес қосты» (1,13) , – деп жазады. Ғалымның бұл ой-пікірі осы күнге дейін авторлығы ауызша сақталып келген шешендік сөздер мен акын-жыраулардың бай поэзиясын авторлы әдебиет қатарында танытқан Р. Сыздықованың /2,22/, Е. Тұрсыновтың /3,95/ ой-тұжырымдарымен үндеседі. Бұл Х. Сүйіншәлиев оқулығының соны бір сипаты десе болады. Ке-

нестік жүйе тұсындағы зерттеушілерді айпағанның өзінде, бүгінгі тәуелсіздік туы желбіреп тұрған шақта да, шешендік сөздерді фольклорға телушілер кездеседі. Ғалым ондай пікірлерге: «Халқымыздың даналығы мен саналылығының айқын көрінісі, оның бай ауыз әдебиеті десек, оның ең алғашқы туғызушысы да, жетіле жырлап, талай ғасырлардан аман алып шығып, кейінгі ұрпақтың қолына аман табыс етушісі де жезтаңдай жыраулар мен адуын ақпа ақындар» (1,11), – деп уәж айтады. Әрине, бұл фольклорға авторлығы ауызша сақталған (Сыпыра, Қазтуғандардан бастап, бергі Махамбет, Жамбыл, Кенен, Исаға дейінгі ақын-жыраулардың және би-шешендердің) «көрпесін» жабу емес. Рас, М.Әуезов пен С.Сейфуллин шешендік сөз нұсқаларының билер сөзі екенін айтқан. М. Әуезов «Әдебиет тарихы» (1927) атты еңбегінде ауызша әдебиет түрлерін («Билер айтысы», «Зар заман ақындары») көрсете отырып, оларды фольклор қатарында қарастырады. Бұл, әрине, ауызша әдебиет терминінің сол саяси кезеңге тән қайшылықты қыры.(4, 3). Демек, бүгінгі күні де айтарымыз – келер ұрпаққа фольклор мен авторлығы ауызша сақталған әдебиеттің ара жігін ашып танытуда Х.Сүйіншәлиев оқулығын өнеге ете білудің қажеттігі.

Ендігі айтпағымыз, Х.Сүйіншәлиевтің аталмыш оқулығының «XVIII ғасыр әдебиеті» тарауына енген би-шешендер шығармашылығы туралы зерттеулерінің мән-маңызы хақында болмақ. Әрине, әдебиет тарихын зерттеуші XVIII ғасырдағы қазақ шешендік өнерінің даму, гүлдену кезеңдерін күрделі тарихи оқиғалармен сабақтастырады. Оқулық авторы қазақтар мен жоңғарлар арасындағы ұзаққа созылған жойқын соғыстар жайын баяндауда тарихшылар мәліметтеріне сүйенеді.

Сол қиын-қыстау кезеңде қазақ хандығының саяси өмірінде ерекше орын алған би-шешендердің қоғамдық қызметін дәріптейді. Ғалым қазақ би-шешендерінің ел басына қысылтаяң кез туғанда, алауыздыққа жол бермей, қазақ хандығын билеу ісін қолға алып, елдікті сақтап қалғандығын, ел ішіндегі телі мен тентекті жөнге салып, ел мен жер, жесір, құн дауларын әділ шешкендігін жеріне жеткізе түсіндіреді. Зерттеуші би-шешендердің көркем сөз мұраларын: «Олар халқымыздың ұлттық әдебиетінің өзіндік бетін танытатын, өзге елдер өнерінен өзгешелейтін таза, төл туындылар» /1,312/, – деп бағалайды. Бұған қоса, ғалымның: «Асылы, кейін зерттеу жұмыстары жолға қойылған кезде, біз қазақ шешендері мен билері өнерінің тарихын өзіне бөлек жасап, оны дербес ғылым дәрежесіне көтеруге тиіспіз./1,313/, – деп зерттеу көздеріне ашық бағыт сілтеуі де тынымсыз ізденімпаздығының, ғалымдық қырағылығының айғағы. Әйтсе де, ғалымның біраз ой-арманы бүгінде іске асырылуда десек те болады.

Олай болса, Х. Сүйіншәлиев елдің үш арысы атанған Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің шығармашылығын сөз еткенде, олардың шешендік өнерінің қандай ерекшеліктерін тап басып таныта алды, қандай жаңаша тұжырымдар ұсынады деген мәселеге ойыспақпыз. Оқулық авторы әйгілі үш бидің шешендік өнерінің өрістеуіне олар өмір сүрген замандағы ел басына төнген қауіп-қатер, ішкі-сыртқы қоғамдық жағдай, дау-дамайлар түрткі болғанын көрсетеді және би-шешендер араласқан оқиғалардың тарихилығын дәйектейді. Мысалы, Төле Әлібекұлы (1663-1756) жайында: «Қазақтың төреші, әрқашан әділ төбе биі. Тәуке ханның тұсында лауазымы ханнан кем түспеген, ал Тәуке хан өлгеннен

(1715 ж.) кейін бар билікті өз қолына ұстаған сенімді ел басшысы. Зор ақыл иесі, дана адам.» /1,313/, – деп жазады. Автор көбінесе Төле бидің шешендік толғауларының идеялық-мазмұндық ерекшеліктерін, жыраулар поэзиясына тән бейнелілік сипатын танытады. Оған Төле бидің:

*«Теңізге құйса дария,
Суының мол болғаны.
Ел билеген ер жігіт,
Сыйласа халқы құрметпен,
Басына бақыт қонғаны.
Қолыңда болса бар билік,
Қараға залым болмаңыз,
Алдыңа келсе бітпес дау,*

Әділін айтып қорғаңыз» /1,316/, – деген толғау сөзін мысалға келтіреді. Сондай-ақ, ол: «Төле бидің толғау сөздерінің мәні терең. Ол ел бірлігі, халық бақыты, жер, су тәуелсіздігін, адал басшы, ер азамат, өнерлі парасатты ұрпақты аңсай отырып, қазақтың жеке басы, от басы, ошақ қасы берекесі, көрші, ағайын-туыс арақатынасы, ата сыйлар ұл, ана сыйлар қыз өсіріп, олардың қызығын көре білуді толғайды» /1,317/, – деп Төле толғауларының философиялық мән-мағынасын ашады. Сонымен қоса, Төленің шешендік шешімдеріне, тәлім болар тұспалдарына талдау жасайды /1,318/. Х. Сүйіншәлиев Төле бидің халық мақал-мәтелдері үлгісінде айтқан нақыл сөздеріне мысалдар келтіріп: «Атың жақсы болса, ер жігіттің пырағы, Балаң жақсы болса, жан мен тәннің шырағы. Қатының жақсы болса, бірінші – иманың, екінші – жиғаның, үшінші – ырысыңның тұрағы»/1,320/ деген т.б. сөздердің алғашқы шығарушысы Төле шешен екеніне күмән келтірмейд. Сондай-ақ, ға-

лым шешендік толғау, нақыл, бата, дау сөздердің философиялық, этикалық, эстетикалық мәніне ғана емес, жанрлық ерекшеліктеріне де көңіл аударады. Жалпы, әдебиет тарихының білгірі Ханғали Сүйіншәлиев Қазыбек Келдібекұлының (1667-1765), Әйтеке (Айтық) Бәйбекұлының (1688-1748) да шешендік сөздерін осы тұрғыда оқулық көлемінде талдап түсіндіреді. Бұл аталған үш арыс туралы сол тұста қолда бар библиографиялық көрсеткіштердегі мәліметтерді ретіне қарай толық пайдаланады. Тарихи мәліметтерді, жаңа дерек, ақпарат көздерін барынша мол қамтығаны да көзге түседі. Әйтсе де, ғалым өздігінше ғылыми дәлелді тұжырымдар, толымды талдаулар жасауға зерек екенін аңдатып отырады. Сондықтан аталмыш оқулықтың кеше де, бүгін де маңызды еңбек саналатыны оның талапқа сай айырықша сипаттарынан болса керек. Ғалымның еңбектеріндегі пайымдары мен тұжырымдарынан, талдауларынан оның сөздерінің ғылыми дәлелділігі, деректілігі, ойға қонымдылығы ғана емес, тіл мәйегінің татымды да тартымды, ойға шақ сөз шырайы, оның жинақы сипаты аңғарылады. Мысалы, Қазыбек бидің шешендік тұлғасына берген сипаттамасының өзі кітаптың жарты бетін алып тұруын ұстаз-ғалымның дидактикалық әдіс-тәсілдерінің бірі деп қабылдауға болады. Алайда, Ханғали ұстаз шешендікті сипаттағанда өзі де тілмен түйін түйіп, ойдан ойды оздырып, бір сөзі бір сөзіне үндескен сайын ғылыми қарасөздің бойына қан жүгіріп, ой орамдары сазға оранып, салмақтана түседі. Осыған көз жеткізу үшін аз ғана мысал ойып келтірейік: «Шешімсіз дау қалдырмай, қиын түйіннің жігін тауып, бойындағы сөз маржанын жеріне жеткізе, сезіндіре, серпілте сөйлеп, күмәнсіз сендіре білген қызыл тілдің

шебері, айтыс-тартыста озып шыққан жүйелі сөздің жүйірігі, тайынбай, тайсалмай шындықты, әділетті жақтаған абзал азамат ...» /1,321/. Осылайша ол Қазыбек бидің шешендік тұлғасын сипаттайды. Қазіргі компьютер, интернет заманында алдындағы студент шәкірті үшін өз жанынан жанып сөз шығарып, бар білімін жайып салып, оқулық жазар Ханғали текті еңбекқор ұстаз-ғалымдар азаймаса екен дейміз?!..

Қорытып айтар болсақ, біз филология ғылымдарының докторы, профессор, айтулы әдебиет тарихының зерттеушісі Ханғали Сүйіншәлиевтің ғалымдық, ұстаздық келбетін және қазақ әдебиеті тарихын, қазақ шешен билерінің шығармашылығын зерттеуге қосқан үлесін, оның әдебиет тарихын зерттеудегі әдіснамаларынан үйрену қажеттігін аз да болса сөз еттік. Оның көптеген зерттеу көздеріне бағыт сілтеуі де шексіз еңбекқорлығын танытатын өнегелі ісі. Әсіресе, оның авторлы ауыз әдебиетінің өкілдері – жыраулар мен ақпа-төкпе ақындар, би-шешендер шығармашылығының әдебиет тарихындағы орнын айқындауы ұлттық әдебиетіміз үшін аса маңызды екенін айтуға тиіспіз.

Әдебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы, «Санат», 1997ж. – 928 бет.
2. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320б.
3. Турсунов Е. Единство эстетического опыта кочевых и некоевых народов // Кочевники. Эстетика. – Алматы: Ғылым, 1993. – С 94-96.
4. Әбдіқұлова Р. Бөлтiрiк Әлменұлының шығармашылығы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университетi, 2003. – 193б.

Р. НҰРҒАЛИДЫҢ ДРАМАТУРГИЯНЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Әдебиеттану ғылымында осы уақытқа дейін жалпы «әдебиет» деген ұғымға нақты терминдік анықтамалар да, әралуан сападағы әдеби айқындаматұжырымдар да берілгені ақиқат. Алайда, «әдебиет», «ұлттық әдебиет» ұғымдарына жалпылама айқындама беру бір басқа да, нақты бір ұлттық әдебиеттің тұтастай жаратылысы мен бітім-болмысын, ішкі-сыртқы байланыстары мен даму-дағдару заңдылықтарын, бет-бағытын айқындап, болашағын болжау арқылы оған заманауи ұғым дарыту, оның қандай сапалық қасиеттерге қол жеткізген әдебиет екенін тұжырымдау оңай емес.

Тәуелсіздік тұсындағы ұлттық әдебиетімізге тұғырлы айқындама беруге әлемдік әдебиеттанудың жаңа аспектілері деңгейінде кең көлемде зерттеулер жүргізу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Дегенмен, қазақ әдебиеттануында әр кезеңнің бағыт-бағдарына сай тың зерттеулер жазылғанын жоққа шығаруға болмайды. Қазақ әдебиетінің бағзыдан бүгінге дейінгі қалыптасуының ұланғайыр тарихын, даму үдерісіндегі сандық-сапалық өзгерістерді оның күретамырын басқан тамыршысындай білімпаз білгір, «әдебиеттің Күренбайы» атанған сарабдал сыншы, «алашұлы» атын иемденген белгілі қоғам қайраткері, академик Рымғали Нұрғалиев «Драма өнері» атты зерттеу еңбегінің кіріспесінде: «Халықтың шындық, әділет, ақиқат ұранын алтын арқау еткен қазақ әдебиеті – қалың қауым арманының шапа-

ғатты нұрынан жаратылған, ең үздік дәстүрлерді ілгері жалғастырған, адам баласы қан-қазынасына толымды қор қосқан жаңа сапалы құбылыс» /1,5/, – деп, бір ауыз сөздің бойына жинақтайды. Бұл «қазақ әдебиеті» деген жалпы да кең ұғымды жинақтаған тұғырлы тұжырым болып табылады. Тұжырымға қазақ әдебиетінің барша мінез-бітімі, мақсат-мүддесі сыйып тұр десе болады. Ғалым оған әдебиеттанудың жаңа көкжиегінен көз тіге отырып, нақтылайды, терең мағыналы, әдебиеттануда афоризмге айналар қуатты ғылыми тұжырым жасайды, оны «Драма өнерінде» жанкешті еңбегі мен текті талантын, кіршіксіз ар-ожданын сүйеніш ете отырып, ненің болса да тұңғығын танып, таныта алатын, өрімі өзгеше, толғауы тоқсан қызыл тілмен, өзіне ғана хас сыршыл ғылыми стильмен еңбектің өн бойында сусыныңды қандыра тарқатады. Енді осыған келейік.

«Драма өнері» авторы поэтиканың ең күрделі де күрмеулі мәселесі жанрлық жүйені зерттеуге, соның негізінде қазақ әдебиеті мен қазақ сахна өнерінің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін, драмалық шығармалардың типологиялық сипаттарын ашуға ден қояды. Ең алдымен, еңбек авторы қазақ әдебиеті мен өнері туралы жүйелі ғылым салаларының қалыптасуына тарихи еңбек сіңірген А. Байтұрсынов бастаған ұлы шоғырды ауызға алады. Жанр, стиль және әдеби әдіс проблемаларын саралауға арналған фольклор мен әдебиет саласындағы еңбектерді, бұған дейінгі драматургия туралы арнаулы еңбектерді қағыс қалдырмайды, кешегі-бүгінгі қазақ театр сыншыларының тұжырымдарын бағалайды, жанр проблемасына қатысты белгілі орыс ғалымдарының концепцияларын, талаптарын ескереді, жанр тарихының Аристотельден-Белинскийге дейінгі

көне бастауларына үніліп, жанрлық жүйені пайымдауда эстетикада әртүрлі мектептер болғанын көрсетеді.

Зерттеу еңбекте академик Р. Нұрғали қазақ драматургия жанрының өзіндік даму ерекшелігін айрықша ескерте отырып, оның аз уақыт ішінде жаңа сапалық деңгейге көтерілуінің сырын: «Егер әлем драматургиясы сан ғасырмен есептелетін ұланғайыр жолдан өтсе, қазақ драматургиясының тарихы әлі ғасырға да жеткен жоқ. Соған қарамастан, қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық тарихи-мәдени қауырт өрлеп дамуы, халықтың мыңдаған жылдық дәстүрі бар фольклоры, кәделі өнері, бай әдебиеті жаһан мәдениетіндегі дәстүрлермен қауыша келіп, қазақтың жаңа сапалы өнерін – драматургия мен театрды өмірге әкелді»/1,7/, – деп сабақтайды. Әрине, зерттеуде жаңа сападағы драматургия жанрларының ерекшеліктері эстетикалық категориялармен «сабақтас түрде, типологиялық салыстырулар арқылы ашылады, қазақ драматургиясында тақырыптық арналардың қалыптасу кезеңдері қаһарман мәселесімен, типтендіру әдістерімен, авторлық позиция принциптерімен, көркемдік құралдардың баюымен, халықтық дәстүрлердің ықпалымен диалектикалық байланыста тексеріледі»/1,7/. Демек, зерттеу еңбекте автор алға қойған осындай күрделі мақсат-міндеттердің үддесінен шыққанына көз жеткіземіз.

Зерттеуші кейбір батыс оқымыстыларының жанр туралы тұжырымдарымен келісе бермейді. Озық ғылымда жанрға берілген анықтамаларды өзінше қорытып түсіндіреді. Мәселен, жанр тудырушы элементтер, жанр құбылысы жөнінде айта келіп: «Кең мағынасында алғанда, типологиялық тұтастық сипаты бар эстетикалық категория – жанр өз структурасында көркемдік да-

мудың бұрынғы байлығын сақтай отырып, әрбір жаңа шығармада соны сипатта көрінеді»/1,8/, – дейді.

Драматургия жанларының трагедия, комедия, драма болып бөлінетіні белгілі. Аталған еңбекте ғалым олардың әрқайсысын жанрлық түрлерге жіктеп зерттейді. Трагедияның жанрлық түрлері: эпикалық трагедия, адамгершілік-тұрмыстық трагедия, тарихи трагедия; Комедия: сатиралық комедия және лирикалық комедия; Драма: қаһармандық драма, саяси-әлеуметтік драма, ғұмырнамалық драма, қазіргі драма. Бұлар біз сөз етіп отырған «Драма өнері» зерттеуінің мазмұнын құрайды. Дегенмен, біздің мақсатымыз бұлардың баршасын шолу емес, белгілі ғалым Р. Нұрғалидың драматургия жанрларының жүйесін зерттеудегі тың әдістерін пайымдау болып табылады.

Зерттеуші Р. Нұрғали М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» эпикалық трагедиясының халық аңызына құрылуын Гетенің «Фауст» трагедиясы сюжетінің халық әдебиетінен, ал Шекспир пьесаларының сюжеті басқа авторлар шығармаларынан алынуымен қатар қояды. Бұл жайды зерттеуші жай ғана салыстырудан аулақ. Шекспир шығармаларын зерттеушілердің еңбегіне үніліп: «Зерттеушілер трагедия («Отеллоны» айтып отыр. – Р.Ә.) сюжеті жазушы Джиральди Чинтионың новелласы сюжетін қайталайтынын көрсетіп отыр. Тіпті ұсақ деталь ұқсастықтары да бар екен. Бірақ байыпты үнілген адам екі шығарманың арасында жер мен көктей айырмашылық бар екенін көреді.»/1,23/, – деп, әрі қарай өзі қырағылықпен таныған өзгешелікті екшейді. Бұдан Р. Нұрғали зерттеуінің компаративистік бағыты да танылады.

«Еңлік-Кебек» пьесасының жанрлық ерекшеліктерін анықтау үшін зерттеуші оған негіз болған аттас аңыз-

дың екі әңгіме, екі поэма түріндегі нұсқаларындағы ауытқулар мен ұқсастықтарды, тұрақты детальдарды анықтап алуға да көп күш сарқады. Сонымен қоса, «Еңлік-Кебектің» 1917, 1922, 1943, 1956, 1956 жылдардағы жазба нұсқаларын салыстырып, текстологиялық талдаулар жүргізеді. Пьесаның әр кезеңдеріндегі сахналық қойылымдары мен оған айтылған сындарды ой елегінен өткізіп, сахна шеберлігі жайында соны пікірлер өрбітеді. Ұлы М. Әуезовтің сол кезеңдегі «Еңлік-Кебекке» қатысты шығармашылық тағдырын ашына сөз етеді.

Әрине, трагедия жанрының ерекшеліктері трагедиялық қаһарман мен трагедиялық тартыстан тыс бола алмайды. Абыз, Есен, Еңлік, Кебек сияқты қаһармандар характері қактығыста ашылады. Зерттеуші: «Тартысты үсті-үстіне ширықтыру, психологиялық кризиске жаңа түрткі беру, сөйтіп қаһармандар келбетін кескіндеу реалистік драматургияға етене нәрсе»/1,28/, – деп түйіп, әлем драматургиясындағы характерлердің реалистік тәсілмен сомдалатынына көз жеткізеді.

Трагедиядағы тартыстың басы – Есен-Еңлік-Кебек линиясындағы конфликт қана емес, соны сылтау еткен екі ру арасындағы ежелден келе жатқан алауыздық –ру тартысы. Бұның салдарын зерттеуші: «Бір орталыққа бағынбаған, әрқайсысы өзінің ұсақ мүддесін қызғыштай қорыған рулар арасындағы жұлқыс – феодалдық қоғамның негізгі қайшылығынан туатын үлке трагедиялардың бірі»/1,31/ – деп көрсетеді. Шынында, эпикалық трагедиядағы тартыстың шиеленіскен тұсы – екі ру билерінің бет-бетпе бет келіп шарпысуы. Билер сахнасының көркемдік қуаты ересен зор, «деміңізді ішіңізге тартқан жітілікпен қадағалайсыз»/1,32/.

Зерттеуші М. Өуезовтің Кеңгірбай, Еспембет, Көбей, Қараменде би характерлерін берудегі жасандылықтан ада шеберліктерін, пьесадағы Есен, Еңлік, Кебек, Абыз бейнелеріндегі жан-жақтылықты да терең талдайды. Тартысқа түскен билердің ішкі-сыртқы әрекеттерін, олардың шешендігін, билер сахнасының полифониялық сипатын саралайды. Ызғарлы, суық Кеңгірбай, содырлы Еспембет, майысқақ Көбей, сұңғыла Қараменде характерлері сахналық өнердің сан қилы шеберліктерімен тұтастықта ашылатынына көз жеткізеді: «Характердің толық ашылып, тұтас көрініс беруіне ситуация, драмалық жағдай әсер етсе, екінші жағынан ол ситуацияның жаңаруына, басқаша қалыпқа түсуіне өз тарапынан ықпал жасайтын күш – характер. Әсіресе, драматургия жанрына хас бұл заңдылық «Еңлік – Кебек» трагедиясында айрықша көрінеді»/1,37/, – дейді зерттеу авторы. Сахналық әрекетке толы билер тартысының ширығып шегіне жеткен тұсын ол: «Өз күшігін өзі жеген қасқыр іспеттес билердің ырғасып-ырғасып ақыры тапқан жолдары – Еңлік пен Кебекті өлтіру. Сол сұмдық өлімді өз қолымен орындаушы – Еспембет»/1,37/, – деп көрсетеді. Кебектің Еспенбетті атпауын зерттеуші жендет Еспенбеттердің жеңілмейтіндігімен түсіндіріп: «Эстетикалық, идеялық жүк арқаламаған өлім шығарманан көркемдік қуатын әлсіретеді»/1,37/, – дейді. Ал, соңғы актіндегі Кебек қолынан қаза тапқан Есен өлімі де, зерттеушінің түсіндіруінше, оның барлық ұтылыстарының, жер соғып қалуларының заңды қорытындысы, күйреуі /1,37/.

Қазақ драматургиясының жанрлық белгілерінің қатарына оның халықтық дәстүрлермен байланысын жатқызуға болады. Мәселен, пьесадағы «Абыз – ха-

лық арманын, қасиетті идеяны арқалаушы жан»/1, 42/. Абыз Кебекке ағынан жарылып халықтық дәстүрде бата береді. Зерттеуші Р. Нұрғали Абыз монологтарындағы «халық», «ел» деген лейтмотивтерді Шекспир, Островский, Тренев драмаларындағы жеке сөз лейтмотивтерінің көркемдік қызметімен салыстыра қарайды. Сондай-ақ, Әуезов пьесасындағы Жапал бейнесін фольклордағы типтік кейіпкерлермен сәйкестікте қарастырады.

Көрнекті әдебиеттанушы, дарынды тұлға Р. Нұрғали ғылыми еңбектерінің қай-қайсысынан көп қырлы талантын көруге болады. Соның бірі – білімір шешендігі. Ауызша есіліп сөйлейтін білімпаздың, жазғанда да арғымақша көсілетініне ешкім шүбә келтіре алмас дейміз. Соның дәлеліндей, біз сөз етіп отырған «Еңлік-Кебек» трагедиясы жайлы зерттеуінде Еңлік – Есен арасындағы күрделі психологиялық сәтті: «Қыз жүрегі тулап тұр. Қызылға шүйліккен құзғындай Есен тұр әлгі. Тұра ұмтылса, оның қолынан қорғансыз қызды кім алар. Арашалар дос қайда. Паналайтын тұс қайсы. Үйден шыға алмай шөгіп қалған қарт әке ме. Бойы дір еткендей. Жабы болып жерге қарап өске жоқ Еңлік. Келер сөздің кезегін жібермейді ешкімге, тайқи соқты деп Есеннің өзі де айта алмас. Алдағы күннің не дайындап тұрғанын көріп алар»/1,26/, – деген талдауында теңеу, инверсия, риторикалық сауал, буын үндестігі, драма тіліне тән ырғақ та бар ма дерсің, бірақ соның бәрі оқырманды өзіне баурап қана қоймай, ситуацияның түпкі мәнін ашуға ғана қызмет етеді. Сондықтан сыншы ғалымның сыршыл стилі әдеби талдауларына көрік қосары анық.

Біз көрнекті әдебиет зерттеушісі Р. Нұрғалидың жанрлық жүйеге қатысты теориялық тұжырымдарын,

зерттеудегі ғылыми ұстанымдары мен жаңа бағыттарының «Еңлік-Кебек» эпикалық трагедиясы бойынша жазылған еңбегі негізінде тұжырымдадық.

Пайдаланылған әдебиет:

Рымғали Нұрғали. Драма өнері. Алматы: «Санат» баспасы, 2001. 480 бет

БҰЛА БАСТАУ. ТЫҢ ТОЛҒАМДАР

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, көрнекті әдебиет сыншысы, Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының Құрметті академигі, Еларалық қоғамдық Айтматов академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар Одағының Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің құрметті кафедра меңгерушісі, белгілі жазушы Тұрсынбек Кәкішұлының 85 жасқа толу мерейтойы қарсаңында оның шәкірті профессор Қанипаш Мәдібайдың «Тұрсынбек Кәкішұлы – сәкентанушы» атты студенттерге арналған көмекші оқу құралын қолыма қайта-қайта алып, толқи тебірендім. (Еңбек 2007 жылы Т. Кәкішұлының 80 жасқа толу мерейтойы қарсаңында жарық көрген екен) Мені толғатқан уақыттың озғаны емес, бүгінде барша қазақтың ұстазына, ұстаздардың ұстазына айналған, ұлт руханиятының қорғаушысы атанған ұстазымыз Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми еңбектерінің өзі түлеп ұшқан және өзі қырық бес жылға жуық табан аудармай еңбек етіп келе жатқан әл-Фараби университетінде қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны бойынша оқытылатын пәндерде көп оқулықтардың қатарында пайдаланылып қана қоймайтындығы, болашақ кәкішұлытану курсының іргесі қаланатындығы – бұла бастаудың көзі ашылғандығы. «Тұрсынбек Кәкішұлы – сәкентанушы» деген атпен жарық көріп, көмекші оқу құралы ретінде қолданылуға лайық шағын

еңбектің жазылуы сондай нышанның белгісі болса керек. Бұл көмекші оқу құралының жазылуына факультет басшысының мұрындық болғаны және оны ұстаздың өз шәкіртінің оған деген ыстық ықыласпен жазып шығуы тағы да көңіл қуантады. Әдетте жеке ғылыми мектеп іргетасы қалануына бұйрық жүрмейді. Ол ғылыми ортада рухани ордаға өз-өзінен айналады. Бұл – кез-келген ғалымның маңдайына жазыла бермейтін бақыт. Әйтсе де, бұндай несібе Тұрсынбек Кәкішұлының маңдайына тегіннен тегін бұйырған жоқ, ол ғылымның «тар жол, тайғақ кешулерінен» өтті. Міне, бұла бастаудай шағын еңбекте автор осы жайды ғылыми негізде тың толғамдармен тарқатады.

Өзі де бүгін ұстаз, ғалым атанып, әдебиет сыншысы ретінде танылып, ұстазымен бірге бір факультет қабырғасында еңбек етіп жүрсе де, ұстазы Тұрсынбек Кәкішұлын әріптес деуге аузы бармайтын, кеше де, бүгін де өзін оның алдында шәкірт сезініп именіп жүретін Қанипаш Мәдібай оның көп қасиеттерін танығандығын, одан өзі де ғибрат алғандығын аңғартады. «Көрнекті ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының жоқты іздеп, барды түгендеп, толықтырумен келе жатқан ғылыми дағдысы, еңбекшіл қасиеті көпке мәлім» (1, 5)-дейді. Еңбек авторы Тұрсынбек Кәкішұлының ғалымдық келбетінің алғашқы нобайын осылай сызғанмен, оны қарапайым, момақан еңбек торысы деуден аулақ. Өйткені, өзіміз алдынан өткен ұстазымыз расында да, еңбек авторы айтқандай, «ұлы мінезді ұлтына ұқсап туған ұл» (1,5) екені белгілі. Өйткені, оның «көлгірсіп сөйлеуді көтермейтін, жалпақтап, жарамсақтануға жақын жүре алмайтын»(1,5) өзгеден оқшау қасиетті қазақы мінезі

бар. Оны «тар жол, тайғақ кешулерге» салған да осы қасиеті болса керек.

Қазақ әдебиеттануында алаш әдебиетінің алып тұлғасы Сәкен Сейфуллин жайлы жазылған мақала, зерттеулер аз емес, алайда автор еңбегінде сонау бала кезден есімін ерекше сезіммен жүрегіне сақтаған қызыл сұңқар, ақын Сәкенге әрдайым ынтық болған, Сәкеннің қайраткерлік ғұмыры мен суреткерлік әлеміне том-том кітаптар жазған бірегей сәкентанушыны тұлғалауды мақсат етеді (1,5).

Жасы ұлғайса да, уақыт көшінен қалмай, тынымсыз ізденісін тоқтатпаған жанкешті ғалымның зерттеулері жөнінде автор: «Тұрсынбек Кәкішұлының соңғы зерттеулері ХХ ғасыр басындағы аласапыран уақыттың ақиқатына қайта оралуымен ерекшеленеді.» (1,6) -дейді. Сөйтіп, Т. Кәкішұлының жана замандағы сәкентануын 3 кезеңге бөліп қарастырады. Белгілі зерттеуші Қ. Мәдібайдың пайымдауынша, бірінші кезең ақын Сәкеннің азаматтық, төңкерісшіл тұлғасын ашу болса, екінші кезеңі С. Сейфуллиннің тарихи тұлғасын ол ақталғаннан кейін түскен көлеңкелерден арылту жолындағы арпалысқан ізденістері, үшіншісі – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихы тұтастай ғылыми айналымға қосылған соңғы 20 жыл (1,6). Зерттеуші: «Өткен мен бүгіннің халық тағдыры жалғап жатқан, ұлттың рухани өзегі жатқан тарихи арқауын шорт кесіп тастау дейтін тарихи қателіктерге тағы да тұсалып қалмаудың таңдау сәті туғанда бүкіл ғұмырын қазақ өркениетін өрге тартуға бағыштап келе жатқан жүрегі ояу, зердесі зерек, бүгінде ұлт үлкені дейтін құрметі бар Тұрсынбек Кәкішұлы арғы-бергіден тартып келе жатқан, мейлінше толығып, орныққан ой-толғамдарын тағы

да талқыға салды» «1,7)-дей келіп, Сәкенді халқымен қалтқысыз табыстырған сол «Мағжан-Сәкен» ғылыми эссесін сәкентанудың үшінші кезеңіндегі іргелі еңбек ретінде бағалайды. Автор сәкентанушы Т. Кәкішұлы зерттеулерінің бірегей сипаттарын танытып, оның қилы қыртыстарындағы ғалымның қазыналы ойын жас шәкірт-студенттер санасына сіңіруде тың толғамдарға бойлайды.

Еңбекте сәкентанушы Тұрсынбек Кәкішұлының ғалымдық, азаматтық келбеті тұтастандырыла сипатталады. Алайда, бұның екеуі де өзгеше қасиетке ие. Қай құбылысты да мұрағат дерегіне сүйеніп пайымдау – ғалымдық ұстанымы болса, ардың ісі – әдебиет жолындағы «тура биде туған жоқ» дейтін алдаспан ақиқатшылдығы. Зерттеуші Т. Кәкішұлының азаматтық тұлғасының айшықталуын уақытпен үндестікте қарастырып: «XX ғасырдың ауық-ауық аунап түсіп, сынаптай сырғып ойнақшыған саяси тарихын қазақ тағдырымен астастыра алып сөйлеу үшін білімпаздық та, ұлтжандылық та, ақкөйлек азаматтық, адамгершілік қасиет те, тураға тартқан бірбеткей мінез де қажет екен» (1,8), – деп толғанады. Зерттеушінің таутұлға ұстаздың шынайы ғалымдық, адами қасиеттерін жас ұрпаққа ғибрат етуі оған деген ізгі ниетті, таза шәкірттік ақжарма жүректі аңғартады.

Т. Кәкішұлының қызыл сұңқар атанған С. Сейфуллиннің тарихи тағдырын арқау еткен «Сәкен Сейфуллин» атты ғұмырбаяндық шығармасы «Тамаша адамдар өмірі» сериясымен Мәскеуде жарық көргені баршамызға аян. Расында, бұл еңбек Т. Кәкішұлының өзі айтқандай, бүкіл түркі тілдес халықтардың қайраткеріне арналған тұңғыш кітап болды. (1,10) Кітапта әйгілі

төңкерісшіл, күрескер Сәкеннің «халық жауы» болып, ұсталғаннан кейінгі тағдыры ұлтының қасіретімен қабыса зерделенгені анық. Ал, Сәкенді саяси ақтаудан кейінгі көлеңкелі жайлар «Сәкен» деп таңын атырып, «Сәкен» деп тыныстап келе жатқан» қазақтың біртуар ғалымы Т. Кәкішұлының жан әлемін күйзелтпей қойған жоқ (1,9). Аталмыш оқу құралының авторы осы тұста біртуар ғалымның тағы да парасат шыңына шырқап, Сәкеннің ғұмырнамасын қайта өндеп, оны әртүрлі жел сөзден біржола саф таза алтындай аршып алу мақсатымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына өтініш жазғанын келтіреді.

Әйгілі сәкентанушы ғалымның өтпелі кезеңнің өкпек желіне қарсы тұрып, алаш қайраткерлері ақталғаннан кейінгі 20 жылда «Санадағы жаралар», «Кер заманның кереғар ойлары», «Ескірмейді естелік», «Сәкен-Мағжан», «Сәкен Сейфуллин» (толықтырылған басылым), «Сәкен сүйген сұлулар», «Дала дауылпазы», «Толғам» т.б. еңбектерін жазғаны белгілі. Профессор Қ. Мәдібай осыларды айта келіп, ұлтжанды қайраткер Т. Кәкішұлының аталған еңбектерінде «кесек-кесек тарихи әлеуметтік толғамдарға барғанын», ал бұның өзі сәкентанудағы жаңа бір бағыт болғандығы жөнінде байлам жасайды (1,10).

Біз жоғарыда сөз еткен зерттеуші Қ. Мәдібайдың «Тұрсынбек Кәкішұлы – сәкентанушы» атты көмекші оқу құралының «Той –рухани тоғаю» атты беташар бөліміндегі ғылыми пайымдаулар осындай ой-толғамдармен түйіледі. Ал, еңбектің «Қиядан ұшқан қызыл сұңқар» атты бөлімінде «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» жалпы курсы және «Сәкеннің жаңашылдығы», «XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік

ізденістер» арнаулы курстарын оқытуда пайдалануға қажетті бағалы тұжырымдар аз емес. Өйткені, автор аталған бөлімде профессор Т. Кәкішұлының «Дәуір суреттері» (1967) зерттеу еңбегі мен «Қызыл сұңқар» әдеби-көркем-публицистикалық шығармасының танылым өрісін сөз етіп, сыни пікірлерге де өз тарапынан байлам жасайды. «Дәуір суреттеріне» газет беттерінде берілген бағалы ой-пікірлерді назарға ұсынады. Әсіресе, қазақ әдебиетінің классигі С. Мұқановтың «Қызыл сұңқардың» қадау-қадау құндылықтарын көрсетуі, көрнекті қазақ жазушысы Т. Әлімқұловтың жанрлық көркемдігіне берген зор бағасы Кәкішұлының тек сәкентануда ғана емес, кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің негізін қалаушылар шығармашылығын зерттеудегі шынайы ғалымдық дарынын әспеттейді. Оқу құралының авторы бұны дәйексөздермен нақтылай түсіндіреді. Сондай-ақ, сыншы Т. Тоқбергеновтің «Қызыл сұңқар» құндылығын таныту барысындағы кейбір сын пікіріне: «Біздіңше, Тұрсынбек Кәкішұлы сол уақытта Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуін», 1959 жылғы экспедиция материалдарын әдеби айналымға тартқан тұста шығармашылық өрісін кеңге салып жазғанымен, Сәкен өмірінің тұтас бір ақиқатымен ашып тастауға өмірлік материалдың әлі де толық еместігі өз алдына, айтуға болмайтын ақиқаттардың тосқауылынан аттап өтуге тәуекелі де жете бермеуі, оған қоса «Алаш» дейтін атаудан ат-тонымызды алып қашқан замананың ыңғайынан да бой тартуы әбден мүмкін» (1,17), –деп өз тоқтамын айтқан Қ. Мәдібай: «Тұрсынбек Кәкішұлы өзінің кейінгі кезеңдегі зерттеулерінде осы олқы тұсты, Төлеген Тоқбергенов атап атап отырған 1925-1937 жылдар аралығын бар мәнде толықтырумен келеді»(1,17), –деп оны да дәйек-

тейді. Автор «Қызыл сұңқарды» ғұмырбаяндық жанрдағы жаңа бағыт деп бағалаған Тұрсынбек Кәкішұлының өз ұстазы, көрнекті әдебиеттанушы Есмағамбет Ысмайыловтың да пікірін алға тартады. Бұлардың баршасы ғылыми өрісіміздің кендігін, ғылыми тұжырымдардың жаңғырып-жаңарумен дамитындығын көрсетеді.

Қ. Мәдібай еңбегінің «Ақталғаннан кейінгі ақтаңдақтар» бөлімінде тағы да тынымсыз, тоқтаусыз зерттеу үстіндегі ғалым көз алдымызға келеді. Алайда, автор осы тұста сәкентанушы Т.Кәкішұлының жазу мәнеріне көңіл аударып: «Болған жайды қаз-қалпында, сырт баяндауына ішкі әлемін қоса отырып, өзгеше бір мәнер, өзіндік әңгімешілдікпен айқын суреттейтін Тұрсынбек Кәкішұлының жазу мәнері де арнайы сөз етуді сұрап тұрған өзгеше бір машық» (1,20), –деп жас зерттеушілерге ой салады. Сол «өзгеше бір машықпен» жазған «Ескірмейді естелік» эссе кітабында да Тұрсынбек Кәкішұлы «Сәкен Сейфуллиннің қайраткер тұлғасын өткенді айыптап жатқан, кінәлап жатқан ендігі уақыттың асығыс, аптыққан айыптауынан биік тұрған қалпында және бір тың қырларынан жарқыратып, жасытпай көрсетуге белін бекем бұды» (1,20-21). Бірақ, естеліктерінің көпшілігі Сәкен жайы болғанмен, автор оларды екіге тарката талдайды: «Бірі – ілгерідегінің көзін көргендердің әңгімесін баяндауы. Яғни, өзгеден естіген шындығы. Екінші – қазақтың 59,60,70,80 жылдардағы биік тұлғаларымен тағдыр, еңбекте дәмдес, құрдас болуды бұйыртқан. Солардың жанын ашу. Солардың сырын жеткізу. Замандарда үлкен аға, кіші ініге деген өз ықылас, пейіл, бағасына орап отырып жеткізу» (1,22).

Сондай-ақ, оқу құралына белгілі сыншы-ғалым Қанипаш Мәдібайдың 1997 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Тұғыры биік тұлға» аталатын сыр-сұхбаты енгізілген. Бұнда ол өзі тағлым алған тарлан ұстазы Тұрсынбек Кәкішұлымен еркін де емен-жарқын сұхбаттасып, С. Сейфуллин өмірі мен шығармашылығының көпшілікке беймәлім қырларынан суыртпақтай тартады. Бұл да жас талап студент-шәкірттер үшін қызықты және қажет болса керек.

Оқу құралының «Ақиқаттың алыс жолы» бөлімінде Т. Кәкішұлының әйгілі «Мағжан-Сәкен» эссесінің құндылықтары мен көркемдік сипаттары ашылады. Сондағы ең басты ерекшеліктерді көрсете келіп, профессор Қ. Мәдібай: «Мағжанның «Шолпан» (1912), Сәкеннің «Өткен күндер» (1914) жинақтарын өлеңдік өріс, көркемдік талғам, басты сарындар ыңғайында аалыстыра ой түйю арқылы да Тұрсынбек Кәкішұлы қазақтың XX ғасыр басындағы поэтикалық екі тұлғасының бір бағытын, түбі тереңге тартқан тамырлас, рухани бағыттас-тығын нақтылы шығарма үлгілерімен негіздей түскен» (1,49), –деп сәкентанушы ұстазы жайлы тың толғамдарын өрбітіп-өрістетеді.

Бүгінде сексен бестің ғана емес, әдебиет деген асқардың шыңына болат топшысын тасқа қайрап жетіліп, тауда туып, таста өскен қыран тастүлектей ширғып ұшқан ұлт ұстазы, әйгілі әдебиет сыншысы, көрнекті ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы талантты шәкірті белгілі әдебиет сыншысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Қанипаш Қайсақызы Мәдібайдың қазіргі әдебиеттанудың жаңа бағыттары үрдісінде жазған зерттеулері мен сын мақалаларын, оқулықтары мен оқу құралдарын қолына алғанда өз еңбегінің жемісін

көргендей маркайып, масаттанары анық. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген емес пе?

Сонымен, біз сөз еткен ұстаз-ғалым Қ. Мәдібайдың «Тұрсынбек Кәкішұлы – сәкентанушы» атты көмекші оқу құралы қазақ әдебиетінің тарихы мен сынына қатысты пәндерді немесе сәкентану курстарын ғана оқытуға қажетті еңбек қана емес, ғылыми тың толғамдары мен жаңашыл тұжырымдарын шымыр да шырайлы тілмен студент-шәкірттері жүрегіне шым-шымдап жеткізе білетін әдіс-тәсілімен де ерекшеленетін еңбек деуге болады. Шәкірттің ұстаз туралы толғауы, ғалымның ғалым туралы сара көңіл, зерек зердесінен туған саңлақ толғау-толғамдары десек те жарасады. Демек, әдебиеттанушы Қ. Мәдібайдың «Тұрсынбек Кәкішұлы – сәкентанушы» атты еңбегі аты айтып тұрғандай Т. Кәкішұлы шығармашылығын зерттеу мен оқытудың бұла бастауы болса керек.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Мәдібай Қанипаш Қайсақызы. Тұрсынбек Кәкішұлы – сәкентанушы. (көмекші оқу құралы.) – «Қазақ университеті». – Алматы, 2007. – 75бет.

БАҚЫТЖАН МАЙТАНОВ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Менің Бақытжан Қауасқанұлымен таныстығым «Жазушы» баспасында қызмет істеп жүрген кезімнен басталған еді. Баспадан кітабы шығып жатыр екен. Кітабы шыққандар жұмсартыңқырап айтсақ, «шай береді» дегенді сол жердегі үлкендер аузынан естуші едім. Бірақ мән бермегенмін. Университетті бітіре салып, баспаға жұмысқа барған мен сондағы қызметкерлердің ең жасымын. Монтиған бір кісі келіп сатирик ақын Оналбек Кенжебеков екеумізді шайға шақырып тұр. Қызметтес апайларым бармауға болмайтынын, кітабының корректоры болып тұрып, әлгі кісінің қуанышын бөліспесең, ұят болатынын айтқан соң бала мінезді Оңқаң (кітабының редакторы) екеуіміз монтиған, нұр жүзді жасамыс кісінің артынан еріп жүре бердік. Өзін Бақытжанмын деп таныстырған кісі Атакенттегі әдемі бір ресторанға алып келіп, дастарқан басына жайғастырды. Ешкім қолқаламаса да, жазушы-ақындар көрсетіп жататын салт-мезіретті көрсеткені ме, я болмаса кітабы жарыққа шығып жатқанына шын қуанғаны ма, ол жағын ол кезде балалық мінезден арыла қоймаған өзім де аңғармаппын. Екі ер адамның ортасына келгеніме іштей қысылып отырған мен бұл «жазушылардың» дастарқан басында не айтқанын да естімейтін сияқтымын. Қазір де есімде жоқ. Бірақ, Бақытжан Қауасқанұлы менің бір-

екі ауыз сөзімнен әдебиетті жақсы көретінімді ұққан-дай болып еді. Кейін 1995 жылы ҚазҰУ-ге қазақ тілі кафедрасына жұмысқа келгенімде, тани кетіп, жылы шыраймен мән-жай сұрады. Өзі осында қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры екен. Бірақ, маған ол кезде неге екені белгісіз, көп ұзамай Бақытжан Қауасқанұлы Қазақ мемлекеттік заң университетінің қазақ, орыс және шығыс тілдері кафедрасының профессорлығына ауысып кетіпті. Содан кейін де «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығына жетекші және әуезовтану бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарыпты. Мен бұл жайлардан Бақытжан Қауасқанұлы 2000 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі болып қайта оралғанда бір-ақ хабардар болдым. Әдебиет теориясына меңгеруші бола жүріп, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әуезовтану бөліміндегі бас ғылыми қызметкер міндетін де көпке дейін атқарып жүрді. Мен кейін 2001 жылы әдебиет тақырыбында алған жұмысымды қорғағаннан кейін, менің көңіл қалауым әдебиет екенін білетін ол қазақ тіліндегі алдыңғы толық сағатым үстіне әдебиеттен аз ғана сағат қосып берді, мені «әдебиет ісіне жаттықсын» дегені деп ұқтым. Кейін бұл сағат қысқарып қалды. Мен өкінген жоқпын, аз уақыт болса да, көрнекті әдебиет теоретигінің қасында жүріп, тағылым алудың өзі бақыт еді. Кейін 2006 жылы қазақ тілінде он жылдан аса қызмет істеп жүрген мені Бақытжан Қауасқанұлы арнайы шақырып алып: «Сен әдебиетке біржола ауыстырып алатын болдым. Әдебиетке кездейсоқ келген адам емессің. Баспада істедің, жазушылардың бәрін білесің, қорғадың. Әдебиетке құштарлығың бар. Сені ұсынып едім, декан Қансейіт Әбдезұлы да қарсы бол-

ған жоқ. Кафедра мүшелері де ұсынысымды колдады» деп өзі басқарып отырған кафедраға жұмысқа алғанда төбем көкке жеткендей болғаны рас. Мен онымен бір факультетте жұмыс істеп жүргенде-ақ, факультет оқытушы-профессорлар қауымының, студенттердің, басқа да отандық және шетелдік ғылыми қауымның профессор Б.Қ. Майтановты әдебиет теориясының білгірі деп ерекше құрметпен қарайтынын білетінмін. Сондықтан мен ғана емес, басқалар да оған жуық жүріп, тілдесуге бейіл еді. Бір күні менің әріптес тілші досым Зейнехан: «Армандаған әдебиетіне біржола ауысқаның жақсы болды. Бақытжан Майтанов нағыз ғалым ғой, байқайсың ба, сол кісінің жүзінен нұр шашырап тұрады..» деген еді. Қуанғаным жұртқа танымал әдебиет теоретигі Майтановпен бір кафедрада жұмыс істеу, оның әдеби ортасында жүріп, әдебиет сырларын ұғу бір ғанибет секілденді. Бірақ, ол көбіне сөзге сараң, көбіне іспен айналысып, томаға-тұйық жүреді. Тіпті қарапайым, жұрт таныған әдебиет теориясының ғажап білгірі екеніне мардамсып, әлдекімдер сияқты сәлемінді алмай, сені кішік санап, кекіреймейді. Моп-момақан, әңгімелескенде бала мінезі танылады, айтулы «еңбек торысының» өзі. Бірақ, кез-келген кісіге сыр ашпайды. Күні-түні жазудан жалықпайды. Байқағаным, жазуы, майда анық. Кісінің жазуы көп нәрсені аңғартады демей ме? Менің байқағаным, ісі мен сөзі нақты. Өзіне рухы ұқсас адамдарды сыйлайды, кафедрадағы өзіне тақау орындықта отыратын кішіпейіл, кісілігі өзгеше профессор Зұфар Сейітжановты ерекше құрметтейді. Сондай жандарға жөнін айтып, іш тартатынын байқадым. Онда да терең ақтарылмайтынын байқадым. «Дистанция» ұстайды. Мен бұл сөзді әдейі орысша алып отырмын. Қазақша-

сы алыстан сыйласу ғой. «Ағайынмен алыстан сыйлас» деген халқымыз қандай дана еді. Ағайын дегені адам ғой. Шынында да, қазіргі әлемилену заманында қандай адаммен де алыстан сыйласу мәдениеттіліктің бір белгісі екенін енді ұққандаймын. Ал, ол болса бұл қасиетті ерте жастан бойына дарытып, өз уақытын бағалай білген екен. Тіпті, бұл ғылым адамына пайдалы қасиет екен.

Бақытжан Қауасқанұлының әдебиетті, әсіресе оның теориясын терең білетіндігі көп адамдарды жасқандыратын. Оның алдында әдебиет туралы сөйлеудің өзі қиын еді. Әдебиетке кештеу келгеніме арланып, күндіз-түні жазып-оқумен болдым, оныма кейбіреулер күлетін еді. Ал, мен Бақытжан Қауасқанұлын ұятқа қалдырмай, аудитория алдына өз-өзіме сенімді болып баруды күні-түні ойладым. Көрнекті ұстаз-ғалым мені әр қиынға салып сынап жүргендей болды, бір күні маған «сені енді өлең теориясына салсам ба деймін» деген ойын айтып, «Қазақ өлеңінің құрылысы» деген сабақты берді. Бірде өлең өлшемдерін математикше санап, буын мен бунаққа бөліп, тақтаға жазып жатсам керек, аудитория есігін ашып қарады да, қысылмасын десе керек, қайта жапты. Үзіліске шығып, кафедраға кіргенімде жылыұшырай қарап, жымиды да: «Көп оқытушылар тақтаға жоламайды, сен маржандай ғып жазып қойыпсың» деді. Әдебиет теориясының білгірі саналатын ұстаздың сөзіне ежептеуір қанаттанып қалдым. Кейін менің тілден әдебиетке келгеніме-орынның бола қалғанына қуанып отырғандай болған бір сәтімізде, ағай мені жақын тарта сөйлеп, заң институтында практикалық қазақ тілінен сабақ бергенін айтқанда, мен әрі таңырқап, әрі ойла-нып қалдым. Мен оған бақытты адам деп, әдебиетте

жолы болған жан деп қызыға қарайтынмын. Өмірдің жабырқатқан сәттерін бақытты шағында есіне түсіріп күлетін еді. Профессор Бақытжан Майтановтың теориялық еңбектерімен терең таныса бастадым, әуелде түсінбей жүргендей болдым, сөйтсем Майтанов еңбектерін түсіну үшін теориялық дайындығың, білім қорың мол болуы керек екен. Түнімен мақала жазып бітірген күні немесе бір көңілді сәтінде ол Зұфар ағай екеуімізге кафедра жайының мәселесінен не әдебиет жайынан, не «Қазақ әдебиеті» газетінің бетіндегі әлдебір мақала туралы – әдебиетке қазіргі көзқарас жайынан тоқтаусыз әңгіме тиегін ағытады. Ақыл-парасаты бет-жүзінен көрінеді, шынында да сөйлегенде жүзінен нұр төгіліп тұрғандай болады, байқайтыным-дауысы қаздың дауысындай. Бірақ, бұл жайды өмірі өзіне айтпаппын. Киімі мұнтаздай, анда-санда кафедрада жайылатын дастарқанда, профессор Зұфар Нұрсапаұлы екеуі тамақты да құс сияқты талғап ішетіндерін байқаймын. «Бекзат адамдар деген осылар шығар» деймін ішімнен. Жарлары да жан аямай күтеді білем. Қазақтың сырбаз кісілер ай текті...Азайып барады осындай жақсылар.. Әдебиет пен ғылымға шексіз берілген, дүние-байлыққа ешқашан қызықпайтын жандар ғой бұлар..Кеше де, бүгін де қызыға қараймын оларға..

Бақытжан Майтановтың сыншылық қабілеті өте күшті, адам мінезін жыға таниды. Дегенмен, бала мінезі, сенгіштігі опық жегізген сәттеріне де куә болдым. Көп біледі, бірақ кейбіреулер сияқты ғалымдар сияқты білгіштігін көрсетуге асығып тұрмайды, тіпті әдебиет теориясынан түсінбегенінді сұрай қалсаң, тықақтап түсіндіруге жоқ, қайдан оқуды ғана айтады. Сөйтсем, уақыты да жоқ, өзім оқып түсінгенімді, содан кейін

ғана сұрақ қоюымды қалайды екен, оны қайдан білейін. Қандай сұрақтың жауабын да Майтанов еңбектерінен табуға болатынына кейіннен көз жеткіздім. Білмеске айтып, сөзін шығындамайды. Білгенін аудиторияға айтады. Осы қасиетін жұқтырдым. Сұрағыңа бір-екі ауыз сөзбен ғана жауап қайырады, өзің ар жағын оқып аларсың дегені.

Әлем әдебиетін, олардың түпкі мәнін терең білді. Жасынан оқып үйренген. Қазақ әдебиетін сол биіктен көргісі келді, әдебиет теориясын дамытты. Марапат, атақ іздемей нағыз ғалымдарша қарапайым күн кеше берді, атақ оны өзі іздеп келетінін сезіндік. Б. Майтанов кітаптарын оқып алып, көзі ашылатындар немесе оның «жазуын» түсінбейтіндер қазір көлдей мақала жазып, әдебиетші атанып жүргендер де бар. Оның «жазуын түсінбейтіндер» өздерінің білім-өресі жетпейтінін білсеші..

«Майтанов әлемі» естеліктер жинағында академик С. Қирабаев Б. Майтановтың шығарманы зерттеудің жаңа бағытын алғаш бастаған ғалым екенін жазады. Көп әдебиетшілер осының байыбына бара алмады, оны түсіне алмады.

Профессор Бақытжан Майтанов өзінің ұзақ емес ғұмырында біреуден сыйлық алуды, қарыз болуды қорлық санады. Жақсылықты қайтарымыз жасады. Әлдекімдер сияқты «мен сені әдебиетке алып едім» деп жақсылығын бұлдамады. Айтулы ғалымның асқан мәдениеттілігі осындай мінездерінен көрінетін еді. Жұмыс барысында ғалым атанып жүріп, екі сөздің басын қосып мақала жаза алмайтындарға, аударма жасай алмайтындарға ренжитін, бірақ онысын олардың өзіне білдірмейтін, біреудің көңіліне кірбің түсіргісі келмейтін.

Көп адамдармен жақын жуыса бермейтін Бақытжан Қауасқанұлы бір күні маған: «Сен маған доссың, бірақ алыстан сыйласамыз» деп, жастық шағында бір сенген дос жігітінен көңілі қалғанын айтып еді. Маған дос деп қарағаны баспадан бері білетіндігі болар деп ойласам да, ұялдым, менің әдеби өрем ол кісіден жүз есе төмен ғой! «Дана мен бала ұқсас деген-ау...» Дос санағанына қораштанып қалсам да, іштей желпініп қалғаным рас.. Пендеміз..

Бақытжан Майтанов еңбектеріндегі жаңа бағыттың бірі көркемдік құбылыстарын пәндер тоғысында зерделеу десек, «Абай жолындағы» кескіндеме өнеріне қатысты тобықты руы адамдарының бет пішіні сөз болғанда, антропология ілімінен деректер келтіргенін сөз етіп отырғанымызда маған: «Сенің жүзінде ағылшын қыздарына тән бір сипат бар» деді. Ол менің о бастан сөзге жоқтығым, адамға көп жуыса бермейтінім, өзімше «сыр шашпайтыным» деп түсіндім. Ол көбінесе «жазу-сызуы туралы» маған «сыр» ашады. Мен мақаласы жарияланғанша оны тісімнен шығармаймын. Мысалы, ардақты ұстазы академик Рымғали Нұрғали туралы мақала жазып жатқанын, оны «Тайбурыл» я «Арғымақ» деп атасам ба» деп, онысын маған ойласқандай болып айтып жүрді. Міне, «достығымыздың» бір қыры. Үндеместік мінез о баста менде де бар еді, оны ұстазымның әлгі «дистанция» теориясы қайрай түсті..

Бір жолы өзін академик Зейнолла Қабдоловтың мақтағанын айтып: «Сол кісінің мақтауы ерекше еді. Ол кісі сияқты ешкім мақтай алмайды. Сол кісі бір мақтағанда шын қанаттанып қалдым...» деп шын риза көңілмен ақтарылып еді. Тағы бірде жұмыстан қолы қалт еткен сәті болса керек, өзінің оқытушылар отыратын кафед-

ра бөлмесінде отырып:- Раушан, кешегі менің «Қазақ әдебиетіндегі» мақаламды оқыдың ба, мені бір мақташы дегені, – мен қапелімде не дерімді білмей газетті қолыма түсіре алмағанымды (ол кезде мен «Қазақ әдебиеті» газетін университет қасындағы киоскіден алып оқитынмын, ол тез таланып кететін) айтып едім, өзі кабинетінен әкеліп берді. Бұнысына қатты қысылғаным сонша, сол кезден бастап «Қазақ әдебиетін» үйге жаздырып алатын болдым). Онсыз да ұстазымның ғалымдық талантына іштей бас иіп жүретін мен мақаладағы танымға соны талдауларын сұқтана оқып шығып, шын жүректен «мақтап» едім, ұстазым «сенен басқа мені мақтайтын адам жоқ па?!» дегендей кілт етіп қалғанын байқадым да тілімді тістеп қалдым. Мұны күтпеген мен: «Асыра мақтап жібердім бе? Ондайды жаратпаушы еді ғой.. Мені мақтамаңдар, мақтау дандайсытып жібереді, жұмыс істей алмай қалам деуші еді ғой. Қалай оны естен шығарып алдым.. Шынында, ол кісіні мақтап, баға беретін мен кім едім?» деп өзімді-өзім іштей талқылап, жерден алып жерге салдым.. Ғылыми дәлелмен жанды жерін тауып мақтамай, мақтау деген осы екен деп лепіріп артық айтсам керек. Ренжігені- асыра мақтау адамды дандайсытады, шын мақтау өсіреді дегені екен. Ертесіне жұмысқа келсем, ойында ештеңе жоқ, жадырап отыр екен..

Шынында, мен Бақытжан Қауасқанұлымен әңгімелескенде әдебиет теориясының мән-жайын түсініп жүрдім. Алайда, өзін ізденбей болмайды. Майтанов біліміне қызығушылар: «Ол жастайынан әдебиеттің майын ішкен, әдебиет ісіне жастайынан берілген» дейтінін талай естідім. Мен кеш емес пе деймін де, күні-түні әдебиет теориясын оқимын, таусылмайды, «наверстать» ету

мүмкін емес деп, түңіліп кетемін кейде.. «оқыған сайын түк білмейтінімді» сеземін, бірақ ұстаздардың ұстазы профессор Майтанов қойған жауапкершілік бар, қайткенде игеру керек, студенттің деңгейінен жүз есе артық білуің керек дейді, компьютер заманындағы қағазбастылықтан қашатын айтулы тұлғалар әдебиеттен сабақ беруге келмейді дейді. Бақытжан Қауасқанұлы бақилық болғаннан кейін жауапкершілігім оның рухы алдындағы зор парызға айналғанын да сездім..

Кафедраның көңілді басқосуларында бастық екенін ұмыттыратын. Бір басқосуда Абайдың «Көзімнің қарасын» айтып берді. Үнді қоңыр дауыспен ән салғанда жүзінде Абайға тән даналықтың табы білінді. Кейіннен ұстазымның өлең жазатын қабілетін де білдік. Кітабын қысыла-қымтырыла сыйлап тұрып: «Кейбір әдебиет сыншылары менің таза ғалым болғанымды қалайды» деді. Мен ұстазымның өлең жазатынына таң қалғаным жоқ, өйткені талант көп қырлы емес пе? Мен оның «Бір атаның ұланымыз» атты поэзия кітабынан бір-екі өлеңін жыраулар поэзиясын аударып жүрген досым, белгілі аудармашы Қайрат Жаңабайға орысша аудартып, өзіне сыйға тарттым. «Қалай шығады орысшасы» деп баладай қуанып қалды. Сонда өзі бұл «сыйыма» таңырқай отырып, оқып-талдаған «Теория Гераклита» атты өлеңінің мәтіні мынадай еді:

*«Из огня весь мир рожден,
И чиста вся вещь огнем.
И с огнем играет век,
Им гоним и- поглощен.*

*Вновь придет он, как огонь,
Вновь умрет он, как огонь.*

*Возрождаясь, вновь и вновь,
Он смеется, как огонь.*

*Взявши жар и дух огня,
Огневого бытия,
Если сможешь, то пылай,
Побеждая и творя»*

Сырттай томаға-тұйық ғалымның ақындығы да бар екен, өлеңдері философияға толы. Қамыққан, ширыққан сәтінде өлеңге отыратынын айтатын. Мен: -Неге, жазушы болмадыңыз, – дегенімде: -Оған менің өмірлік тәжірибем жетпейді ғой, – деп қысқа жауап қайырды.

Бір кафедрада қызмет істеп жүргенде тағы бір байқағаным, академик Зәки Ахметовті ерекше құрмет тұтатын. Әсіресе, академик Рымғали Нұрғалиды өзіне ұстаз, аға тұтып ардақтайтын. Оның қазасын кафедрада жұмыс үстінде естігенде, Бакытжан Қауасқанұлының жүзі қарауытып, қатты түтігіп кеткенін көрдім. Жақында ғана ол кісі туралы «Тайбурыл» деген мақала жазып бітіргенін айтып қуанып келгені есімде еді.

Майтанов жайлы естеліктерде профессор Г. Орда оны періштеге де балайды, өйткені шын ғалым бала мінезді ғана емес, дана мінезді болмай ма?! «Ғылым ақылсыз адамды жынды етеді, шала ақылдыны ақылды етеді, ақылды адамды дана етеді» дейді екен қазақ билері. Әлемдік жаһандану оқу үдерісіне де кері әсерін тигізбей қоймады. Қағазбастылық басып, әдебиет сағаттарының үлесі күрделі мәселеге айналып бара жатқан бір кезеңде, сабырлының сабырлысы саналатын Майтанов, асықпай сөйлеп, ақырын жүріп-ақ, кафедра мүддесін ғана емес, сол кафедра қазығы саналатын баршаның анасындай-әдебиет мүддесін қорғаудан аянып

қалған жоқ, бар ақыл-ойымен қызмет етті. Бірақ сондай алмағайып сәттер, әлемиленудің қитұрқылығы бойында пысықайлық мінез жоқ, жаратылысынан табиғаты таза ғалымды жирендіргендей болды. Пендешіліктерге бой алдырмағанмен, оны басқа бір мәселелер мазалай берді. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен үнемі байланысын үзбей жүретін ол: «Заман өзгеріп барады, мен таза ғылымға кеткім келеді, жоспарлар бар. М. О. Әуезовтің 50-томдығын шығаруға атсалысуым керек» деп қызмет ауыстыруды меңзегендей болды. Мен жабырқап қалдым... Көп ұзамай үйге телефон шалды: -Раушан, мен ауысатын болдым. Ендігі басшыға айттым, әдебиет теориясы сабақтарын сен беретін боласың. Саған сенемін. Жақсы, –деді. Мен дағдарып қалдым. «..Мұныз не, кетіп бара жатырсыз.. Әдебиет теориясы сізге онай шығар.. Ал, маған... Мен кіммін..а.. Сіздің орныңызға сабақ беретін..Уа-шіркін, зырғыған уақыт-ай..» Неге екені белгісіз, менің көзіме жас келді.. Қиналғаным ба, қамқор ұстазды қимағаным ба... Кейін білдім, бір жамандықты сезгенімді... Сол кеткеннен кейін бір көргенімде секем алып қалдым да, тағы бір ғылыми шараларда көргенімде сырқатынан оңалғандай еді.. Көп ұзамай 2011 жылдың 17 қазаны күні суық хабар жетті жұмыс үстінде.. Ардақты, асыл аға-ұстазымнан айрылып, адасқан қаздаймын... Бүкіл факультет, студенттер күніренген күй кешті.. білем.. Содан бері де аттай үш жыл өтіпті-ау дейміз енді күрсініп..

Өзі ғылымның қасиетті ордасы санайтын тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметінде (2010-2011 ж.ж.) істеп жүріп ересен істер тындырды, тынбай жазды, жаза берді.. Профессор Майтановтың ғылыми жетекшілік етуімен және оның қатысуымен

(4-50 томдар) М. О. Әуезовтің 50 томдық жинағы жарық көрді. Ғалым өзі пір тұтқан ұлы тұлғасы алдындағы басты борышы орындалғандай мына дүние есігін ақырын ғана жауып жүре берді...Артында аяулы жары Маруан апай мен ұлы Арнұр қалды, ғылыми қазынасы қалды. Шүкір, өзі ардақ тұтқан М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қабырғасы қайысып, естеліктер жинағын, библиографиялық көрсеткіштерін шығарып қолдан келгенін жасауда.

Ішкі зар.. Қайран, асыл ұстаз, мына алмағайып заманда ғылым жолындағы жастарға бағдар беретін темірқазық жұлдыздай едіңіз.. Әдебиет теориясындағы небір түйткілді тұжырымдарды түптей түсіндіріп беретін ғылыми әлеуеті жоғары, әлемдік әдеби үдеріс заңдылықтарымен үндесіп жататын мақалаларды Сіз ғана жазатын сияқты едіңіз, көзі қарақты, ойлы оқырманыңыз үздіге күтіп, тамсана оқыр еді..

Кейбір теориялық мақалаларда шөп-шалам араласып кетсе, байқап отыратынсыз. Оны маған айтатынсыз да қоятынсыз. Содан сақтан дегеніңіз бе? Әдебиет теориясы мәселесіне келгенде, сізден жүйрік ешкім жоқ еді, дегенмен момақан қалпыңыздан танбайтынсыз. Қазіргі кейбір мақалалар мен ғылыми еңбектерде сіздің ойларыңыз бен сөздеріңіз «оныкі» болып айтылып жатады. Интерпретацияға да, интертекске де келмейді, олардың көркемдік қызметі бөлек емес пе? Кейбір әдебиетші ғалымдардың мақалалары жасанды, айтар ойы жоқ болса да жарияланаты несі? Бақытжан аға, тіпті диплом жұмыстарында «плагиат» болмауын қадай айтқаныңыз есімде.. Әй дейтін әже жоқ дегенді байқайсың кейде.. Дегенмен, олар сізден сырттай қаймығатын, сіз әдебиет тазалығының Тәңір жаратқан табиғи сақшысы едіңіз.

Сізде біреуді ренжіту, тіпті емеурін білдіру деген жоқ еді ғой. «Халтура» өзінен-өзі қалады. Қай заманда да солай» дейтінсіз де қоятынсыз. Сіздің әдеби-теориялық терең біліміңіз-ғылымдағы қайталауға, плагиатқа қойылған табиғи шекара, тосқауыл еді.

Профессор Бақытжан Қауасқанұлы Жазушылар Одағындағы, ғылым академиясындағы жиындарға барғанда, сабағын ауыстыратынмын. Сондай-бір сабақ үстінде бір аңғалдау студент:- Бақытжан Қауасқанұлы М.Әуезовтің баласы ма?, – дегені, мен капелімде не дерімді білмей:- Ұқсай ма?, – десем, студент:-Ұқсайды, «Әуезов және Абай» деген курстан дәріс оқығанда өзі солардың ішінде бірге жүрген сияқты ғой» дейді. Ал, бір студент:- Әуелде, әдебиет теориясынан профессор Бақытжан Қауасқанұлы дәріс бастағанда, түк ұқпайтын сияқты едік. Кейінірек қызық бола бастады, түсіне бастадық, тіпті ағайды үзіліске шықпай тыңдай бергіміз келді, –деген пікірлерін естідім. Иә, Бақытжан Майтанов отбасының Әуезовтер ұрпағымен, Мұрат Әуезов, Диар Қонаевтармен әркез дәмдес болып, сыйласатынын ұстазымның өз аузынан естігенім бар. Б. Майтановтың Әуезов шығармалары жайлы құнды зерттеулерін оның ұрпақтары аса құрмет тұтып, сыйлас болғаны белгілі. Тектілік жайын тарқата Ләйла Мұхтарқызы туралы мақаласын жазғаны да есімде.

Майтанов еңбектері уақыт өткен сайын өз қажеттілігін сездіріп қана қоймай, әдебиетке жаны құмар жастар мен маман-ғалымдарды өзінің нұрымен шарпып, қол бұлғап шақырып тұрар мәңгі сөнбес от-шырақтай алыстан нұр шашып жарқырап тұрары анық. Оны елемей өту, өткінші санау-ғылым адамына тән емес қасиет деп ойлаймын. Басқасын айтпағанда, мен

оның шәкірттері атынан оның туған жеріндегі жерлес-терінен, ондағы биліктен қазақтың көрнекті әдебиет теоретигі, қазақ әдебиеттануында алғаш рет жаңа бағытты зерттеудің негізін қалаған филология ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Қауасқанұлы Майтановтың есімі ол оқыған мектепке берілуін сұраймын. Майтанов сынды маңдайы жарқыраған білімпаз тұлғаға қандай марапат та, құрмет те артық болмас еді.

Майтанов мұралары «сөрелерде шаң баспайтын» құнды еңбектер, оны шын әдебиетші ғалым, сыншы я жазушы, ақын болам деген жастар іздеп жүріп оқитын болады. Майтанов еңбектерінің ішкі ғылыми қуаты зор, рухани нұры мол. Уақыт өткен сайын ғылыми мәні мен маңызы ашыла берері хақ, қасқалдақтың қанындай бағалы болары да хақ. Көрнекті ғалым, профессор Б. Қ. Майтанов еңбектерін жинау, жариялау оның аяулы жары Маруан апайдың немесе оның шәкірттерінің, я оның соңғы қызмет істеген мекемесінің ғана емес, қазақ әдебиеттануының міндеті болуға тиіс. Өйткені, Б. Қ. Майтанов- қазақ әдебиеттануында алғашқы болып жаңа бағытты зерттеулерге жол ашты.

Аса көрнекті әдебиет сыншысы Б. Майтановтың мақалалары «Қазақ әдебиеті» газетінде жиі жарияланатын еді. Ол: «Ең жақсы әдебиет оқулығы – «Қазақ әдебиеті» газеті дейтін. Онда әдебиеттің барша мәселесі талқыланады. Ол-әдеби үдерістің тамыршысы. Оны оқымайтын әдебиетші әдебиетші емес» дейтін.

Профессор Б. Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау» атты (1996) оқу құралын қазақ романдарындағы психологизмнің көркемдік қызметін кеңінен талдаған бірден-бір тың, әрі толымды зерттеу деуге болады. Бұл бұған дейін қазақ әдебиеттануында

психологиялық талдау өнері сөз болмады деген емес, зерттеушінің әлемдік әдебиеттанудың тың тәжірибелерін терең игеру нәтижесінде, қазақ романдарындағы психологизм ерекшеліктерін социалистік реализм ауқымынан шығарып, жаңашыл нысанда зерттеуге алғаш рет бетбұрыс жасағанына көз жеткізуге болады. Өйткені, филология ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Қауасқанұлы Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау» еңбегі осы заманғы герменевтикалық талдаудың шынайы үлгісі деуге болады. Зерттеу еңбекте психологизм әдебиеттің тектік белгісі екені, оның тарихи-философиялық генезисі, адам психологиясының қоршаған әлем және социуммен байланысы, психологизмнің эстетикалық категорияларымен сәйкестігі, көркем психологизмнің табиғаты, ой мен психологиялық акт, бет құбылысы мен ым жүйесінің мәні, көркем пейзаж және психологизм, психологиялық портрет түрлері, баяндаудың психологиялық функциясы, фольклор мен әдебиеттегі түс көрудің ролі, психологизмнің орыс, қазақ, әлем әдебиетіндегі ерекшеліктері герменевтикалық талдаулар негізінде тұжырымдалады. Әдебиет теоретигі В.Е. Хализев «Теория литературы» деп аталатын еңбегінде герменевтика бастауы мифтер мен қасиетті мәтіндерді талқылау тәжірибесін қолдана бастаған ежелгі дәуір мен христиандық Ортағасырда жатқанын, ал оның ХІХ ғасырда өз алдына ғылым пәні болып қалыптасуына неміс ойшылдары Ф. Шлейермахер мен В. Дильтей еңбектері айрықша ықпал еткенін жазады. Герменевтиканың негізгі ұғымы-түсіндіру, түсіндірудің маңызды компоненті-интерпретация екені белгілі. Герменевтика- көпқырлы, оның негізгі принципі мәтінтану мәселелеріне құрылады. Көптеген ше-

телдік ғалымдардың герменевтиканы мәтінді талдау өнері сипатында негіздегенін ұғуға болады. Сондай-ақ, әйгілі орыс оқымыстысы М. Бахтиннің диалогтық қарым-қатынас концепциясы да герменевтика ұғымы сипатында қарастырылатыны анық.

Біз бұл мақаламызда ғалымның барлық еңбектерінің құндылықтарын тізбелеуді мақсат етпейміз. Ертеректе жазған «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996) және «Портрет поэтикасы» (2006) сияқты еңбектеріндегі ғалымдық дара қасиеттерін, зерттеу еңбектерінің жаңа бағыттарын тануға талпыныс жасап, көптеген шәкірттерінің бірі санатында жарқын бейнесін еске алуды жөн көреміз.

Б. Майтанов әлем әдебиеттануындағы психологизм теориясын қанша сарыла зерделегенімен, ұлттық әдебиетіміздегі психологиялық талдау өнерінің типологиялық белгілерін және әлемдік әдеби даму заңдылықтарымен үндестігін жаңашыл нысанда айқындады. Ғалым көркем шығарманың баяндау жүйесіндегі психологизм қызметі секілді күрделі де күрмеулі мәселені шешуде Г. Гегель, Н.Г. Чернышевский, М. Бахтин, А. Иезуитов, Л.Я. Гинзбург, М.Б. Храпченко, З. Фрейд, У. Эко, Л. Выготский, А. Белецкий, В. Виноградов, В. Галанов, В. Лакшин, И. Страхов, А. Скафтымов, В. Компанец, Е. Лизунова, В. Днепров, А. Чичерин, Б. Реизов, С.Г. Бочаров, В. Хализев, З. Ахметов, С. Қирабаев, Р. Бердібаев, Т. Нұрғазин, Т. Ақшолақов, Ш. Елеукенов, С. Байжанов, Х. Әдібаев, Б. Наурызбаев т.б қазақ, орыс, шетел ғалымдарының ой-тұжырымдарына сүйенгенмен, өзіндік жаңаша пайымдарды алға тартады. Ең алдымен, қаншама ғалымдар анықтама беріп, айдар таққан психологизм жөнінде: «Қаһарманның рухани әлемін, жан-сырын

жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық, шығармашылық феномен-психологизм» деп тұғырлы тұжырым жасауы қаншама жанкешті еңбекті қажет еткенін де біреу біліп, біреу білмес. Жоғарыда, ғалым еңбегінде сөз болатын қадау-қадау мәселелердің бірі-баяндаудың психологиялық функциясы десек, зерттеушінің бұл бағдардағы тұжырымдары тың, талдаулары да тым терең екенін көреміз. Зерттеуші қазақ әдебиетіндегі реалистік психологизмнің бастауларын М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалынан» ізерлей келе, Ш. Құдайбердиевтің «Әділ-Мариясының» баяндау құрылымындағы пейзаж қызметінің, диалог формасының өзгешеліктерін жіті пайымдайды. Ал, зерттеуші Майтанов Ж. Аймауытовты «социалистік» реализм өкіліне тартпақтау қажетсіздігін» көрсете келіп, оның «реализміне керемет ажар қосып, жазғанын қорғасын құйған сакадай күйлі шығаруға өлшеусіз ықпал жасайтын күш-психологиялық талдау өнері» екенін байыптайды. Ж. Аймауытов романындағы Ақбілекті А. Камюдің «Бөгде» романындағы «кылмысына өкінбеген» кейіпкер Мерсомен, Соммерсет Моэмнің «Бас имеген әйел» әңгімесіндегі Аннетпен салыстырады. Шығармалар арасында уақыт алшақтығы болса да, ғалымның айтпағы- бұл кейіпкерлердің бәрі де адам, «адам психологиясының ұшы-қиырсыз стихиясына тән құбылыс» бұларға ортақ. Ғалым осы бір тұста «әдебиеттің объектісі-адам» деп келе жатқан бізге ол туралы: «Адам-тарихи, әлеуметтік объект қана емес, психологиялық, биологиялық субъект» деген байлам ұсынады. Ақбілек-«Қара мұрт» қарым-қатынастарындағы психологиялық ахуалды талдай келіп: «Эротикалық түйсік пен сананы асау атпен алысқан адамға балайтын З. Фрейд пікірі дә-

лелді» деген пікір қосады. Алайда, Б. Майтанов фрейдизм ілімін толық қабылдаудан аулақ, оны ойға қонымды тұстарын ғана тілге тиек етеді.

Зерттеуші реалистік психологизмнің толысу кезеңдеріндегі М. Жұмабаев, М. Әуезов, Б. Майлин, С. Мұқанов, С. Ерубәев туындыларындағы «бейнелеу принципі мен бейнелеу тәсілдеріндегі жетістіктер қазақ әдебиетінің асқаралы биігі-«Абай жолы» роман-эпопеясына барар жолдағы үлкен көркемдік тәжірибелер жиынтығы, лайықты рухани, эстетикалық дайындық қоры болғанын» ғылыми негіздейді. Сөз жоқ, Әуезов шығармашылығы Б. Майтановтың ерекше ғылыми зердемен, ынтызар ықылас, ыстық жүрек, сарабал ақылмен сараптауға жан салған қимас қазынасы болғаны баршаға мәлім. Алайда, бұл күнде ұшан-теңіз әуезовтану іліміне өзгеден ала бөтен ой қосу аңғал мінезді ғалымның қаперіне де келмегені анық. «Әр жүйрік әліне қарай шабады». Дегенмен, Майтанов танымы өз биігінен жаңаша таниды. Алайда, ғалым «уақыт қабағына қарай толғанатын жазушы айта алмаған «ішкі монологтарын» ашық жариялап жатпайтынын» ескертеді. Мәселен, зерттеуші: «Көпшілік айта беретіндей, «Абай жолы» әке мен баланың қиян-кескі айқасына құрылмаған, әкесін Абайдың қадірлейтін сәттері мол» дей келіп, романнан көптеген дәйектер келтіре дәлелдейді. Л. Гинзбургтың Толстой шығармашылығындағы образ эволюциясы туралы байламын қаперінде ұстай келіп: «...Құнанбай тұлғасы бір өлшеммен келуді азсынатын, әр қырынан, әр түрлі ыңғайда сараптауды талап етер елеулі құбылыс екенін танимыз» дейді. Сондай-ақ, «Құнанбайдың Қодар талқысы туралы күнгірт бейуақтағы әңгімеге жолдан шаршап келген, ана көкірегін иіс-

кеп, мейірі қанбаған ұлын әдейі шақыруы тегін емес. Мүмкін, уақыт, болашақ ұрпақ алдында өз үкімінің қаталдығынан ақталуы шығар. Үкімінің хақтығына сенімі шығар. Бірақ шығармада осы көңіл-күйлердің бір ғана жағы: баласын өз досы мен қастарының аужайын түйіп, ел дауы мен шарына көз үйрете беруін қалау ниеті бой көрсетеді», деп жазады. Зерттеуші шығармадан көпшілік қауым «Құнанбай бейнесін бір жақты ұғынып келгені өтірік емес» екенін байыптай отырып, Әуезов суреттеуінде «ешбір ғайбат сөз, ашық айыптау аңғармайсыз» деп түйеді. Ал, Қодар оқиғасының шындығы екіталай екені айтылып жүр. Ал, зерттеуші Абай әкесінің баласы «көп алдында көлденеңдегені үшін наразылық» танытып айтқан сөздерінде «өкініш те, кісілік те, асқан сыншылық та, ғаламат сезгірлік те бар» екенін аңғартуы да Құнанбай бейнесін жана қырынан тануға бастайды емес пе?

Түптей келгенде, зерттеуші Әуезов эпопеясынан «таза психологиялық шығарма рухын» тұйық психологизм мысалдарынан айрықша танытып, соңғы кітаптарында аналитизм элементтерінің драматизммен астаып жатқанын байыптайды. Жалпы, Б. Майтановтың Әуезов суреткерлігі жайлы зерттеулерінің қайсысы да жаңаша пайымға, кең танымға құрылады. Зерттеушінің соны пайым, тың идеяларының қайсысы да шәкірттері әрі қарай дамытып, жаңғырта жазып кетуге бейім тұрады. Оның зерттеулері осынысымен де құнды екенін аңғаруға болады.

Зерттеуші Б. Майтановтың «Сөз сыны» (2002) зерттеу еңбегі-қазіргі заманда ғылыми өзекті болып табылатын әдеби шығарманы мәдениеттану, психология, нарратология, семиотика сияқты пәндер тоғысында

зерттеудің айқын үлгісі. Ал, ғалымның «Модернистские и постмодернистские тенденции в современной казахской прозе» (Мәскеу, «Русская словесность в мировом культурном контексте» атты Халықаралық конгресс, 2004; Каунас, 2007), «Этнопсихологизм портретного дискурса» (Новосибирск, ғылыми жинақ, 2007), «Аңыздың ақыры: мекеншақ пен семиозис» («Қазақ әдебиеті», 2009), «Абай жолы» және тәуелсіздік рухы: «еркіндік» архетипі» («Ақиқат», 2010) атты т.б. мақалалары филология ғылымдары әдіснамасы көкжиегін кеңейткен архетиптік талдау, семиотикалық талдау секілді жаңа парадигмаларға серпін берген ғалымның жаңашыл танымын айғақтайды.

Майтанов зерттеулеріндегі жаңашыл сипаттарын сөз еткенде ауызға алмай өтуге болмайтын бір еңбегі- «Пейзаждың көркемдік семантикасы» (2010) деп аталады. Бұнда С. Сейфуллин, З. Шашкин, Х. Есенжанов, Ә. Нұрпейісов т.б. қазақ жазушыларының шығармаларындағы пейзаждың көркемдік функцияларын жаңа қырынан бағамдайды. Фольклорлық дәстүрдегі ландшафт пен кейіпкер бейнесін берудегі тәсілдерді айта келе: «Ал тарихи-революциялық тақырыптың алғашқы дәуірлердегі жемісі – С. Сейфуллин шығармасынан Ә. Нұрпейісов трилогиясына дейінгі аралықта бұл амал әрқилы вариациялардан өте тұрып, күрделілене, шыңдала түсіпті» деген қорытындыға келмес бұрын зерттеуші пейзаждың семантикалық структурасына терең талдау жасағаны айқындалады.

Б. Майтановтың отандық және шетелдік халықаралық ғылыми форумдар мен конференцияларда жасаған сандаған баяндамаларын айтпағанда, әрқилы маңызды басылымдарда әр жылдарда жарық көрген шоқтығы

биік мақалаларының ұзын саны 400-ге жуық екеніне 2012 жылы жарық көрген «Майтанов Бақытжан Қауасқанұлы. Библиографиялық көрсеткішінен» (2012) көз жеткізуге болады.

«Портрет поэтикасы»(2006) монографиясы – көрнекті әдебиеттанушы Бақытжан Қауасқанұлы Майтановтың жаңашыл бағытта жазған ғылыми зерттеулерінің бірі. Оның жаңашылдығы әдеби туындының тұтастық жүйесіндегі ежелгі көркемдік құрылымның бірі – портрет жөніндегі тұйықталған түсініктерімізді кеңейтуінде, портрет поэтикасын қазіргі әдебиеттанудың әдіснамалық негіздеріне сүйеніп пайымдауында.

Баяндау құрылымындағы портрет тәлімдерінің міндеті хақында арнайы зерттеулер жазу орыс әдебиетінде кешеуілдеп барып қолға алынғандығын ескерсек, зерттеуші Б.Қ. Майтановтың «Портрет поэтикасы» қазақ әдебиеттануында әлгіндей олқылықтың орнын ғана толтырып қоймай, көркемдік құрылымды әлемдік әдебиеттанудың жаңашыл нысандары тұрғысынан зерделеудің айқын үлгісі болып табылады.

Б. Майтанов «Портрет поэтикасында» З. Шашкин, Х. Есенжанов, Ә. Нұрпейісов бейнелеген әйелдер кескіндемесінен эмоционалды-трагедиялық әуендерді де, әліптемедегі дәлдік пен нақтылықты да таниды. Пішіндік таңбаларға айналып соғып отырудың осы авторларға ортақ тәсіл екенін де аңғартады.

Зерттеуде ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ тарихи романдарында көркем портреттің психофизиогномиялық параллелизм жасаудағы ерекшеліктері бағаланады. Мәселен зерттеуші: «Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» романында сан алуан портреттік деталь, штрихтар кейіпкердің эмоционалды толқу не-

месе шығанға жеткен аффективті мезеттерін шынайы камтиды»-деп жазады.

М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы кескіндеу өнерінің қилы қырларын танытуымен құнды деуге болады. Зерттеушінің өзі де бұған айрықша құштарлық танытып: «Мәселен, бізді М. Әуезов қаламынан туған портреттер галарейясының ғажап әлемі керемет тарихи-этнографиялық, философиялық әрі сұңғыла психологиялық мәнімен қайран қалдырады»-дейді.

Б. Майтанов Әйгерім портретіндегі тарихи, физигномиялық деректердің нақтылығына ғана назар аудартып қана қоймай, эпопеяның «Қоршауда» тарауында суреттелетін медик-антрополог ғалым Павлов мол тәжірибесі арқасында Ақылбай, Баймағамбет, Пәкизат, Дәрмендердің дара бітімдерін жалпылық нұсқамен салыстыра таниды. Зерттеушінің пайымдауынша, М. Әуезов генетика ғылымының қағидаларын да сана қыртысында ұстайды.

Зерттеу авторы: «Абай жолында» М. Әуезов дарынының тұлпар шабысын айғақтарлық мысалдар кескіндеу өнеріне қатысты асып-төгіліп жатыр», –дей келіп: «портрет адам бейнесіне қатысты метонимиялық құбылыс, бірақ көркемдік тұрғыда толымды құбылыс. Ол – жаратылыстың шеберлігіне, өмірдің күрделі табиғатына тәнті қылатын, тарихи мәні зор эстетикалық, эмоционалды-психологиялық, пластикалық, антропометриялық құндылық», – деген тұғырлы тұжырымға келеді. Осы орайда, көрнекті ғалым Майтанов тілі-ғалымдық қарым мен әдеби дарын синтезі десек те болады. Бүгінгі таңда профессор Б.Қ. Майтановтың монографиялары мен оқу құралдары, зерттеулері мен оқу бағдарламалары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің

филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің бакалавр, магистратура, докторантура сатыларында оқытылатын «Әдебиет теориясы», «Көркем әдебиеттегі психологизм», «Әдебиеттанудың теориялық мәселелері», «Көркем мәтін теориясы», «Композиция поэтикасы және нарратология» т.б. курстарда үздіксіз пайдаланылады. Тіпті, теориялық курстарды оқытып-үйретуде шәкірттердің қазақ тіліндегі сұранысына ие бірегей еңбек болып саналатыны жасырын емес. Сондықтан, оқу орындағы баспалар мен басқа да республикалық баспалар Б. Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996), «Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы» (2001), «Мұхтар Әуезов-суреткер» (1996) атты оқу құралдарын және «Сөз сыны» (2002), «Көркемдік нәрі» (1983), «Психологизм в художественной литературе» (2004) еңбектері мен «Әдебиет теориясы» пәнінің типтік бағдарлама-сын» (3. Қабдоловпен бірге) (2001) қайта басып шығарар болса, ұтылмас еді деген ойдамын.

Мен ардақты ұстазым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты (2004), ҚР Президентінің «Алтын сана» белгісінің иегері (2006), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері (2008), ҚР БҒМ-нің Ғылымдағы көрнекті жетістіктері үшін берілетін мемлекеттік стипендиясының иегері (2009-2010 ж.ж.), Ш. Айтматов академиясының академигі (2010) Бақытжан Қауасқанұлы Майтановтың қазақ әдебиеттануында алғашқы болып жаңа бағытты зерттеуге жол ашқан ғылыми әлеуеті зор еңбектері мен ғалымдық дана тұлғасын ғылым көгінде келешек ғылым көшіне бағдар сілтеп, жарқырай берер шоқ жұлдызға ұқсатамын..

Б. МАЙТАНОВТЫҢ «ПОРТРЕТ ПОЭТИКАСЫ» ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛ НЫСАНДАР

«Портрет поэтикасы» – көрнекті әдебиеттанушы Бақытжан Қауасқанұлы Майтановтың жаңашыл бағытта жазған ғылыми зерттеуі. Оның жаңашылдығы әдеби туындының тұтастық жүйесіндегі ежелгі көркемдік құрылымның бірі – портрет жөніндегі тұйықталған түсініктерімізді кеңейтуінде, портрет поэтикасын қазіргі әдебиеттанудың әдіснамалық негіздеріне сүйеніп пайымдауында.

Зерттеуші диахрондық принцип негізінде адам кескінін суреттеудің арғы арналары халық ауыз әдебиетінде жатқандығын А. И Белецкийдің «жорамал портрет» жөніндегі тұжырымы арқылы жеткізеді. Дегенмен, зерттеуші қазіргі күнде А. Белецкийдің жорамал портретке қарама-қарсы қойған кейіпкердің даралық сипаттары бар «живописьтік», «архитектуралық» портреттер дегендердің айтылмайтындығын көрсетеді./ 1,4/

Баяндау құрылымындағы портрет телімдерінің міндеті хақында арнайы зерттеулер жазу орыс әдебиетінде кешеуілдеп барып қолға алынғандығын ескерсек, зерттеуші Б.Қ. Майтановтың «Портрет поэтикасы» қазақ әдебиеттануында әлгіндей олқылықтың орнын ғана толтырып қоймай, көркемдік құрылымды әлемдік әдебиеттанудың жаңашыл нысандары тұрғысынан зерде-

леудің айқын үлгісі болып табылады. Расында, портрет баяндау тәлімдерінің бірі деген жалпы мәндегі ұғымға ие болғанмен, оның жанр, стиль, сюжеттік-композициялық жүйемен тұтастығын және көркемдік құрылымның өзге бөліктерімен тұтастығын ескерсек, оған ерекше көркемдік әлеует тән екенін аңғарамыз. Сондықтан да автор: «Көркемдік ғимаратында елеусіз ешнәрсе жоқтығын, жазушының әрбір деталь төңірегіндегі табан аудармай ізденетін қажырлы еңбегін еске алсақ, сөздік композиция бөлшектеріне айрықша мән берудің зор маңызын түсіну қиын емес»/1,5/, –деп жазады.

Зерттеуші Б. Майтанов, Б. Галанов, И.В. Страхов, А. Скафтымов сияқты сыншылардың А.П. Чехов, И.С. Тургенов, Ф. М. Достоевский, Л.Н. Толстойдың мүсіндеу өнеріндегі әлемге танылған тәжірибелері жайлы пайымдарына қаныға келіп, өз байламдарын ұсынады. Мәселен: «Чеховтың кейіпкер характерін бір реттен сырттай бақылай келіп, әншейінде қажетсіз саналатын сырттай суреттеулерге түбінде ерекше мағыналық қызмет жүктейтін шеберлігі көпке мәлім. «Керексіз» детальдар қаһарманның рухани болмысымен астарласып жатады. Әрдайым жетілдіре дамытып отырған Чехов прозасындағы бұл заңдылық қатал объективті түрде жазу мәнерінің әдеттен тыс тартымды қағидасына айнала бастағаны мәлім. Ал Л.Н. Толстой творчествосында Ф.М. Достоевский субъективизмі мен А.П. Чехов объективтілігі суреткердің жойқын психологизміндегі басты парадигма – «жан диалектикасына» сәйкес тораптарда қатар өмір сүреді.»/1,7/, –деп олардың портрет өнеріндегі шеберліктерінің сырын түйіндейді. Әрине, портрет жасаудың үздік үлгілері әр дәуірдегі таланттар тәжірибесімен жаңғырып, молыға түсетіні анық.

Алайда, қазіргі прозада статикалық портрет характерологиялық міндет атқармайды. Демек, портрет құрылымында адамның қозғалыссыз сырт бейнесі емес, аффективті-эмоционалдық жағдайдағы бет-жүз құбылыстары көрініс табады. Бүгінгі прозаға тән осы ерекшелік хақында зерттеу авторы: «Қазіргі кезеңде қаһарман пішіндемесі бұрынғыша зор психологиялық қуат, өткір динамизммен суреттелсе де, неғұрлым ықшам формаға лайық жылдам және түрлі үзілістер арқылы кейде автор, кейіпкер қабылдау аяларының тоғысуымен, немесе әншейін байқаусыз ғана көз жүгірткендей реңмен бейнеленуі үстемдік танытады.»/1,8/-деген бағалы тұжырымы арқылы оның болашақ бағдарын да межелейді.

Зерттеу «Портрет және жан әлемі» және «Портрет және этномәдени дәстүр» деп аталатын екі тараудан тұрады. Ғалымның жоғарыда сөз болған тұжырымдарының баршасы осы тарауларда терең таратылып, кең сабақталады, дәлелдермен дәйектеледі.

Алғашқы тарауда мүсіндеу өнері 20-30 жылдардағы проза негізінде зерделенеді. Бұл тұстағы С. Сейфуллин, С. Мұқанов шығармаларынан ауыз әдебиетіне тән сипаттама портреттерден адамның ішкі жан әлемімен астасып жататын психологиялық портреттерге ойысу ерекшелігі танылады.

Зерттеуші «Тар жол, тайғақ кешу» романының авторы толымды көркем образдар сомдау мақсатын қоймағандығын, шығарманың автобиографиялық табиғатына сәйкес күрескер Сәкеннің тұлғасы дараланып көрінетіндігін, өзге кейіпкерлер жанрлық-стильдік талаптарға сай үзік-үзік сипатта елес беретіндігін ескертеді /1,10/. Романда бойкүйез тіршілікке бой ал-

дырған ауыл адамдарының «маңқиған, семіз өгіздер сияқты»/1,11/ сатиралық әуенмен көмкерілген типтік мінездемесі, жарлы-жалшылардың біріктірілген портреттік пішіндемелері жалпы портреттік суреттемелер санатында қарастырылады. Осы орайда, зерттеуші «кейіпкерлерді тұрмыстық, эпистемиологиялық бағдары бойынша тұтастықта, жіктей тану мақсаты басым» екенін бағамдайды/1,12/. Демек, бұл тұста пішіндеменің бір түрі – топтық портрет үлгілері сараланады. Жалпы портреттік суреттемелерде дәл штрихтар берілгенімен, олардың даралық қасиеттері танылмайды. Ал, романдағы жұпты портрет-характерлер деп паң Нұрмағамбет пен оның әйелінің, Нұрмағамбет пен Шоқай болыстың, Колчак пен Анненковтың әліптемелерін айтуға болады. «С. Сейфуллин алғашқылардан надан күпірлікті басқа қасиеттерінен бұрын сезсе, соңғыларынан жан алғыш әзірейілдей жендеттікті негізгі сапа деп түйеді, түпкі таным, мінез қырларын жинақтап бедерлеуге ден қояды»/1,20/. Романның бас кейіпкері Сәкенің өз кескіндемесі замана келбетін, уақыт салған ауыр таңбаны көрсетуімен бағалы ғана емес. «Бұл – жинақтаушылық мәндегі, рефлексивті бояуы қанық портреттік сегмент»/1,21/

Әрине, Сейфуллин дәстүрін жаңа сапалармен байытуда С. Мұқановтың «Ботагөз» романының үлесі аз емес. Зерттеуші әдеттегі психологиялық параллелизмге С. Мұқановтың портреттік мінездемені қосатындығын ерекше атай келіп: «Портреттің динамикалық табиғаты бет-жүздегі бояу, емеуріннен емес, автор ықыласына тән мағыналық реңктерді ашатын сыртқы әрекеттердің жан айнасымен сабақтастығынан артады»/1,24/, –деп тұжырымдайды. Романда Ботагөздің Асқар көзімен си-

патталуын зерттеуші жаңашыл нысандар бағдарында түсіндіреді: « Ал Асқар адамның сырт пішінінен әлеуметтік-тұрмыстық, физиологиялық, антропометриялық сипаттардың характер танытқыштық мәнін іздестіреді. Адамның бет-әлпетіне тұтастық фокусын беруде мәні мол мүше – мұрынға қатысты арнайы тоқталу, биологиялық фактілер сырына орай психологиялық ассоциациялар құбылысын барлау арқылы жазушы субъектілік сфера мен объективті шындықтың байланысын сенімді бейнелеу талабы нәтижесінде қабылдаушы қаһарманның ой-өріс, тәрбие, дүниетаным табиғатын ашқанын дәлелдейді»/1,26/.

Б. Майтанов «Портрет поэтикасында» З. Шашкин, Х. Есенжанов, Ә. Нұрпейісов бейнелеген әйелдер кескіндемесінен эмоционалды-трагедиялық әуендерді де, әліптемедегі дәлдік пен нақтылықты да таниды. Пішіндік таңбаларға айналып соғып отырудың осы авторларға ортақ тәсіл екенін де аңғартады.

Зерттеуде ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ тарихи романдарында көркем портреттің психофизиогномиялық параллелизм жасаудағы ерекшеліктері бағаланады. Мәселен зерттеуші: «Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» романында сан алуан портреттік деталь, штрихтар кейіпкердің эмоционалды толқу немесе шығанға жеткен аффективті мезеттерін шынайы қамтиды»/1,63/, –деп жазады. Аталған шығармада Амангелді Иманов образы сын сағаттардағы ірі іс-қимыл, әлпет көріністері негізінде толымды бейне бедерін иеленеді. Жазушы портреттік суреттемеде адам көзінің психологиялық қызметін ғана барлап қоймай, адам кейпінен көрініс табатын әртүрлі әдет-дағдыларды да бақылайды. Мысалы, Амангелдінің «тісін шы-

қырлату», «алақанымен бетін сүртіп, маңдайын тыржиту» т.б./1,65/.

«Портрет және этномәдени дәстүр» тарауы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы кескіндеу өнерінің килы қырларын танытуымен құнды деуге болады. Зерттеушінің өзі де бұған айрықша құштарлық танытып: «Мәселен, бізді М. Әуезов қаламынан туған портреттер галареясының ғажап әлемі керемет тарихи-этнографиялық, философиялық әрі сұңғыла психологиялық мәнімен қайран қалдырады»/1,75/, – деп жазады.

Белгілі зерттеуші Б. Майтанов Әйгерім портретіндегі тарихи, физигномиялық деректердің нақтылығына ғана назар аудартып қана қоймай, эпопеяның «Қоршауда» тарауында суреттелетін медик-антрополог ғалым Павлов мол тәжірибесі арқасында Ақылбай, Баймағамбет, Пәкизат, Дәрмендердің дара бітімдерін жалпылық нұсқамен салыстыра таниды. Зерттеушінің пайымдауынша, М. Әуезов генетика ғылымының қағидаларын да сана қыртысында ұстайды/1,76/.

М. Әуезов сол замандағы адамдардың киім киіс, жүріс-тұрыс ерекшеліктерін сипаттау арқылы да этнографиялық мәні мол портрет үлгілерін жасағаны мәлім. Зерттеуші: «Көп сөзділікке бармас үшін жазушы Дағанды Керейінің «шекпен», «тымақ» тігісін анықтап өтеді. Бұл –әр елдің өкілін қатесіз, айтпай ажырататын тотемдік сипаттағы мәдени-материалдық таңбалар»/1,78/, – дейді.

Зерттеуші «Абай жолы» романындағы портрет жасау шеберліктерін пайымдайтын еңбектердің барлығы психологиялық характер сырына үңілетініне назар аудармай қойған жоқ. Сондай-ақ, бала Абай көзімен мүсінделетін Құнанбай портреті де көпшілікке танымал

екені рас. «Л.Толстой шығармашылығындағы терең психологизмді ардақтай білетін М. Әуезов ұстазының қайсыбір бейнелеу тұғырнамасын портрет өнерінде де пайдаланады»/1,91/ Мәселен, сұлуды сүйкімсіз етіп, өңсіз адамды жылы шырайда көрсету өнегесі. Құнанбайдың қасындағы қой көзді, сұлуша Майбасарды әрекет-қылығына байланысты ұнамды кейіпте кескіндеуге құлықсыздық танытатыны анық.

Романда топтық портретке Бөжейдің қаралы көшін алуға болады. Көш суреттемесінің этнографиялық сипаты мол. Бұл жөнінде зерттеуде толымды тұжырым айтылады. Топтама пішіндемеге жалғас көш қауымы ортасындағы Тоғжан бейнесі сұлбаланады. «Бар құбылыс Абай көзімен қабылданатындықтан, үзілімнің психологиялық, эстетикалық әсері арта түседі. Бұдан кейінгі сәтте ғашық жүректі болашақ ақын Тоғжан үні мен бұрымын, әйгілі шолпысының сылдыры мен қыздың атқа отырған, жоқтау айтқан кейпін рекше аялап, қадірлі Бөжей қасіретімен бірге өз махаббатын қоса толғап, тебіренеді. Жазушы кейіпкер әлемін ашу үшін ортақ төл сөз үлгісіндегі стилистикалық тәсілді пайдаланған. Тоғжан үнін барлайтын Абай толғанысын автор әдеттегі үшінші жақтық баяндау арнасын өзгерте түрлендіреді («Шын Тоғжан үні ме? Жоқ, басқа қыздыкі ме?») /1,96/ Міне, бұндай талдаулар портрет құрылымын зерделеудегі жанашыл нысандар қатарынан табылады.

«Әйгерім үніндегі сәнге Ділда даусындағы жағымсыздық қарама-қарсы алынған»/1,101/. Зерттеуші мұндай психологиялық тәсілдерді жазушы Л.Толстойдан үйренгендігін байыптайды.

Романда салыстыра суреттеу амалы Оразбай – Данияр, Мәніке – Қаражан, Зере – Ұлжан пішіндемелерінен айқындалады.

Зерттеу авторы «Абай жолында» М. Әуезов дарынының тұлпар шабысын айғақтарлық мысалдар кескіндеу өнеріне қатысты асып-төгіліп жатыр»/1,112/ дей келіп, портрет адам бейнесіне қатысты метонимиялық құбылыс, бірақ көркемдік тұрғыда толымды құбылыс. Ол – жаратылыстың шеберлігіне, өмірдің күрделі табиғатына тәнті қылатын, тарихи мәні зор эстетикалық, эмоционалды-психологиялық, пластикалық, антропометриялық құндылық»/1,123/, – деген тұғырлы тұжырымға келеді.

Көрнекті әдебиеттанушы Б. Қ. Майтанов портрет поэтикасын қазіргі әдебиеттанудың даму бағытындағы жаңашыл нысандар тұрғысынан зерделегеніне айқын мысалдар, нақты дәйектер арқылы көз жеткізгенін пайымдауымызға болады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Майтанов Б.Қ. Портрет поэтикасы. Ғылыми зерттеу. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. –127 б.

АБЫЗДАР ЖОЛЫМЕН

Бүгінде көрнекті ғалым Жұмат Жұмалыұлы Тілеповтың асқар асулы мерейтойы өзі қабырғасында тынымсыз ғылыми-ұстаздық еңбекпен марқайған білім ордасы, еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшысы, білім берудің әлемдік озық технологияларын игеру және оны өзінің ғасырға жуық тәжірибесі тұрғысынан бағалай білу, жаңғырта білу біліктілігін танытуда халықаралық беделге ие болып отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық торқалы тойымен тұспа-тұс келуін оның ғылым жолындағы кісілік қадір-қасиетіне, жанкешті еңбекқорлығына жорысақ болады. 1944 жылы Маңғыстау жерінде туып-өсіп, есейе келе еңбек жолын Жетібай мұнай-газ барлау өндірісінде мұнайшы болудан бастаған Жұмат Жұмалыұлы бойында адамға қажет үш асылдың бірі саналатын қажымас қайрат сол кезеңде-ақ орныға бастағанға ұқсайды. Тіпті, 1969 – 71 жылдарда Забайкалье әскери округінде әскери қызметкер болып істейді. Абай айтқан үш асыл қасиет бойында өзек жарып, үндестік тапқан жанның жоғары білім алып, біліктілікке ие болмай жаны тыншымасы анық. Қазірде өзі қызмет етіп келе жатқан ҚазҰУ-ды 1969 жылы бітірген ол жоғары білімге, кәсіби біліктілікке бір кісідей қол жеткізіп қана қоймай, сол кезде білгір маманға ділгір ел тілегін көксейтін қоғамдық-көпшілік басылым «Лениншіл жас» (1969 ж.) газетінде, «Қазақстан коммунисті» жур-

налында әдеби қызметкер, «Қазақстан», «Жалын» баспаларында редактор (1972 – 78 ж.) болып қызмет атқарады. Қалам қарымын күнделікті баспасөз бен баспа ісінде шыңдаған ол 1978 – 96 жылдарда М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші, аға, жетекші ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарады, ал 1997 – 99 жылдарда аталмыш институттың қолжазба және текстология ғылыми орталығының басшысы, институт директорының орынбасары болып істейді. 1999 – 2000 жылдары Алматы Халықаралық журналистика институтының ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, кафедра меңгерушісі болып еңбек етеді. Сол жылдарда «Ғылым» баспасының бас редакторы қызметін де қатар алып жүріп атқарады. Қандай мансапқа қолы жетсе де әлдекімдердей мардамсымайды, керісінше, баспа ісі мен ғылым ісі жастайынан өлең жазуға үйірсек кешегі жас мұнайшы, бозбала жігіт Жұматты соқпақты соқтықпалы жолдардан өткізіп, әдебиет пен ғылым жолындағы жанкештілігін сынға салып отырады. Бұл тағылымдар оған азабы мол ғылыми ізленіс жолында олжа әкеліп, өзінің ғылыми жаңашылдығы, соны ой-танымымен ғылымға өзіндік өріс ашқан кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғайды. 2000 жылдан ҚазҰУ-дың профессоры болып еңбек етіп, ғылыми ортада біліктілігімен, ғылым ісіне барынша адалдығымен көзге түскен ол филология ғылымдары бойынша докторлық диссертация қорғататын Ғылыми кеңесінің мүшесі болады. Қазір Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмат Жұмалыұлы Тілепов өзі бір кезде түлеп ұшқан ҚазҰУ-дің қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасын-

да табан аудармай тынымсыз еңбек етіп келеді. Оның «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті: XV – XVIII ғғ.» (А., 1983; авторлардың бірі), «XIX ғасырдағы қазақ ақындары» (А., 1988; авторлардың бірі), «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (А., 1994; авторлардың бірі), «Қазақ поэзиясының тарихилығы» (А., 1994;), «Елім деп еңіреген ерлер жыры» (А., 1995;), «Шал ақын Күлекеұлы». Зерттеулер (А., 1999; авторлардың бірі), «Қазақ әдебиетінің тарихы». 3-том. (авторлардың бірі) сияқты танымал еңбектері ғылымда тыңнан түрен тартқан жанашыл нысандарымен ерекшеленеді. Қай еңбегін алсақ та, академиялық стиль айшықталады, сөзбұйдаға орын жоқ, саф алтындай таза ғылыми пайымдары дәйектілігімен тереңге тамыр тартып, ғылым өрісін аша бастайды. Қазіргі ғылыми әдіснамалардың жаңашыл бағыттарын кәнігі ғалым жіті танып, студент-шәкірттеріне өзі оқытып-үйретуден де еш жалыққан емес. Өзі де олармен бірге қайта оқып-үйреніп жатқандай күй кешетін сәттері де аз емес. Бұл, бір жағынан академиялық мобильділікті, компьютерлік шамдағайлықты қажет ететін уақыт талаптарынан туып жататын құбылыстар болса керек. Атақты Алма апайдың (профессор А. Қыраубаева) өзі де «кейбір нәрселерді студенттерімнен үйренем» деп жазған екен «Жаным садаға» кітабында.

Ж. Тілепов өзіне ғылымда бағдар беріп, жөн сілтеген Ә. Дербісәлин, Р. Нұрғалиев, тікелей ғылыми жетекшілік еткен Ш. Сәтбаева секілді ғұлама ұстаздарының ғылымдағы адалдық пен әділдікке ғана тоқтайтын сара жолын ұстанумен келеді. Ғылым ісіне тәңірідей таза жүрегімен беріліп, азапты жолына бас тіккен кешегі ұлы М. Әуезов, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, З. Қабдолов, бүгінде ұлы ұстаз атанған Т. Кәкішев сын-

ды абыздардың аманатын олардың ізін баса келген аға ұрпақтың өкілі ұстаз-ғалым Жұмат Тілепов бір сәт есінен шығара алмайды. Абыз ағалардың аманаты-әдебиет ісіне адалдық, ғылым жолының тазалығы. Иә, ол «ақырын жүріп, анық басуымен» асыл текті абыз ұстаздары сынды кісілік келбетіне де кінәрат келтіргісі жоқ. Әрдайым мұнтаздай киініп, әдеби мен сынын сақтаған тұлғалы жанның сырт келбетінен тектілік нышанын да жазбай тануға болады. Әншейінде жұмсақ мінезді, сыпайы жанның ғылыми пікірталастарда көрсоқырлыққа, «жауырды жаба тоқуға» жол бермейтін «тура биде туған жоқтығына» сандаған шәкірттері мен ғылыми қауым көз жеткізсе керек. Алайда, ғылымдағы шалағайлыққа бірер кісі тосқауыл қоя алмасы анық. Бұрынғы қазақтың билері де: «ғылым ақылды адамды дана етеді, шала ақылды адамды ақылды етеді, ақымақ адамды жынды етеді» деп толғаған екен. Шынында да, ғылым, өнер, әдебиет-қасиетті жол, еріккеннің ермегі емес екені классицизм эстетикасынан бері айтылып келе жатқан жоқ па? Алайда, қарама-қарсылық заңдылығы адамзатпен бірге жасап келеді? Диллема? Соны да шешен-билер дөп танып: «Арғымақ атта жал болмас, Жабы келіп жалымен тенесер..» демей ме? Тәйірі, соны былай қойып, мына суретке біраз көз жүгіртсек қайтер екен дейміз тағы да..

Иә, профессор Ж. Тілеповтің университет аудиториясының мінберіне асықпай келіп, орнығып тұрып алған соң, әуелде жайбарақат қарлығыңқы дауыспен бастаған сөзі серпін ала бастады да, аздан соң ағынды судай тоқтаусыз ақтарыла бастады. Ғалым қарымды ойларын әпсәтте ұтымды дәйектермен түйіп тастап, арғымақ аттай арындап, татаусыз төгіле сөйлегенде әлгіндегі мо-

мын, биязы жанның қабағы ашылып, нұр шашыраған-дай болды, ұйыған аудитория қозғалақтап қалды.. Рас, бұл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де ежелден ірге тепкен ұлы ғұлама М. О. Әуезовтен бастау алатын ауызша академиялық шешендік тағлымы, одан кейінгі профессорлар З. Қабдолов, С. Садырбаев, А. Қыраубаева, Б. Майтанов дәрістеріндегі шешендік үрдістер көзге елес береді. Ұстаздар рухы тірілгендей күй кешесің...Қоңырау соғылады..Сондай сәтте Жұмат ұстаз да Әуезовтей абыздардың аманатын орындағандай бір серпіліп, өзін бақытты сезінеді.. Портфелін көтеріп, аудиториядан жадырай шығып бара жатады... «Дүние де өзі, мал да өзі ғылымға көңіл бөлсеңіз...» Бәрі де рас. Қалп айтқан жоқ Абай. Бірақ, ғалым Жұматтың «малға досқа» жаны қас, дүние-мансап-оның таңдауы емес, оның тіршіліктегі жүрек қалауы-туабітті табиғи дарын-қабілеті тегеурінімен дес бермей әкеліп түсірген – ғылым жолы, ұстаздық жолы.

Жоғарыда аталған еңбектерінен басқа профессор Жұмат Жұмалыұлы Тілеповтің 2013 жылы «ҚАЗАқпарат» баспасынан «Тарих және әдебиет (XIV-XX ғасыр басындағы әдебиет)» атты ғылыми еңбегі жарық көрді. Аты айтып тұрғандай, еңбек әдебиеттің тарихи тамырларын тереңнен талдауымен ерекшеленеді. Бұған дейін де ғалымның бұл еңбегін оның өзі сан жылдар бойы қызмет етіп келе жатқан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері мен ғалымдар қауымы ғана емес, әдебиет пен тарих мәселелері қызықтыратын басқа да көзі қарақты оқырман қауым жылы қарсы алғанына күмәнсіз сенеміз. Өйткені, бұл ғылыми дәреже ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп, Елбасының өзі айтқандай, науқандық «штампқа айнал-

ған» кезеңнің «жемісі» емес. Керісінше, Ж. Тілеповтің ғылыми еңбектерінің қайсысы да сондай ғылымдағы жолсыздыққа өзінің шынайы таза ғылыми құндылығымен «қарағайға қарсы біткен бұтақтай» ширғып қарсы тұра алатын шоқтығы биік, «қын түбінде жатпас алмас» сынды бүгінгі таңдағы саусақпен санарлық, ғылыми әлеуеті жоғары еңбектердің бірі ғана емес, бірегейлерінің қатарына жатады десек қателеспейміз. Шынында да, ғылымның туын жықпайтын осындай еңбектер болмаса, асыл мен жасықты жыға танудың өзі қиынға айналып бара жатқан жоқ па? Бұрынғы әр сөзі мен сөйлемінде терең пайым, сара ой жататын ғылыми мақала жазудың өзі компьютерлік ойыншыққа айналып барады емес пе? Асыл мен жасықты ажыратуға келгенде «көзжұмбайлыққа» жол беруді ғылым әсте кешіре алмайды. Ғылымға қосар титтей де үлесі жоқ, ойы нәрсіз, сөзі әрсіз желбуаз кітаптар баспалардан әлі де төпеп шығып жатыр. Ғылыми шені «шелтірейтіп» барған соң, баспагерге не керек?..Мейлі, кезінде «жолы болған» ғалымсымақтың дүбәра дүниелері «тоқпағы» қанша мықты болса да, таңғы шықтай мөлдіреген армен адал еңбектен жаратылып, таза табиғи талантты тұғыр еткен кірпияз да кінәз ғылым адамының-Абай айтқан «шын ғалымның» алдына шыға алмасы анық. Дегенмен, сол мәртебелі ғылымның арына шіркеу түсіріп алған алмағайып кезеңнен бүгінде біршама алыстадық және алыстауға тиіспіз. Қазақстан ғылымы дамудың әлемдік бағыттарына аяқ басып отыр. Жоғары оқу орындары магистранттар мен философия докторларын дайындаудың әлемдік озық тәжірибелерін игеруге және оны бағалай білуге күш салуда. Десек те, ғылым жолы- ауыр жол, «қайыспас қара нар керек, біздің бұйт-

кен бұл іске» деп Махамбет ақын айтқандай, қай жерде еңбек етсе де, ғылымның жүгін қайыспай көтеріп, оған барынша адалдық танытып келе жатқан абзал азамат, ардақты ғалым Жұмат Жұмалыұлының ғылымға берген сан-салалы еңбегінің бірі- «Тарих пен әдебиет» десе, оны қолға алғанда «теңіздің дәмін тамшысынан танысың» дегендей, шын ұстаның қолынан шыңдалып шыққан шыңболаттай саф таза ғылыми еңбек теңіздей тереңіне тартып әкете берді..

Аталған еңбегінде ғалым көркем әдебиеттегі тарихилық проблемасының көне бастауларына үңіледі. Оның Аристотель, Г. Э. Лессинг еңбектерінен басталатын екі ғасырдан астам тарихын бағамдайды. Ал, тарихилық мәселесінің біздің әдебиеттануда зерттеле бастағанына небары жиырма жылдан астам ғана уақыт өткені белгілі. Алайда, кеңестік дәуір кезеңінде қазақ әдебиетінің тарихилығы мәселесін қозғауға тосқауыл қойылғаны да рас. Сондықтан зерттеуші ғалым Ж. Тілепов өзінің көрнекті ғалым Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваның жетекшілігімен қорғаған «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихилық мәселелері» деген тақырыптағы кандидаттық диссертациясының және «XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихилығы» атты докторлық диссертациясының көптеген кедергілерге душар болғанын айтады. Зерттеушінің қырағы жанары аталған мәселені өзіне дейін қазақ әдебиеттанушыларының қалай зерттегенін шолады. Олардың кеңес дәуірінде жазылған тарихи романдар ауқымында қалып қоймай, орыс, славян тектес халықтардың жәдігерліктеріндегі тарихи жайларды, сол жәдігерліктер негізінде жазылған Н.М. Карамзиннің, М.Н. Загос-

киннің, А.С. Пушкиннің шығармаларындағы тарихилық мәселесін алға тартқанын байыптайды.

Ғалым ең алдымен, көркем әдебиеттегі тарихилықтың ғылымдағы тарихилықтан сапалық ерекшелігін ажырата түсіндіріп: «Өйткені, ғылым белгілі бір дәуірдің тарихи даму заңдылықтарын тұжырымдармен өрнектесе, ал әдебиет сол тарихи құбылыстарға деген адам қатынасын-оның кісілік құлқы, әрекет-харакеті, таным дүниесіндегі өзгерістері арқылы көрсетеді» (1,5), –деп жазады. Зерттеуші Ж. Тілепов ғылыми мәселенің маңызды қырларына көңіл аударады. Әр елдің әдебиеттанушылары мен тарихшыларының «өз халқының әдебиетіндегі тарихилықтың қалыптасу кезеңін әртүрлі әдеби әдістің өкілдерінен бастайтынына» дәйектер келтіреді (1,6). Сөйтіп, ғалым Ж.Тілепов мәселенің байыбына терең талдау жасай келіп: «Бірақ, бір нәрсе анық: белгілі бір автор ел тарихымен байланысты шығармасын қай машықта жазса да, ондағы көтерілген мәселе-болған шындықтан ауытқымаған шынайылықпен ерекшеленбек»(1,7), –деп өзіндік түйін түйеді.

Зерттеуші Ж.Тілепов еңбекте ежелден жазу өнері қалыптасқан Европа халықтарының көркем әдебиетінде тарихилық мәселелерінің бастауы XVII-XIX ғасырлардың межесі екенін айтады. Біздің қазақ әдебиетіндегі бұл құбылыстың өзгешелігіне жүйелі зерттеулер жасай келіп: «Өйткені, қазақ әдебиеті – көптеген халықтарда жоқ, ауызша дәстүрді ұстанған XIV ғасырдан бергі жеке авторлар мұрасы мен кейінгі XIX ғасырдан басталар жазба әдебиеттің өкілдерінен тұратын ерекше құбылысқа ие әдебиет» (1,7), –деп өзіндік тұғырнама қалыптастырады. Автор қазақ әдебиетіндегі тарихилық концепциясының өзіне тән өзгешеліктерін пайымдай

келіп, оны әлем әдебиеттануындағы тарихилық концепциясымен ұштастыра қарастырып, Г. П. Макогоненко, П. Бейль, Вольтер сияқты зерттеушілер мен философ-жазушылардың тарихилық концепциясының адамзат қоғамындағы маңызын айқындаған тұжырымдарын дәйек етеді. Ғалым еңбегіндегі жаңашылдықтың бір үздік қыры ауызша үрдістегі авторлы әдебиетіміздегі тарихилық проблемасын Атлант мұхитының солтүстігінде өмір сүретін исландықтардың IX-XIII ғасырлардан бастау алған ауызша үрдісті авторлы туындыларымен салыстыра қарастырғандығы болып табылады. Әрине, зерттеуші әлем әдебиетіндегі тарихилық концепциясын көптеген зерттеу нысандарына сүйене отырып қорытады. Әрине, біздің ауызша үрдістегі авторлы туындыларымыз исландықтардың туындылары секілді ерте кезден бастап хатқа түспегені белгілі жайт. Хатқа түсіріп, дендеп жинау XIX ғасырда Ш. Уәлиханов, В. Радловтардан басталып, XX ғасыр басынан (Мақаш Бекмұхамедов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, І. Жансүгіров, Ғұмар Қарашев т.б.) күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқанын зерттеуші орынды ескертеді. (1,12).

Көп уақыттар бойы тарихилық проблемасы «күйелі тақырып болып жүрді». Шортанбай, Дулат, Мұрат, Күдері, Доскожа, Әбубәкір, Ғұмар Қарашев, Нарманбет Орманбетов сияқты XIX-XX ғасыр басындағы әдебиет өкілдеріне ұлтшылдық қамыты кигізілгені белгілі. Ғалым қазақ елінің тарихын «бажайлап батыл қадамдар жасау» қиын кезеңде сол кезде жас ғалым М. Мағауиннің XV-XVIII ғасырдағы бабалар жырынан диссертация қорғауын азаматтық іс деп бағалайды (1,14-15). Сондай-ақ, бұдан кейінгі жарық көрген зерттеулер мен ұжымдық жинақтардың, соңғы жиырма-отыз жыл-

да жарық көрген С. Қирабаев, Ш. Сәтбаева, М. Жолдасбеков, Н. Келімбетов, М. Қараев және тағы басқа да еңбектерде «бірнеше ғасырлық өмірі бар қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармаларын кейінгі жылдардың рухани мүмкіндігі тұрғысынан тану» және оларды елінің бостандығын көксегені үшін жазықсыз тағылған айыптан арашалау принципі көзге түсетінін айтады (1,16). Жалпы, көрнекті ғалым Жұмат Тілеповтің «Тарих және әдебиет (XIV-XX ғасыр басындағы әдебиет)» атты ғылыми еңбегінде XIV-XVII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихилығы мәселесі, XVIII-XIX ғасырлардағы жыраулық мұра һәм ел тағдыры, жер тағдыры мен ақындық дәстүр және тарих жайы тарихилық концепциясы тұрғысынан тарихи-салыстырмалы, кешенді талдау әдіснамалары негізінде терең де кең ауқымда зерттеледі. Жоғарыда аталған зерттеу ерекшеліктерінен профессор Ж. Тілеповтің жаңашыл нысандағы зерттеушілік әлеуеті танылады. Ел тарихындағы аласапыран, алмағайып кезеңдердің ақын-жыраулар шығармасында бейнеленуінің ауызша үрдіске тән сипаттары мен тарихи тамырлары ашылады. Мәселен, атақты «Ер Едіге» тарихи жырындағы деректілік пен көркемдіктің сипаттар оқырманын бейжай қалдыра алмайды. Асанқайғы, Сыпыра, Қазтуған жыр-толғаулардағы қазақтың арғы түбіне байланысты, хандар мен билердің, абыздардың, батырларлардың тарихи тұлғаларына қатысты көркемдік деректердің тарихы шындығы толымды мәліметтер негізінде нақтыланады. Жалпы, профессор Жұмат Тілепов әдебиеттанудың іргелі проблемасына қатысты қандай мәселені де шеткері қалдырмай, қорытқан ғылыми тұжырымдарын нақты деректермен немесе айқын мысалдармен дәйектейді. Өзі жастайы-

нан ізерлей,індеге зерттеген тарихилық концепциясы мiрдiң оғындай дәлдiктi, нақтылықты, айқындықты, деректiлiктi, автордан шыншылдықты талап еттi және ғалымның өзiне тән туабиттi табиғи болмысы тазалық пен кiршiксiз адамдық арды әспеттедi. Ғылыми iзденiс үстiнде уақытты санамай күндi-түнге жалғап отыратын табандылығы жастайынан қалыптасқан ғалым күнi бүгiнге дейiн үздiксiз, тынымсыз iзденiстен мойыған емес. Ғылымдағы жанкештiлiгi-алдыңғы абыз ағалар дәстүрiн пiр тұтқандығы. Алдыңғы толқын ағалар жолы-абыздар жолы. Сол жолмен жүрiп келедi..Сол жолда бiр шырақ жанғандай..Шын ғалымның ғылымда жаққан шырағы..Сан-тарапқа...Ол аялаған отбасына нұрын шашқандай.. Бейнеттiң де зейнетi бар деген.. Қашаннан-ақ қанағатшыл жүрегi.. «дүние де өзi, мал да өзi».. Немересi жұмыстан келсе атасын мойнынан құшақтайды. Атасының жүзiнде басқа ешкiмде жоқ ерекше нұр бар..Университеттегi студент-шәкiрттерi де ұстаз-ғалымның жүрiс-тұрысынан тәңiрiдей тазалықты, асқақ кiсiлiк мiнездi таниды. Дәрiсiн ұйып тындаған аудитория қоңырау соғылғанда ерiксiз ес жияды..Жұмат Жұмалыұлы сияқты шын ғалым болғысы келетiндер бар шығар кiм бiлсiн.. Шынында да... шын ғалымдар көп емес...Ұлы Абай: «Болмасаң да ұқсап бақ, шын ғалымды көрсеңiз..» демеп пе едi? Шын ғалымды көрсеңiз..

Пайдаланылған әдебиет:

1. Жұмат Тiлепов. Құр.: Айтуар Өтегенов, – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2013. -216 бет.(Маңғыстау ақын-жазушыларының кiтапханасы)

ТАЛҒАМ. ТОЛҒАМ. ТАҒЫЛЫМ

1 968 жылы Абай атындағы Қазақ Педагогикалық Институтының филология факультетіне түсіп, оны 1972 жылы бітірген Қанипаш Қайсақызы Мәдібаева өзі түлеп ұшқан Талдықорған облысы, Алакөл ауданындағы М. Төлебаев атындағы орта мектепте біраз жыл мұғалім болып істейді. Бірақ, Серік Қирабаев сынды білімпаз ұстаздың дәрістерін тыңдаған Қанипаштың әдебиет әлеміне деген құштарлығы арманына канат байлап, Алматыға келеді. «Ғылым», «Қайнар», «Жазушы» баспаларында, «Жалын» журналында редактор болып қызмет істейді. Қанипаштың әдеби сынға бет бұруы осы кезден басталады. «Қайнар» баспасында бөлім редакторы қызметінде жүргенде баспаға келіп түсіп жатқан қолжазбаларға қорытынды пікірлерді жиі жазады. Әрі оларды ерекше жауапкершілікпен және өз жаны рахаттанатындай құлшыныспен, ойланып-толғанып жазуды әдетке айналдырады. Бірде баспа директоры белгілі журналист Хайдолла Тілемісов қызметкері Қанипашты кабинетіне шақырып алып, оның жазған пікірлерінің жай ғана редакциялық қорытынды емес, әдеби маңызы бар еңбектер екенін айтып, риясыз мақтайды. Тәлімгер-журналист Хайдолла ағаның жақсы сөзіне жаны марқайған жас Қанипаш сол күндерден бастап баспадан жарық көріп жатқан шығармаларға рецензия, сын мақалалар жазуға талпына бастайды. Сол кезеңдегі Қ. Мәдібайдың ең алғашқы сын

мақалаларының бірі «Асыл арман арзандамасын» деп аталады. Мақала «Уақыт және қаламгер» («Жазушы», 1990.) атты сол кездегі сын мақалалар жинағында жарық көреді. Сол кездің өлшемімен өзі де жас саналатын Қанипаш былай дейді: «Жас сыншылар ой-арманы, жан-дүниесі өзіне ұқсас замандас талапкерлерден гөрі азулы жазушылар жайлы жазуға бейім.» Қанипашқа бұл жерде ұнамайтыны – олардың «ағалардың жағалау сияқты бақай есебі». «Әдебиетке өмірден келу – қайнаған тіршіліктің шындығын көзбен көріп, көңілмен сезіп, енді соны қайтсем көркемдік шындыққа айналдырып, қайтсем өзгенің көкейіне қондырам дегенді де ұғып-біліп, ізденіп, үйреніп келу бар. Әдебиетке көлденеңнен қосылу – ой айтқан болып, анауда, мынау да жазушы атанып жүр ғой, мен де қара жаяу емеспін, ол бітірген оқуды мен де түгестім деген патша көңілділік бар. Жасыратыны жоқ, соңғы он шақты жыл көлемінде жазушылық дейтін қасиетті өнерді кәсіп деп ұққан «білімді жазушылар» көбейді.», –депті. Жас сыншылар мен жас жазушылар туралы осындай пікірлер өрбітеді. Онысы өте батыл, сын, өнер тазалығын көксейді. Және батыл сөйлейді. Жас талапкер сыншы Қ. Мәдібайдың көркемдік құпиясын ерте танығанын аңғартады. Осы мақаласында 1978 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Арман қанатында» жинағына дүмбілез дүниелердің кіріп кеткенін баспагерлердің кінәсі дей келіп: «Күні кеше ғана жарық көрген алтыншы (1986 ж.) кітапта шынын айтқанда, татымды дүние тым аз. Әрине, өмірден байқағанын өзінше өрнектеуге ұмтылыс бәрінде де бар. Бірақ ниет әлі көркем әдебиет емес. Ол айта беруді қажет етпейтін ақиқат», –деп түйін түйеді. Осы мақаласындағы батылдығы – әр қаламгердің атын атап,

түсін түстеп мәтінінен дәлелді үзінді келтіріп отырып сынайды. Қазіргі әдебиет осындай сынға зәру емес пе? Сын жоқ, сыншы жоқ дейміз. Жас Қанипаш сын айта отырып, оқырман пікірімен де санасады. Өйткені, «Арман қанатынданың» алғашқы жинағы шыққанына он жыл өткен-ді. Кімнің кім екенін содан бері оқырман өзіде елеп-екшеп қалды дегенді айтады. Демек, жас сыншының талғамы қалыптасқандығы. Оның бұл ұстанымы – сыншы ретіндегі адалдығына өмірлік жол ашқан еді Жоғарыда айтылған барша сөздің мәні, тіпті осы мақаласының түпкі мән-маңызы осы жолдарда жатқандай. Жастардың ортақол дүниелерін және оларды ешбір талғамсыз қосқан баспагерлерді сынайды.

Сонымен, «Арман қанатынданың» алты кітабында аты аталып, шығармасы шыққан талапкер жүзден астам. Ауыз толтырып айтары, оқушысын тапқаны – жиырма шақты жас жазушы» деп, олардың қатарында С. Асылбеков, М. Асылғазин Қ. Жиенбаев, С. Дүйсенбиев, Т. Әлпейісов, Ж. Кәрменовтердің (екінші жинақта) есімін атайды. «Жоғарыда жылы аталған есімдерге тындырып тастамағанмен, мүмкіндігін байқатқан, «Арман қанатында» ақ сапар тілеп аяқтандырған, өзгеге ұқсамас өз соқпағын табу жолында тер төгіп жүрген біраз жасты қосар едік. Болат Қанатбаев, Дидахмет Әшімханов, Әлібек Асқаров, Жұмабай Шаштайұлы, Нұрғали Оразов, Нарбинь Кенжеғұлова, Жүсіпбек Қорғасбеков, Рақымжан Отарбаев, Төрехан Майбасовтардың кездейсоқ талапкерлер емес екені айқын», – дейді Қанипаш Мәдібаева. Солардың біразы өзі қатарлас жас қой. Ал, қараңыз, сыншы көзінің қырағылығы қандай?

«Әйтеуір, есеп, ақпар беру үшін емес, не нәрсенің алғашқы адымы қуанышты болумен бірге қасиетті де. Тұ-

сау кесу. Тұңғыш қоңырау. Бет ашу. Ал әдебиеттегі тұңғыш адымының сатанатын салғырттықпен айырбастай салу –күнә», – дейді. Сыншы жас талапкерлерді сабырға шақырады: «Шығармасын ұсынушыда да ұят болу керек».

Қанипаш Мәдібаеваның өзге ел әдебиетінен де хабары мол екенін, оның да жақсысы мен жасығын ажырата алатындығы мынадан танылады. «Осыдан жеті-сегіз жыл бұрын орыстың жас жазушысы Петр Краснов «По причине души» повесінде нақақ сотталып, тағдыры тәлкекке түскен Тимофей дейтін кесек кейіпкер жасады. Бізде осындай қарапайым жанның мұң-мұқтажын жоқтаған адамға араша түсер шығармалар неге аз? Жазғанымызда уақыт талап етіп отырған публицистикалық сарын неге кемшін? Әдебиет уақыттан кейін жүруі керек пе, ілгері ме, қатар ма?» деген риторикалық сауал қояды. Бұл сауал шешілді ме, әлі шешілу керек пе бүгін қандай мәнде дер едік біз... Шынында, Қ. Мәдібаева әдебиеттің тамыршысындай не қажетін айтып тұрған жоқ па? Әдебиеттің қадір-қасиетін замандастарына жақсы жеткізе отырып, жинақ авторларының махаббат, соғыс, опасыздық, отбасындағы кикілжің сияқты таптаурын тақырыптарды шиырлап, «бүгінгі күннің айтпасын айтуға» батылы жетпейтінін, «егер уақыт шындығы астар болса, тіпті әлгі «атам заманнан адам өміріне негіз болып келе жатқан құбылыстар арқылы да көп нәрсе айтуға болатынын меңзейді. Міне, сыншының бағыт беруі, жол сілтеуі деген осы емес пе?

«Адам іздеген Бақыт» атты мақаласында жазушы-драматург, сыншы Серік Асылбекұлының қырық жылдан бергі шығармашылық еңбегі туралы сын-толғамдарын тұжырымдайды. Жазушының қаламгерлік қасиеті

жайлы: «Тіршіліктің мың-сан әуені бұғып жатқан бұла дарынды түртіп оятып, жаны тыншымай жазуды бастаған» дейді. Жансыз, дерексіз құбылыстарға жан бітіре суреттеген сыншыны осындай тұстарда өзі кейіптеген жазушының жан әлемімен тұтастыра танысың. Сірә да, бұл оның жазушылық өнердің қыр-сырын жетік біліп, оқып-тоқып, зерттегенінен емес, өз бойында да бір күштің бұғып жатқаны ма деп қаласың? Ол Қ. Мәдібаеваның тағы да өнермен өрелес түсіп жататын сыншылық қыры демеске болмайды. Осы мақаласында өзі де: «Оқу-тоқу, үйрену-еліктеу деген бойда қуат болмаса – бос сөз» деп Серік «кейіпкеріне» қаратып айтқанмен, автордың өз болмысын да көреміз.

1990 жылдардан бастап, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ассистент, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарған Қанипаш Қайсақызы Мәдібаева бүгінде филология ғылымдарының докторы, профессор. Дегенмен ұстаз-ғалымдардың барлығы бірдей әдеби сынға араласып, баспасөз мінберінен жиі көрініп жатқан жоқ. Расында, қанша оқып-тоқығанымен табиғатынан дарыған сөз өнеріне деген өміршең сүйіспеншілігі өнер өрісіне бастағаны ма..

Бүгін таңда Қанипаш Мәдібаева талғампаз оқырманға ұсынып отырған сын мақалалар жинағын «Адам іздеген Бақыт» деп атады. Бұған дейін де университет студенттеріне арналған ондаған оқулықтар мен оқу құралдарын, кандидаттық, докторлық диссертация жазған Қанипаш Мәдібаева сонау Жанақтан бергі ақын-жыраулардың шығармашылығынан бастап Мағжанға дейінгі поэзияның көркемдік кеңістігіне поэтикалық талдау жасаған «Өрісті өнер» (2014) атты монографиясы жарық көрді. Ал, әдебиеттанушы Қ. Мәдібаева-

ның «Қолтаңба» деп аталатын еңбегінде М. Әуезов, Х. Сүйіншәлиев, Н. Келімбетов, Р. Нұрғали, Т. Кәкішев, Б. Майтанов, А. Қыраубаева, С. Қирабаев сынды т.б. ғалымдардың ғылыми портреті жайлы мақалалары жинақталды.

Иә, Қанипаш Мәдібаева замандасы қаламгер Серік Асылбекұлы жайлы жазғанда ғана емес, қай жазушыны қаламына іліктірсе де, қиял қанатына қалай мінгенін өзі де байқамай қалатын болса керек. Ол қиял арқылы жазушының жан әлеміне еніп, ол көргенді өз көзімен қайта көріп, сана көзімен сан рет саралап, салмақтап барып, сары алтынын екшеп алып, «артығы» жайлы «ар алдында өзі жауап бергендей» арлана жазады. Өйткені, ардың ісі.. Алайда, кемшіліктің өзін біліми негізде дәлелдеп, майдан қыл суырғандай етіп жазуы сыншы мәдениетін танытады емес пе?

Қанипаш Мәдібаева аталған мақаласында жазушы Серік Асылбекұлының «Кешігіп қайтқан тырналар»(1981), «Оттан да ыстық өмір» (1984), «Мұғалімдер күні» (1986), «Сағыныш» (1994), «Ата жұртта»(1996), «Түнгі қаланың әні» (2005) жинақтарына енген шығармаларының көпшілігінде ауыл өмірі суреттелгендіктен, бүгінгі ауыл жайлы өзі де өзгеше интерпретация жасайды. Ауыл өмірін суреттеген шығармалар туралы осы күнге дейінгі сыни мақалалардағы таптаурын болған пікірлерге бой алдырғысы жоқ. Ауыл жайлы жазылған шығармалардан соны суреткерлікті көргісі келгенін байқатады. «Иә, ауыл–қазақтың мызғымас тұғыры. Әлемдік қауымдастықтың төлтума сипатты тарихи категорияларының бірі. Қазақы болмыс, ұлтжандылық, ұлттық бітім алдымен ауылда қалыптаса бастайды», – деп жазады. Сол ауылдан шыққан өрен азамат жазушы

Серік Асылбекұлы «ежелгі Жойқын дарияның мың-сан иінінің бірінде қонақтап ғұмыр кешіп жатқан шағын бір ауылдың таңы мен түн қараңғысын, тал түсі мен кешқұрымын тұтас қармап алып, жарық дүниенің қас қағым сәтінен баян тауып күліп-ойнап, қуанып, мұңайып, бір толып, бір орта түсіп, маңдайға жазған тағдырын кешіп жатқан адам өмірін алақандағыдай анық суреттейді.» Қанипаш жазушының шеберлігін «шынайы суреттейді» деп бір ауыз сөзбен қайыра салса, қазіргі оқырманның қайсысы да тұщына қоймас еді. Жазушы жайлы жазыла сөйлеуіне шығарма шымырлығы түрткі болғанмен, Қанипаштың қара сөздің қайнарынан қанып ішкендігі осылайша тізгін бермей жататыны бар. Қазіргі қат-қабат тіршілік майданында қапылып жүрген оқырманның жанын жылытар осындай күлтелі тілмен көмкерілген ой ғана оны бір сәтке селт еткізіп, кітап бетін ашқызар... Ылайым солай болса, бұл іспетті тіл де сын өнерінің қоржынына салынған бір олжа болар еді.

Автор Серік Асылбекұлының ауыл жайлы шығармаларын тұтастықта алып, қадау-қадау шеберліктерін сөз етеді. Автордың айтуынша, жазушы қауіп еткен жайдың бірі – «қасиет дарыған ауыл дейтін үлкен дүниенің замана желінің екпінінде біртіндеп болмысын өзгерте бастағаны...». «Эх, Россия» әңгімесінде «ауылды әлі таллай кеп күтіп тұрғанын» жаны ауыра жазғанын айтып, оның нағыз жазушыға тән азаматтық қасиетін әспеттейді.

Жазушының «Қоңыртаудың басында бір түп жусан» әңгімесіндегі пейзаждың психологиялық функциясына, деталь беру ерекшеліктерін зерделейді. «Баяндауға сурет дарытып жазудың классикалық үрдісін қолайлылау көретін» Серік Асылбекұлының оқырманмен комму-

никациясының тығыздығын өз сезімдері арқылы салмақтайды. Серік Асылбекұлы шығармаларында ауыл мұғалімі бейнесі жаңғыра, толыға түскені де сыншы назарына ілікпей қалған жоқ. Жазушының драматургия жанрындағы табыстарын «әңгіме, повестерінде өмір көріністерін, қилы құбылыстарды қанық, нақты бейнелеу, суретпен баяндау ерекшеліктерімен» сабақтастырады. Серік Асылбекұлы қаламгерлік жолды таңдауының сырын: «Адамға араша тұру бағытындағы балаң талпыныс бірте-бірте оның ғұмырлық мұратына ұласқан. Шекспир өз заманында көп құбылысқа ықпал ете алды. Толстой да солай. Демек, әу баста жаратқан Иенің өзі ұлы міндет артқан киелі Сөз, Сөз өнерінің мүмкіндігі зор деп түйді. Серік Асылбекұлы адамға жандауа болатын, оны ізгілікке бағыттайтын, туралық пен тазалыққа тартатын жазушылық кәсіпті осылайша таңдаған», – деп түйеді. Сын мақалада жазушының азаматтық, кісілік, отбасындағы ерен қасиеттері шығармашылық тұлғасымен тұтастықта танылады. Автор «кейіпкерінің» бақыт туралы философиясын сөз ете келіп: «Біреулер сол Бақытты айла салып, амал жасап қуар еді. Енді біреулерді сол бақыттың өзі іздеп келеді. Ниет, жүрегіне, пиғыл, пайымына келіп қонақтайды.», – дейді.

Қанипаш Қайсақызының әдеби сын мақалаларынан танылатын тағы бір ерекшелігі – жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылығын әдеби процеспен өзектес қарастыратындығы. Мысалы: «XX ғасырдың өн бойында қазақ прозасы қилы көркемдік бағытты бағындырды. Жазу өнерінің даму үдерісі аса бір қарқын алған тұстар болды. Ұлттық болмысы қанық, әлемдік өріске ұмтылған шеберлік мектептер қалыптасып дамыды. Қашаннан сөзге ынтық, сусап отыратын қазақ дейтін қалың

халықтың қабырғалы қаламгерлерінің қатары ұдайы толығып, молығып отырды. Кезең-кезеңімен әдебиетке тың ағыстар қосылды», – деп жазады. Қанипаш Қайсақызы өзі де осынау әдебиет айдынына қаламын ескек етіп келе жатып, көзі шалған айқын ағыстардың Серік Асылбекұлы шығармашылығы болатын... Енді ол «Алам іздеген Бақыттың» кейіпкері десек болады..

Қ. Мәдібаева «Айтматов шолған қиырлар» мақаласында «адамзаттың Айтматовы» атанған ұлы тұлғаны пір тұтатын қалың оқырманының бірі қатарында әңгіме өрбітеді. Абайды, Айтматовты оқудың азайғандығына қынжылады. III. Айтматовтың «Шыңғысханның ақ бұлты» повесінің енді ғана қолына тигеніне кімді кінәларын білмейді: «Іле-шала, әлгі өзім енді ғана оқып шыққан «Шыңғысханның ақ бұлты» повесі кезеңінде тұтас ағзадан қателескен оташыдай сылып алып тастаған «Боранды бекет» – «Ғасырдан да ұзақ күнді» қайта оқып шықтым. Жаным түледі, жадымда зу етіп өте шыққан жас ғұмырымның дүниеден сыр аулаған балаң болмысы жаңғырды... Шығарманы бұл оқуым бұрынғыдан, әрине, бөлек.» Оқырманмен байланыс орнату үшін бұндай пролог та қажет шығар.. Рас, Шыңғысты қайта оқып отырған қалың оқырманның бірі емес екенін аңғарасың. Айтматов құдіретіне құр ынтығып, тамсанып қоймайды. Қанипаш Қайсақызы сол ынтығудың, сол тамсанудың сырын іздейді.. Ол мақаласында: «Адам атты жан иесінің әкетіп бара жатқан артықшылық туралы осал ұғымдары бар. Артықшылықтың асып-тасыған барлықпен, аспандатып еліктіретін атақдаңқпен, биіктен төмен астамси қарайтын билікпен өлшенетін өлшемдері болмаса керек. Артықшылық–Алладан, жаратылыстан дарыған адамдық ұстанымдарда.

Бұл–Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығындағы алдамайтын айқын, мөлдір ағыстардың бірі», –деп жазушы шығармашылығындағы адамгершілік ұстанымның аса тегеуірінді көркемдік әлеуетін пайымдайды. Жазушы ұлылығының бір құпиясын: «Боранды Едігенің ғана емес, жаны сүйіп, қалап тапқан жандардың тіршілік қаракетіне бір дәуірдің, қала берді жалпыадамзаттық тағдырдың талайын ұлттық болмыстың ауқым-аясына тұтастыра қамтып жазу шеберлігі, құпиясы Адамзаттың Айтматовын туғызды», – деп танытады. Әрине, айтылмай жүрген толғам емес, алайда сыншы өзіндік тоқтамға келеді. Бүгінгі «жүрегі байлаулы» емес оқырманға бұрынғы тұжырымдарды жаңғырту, толықтыра түсу аса қажеттігін сезінеді.

Қ. Мәдібаева: «Шығармаға кезінде алынып тасталып, енбей қалған «Шыңғысханның ақ бұлты» баяны ұлы даланы бағындырам деген астамдықтың адамшылықтан тайған соң ақыры немен тынарын аңғарту міндетін ұстанғаны аян...Түз түлкісі түнде бекерден бекер байыз таппай жортар ма. Түйсігі бөлек тағы аң тербелген тіршіліктің тыныштығы шайқалғанынан секем алып сергелдеңге түскен.», – деп жазушының адам астамшылығы түбінде оның өз басын жарып қоймай, табиғатқа зауал келтіріп жатқанын «жаңғыртуда жаңа бір көркемдік кеңістік түзетінін» айтуымен өзінің сыншылық қырын танытады. Сондай-ақ: «Шыңғыс Айтматов «дүниенің қарапайым құбылыстарын әлемдік құрылым заңдылықтарымен астасып жатқан мән аясында таниды», –деп өз танымының да көкжиегін аңғартады. Рас, әлемге мәшһүр болған Айтматовтың қандай мәселені де әлемдік көркемдік кеңістікке алып шығатыны бұрын да сан мәрте айтылып-жазылғанмен, оны Қанипаш

Қайсақызының өзіндік көру нүктесінен танып, сыни толғам-тоқтамдарын оқырманын ой орманына енгізетін философиялық астары қалың тынысты тілімен тербете алуы да сын өрісіндегі өзгеше беталысты байқатады.

Иә, мақала авторы кемеңгер жазушы Айтматов Едігенің Зәрипаға деген махаббатын да «адамзаттық шырқау биіктен жан қосып, жан қозғап жырлайтынын» айтады. Романдағы махаббат пен ғадауат, өлім мен өмір мәселесін қозғай отырып, олардың тайталасып барып табан тірер шегін сөз ете келіп, Қанипаш Қайсақызы: «Дүниенің тоқтамы-дінде. Сапырылысқан, сандалған ойдың тұсалып, тиянақ табар тұсы – осы», – деп Айтматовтай алыптың бұл тектес өмірлік ұлы ұстанымды кейіпкері Едігенің ойы арқылы жеткізудегі шеберлігіне ғана емес, даналық шешіміне оқырманды тәнті етеді..

Рас, Қанипаш Қайсақызының «Айтматовтың адамзатпен бірге жасай беретін заңғар суреткер екендігін айқындалған үстіне айғақтай» беретін дәлел-дәйектері көп: жаңашыл бағыты, әлемдік мектебі, қазіргі қазақ прозасындағы Айтматов дәстүрі, дәстүрлі баяндауға жаңа сипаттар дарытқандығы, қазыналы тілі...

Әдеби сын саласында өзін-өзі шыңдаумен ешбір тынымсыз оқып-тоқып, тоқтаусыз ізденіс үстінде жүрсе де, өзі жастайынан ынтыға оқыған шетел әдебиетіне тіс батыруға батылы да бара қоймады, ары да жол бере қоймады. Десе де, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Теодор Драйзердің «Сестра Керриін», ағылшын классик жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты Р. Киплингтің «Шағын ертегілерін» қазақшаға сәтті аударған еді.

Қазіргі ғалымдық-ұстаздық, сыншылық қарым-қабілеті толысқан шағында «Қазақ романының көркемдік

өрісі» аталатын компаративистік талдауға құрылған әдеби сын мақаласын «жазбасқа шарасы қалмаған сәтінде» ғана қолына қалам ұстаса керек. Өзі жастайынан бас алмай оқыған Бальзагы екен. Эмиль Фаге, Лансондар «надан көрінетін Бальзак дегенге дейін» барса, ақын Готье мен Ипполит Тэн «Адамзат әжуасында» «тосын, батыл және жеке құбылыстардан жаңа әрі маңызды байламдар жасайтынын айтыпты». Дегенмен, отандастары оны ұлы дарын деп танитыны мәлім. Мақала авторы Оноре де Бальзак жайын бүге-шігесіне дейін білетінге ұқсайды. Бальзакты зерттеген Пьер Барберистің де еңбегімен таныс екенін аңғартады. Бальзакты ірі реалист деп танитын әдебиеттанушы ғалым Қ. Мәдібаева: «Бальзакты сіңіру үшін оның стиліне ден қою керек. Бальзак құйылған қорғасындай зілді сөз қолданыстарға бейім, ол сөздің сөлін сезініп отырып жазады. Оның әсірелеулері мысықтабандаған мысқылмен суарылған, оның сөз айшықтарының астарында адамның арғы сырлары қылаң беріп тұрады, мығым, берік ұстанымдар жоталанып жатады. Күрделі оралымдардың арқауында адамдардың күрсінуді мен күңіренуді, тығырыққа тіреліп таусылған сәттері ашылады. Ол сомдаған адам бейнелері мызғымайтын мүсіндей әлуетті. Оның қаламы көбіне елеусіз ғұмыр кешіп жатқан кәдуілгі адамдарды сомдауға бейім. Сонымен бірге, ол соншалықты нәзік әрі берік кісілікті бейнелерді де шеберлікпен тұғырға қондырды. Көше бойын, үй-жайды, бөлме ішін суреттеуінде адамның тіршілік тынысын дарыта жазады, кез келген сәт, құбылыс, әрекет оқушыға айтарын айдан анық жеткізіп береді», –деп ұлы дарын ханында тұғырлы тұжырым жасайды. Шынында, қазіргі қазақ әдебиеттануында есімі танымал Қанипаш Мәді-

баеваның қай жазушыға да салмақты, салиқалы баға беруге парасат-пайымы жететініне ешкім шүбә келтіре алмайтынына көз жеткізуге болады. Біз жоғарыда, Қ. Мәдібаеваның мақаласынан келтірген мол үзіндінің тінін үзбей беруді жөн санадық. Өйткені, онда бір-бірінен бөліп-жаруға келмейтін ой желілері Бальзактың жазу мәнерінің құпиясын ешқашан айтылмағандай аңсармен жеткізеді. Оқырман өзін жазушы лабораториясына еніп кеткендей сезінеді. Одан қалай жазуды үйреніп жатқандай болады. «Кішкентай» кейіпкерлерінің мінез-құлқын танып, көңіл-күйін сезінеді. Жазушының оларды қалай мүсіндегенін көзімен көреді, жазушы суреттеген заттық әлем де көз алдында ап-айқын бұған таныс қалпында тыныстайды...Шынында да, сыншы атаулының сезгірлігі өзі ғана сезініп қоймай оқырманды да ұлы өнерге ынтықтырып қоятыны қалай десек, сын өнерінің де бір мұраты орындалғаны емес пе?.. Қанипаш Қайсақызының Бальзак туралы бұдан өзге пікір-дәлелдері де әлгі тұрлаулы тұжырымының төңірегінде тиянақ табады. Қ. Мәдібаева: «Қазақ әдебиетінде кең тынысты роман ауқымына тартып, адамды оның ортасымен астастықта аялап айтқан туындылар бар», – дей келіп, М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясын Бальзак туындыларымен теңдес, өрелес қарап, окшау-окшау озық сипаттарына қанықтырып, сұлу өрілген сүмбілдей сөздерінің айшықтарына көз қарықтыра жазады. Даналық пен даралық мәнердің шексіз шеберлігіне қайран қалдырады. Өз дәуірінің ақиқатын ақтара жазып, кемел суреткерлік шеберлікке психологизм арнасынан жол іздеген замандасы Жұмабай Шаштайұлының «Аяз би» романын «қазақ романдарының тұтас шоғырында

қазіргі заманғы романның әлеуметтік-психологиялық үлгісін дарытуда кеңістік аша келген туынды болды» деп бағалайды.

Қанипаш Қайсақызы «Таутұғыр» аталатын мақаласында жазушы-сыншы, әрі ғалым, баспагер Тұрлыбек Мәмесейітовтың «Түсіме тау кіреді» деген прозалық жинағы туралы пікір өрбітеді: «Мақсаты оқиға қуу емес, ой айту да емес, тіршілікті сезінту». Авторға ұнамайтын құбылыстар алдыңғысы, ұнайтыны –соңғысы. Соңғысы дарынды деген жазушылардың бәрінде кездеседі, бірақ жаңалық емес, солай болмаса несі шығарма дерсің, алдыңғысынан қалыптасып келе жатқан қаламгерді сақтандыруы жөн. Дегенмен, осындай карама-қарсылықтарды сын мақалаларында Қанипаш Қайсақызы жиі келтіріп отыруды өзіндік үрдіске айналдыруын әдебиетті жат құбылыстардан тазарту амалы десек болады. Сөз етіп отырған жинақтағы жазушының «Жамансай» повесінде бақытсыздықтың жан түршігерлік қасіретін жеткізудегі шыншылдығын таныса, «Сөнбеген шырақ» повесінде әлеуметтік жайларды сыналай кіргізгенін байқатады: «Әйел мехнаты социализм «толық» жеңген елдегі –«бөріктінің қолтығында кетуі». Көнбіс аналар, момақан әйел бейнесі.» Қанипаш Қайсақызының бұл тектес толғамдары феминистік әдебиеттанудан өз орнын табатыны айқын деуге болады. Жазушының кей тұста тым тәптіштеп кетуін сынайды: «Сенімсіз оқиғалар жүр. Көтерер жүгі повеске келмейді, көлемі ғана повесть. Шығармаларының әлеуметтік ауқымында шалалық бар. Қалыптасып келе жатқаны даусыз. Көркемдік дейтін сиқырды қалам ұшына қалықтатқан құйтымдай құпияларының айғағы –«Түсіме тау кіреді». Сірә да, мақала авторы тау қой-

нында өсіп, тау адамының мінез-құлқын жіті таныттыңдығын байқатқан, өзі де сын саласында қалам тербеп жүрген замандасының динамикалық портрет берудегі қарымының қарпуы осал еместігіне іштей риза болса да, кемшілікке келгенде «кең болсаңға...» жол бермеуді қашанда жөн санайтынын аңғартады.

Жинақ авторының «Қазақ әдебиеті» газеті бетінде жарияланған осы іспеттес бір мақаласы «Атың адам болған соң...» деп аталады. Мақалада жазушы Н. Қазыбековтің «Ағайын» атты повестер мен әңгімелер жинағындағы ізгілік, адамгершілік мәселесі, таныс-бейтаныс жайы сөз болады. Кемшілігін көп ашқанмен, әңгімелері көңіл толтыратындығын айтады. Ал, повестерін әлі де пісіре түсуді ескертеді. Бұл кезеңде өзі де қалыптасу үстіндегі жас сыншының албырт ойларына аға толқын аса алаңдамаса да, алмастың жүзіндей жарқ ете қалған пікірі еріксіз ес жиғызғандай еді. Қазір әдеби сын осындай шынайы сынға қат боп отырған сыңай танытады. Бұл күнде ғылымның да, сынның да қиырын шолып, толысқан тұста Қанипаш Қайсақызының сыни толғам мен тоқтам айтуда ақ сөйлеуден жазбаса екен дейміз.

«Адам іздеген бақыт» жинағына енген «Өмір мен көркем шындықтың арасы» мақаласында белгілі жазушы Молдахмет Қаназовтың әдеби бәйге иеленген «Чика – Дабылдың баласы» повесінің көркемдік сипаттары ашылады. Негізінен Арал тағдырын өзек еткен шығарма туралы мақала авторы: «Повесть ауыр кезенді суреттесе де, жазушы оны қуақы юмормен жазып шыққан. Чика – бір бақыты кемдеу халық перзенттері туралы» – дейді. «Арна» повесі жайында: «Сағын шүпілдеп тұрған проблеманың ортасында жүр. Арал туралы

проблеманы жазушы баяғыда-ақ құлаққағыс еткен. «Арна» - қоғамның рухани ахуалына батыл бойлаған шығарма» – дейді. Қаназовтың және бір көтерген проблемасы – әйелдер өмірі, ене-келін жайы («Суық көлеңке») екенін, Жанзиядай мейірімсіз келіндердің отбасына ғана емес, қоғамға да, әсіресе бала тәрбиесіне көп кесепат әкелу қаупін бажайлауымен маңызды екенін бағалайды. Автор М. Қаназовтың суреткерлік жайына ойыса келгенде: «Шеберлік пен шындық қатар шапқанда ғана көздегенінді іліп түсесін» – деген байлам айтады. Сыншының көзі қырағы, М. Қаназовтың бала тілін жақсы білетіндігін таниды. Жазушының «ахахуға көп әуес емес» байыпты мінезіне сай жазушылық мұратын да сөз етеді. Пікір иесі бұларды да шығармашылықтағы ұсақ-түйек нәрселер деп қарамайтынын білеміз. Дегенмен, мақала авторы жазушыны кіл мақтаудан аулақ. Өткенді жандандыру қандай қиын. «Саяқ» деген шығармасы сынға ұшырады. «Жетінші класы...» көпті таңдандырды. Шебер жазушы. «Егіліп езілмей-ақ, асқақтап аспандамай-ақ, бүйірінді бүлк еткізеді», – деп жазушының кейіпкерлерін Шукшин әпенділеріне, Хемингуэй, Пришивиндердің жазу мәнеріне ұқсатады. «Өз шындығы бар, адал жазушы, құр еліктеуші емес», – деп бағалайды. Қанипаш Қайсақызы аталған мақалада ғана емес, қашанда оқырманды әдебиеттің ұлы мұраттарына баулудан танбағандықтан: «Әдебиеттің мұраты – адамды пендешіліктің тоты баспаудан арашалау. Әдебиеттің мақсаты адам атты құпияның ішкі-сыртқы әлемін, пиғыл-ниетін астастыра айшықтау, ашу», – жиі ескертіп отырады.

«Жылаған теңіз жоқшысы» мақаласында Қанипаш Мәдібаева 80-жылдар әдебиетіндегі теңіз тақырыбын

тілге тиек етеді. Сол кезеңде жас жазушы саналған Қуаныш Жиенбаевтың «Жалғыз желкен», «Теңіздегі бір тамшы», «Құлан жанарындағы ғұмыр» жинақтарын талқыға салады. «Әдебиетке тек қана теңіз деп келген бір жігіт бар еді» деп сөз суыртпақтаған мақала авторы, жас жазушының әдебиетке «қолайсыз, өнімсіз жылдарда» келіп, қалыптасқандығын айтады. «Оның негізгі тақырыбы – адам, қоғам, табиғи апаттар. Қуаныш уақиғаның шешіміне, даму барысына байланысты кілт бұрылыстар жасауымен оқушыны оп-оңай алып түседі» – дейді. Сондай-ақ Қ. Мәдібаева жазушының «алғашқы әңгімелерінде жүректегі бар қыжыл, бар сезімді шеберлікпен түсіру жағы жетпей жататын» ашық айтып өтсе, енді бір тұста оның «әлдекімдердей ділмарсымай, пәлсапа соқпай, қарапайым жазатынына» көңіл тоқайтады. Кейде марқайта мақтап отырып та, орып түсуден тайсақтамайды. Ондайда кітап беттерінен мысал келтіріп, дәйектеп отырады. Мұндайда жазушының тырп ете алмасы анық. Қ. Жиенбаевтың «Жалғыз желкен» кітабының «сылбыр оқылатынын, драматизм шықпай қалғанын, әрі-сәрі тіркестер көбірек болып келетінін» бүкпесіз айтады. Дегенмен, «адам табиғатының мың-сан құбылысы «Теңіздегі бір тамшыда көрінеді» деп, Қуаныштың «өз соқпағын іздеген жас жазушы екенін, қалам қитұрқысы артып келе жатқанынан» үміттенеді.

Қ. Мәдібаева 80-жылдарда әдебиетке келген жазушы Жәлел Кеттебековті әуеден-ақ жас дарын деп бағалаған еді. Қашанғы әдетінше, автор оқырманға нашар шығарма сықпыты қандай болатынын айтып алады. Жас жазушының «Балалық шақпен қоштасу» деген кітабын қолға ала отырып, жазушыда ізденіс мол екенін байқайды.

«Кітап бала сезімімен, қиялымен, түсінік-түйсігімен адам тірлігінің мәніне деген үлкен сауалға жауап беруге тырысады», –деп автордың баяндау ерекшелігіне көңіл аударады. Автордың айтуынша, шығарманың кейіпкері Балташ – бала. «Шығарма тілі аса жанды, тың теңеулерге толы. Автор дәстүрлі әдіс, қолданыстан қашқақтайды. Бала жанына, таным психологиясына сәйкес тіл қолданысын ауыстырып қолданады. Ғашықтар жаны адамды сендіреді. Өзім солай болып едім деп қаласын», –деп шығармадағы ғашықтар халін суреттеген тұстардан мысал келтіреді. «Биғара жырау Балташ үшін ұлы адам. Романда Балташтың нағашы әжесі де керемет адам. Жазушы адам бойындағы психологиялық, әлеуметтік өзгерістерді астастыра суреттейді. Балалық шақпен қоштасу жеке Балташқа ғана емес, жалпы адам баласына тән. Үшінші жақ пен бірінші жақты астастыра, баланың көңіл-күй сезіміне қарай құбылта суреттелген шығарма тартымды оқылады. Балалық- даналыққа бастар жол, оны ұмытпа дейді жазушы. Шығарма жанрын сатиралық роман деу қисынсыздау. Күн құдайы дегенше қазақ аңыздарына сүйенгені жақсы еді.», –деп шығарманың маңызын да ашады, кемшілігін де атайды. Ж. Кеттебеков, С. Асылбеков, М. Асылғазин әңгімелері туралы пікірлері «Адамның кейбір сәттері» мақаласынан да орын алды. Қ. Мәдібаева аталған рецензияда: «Серік те, Мейрам да, Жәлел де адам бойындағы тіршілікті сезіну, сүю құдіретінің құпияларына бойлауды, бойлатуды көбірек қалайды. Қарапайым «кішкентай» адамдардың тағдырмен тайталасын көрсетеді. Жәлел әңгімелерінде оқиға жоқ, тек диалогқа құрылған. «Сағыныш» әңгімесінен Сайын, Қажығали, Тынымбай мәнері танылады. Адам жанын зерттеу жағы әлі жетіспей

жатыр», – деп адам жаны проблематикасына, жаңғыру, жарылу проблемасына, формалық ізденістерге, стильге қатысты соны пікірлер тұжырымдайды.

Қ. Мәдібаева прозаға ғана емес, поэзияға да қатысты әдеби сын мақаларды дер кезінде жазып отырды. «Өлең өзегіндегі өмір» деген мақаласында белгілі ақындардың бірі Бақыткерей Ысқақтың өлеңдері жайлы қозғайды. Ақынның «Өлеңнің тууы» атты жырын талдайды. «Ақын өлеңге өкінішін құяды. Арғы ата-бабаның тарихтағлымы, замандастың жан әлемі көрінеді» – деп ақын өлеңдерінің тынысын сезеді, поэтикалық тәсілдерін айқындайды. Х. Ерғалиев сынды ақынмен қатарластыра қарап, «сәулелі тікестеріне» мән артады. Мақала авторы: «Б. Ысқақтың «Жұрттағы үйі» – ауыл азасы», – деп, ақынның «адамдық таза қалпымен ғұмыр кешкен» жан екенін әспеттейді. Бақыткерей ақынның «өзіндік көркемдік танымы, жазу тәсілі, отты, ойлы орамдары» хақында ой толғайды. «Жүрекпен сөйлейтін» ақынның «өмір бойы жырланып келе жатқан теңізді көру, сезіну, оның суретін салу шеберлігі – назар аударуға тұратын тәсілдер» деп жазады. Сондай-ақ, Қ. Мәдібаева: «Домбыраның дауысы» сынды елдік рухпен суарылған өлеңдерінде тосын астастырулар аз емес. Оның Бекзат Саттархановқа арнаған поэмасы- көкейтесті күй. «Мұздай шындық» өлеңін де әлеумет жайы шырмаған. Ішкі ұйқасқа құрылған өлең, ұйқассыз өлең түрлері, қос тармақты қайырымдар, он бір буынды болғанмен, ырғағы, бунақтағы буын санының орналасу реті Бақыткерейде бар. Тәртіпке бағынбай жатқан шумақ, түйдек-оның өлеңдерінің ерекшелігі. Болбыр оқылатыны да бар. Ағылып келетін құнарлы оралымдар оның өлеңіне поэтикалық қуат береді» – деп өмірі «өлеңге байланған

ғұмырдың шын таза болмысын көрсеткен», –деп ақын өлеңдерін талдауға көшеді. Бұл тұстағы Қанипаш Қайсақызының өлең құрылымы жайлы тұжырымдары сыншының әдеби-ғылыми теориялық білімінің тереңдігін айқындайды. Оның басқа да ғылым-теориялық мазмұнға ие сын мақалаларының қатарына аталмыш жинаққа енгізілген Ж. Нәжімеденов, Д. Әшімханов, Р. Мұқанова секілді көрнекті жазушылар мен ақындар жайлы басқа да сыни әлеуеті жоғары туындыларын атауға болады. Алайда, біз оларды интерпретациялауды саналы оқырманның өз еншісіне қалдыруды жөн санадық.

Десек те, қазақ сын өнерінің өз бағындырған биігі, өз өресі мен өрісі бар, сыншыға қояр талабы да қатал, зор екені белгілі. Сол ұлы өрісте өз жолымен ғана жүріп, үнсіз ғана іс тындырып келе жатқан адал да еңбексүйгіш жанның бірі –Қанипаш Мәдібаева. «Адам іздеген бақыт» атты бұл сын мақалалар жинағы оның ғалым-ұстаз ғана емес, әдебиет сыншысы екенін айғақтайды. Кәсіпті, өнерді үйренуге, тынымсыз еңбек арқасында ғалым дәрежесін иеленуге де болады. Ал, шынайы жазушы, сыншы атану әркімнің қолынан келе бермесі анық. Рас, «өнерді үйрен..» десек те, жазушылық үйренуге болмайтын өнер болып табылады. Өйткені, өнердің бұл тектес түрлері табиғи дарыннан туады. Сол жазушылық өнердің құпия сырларын тануға келгенде, жазушының өзімен иық тірестіре алатын тең тұлға – өз заманының озық ойлы азаматы әдебиет сыншысы болса керек. Өнер туындысының көркемдік құпиясын ашу, оның шынайы заманауи бағасын беру міндеті сыншыға жүктеледі. Сондай орасан зор міндетті атқаруда сыншының эстетикалық талғамының деңгейі танылары анық. Эстетика ілімі бойынша, талғам ұғымы, оның

болуы мен болмауы, дамып жетілу дәрежесі эстетикалық қарым-қатыныстарды қабылдау мәдениеті, оларды саралай қабылдау өлшемі, сондай-ақ олардың әрқилы белгілерін жинақтап тұтастықта тани білу талабы мен қабілеті болып табылады. Рас, сыншыға табиғатынан дарыған алғыр ақылы, сергек сезімі сүйемел болғанмен, эстетикалық талғамының биік болуына, дүниетанымы мен ой өрісінің өсуіне өмірлік тағылым-тәжірибе, жанкешті еңбекқорлық, табанды ізденіске толы шынайы үздіксіз білім ықпал етері даусыз. Жазушы «өзінен шыққан» жаратындысының бойына дарытқан дара сипаттарын жыға танып, жіліктей жазғанымен, сөз сілемдеріне сіңісіп, сілтідей тұнып жатқан түпкі мәннің (смысл) мәнісін түсінуді оқырманның еншісіне қалдырары хақ. Алайда, бұл түсінуді бүгінгі герменевтика (өнер және мәтін талқылау теориясы) ұғымындағы түсінумен алмастыратын болсақ, оқырман деп отырғанымыз, қарапайым оқырман емес, сыншы оқырман-интерпретатор болып шығады. Ал, герменевтика тілімен айтқанда, интерпретация дегеніміз – мәтінді, шығарманы шығармашылықпен игеру, жаңғырта, толықтыра талқылау. Әдебиет теоретигі В. Е. Хализев: «Ф. Шлейермахердің айтуынша, мәтінді талқылаушы-интерпретатордың міндеті сөзді сөйлеушінің өзінен де жақсы, анағұрлым жақсы түсіну, тіпті оның «анық ұғына алмағанын» анық ұғынып, сөзге қосымша айқындық беру, жарық түсіру, айқын сөздегі жасырын мәнді ашу болып табылады», –деп көрсетеді. («Теория литературы», стр.129. ауд. – Р.Ә.) Міне, герменевтика өнері мәтінді, көркем шығарманы талдаудың, түсіндірудің осындай жаңашыл бағыттарын белгілейді.

Алайда, біз зымыран уақыт жүлгесінде әл-Фараби университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, өткен жылы ғана ҚР БЖҒм тарапынан ЖОО-ның оқытушыларына жыл сайын берілетін сыйлықтың –«2012 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері атанған танымал әдебиеттанушы Қанипаш Қайсақызы Мәдібаеваның сыни еңбектерінен де герменевтикалық талқыға құрылған жаңашыл сипатты танитын боламыз. Дегенмен, Қанипаш Мәдібаеваның қалың оқырманға бет түзеген «Адам іздеген бақыт» атты сын мақалалар жинағына оның еңбектерін баспасөз беттерінен үзбей оқитын оқырманының бірі қатарында ғана аз-кем пікір білдіріп, шығармашылық табыс тілемекпіз.

ШОРТАНБАЙ АҚЫН МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жаңа уақытта XIX ғасыр әдебиеті жөнінде іргелі Еңбектерімен танылған зерттеушілердің бірі – профессор Қанипаш Мәдібай. Ол өзінің «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (2001) атты оқу құралында аталмыш тарихи дәуір әдебиетін зерттеп-зерделеудегі мақсатын айқын танытады. Еңбектің алғы сөзінде автор: «XIX ғасыр әдебиеті көп жанрлы, алуан үлгідегі әдебиет. М. Бахтин әдебиеттің тарихын дәуірлеуден гөрі, жанрлардың туып-жасауы, көркемдік дәстүр эволюциясы көбірек мәнді екендігін өткен ғасырдың 20-жылдарында-ақ айтқан еді»(1, 14), –дей келіп, ұлттық әдебиетіміз жаңа сапада бой көрсеткен дәуірдің мол мұрасын тұтас жүйеде қарастырып, оның тарихнамасын жасауда жанрлық тұрғыдан терең жүйелеудің маңыздылығын көрсетеді. Осы тұрғыда автор оқу құралында XIX ғасыр әдебиетіндегі өлең үлгілерін: « I тарау. Қисса өлең. II тарау. Тарихи өлең. III тарау. Өн өлең. IV тарау. Айтыс өлең. V тарау. Зар заман өлең », -деп бөледі.

Еңбекте зерттеуші XIX ғасыр әдебиетін зерттеу ісіне тоталитаризмнің кері ықпалдары болғанына қарамастан, оның шынайы көркемдік сапасын бағалаған тұжырымдарды алға тартады. Ол ең алдымен, Х. Досмұхамедұлының, М. Әуезовтің, С. Мұқановтың XIX ғасырда жазба әдебиеттің тууы жайлы тұғырнамаларынан бастау алғандығына көз жеткізеді. Х. Досмұхамедұлының авторлық әдебиетті XIX ғасырдың бірінші жартысынан

басталады деп жобалап, оны халық поэзиясының діни және ғибраттық түрлерінен іздегендігіне, халық әдебиетінің хатқа түсірілу, жинау мен аудару жайларына байланысты пайымдарына назар аудартады. М. Әуезовтің жазба әдебиеттің зар заман ақындарынан бастау алғандығы жайлы тұжырымына айрықша тоқтала келіп: «М. Әуезов түрлі саяси күйдің әдебиетке жаңа сарындар, әлеуметшілдік, азаматтық бағыт әкелгенін айтты» (1,6), – деп жазады. Сондай-ақ, зерттеуші Қ. Мәдібай С. Мұқановтың «Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиеті тарихынан очерктер» еңбегінің құнды қырларын аша түседі. С. Мұқановтың XIX ғасыр әдебиетін кезендерге жіктеп, айтыс үлгілеріне айрықша мән бергендігін, Махамбет, Кенесары қозғалыстары өзек болған шығармаларды терең талдап, сол тарихи жағдайлар шындығын батыл бағалағанын танытады. Рас, XIX ғасыр әдебиетінің көркемдік құбылыстары жоғарыда сөз болған айтулы үш тұлғаның ғана еңбектерінде тұжырымдалып қоймай, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Әдебиеттану ғылымының үздіксіз дамып отыруы жаңа бағытты зерттеулерді молайта берері анық. Біз сөз етіп отырған зерттеу еңбегін осы санатта қарастыруға болады. Алайда, автор өз зерттеуіне XIX ғасыр әдебиетінің болмыс-бітімін, бағыт-бағдарын, көркемдік құндылықтарын зерделеген еңбектерді әдіснамалық негіз етіп алады. Сөйте тұра, зерттеуші «XIX ғасыр әдебиеті сол дәуірде жасаған әдеби жанрларды саралауға, көркемдік-саяси ағым, бағыттарды қарастыра, айқындай түсуге әлі де зәру»(1,9), – деп жазады. Алайда, профессор Ханғали Сүйіншәлиев жазған кейінгі оқулықтарда зәру мәселелердің ескерілгеніне ой тоқтатады. Әсіресе, белгілі ғалым Құлмат Өмірәлиевтің XIX ғасырдың орта тұсындағы қазақ поэзиясының көркемдік

қырларын танытқан теориялық тұжырымдарын жоғары бағалайды. Оны «XIX ғасыр поэзиясын жанрлық, стильдік тұрғыда мүлде жаңа сапада, таза теориялық талаптар тұрғысынан арнайы, алғаш қарастырушы» ретінде танытады (1, 12). Сондықтан, XIX ғасыр әдебиеті жөніндегі зерттеулерде «зар заман» әдебиетінің айтулы өкілі Шортанбай Қанайұлының шығармашылығы ауызға алынатыны хақ. Қ. Мәдібай біз сөз етіп отырған «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты зерттеуінде сол еңбектердің ешқайсысын сырт қалдырмай, ғылыми зерде көзінен өткізіп, уақыт өткен сайын әдеби мұраға көзқарасымыздың тыңайып келе жатқанын пайымдайды. Солай болғанмен де, әрідегі Әуезов секілді ғалымдар «зар заман» әдебиетінің айтулы өкілі деп таныған Шортанбай ақын мұрасының профессорлар Б. Кенжебаев пен Х. Сүйіншәлиев құрастырған 1990 жылғы «Қазақ әдебиеті тарихы» бағдарламасында «XIX ғасыр әдебиетіндегі халықтық шығыстық сарындар» атты бөлімде қарастырылғанын (1,11) атап көрсетеді. Дегенмен, бұндай шарттылықтардың негізсіз еместігін әдеби үдерістің «шекара, шектің жөніне көне бермейтінімен» түсіндіреді. Демек, ғалым Қ. Мәдібай аталмыш дәуір әдебиеті өкілдерінің «репертуарында поэзияның бірнеше жанрына тән мұралар болды» деген Қ. Өмірәлиевтің жанрлық тұрғыдағы тұғырнамасына табан тірей отырып, оны зар заман әдебиетіне де, Абайдан бергі әдебиетке де қатысты айтуға болатынын межелейді (1,12). Қ. Мәдібай Құлмат Өмірәлиевтің аталмыш ғасыр ақындарының бір тобын өлең үлгілеріне қарай жіктегенде, әрі суырып салып ауызша шығаратын, әрі жазып шығаратын екі топқа қатар телігенін, «Дулаттың соңын ала шыққан» Шортанбайды зар заман жайлы толғаулар ту-

дырған «бөлек тұрпатты ақындар» санатына қосқандығына шүбә келтірмейді.

Зерттеу еңбегінде Қ. Мәдібай Шоқан, Радловтардан бастау алған XIX ғасыр әдебиетін өлең үлгісіне қарай жүйелеу үрдісінің А. Байтұрсынов зерттеулеріне қазақ болып, Х. Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С. Мұқанов тұсындағы зерттеулерде дамып, Х. Сүйіншәлиев, Ә. Қоңыратбаев еңбектерінде орнығып, З. Ахметов еңбегінде айрықша негіздемелермен ашылғанын, Қ. Өмірәлиев зерттеуінде жаңа бағытта өрістегенін кең ғылыми пайыммен танытады. Әйтсе де, бағалауды бағалаудың оңай болмасы анық, Қанипаш Мәдібайдың ғалымдық қарымы, сарапкер сыншылық қабілеті осы орайларда айқын төбе көрсетеді.

Қ. Мәдібайдың аталмыш еңбегінің V тарауы «Зар заман өлең» деп аталатынын жоғарыда ескерткен едік. Осы тараудың бір бөлімін ғалым Шортанбай ақын шығармашылығына арнайды. Дегенмен, ғалымның осыған дейінгі 1993 жылы Кәмел Жүністегімен бірге құрастырған «Шортанбай жырау» атты жинаққа жазған алғысөзіндегі салиқалы пікірлерін аттап өтуге болмас. Бұнда да, ол М. Әуезов «зар заман» деп атаған дәуірдің өкілі Шортанбай ақынның өлеңі сан мәрте уақыт таразысына тартылып, «шын салмағы уақыт таразысының өлшем мөлшерінен ауыр түсіп» жатқанын бағамдайды (2,4). Шынында да, зерттеушілер дүниеден озғанына бір ғасырға жуық уақыт өткен Шортанбай мұрасының әр кезде-ақ саясат салқыны тигеніне қарамастан, көркемдік құндылықтарын жоғалтпағанын, керісінше әлеуметтік маңызының асқақтай түскенін айғақтайды. Қ. Мәдібай осы тұрғыда: «Шортанбай өз уақытының, қазақ қоғамындағы қасіреті мол дәуірдің қалың қара бояуын өлеңге көшірді. Халқының айдағанда көнбес

асау мінезін аңсады, ар-намысын жоқтады. Қатпар-қатпар сұмдығы көп зымиян үстемдікке бар дауыспен қарсылық айтты. Сөз семсерін сермеді. Ту сыртыңнан келіп білдірмей басып, тыпыр еткізбей көгендеп тастаған опасыздықтың уын ішті. Жанталас шақтың жан айқайы болып, аспанға шапшыды. Уды умен қайтарып, ащы зар төкті. Шыр айналған опасыз жалған дүниенің ұстараның жүзіндей өткіріне жүзін тосты» (2,9), – дейді. Ғалымның осы байлам, түсіндірмесі Шортанбайдың неліктен «зар заман ақыны» аталғанын айғақтап қана тұрған жоқ. Шортанбай шындығын жанұшыра қорғаған ғалымның да қайраткерлік болмысын танытпай ма? Сондықтан да ол аталмыш жинаққа берген алғысөзінде: «Енді бізге «Зар заман ақындары» деген айдар төңірегінде тәжікелеп, бірденені ұғындырып, дәлелдеудің, сипақтаудың қажеті жоқ. Тарих бізді ол екіжүзділіктен құтқарды» (2,9), – деп тәуелсіздік тізгінін қолға алғанымызға шын қуанышын сездіріп өтеді. Сөйтіп, танымал ғалым Қанипаш Мәдібай Шортанбай ақын хақындағы тың зерттеулерге қадам басады. Соның бірі – «Зар заман ағымы» (1997) аталатын оқу құралы деуге болады. Бұл еңбекте де ғалым М. Әуезов еңбегіне сүйене отырып, «зар заман» деген бағыттың неден басталып, немен біткенін былай түйіндейді: «Әуезовтің алабөтен айырып айтуынша, зар заманның зары орыс отаршыларының келе бастауынан басталған зар, мұң ғана емес, яғни Ресейге бодан бола салып зар еңіреу емес. Мұхтар Әуезов зар заман әдебиетін айқындап берген көп себеп үміттің үзіліп, «жолсыз жорықтың» жеңіліспен аяқталып, Кенесары мен Исатай–Махамбет өлтірілгеннен кейінгі халді баса айтады»(3,7). Сондықтан, ғалымның зар заман ақындарының көпшілігі ХІХ ғасырдың орта кезінен бері қарай сол көтерілістердің артынан

шыққаны жайлы тұжырымы да орнықты деуге болады. Зерттеуші бұл еңбегінде де, түрлі саяси кезеңдерде «зар заман ағымына» қилы мән берілгенін, ұлттың тарихи даму шындығынан туған зор мұраға «сарыуайым, үмітсіз үзілген, жаңалықтан үріккен, діншіл әдебиет деген мін тағылғанын, «зар заман ағымы» басқа мағына ала бастағанын айтады (3, 10).

Шортанбай мұрасына көлеңке түсірген сипаттың бірі діншілдік делінсе, жалпы дін туралы Қ. Мәдібайдың: «Дін – аллатағалаға құлшылықпен, бірді-екілі шарттылықпен ғана түгесілетін дүние емес, бүкіл тіршілікпен, жаратылыс құпияларымен астасып жатқан құлашы кең, күрделі ұғым. Опасыз жалған дүниеден адамның іздеп тапқан таяныш тұғыры, рухани күші. Шортанбай осыны білген, түсінген, насихаттаған»(2,6), – деп дін деген ұғымға өзіндік интерпретациясын беру арқылы Шортанбай өлеңдеріндегі «діни сипаттың» өзгеше құндылықтарын ашады.

Қ. Мәдібай «Зар заман ағымы» атты еңбегінде де Шортанбай Қанайұлының (1818-1881) шығармашылығы жайлы қазақ әдебиеттануындағы барша тұжырымдарды тұтастай жүйелейді. Шортанбай өмірінен мәлімет-деректер келтіреді. Сондай-ақ, Шортанбай өлеңдерінің ХІХ ғасыр соңына қарай түрлі жинақтарда жарық көріп, елге тарала бастағанын дәйектейді. В.В. Радлов, Лютшь, Ы. Алтынсарин басылымдарындағы Шортанбайдың «Зар заман» толғауын сөз етеді. «Шортанбай толғауларын қарастырғанда сөздік-мағыналық, негізгі ой жүйесіндегі, шығарма тұтастығындағы айырма-ауытқулар, өзгешеліктер, талас-пікірге сұранып тұрған, ізденіс шақырып тұрған қисын-болжамдар аз емес» (3,77) деп өз мойнына мақсат-міндеттер жүктеген зерттеуші Шортанбай өлеңдеріне текстологиялық талдау-

лар жүргізудің бет-бағдарын белгілейді. Шортанбайдың «Зар заман», «Бала зары», «Алдаушы жалған» толғауларының идеялық-құрылымдық ерекшеліктері нақтыланады. Зерттеуші Шортанбай шығармаларын жыр үлгісі қатарында таниды. Шортанбайдың 14 түйдектен тұратын атақты «Зар заман» толғауының мазмұнына құрылымдық талдау жасайды. Осы тұрғыда жыраудың «Алдаушы жалған» толғауының да мәні ашылады. Зерттеуші : «Бала зары» толғауында жалпы жаратылыстың түп негізін түсіндіруден бастап, өтірік, ұрлық, ғайбат, зорлықтан аулақ болсаң, залал көрмессің деген уағыз айтады» (3,100), – деп Шортанбай ғибраттарының философиясына ой жүгіртеді. Шортанбай Қанайұлының «Шортанбайдың өлер алдында қатын-бала, ел-жұртына араздасып айтқан насихат сөздері», «Пысықай», «Байды құдай атқаны», «Қожа, молда» өлеңдерінің, «Көз көрген қазақ батыры» толғауы, «Ақжолтай батыр» дастанының ұйқас, буын, бунақ, тармақ ерекшеліктері қарастырылып, тың таным тұрғысынан жанрлық деңгейде пайымдалады. Профессор Қ. Мәдібай: «Шортанбайда жыр толғаудан басқа қара өлең үлгісіндегі тарихи жыр да, оқиғалы (сюжетті) өлең де, айтыс та, Шортанбай айтыпты деген бірқакпайлар да бар» (3,107), – деп жазады. Бұл бағытта Шортанбай поэзиясындағы дәстүр сабақтастығы хақындағы пайымдаулар да ірге қалайды.

Зерттеуші Қ. Мәдібай Шортанбай шығармаларындағы көркемдік тәсілдердің молдығына қанықтырады. Шортанбай тіліндегі аллитерация, ассонанс, метафора, кейіптеу сияқты көркемдік құралдарға зерттеу еңбектерінің қай-қайсысында да айқын мысалдар (3,106-107) келтіреді. Ғалымның: «Алайда Шортанбай өлеңінің сезім қуаты, көркемдік күші бейнелі көркем тіл ғана емес; Шортанбай өлеңіне поэзиялық сәуле түсіріп тұр-

ған – наразылық, жаттың ісінен іш жию, ұрпағын жамандықтан сақтаудағы жанұшыру сезімі» (3,107), – деген байламы ерекше қуатты деуге болады. Шынында, Шортанбай кейіптеуіндегі зар заман адамы: «... Қолында тұрып ұрлығы, Мойнында тұрып зорлығы, Ойында тұрып жалғаны, Көңілде тұрып арманы, Баласын беріп моллаға, Көңілін беріп аллаға, Дүнияға көңіл жұбатты...Залым туған сұмырайлар Осылайша жеңіп тұр. Шолақ иттей діңкілдеп, Бір-біріне жетем деп, Аласұрып өліп тұр. ...Бұл заманның адамы, Ұстасады көре алмай, Аз болса бөліп бере алмай Шындық кетті қазақтан, Ант сөзіне сене алмай» (3,109), – деп суреттеледі. Кенеуі кеткен кемшілік қай заманда да табыларына бақсақ, Шортанбай өлеңдерінің өміршеңдігінің сырына тағы да қаныға түсеміз. Зерттеушінің байлам-пайымдарынан Шортанбай сынды зар заман ақындарының қасқабағын терең танығаны аңғарылады.

Әрине, зар заман әдебиеті негізінде XIX ғасыр әдебиетіне тұтастай жүйелі талдау жүргізу жанашыл бағыттағы зерттеушілік әлеуетті қажет еткені анық. Осы тұрғыдан келгенде, әдебиет тарихының білгірі Қанипаш Мәдібайдың Шортанбай ақын шығармашылығы жөніндегі зерттеулері жанашыл сипаттарымен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәдібай Қ.Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Оқу құралы, – Алматы: Қазақ университеті, 2001, –196 бет.
2. Шортанбай: Толғаулар, айтыстар, дастан. Құрастырушылар: Қ. Мәдібаева, К. Жүністегі – Алматы: «Айқап», 1993. 76б.
3. Мәдібай Қ. Қ. Зар заман ағымы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997, –160бет.

АР ІСІН АЯЛАҒАН

Сонау 1951 жылдың қысында қазіргі Алматы облысы Алакөл ауданының Жемді ауылында дүниеге келген Қанипаш кішкентайынан кітап-қағазға құмар болады. Ол кезде соғыстан бір аяғынан айрылып келген Кәрібай ата салт атқа мініп алып, әр үйге қос қоржынынан алма-кезек хат-хабар үлестіруші еді. Оның қарасы алыстан көрінгеннен-ақ Қанипашөзі ынтыға күтетін «Балдырғанды» алуға асығады. Журналдағы Бердібек Сокпақпаевтың «Аяжан» повесінің жалғасын оқығанша тағат таппайды. «Пионерге» өзі де мақала жібере бастады.. алғашында редакциядан «қаламынды ұштай түс, мақаланды бере алмадық» деп ақыл-кеңес айтқан хаттар келгенмен, кейіннен мақаласы жиі шығатын болды. Мақаласы шыққан күні төбесі көкке жеткендей қуанады. Соңынан пионер достардан хаттар қардай жауады... Бұлардың бәрі де Қанипаштың әлдебір жұмбақ әлемге деген құштарлығын арттыра түсті. Тіпті өзі жаздырып алмайтын «Жұлдыз» атты журналды оқуға ынтықты. Өзіне жезде болып келетін Кәрібай ата үйіне барғанда «Жұлдызды» оқи тұруға беретін еді. Бұндайда Қанипаш Кәрібай атаның картобын түптеуге көмектесетін. Өзі жаздырып алмайтын газет-журналдарды оқу үшін күнұзақ жездесі үйінде жүргені үшін анасы кейде ренжуші еді. Екінші-үшінші класта жүргенде Алматыға барып келген кейбір ұстаздары басқаға емес Қанипаштың қолына енді ғана ақталған Сәкен, Бейімбеттердің

шығармаларын ұстатып еді. Әсіресе, Бейімбеттің «Әжесі» мен «Күлпашы» өспірім қыздың есінде ерекше сақталды. Алтыншы класта «Абай» романын қолына алған Қанипаш қазақ деген ұлттың қасиетін алғаш танығандай болады. Не деген керемет кітаптар... кітап әлемі теңіздей тереңіне тарта берді...Өзі де, ойы да – бәрі-бәрі біртүрлі өзгеріп келе жатқандай.. Енді орыс, шетел классиктерін аударма үлгісінде оқи бастайды. Толстой, Достоевский, Тургенев, Бальзак, Драйзер... ұшы-қиыры жоқ әлем... Тіпті, қолына түскен кітапты талғаусыз оқыған кездері де болды. Ауыл кітапханасын тауысып та бітті. Не деген құштарлық екенін өзі де білмейді. Әйтеуір алдынан жақсы күндер күтетініне бек сенімді сияқты. Әкесі Қайса аудан орталығына барса Қанипашқа деп кітап сатып алмай қайтпайтын. Балаларының ішіндегі зейінді Қанипаштан әкесізор үміт күтті. Міне, сол кітапқұмар атанған қыз Қанипаш 1968 жылы Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік Педагогикалық Институтының филология факультетіне түсіп, оны 1972 жылы үздік бітіреді. Алғашында біраз жылөзі түлеп ұшқан Алакөл ауданынақарасты М. Төлебаев атындағы орта мектептемұғалім болып істейді. Бірақ, Серік Қирабаев сынды білімпаз ұстаздың дәрістерін тыңдаған Қанипаштыңәдебиет әлеміне деген құштарлығы арманына қанат байлап, Алматыға келеді. «Ғылым», «Қайнар», «Жазушы» баспаларында, «Жалын» журналында редактор болып қызмет істейді. Қанипаштың әдеби сынға бет бұруы сол уақыттан басталады. Сол кезеңдеҚ. Мәдібайдыңең алғашқы сын мақалалары «Адамның кейбір сәттері» (1986),«Асыл арман арзандамасын»(1988)«Жалын» журналында, «Қазақ әдебиеті» сияқты басқа да айтулы басылымдарда жарық

көре бастайды. «Адамның кейбір сәттері» мақаласында жас жазушылар Ж. Кеттебеков, С. Асылбеков, М. Асылғазин әңгімелері туралы пікірлерін жас сыншы Қ. Мәдібай: «Серік те, Мейрам да, Жәлел де адам бойындағы тіршілікті сезіну, сүю құдіретінің құпияларына бойлауды, бойлатуды көбірек қалайды. Қарапайым «кішкентай» адамдардың тағдырмен тайталасын көрсетеді. Жәлел әңгімелерінде оқиға жоқ, тек диалогқа құрылған. «Сағыныш» әңгімесінен Сайын, Қажығали, Тынымбай мәнері танылады. Адам жанын зерттеу жағы әлі жетіспей жатыр.», –деп тұжырымдайды. Бұдан өзге де адам жаны проблематикасына, жаңғыру, жарылу проблемасына, формалық ізденістерге, стильге қатысты соны пікірлер айтады. Сол кездің өлшемімен өзі де жас саналатын Қанипаш «Асыл арман арзандамасын» атты мақаласында жас сыншылар мен жас жазушылар туралы батыл ой-пікірлер өрбітіп, көркемдік құпиясын ерте танығанын аңғартады.

Қанипаш Мәдібай «Атың адам болған соң...» (1983) мақаласында жазушы Н. Қазыбековтің «Ағайын» атты повестер мен әңгімелер жинағындағы ізгілік, адамгершілік мәселесі, таныс-бейтаныс жайы сөз болады. Кемшілігін көп ашқанмен, әңгімелері көңіл толтыратындығын айтады. Ал, повестерін әлі де пісіре түсуді ескертеді. Бұл кезеңде өзі де қалыптасу үстіндегі жас сыншының албырт ойларына аға толқын аса алаңдама-са да, алмастың жүзінде жарқ ете қалған пікірі еріксіз ес жиғызғандай еді.

«Жылаған теңіз жоқшысы» мақаласында Қанипаш Мәдібай 80-жылдар әдебиетіндегі теңіз тақырыбын тілге тиек етеді. Сол кезеңдегі жас жазушы саналған Қуаныш Жиенбаевтың 1982-89 жылдар арасындағы

жарияланған «Жалғыз желкен», «Теңіздегі бір тамшы», «Құлан жанарындағы ғұмыр» жинақтарын талқыға салады. Д. Әшімхановтың «Аққабаның толқыны» тұңғыш жинағы туралы «Шындық жолы шырғалан» («Қазақ әдебиеті», 1988) деген атпен шымыр ойға құрылған сын мақаласын жазады. Ал, «Өмір мен көркем шындықтың арасы» (1990) деген мақаласында белгілі жазушы Молдахмет Қаназовтың әдеби бәйге иеленген «Чика – Дабылдың баласы» повесінің көркемдік сипаттары ашылады. Сондай-ақ, Қанипаш Мәдібай «Өмір талабы-уақытпен үндестік» (1987) мақаласында Д. Әшімханов, М. Қожахметова, М. Құлкенов сияқты жазушылардың әңгімелерін, «Таутұғыр» (1990) аталатын мақаласында жазушы-сыншы Тұрлыбек Мәмесеітовтың «Түсіме тау кіреді» деген прозалық жинағынсыни тұрғыдан бағалайды. Осылайшы сыншылық қарымы қатайған Қ. Мәдібай проза мен поэзияға қатысты жүздеген әдеби сын мақаларды дер кезінде жазып, жариялап отырады.

1990 жылдан бастап баспа ісіндегі мол тәжірибесімен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне оқытушылық қызметке келеді. 1995 жылы «Зар заман ағымы және Шортанбай Қанайұлының әдеби мұрасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 2006 жылы «Қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырдағы көркемдік дамуы және зерттелуі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. Алайда, филология ғылымдарының докторы, профессор Қанипаш Қайсақызы Мәдібай ғылыми жұмыстармен айналысып, ұстаздық ете жүріп, әдеби сынға араласуын тоқтатпайды. Әдебиет-оның қашаннан сүйікті ісі. Қытай философы Цао-Пи де: «Әдебиет- мемлекеттік іс» деген екен. Расында, ғылымды қанша

оқып-тоқығанымен табиғатынан дарыған сөз өнеріне деген өміршең сүйіспеншілігі өнер өрісіне бастағаны ма..

Ғылыми еңбектерімен қоса әдеби-сын мақалаларының да легі толастар емес. «Адам іздеген Бақыт» (2012) деген мақаласында жазушы-драматург, сыншы Серік Асылбекұлының қырық жылдан бергі шығармашылық еңбегі туралы сын-толғамдарын тұжырымдайды. Жазушының қаламгерлік қасиеті жайлы: «Тіршіліктің мың-сан әуені бұғып жатқан бұла дарынды түртіп оятып, жаны тыншымай жазуды бастаған» дейді. Жансыз, дерексіз құбылыстарға жан бітіре суреттеген сыншыны осындай тұстарда өзі кейіптеген жазушының жан әлемімен тұтастыра танысың. Сірә да, бұл оның жазушылық өнердің қыр-сырын жетік біліп, оқып-тоқып, зерттегенінен емес, өз бойында да бір күштің бұғып жатқаны ма деп қаласың? Ол Қ. Мәдібайдың тағы да өнермен өрелес түсіп жататын сыншылық қыры демеске болмайды.. Осы мақаласында өзі де: «Оқу-тоқу, үйрену-еліктеу деген бойда қуат болмаса – бос сөз» деп Серік «кейіпкеріне» қаратып айтқанымен, автордың өз болмысын да көреміз.

Қ. Мәдібайдың әдеби-сын мақалаларының тағы бір таңдаулысы «Айтматов шолған қиырлар» (2012) деп аталады. Қысқаша қайырып айтсақ, сыншы мақалада: «Адам атты жан иесінің әкетіп бара жатқан артықшылық туралы осал ұғымдары бар. Артықшылықтың асып-тасыған барлықпен, аспандатып еліктіретін атақ-даңқпен, биіктен төмен астамси қарайтын билікпен өлшенетін өлшемдері болмаса керек. Артықшылық–Алладан, жаратылыстан дарыған адамдық ұстанымдарда. Бұл–Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығындағы ал-

дамайтын айқын, мөлдір ағыстардың бірі», –деп жазушы шығармашылығындағы адамгершілік ұстанымның аса тегеуірінді көркемдік әлеуетін пайымдайды. Рас, әлемге мәшһүр болған Айтматовтың қандай мәселені де әлемдік көркемдік кеңістікке алып шығатыны бұрын да сан мәрте айтылып-жазылғанмен, оны Қанипаш Қайсақызының өзіндік көру нүктесінен танып, сыни толғам-тоқтамдарын оқырманын ой орманына енгізетін философиялық астары қалың тынысты тілімен тербете алуы да сын өрісіндегі өзгеше беталысты байқатады.

Әдеби сын саласында өзін-өзі шыңдаумен ешбір тынымсыз оқып-тоқып, тоқтаусыз ізденіс үстінде жүрсе де, өзі жастайынан ынтыға оқыған шетел әдебиетіне тіс батыруға батылы да бара қоймады, ары да жол бере қоймады. Десе де, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Теодор Драйзердің «Сестра Керриин», ағылшын классик жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты Р. Киплингтің «Шағын ертегілерін» қазақшаға сәтті аударған деуге болады.

Қазіргі ғалымдық-ұстаздық, сыншылық қарым-қабілеті толысқан шағында «Қазақ романының көркемдік өрісі» (2013) аталатын компаративистік талдауға құрылған әдеби сын мақаласын «жазбасқа шарасы қалмаған сәтінде» ғана қолына қалам ұстаса керек. Өзі жастайынан бас алмай оқыған Бальзагы екен. Мақала авторы Оноре де Бальзак жайын бүге-шігесіне дейін білетінге ұқсайды. Бальзакты зерттеген Пьер Барберистің де еңбегімен таныс екенін аңғартады. Бальзакты ірі реалист деп танитын әдебиеттанушы ғалым Қ. Мәдібай: «Бальзакты сіңіру үшін оның стиліне ден қою керек. Бальзак құйылған қорғасындай зілді сөз қолданыстарға бейім, ол сөздің сөлін сезініп отырып жазады...» (қысқартып

алдық-Р.Ә), – деп ұлы дарын хақында тұғырлы тұжырым жасайды. Бальзактың жазу мәнерінің құпиясын ешқашан айтылмағандай аңсармен жеткізеді. Оқырман өзін жазушы лабораториясына еніп кеткендей сезінеді. Одан қалай жазуды үйреніп жатқандай болады. Қ. Мәдібай аталған мақаласында: «Қазақ әдебиетінде кең тынысты роман ауқымына тартып, адамды оның ортасымен астастықта аялап айтқан туындылар бар», – дей келіп, М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясын Бальзак туындыларымен теңдес, өрелес карап, оқшау-оқшау озық сипаттарына қанықтырып, сұлу өрілген сүмбілдей сөздерінің айшықтарына көз қарықтыражазады. Даналық пен даралық мәнердің шексіз шеберлігіне қайран қалдырады. Өз дәуірінің ақиқатын ақтара жазып, кемел суреткерлік шеберлікке психологизм арнасынан жол іздеген замандасы Жұмабай Шаштайұлының «Аяз би» романын «қазақ романдарының тұтас шоғырында қазіргі заманғы романның әлеуметтік-психологиялық үлгісін дарыпуда кеңістік аша келген туынды болды» деп бағалайды.

Бүгінде көрнекті әдебиеттанушы, сыншы Қ. Мәдібайдың «Қолтаңба» деп аталатын еңбегінде М. Әуезов, Х. Сүйіншәлиев, Р. Нұрғали, Б. Т. Кәкішев, А. Қыраубаева, С. Қирабаев, Н. Келімбетов Майтанов, , М. Мырзахметовтен бастап А. Ісімақовадейінгі ғалымдардың ғылыми портреті жайлы мақалалары жинақталды.

Ал, филология ғылымдарының докторы, профессор-Қанипаш Қайсақызы Мәдібай өзі зерттеп-зерделеген ғылыми еңбектерінің негізінде көптеген оқулықтар мен оқу құралдарын, монографиялар жазды. Дегенмен, ғалымның 1993 жылы Кәмел Жүністегімен бірге құ-

растырған «Шортанбай жырау» атты жинаққа жазған алғысөзіндегі салиқалы пікірлерін аттап өтуге болмас. Бұнда да, ол М. Әуезов «зар заман» деп атаған дәуірдің өкілі Шортанбай ақынның өлеңі сан мәрте уақыт таразысына тартылып, «шын салмағы уақыт таразысының өлшем мөлшерінен ауыр түсіп» жатқанын бағамдайды.

Қ. Мәдібайдың студент-шәкірттерге арнап жазған ғылыми еңбектерінің бірі – «Зар заман ағымы» (1997) аталатын оқу құралы. Бұл еңбекте ғалым М. Әуезов еңбегіне сүйене отырып, «зар заман» деген бағыттың неден басталып, немен біткенін былай түйіндейді. В.В. Радлов, Лютшь, Ы. Алтынсарин басылымдарындағы Шортанбайдың «Зар заман» толғауын сөз етеді. Шортанбай сынды басқа да зар заман ақындарының ғибраттарына философиясына ой жүгіртеді.

Профессор Қ. Мәдібай «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (2001) атты оқу құралында аталмыш тарихи дәуір әдебиетін зерттеп-зерделеудегі мақсатын айқын танытады. Ол ең алдымен, Х. Досмұхамедұлының, М. Әуезовтің, С. Мұқановтың XIX ғасырда жазба әдебиеттің тууы жайлы тұғырнамаларынан бастау алғандығына көз жеткізеді. Алайда, автор өз зерттеуіне XIX ғасыр әдебиетінің болмыс-бітімін, бағыт-бағдарын, көркемдік құндылықтарын зерделеген еңбектерді әдіснамалық негіз етіп алады. Зерттеуші: «XIX ғасыр әдебиеті сол дәуірде жасаған әдеби жанрларды саралауға, көркемдік-саяси ағым, бағыттарды қарастыра, айқындай түсуге әлі де зәру», – деп жазады. Әйтсе де, бағалауды бағалаудың оңай болмасы анық, Қанипаш Мәдібайдың ғалымдық қарымы, сарапкер сыншылық қабілеті осы орайларда айқын төбе көрсетеді.

Қ. Мәдібайдың «Тұрсынбек Кәкішұлы – сәкентанушы» (2007) атты көмекші оқу құралы қазақ әдебиетінің тарихы мен сынына қатысты пәндерді немесе сәкентану курстарын ғана оқытуға қажетті еңбек қана емес, ғылыми тың толғамдары мен жаңашыл тұжырымдарын шымыр да шырайлы тілмен студент-шәкірттері жүрегіне шым-шымдап жеткізе білетін әдіс-тәсілімен де ерекшеленетін еңбек деуге болады. Шәкірттің ұстаз туралы толғауы, ғалымның ғалым туралы сара көңіл, зерек зердесінен туған саңлақ толғау-толғамдары десек те жарасады.

Өткен жылы Қанипаш Мәдібайдың «Қазақ әдебиетінің жауһар ғасыры» (2013) атты монографиясы жарық көрді. Еңбек авторының «қазақ әдебиетінің жауһар ғасыры» деп атап отырғаны – XIX ғасыр. Өйткені, XIX ғасыр әдебиеті саяси-тарихи астары қалың тәуелсіздік үшін күрес әдебиеті болуымен бірге әдеби дамудағы азатшыл, жаңа бағытты айғақтайтын Махамбет, Ыбырай, Шортанбай, Дулат сияқты зар заман ақындарын, Абай сынды жазба әдебиет алыбын тудыруымен ерекшеленеді. Автор XIX ғасыр әдебиеті жайлы байламдарды әдеби-сыншылық сорабынан өткізіп, жинақтап, жүйелейді. Әрине, бағалауды бағалау, танылымды таразылау көтерер жүгі мол, бейнетті іс.

Биылғы жылы Қанипаш Мәдібайдың құрастыруымен «Ана тілі» баспасынан XIX ғасырда өмір сүрген зар заман поэзиясының көрнекті өкілі Шортанбай Қанайұлының (1818-1881) шығармалар жинағы жарық көрді. Бұл еңбекті ғылым мен білімнің ғана емес, көпшілік оқырманның да игілігіне жарар басылым деуге болады. «Абай және Абай дәуіріндегі қазақ өлеңі» (2007), «Өрісті өнер» (2014) атты оқу құралдары мен қазақ әде-

биеті тарихын оқытуға арналған «Абайтанудағы жаңа бағыттар», «Махамбеттану», «Сәкентану» тағы басқа да авторлық курстарын әзірледі. Бұлардың қай-қайсысы да ғалым-ұстаздың көз майын тауысқан түгесілмес төзімі мен қажырлы ізденістерінің айғағы екені мәлім. Қанипаш Мәдібайдың ғылым мен әдебиет ісіндегі жанкештілігін, шәкірттері алдындағы ұстаздық жауапкершілігі мен оларға деген тәлімгерлік сүйіспеншілігін өзінің алдында ҚазҰУ-де ұстаздық еткен, көрнекті ғалым Алма Қыраубаеваның өнегесіне ұқсатуға болады.

Бүгінгі таңда Жетісу өңірінің түлегі Қанипаш Қайсақызы Мәдібай әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, ЖОО-ның оқытушыларына ҚР БЖҒМ тарапынан жыл сайын берілетін марапатының –«2012 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері, ҚазҰУ-дің 75 жылдығы мерекелік медалінің иегері, көрнекті әдебиеттанушы, сыншы. Университетте «Ай-Ару» студент-қыздар орталығының жұмысына жетекшілік ете жүріп, «Ай-Ару» әдеби-танымдық журналын шығару арқылы оларды шығармашылыққа, тарихымызды танып, дәстүрімізді сақтауға баулиды. Қанипаш Қайсақызы Мәдібай- ардың ісін аялаған аяулы жан, ардақты ана. Ол өз отбасында білімді заңгер маман Рүстемдей ұл өсіріп, Сардардай сүйкімді немере сүйіп отыр.. Ардың ісін аялаған күндердің азабымен бірге аппақ шуағы болатынына ол сонау балалық шағынан қалтқысыз сенген еді..

ӨРІСТІ ӨНЕГЕ

Қазақ тілі – айбынды ана тіліміз мемлекеттік тіл мәртебесін алған күннен бастап, республикамыздың жоғары оқу орындарының орыс тілді аудиторияларында екінші тіл ретінде оқытыла бастады. Осы мақсатта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ашылған практикалық қазақ тілі кафедрасына 1992 жылы «Жазушы» баспасындағы тәжірибесімен келген Зейнехан Сейітханқызы бастапқыда университет аудиториясының есігін жасқана ашқан еді. Шынында да, өзі осы университет түлегі, қазақ тілі мен әдебиеті маманы болғанмен, бұл кәсіптің өзгеше бір қырымен шұғылдануына тура келді. Тәуелсіздік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып бөркімізді аспанға атып жүрген шақта қиындыққа мойымай, тәуекел етуді кафедра меңгерушісі, профессор Талғат Сайранбайұлы әр оқытушының құлағына құюмен болатын. Оның әрбір сөзі жігерін жаныған Зейнехан Сейітханқызы тынымсыз іздене бастады. Орыс, шетел тілдерін оқыту тәжірибелерін шұқшия қарағанда ұққаны- нақты мәтін қажет екендігі. Оқытушы сөмкесін сол кездегі практикалық қазақ тілін оқытуға арналған бірлі-жарымды еңбектер мен газет қиындыларына толтырумен тәжірибе жинақтай бастағанын жасырмайды. Алайда уақыт өте келе оқытушы тіл үйретудегі өз ізденістерінің молығып қалғанын сезініп, экономика факультетінің орыс тілді аудиториясына арналған «Қазақ тілі» оқулығын жазып шығуы сол кезеңде елеулі жетістік еді. Өйткені, жоғары мектептерде қазақ тілі әр мамандыққа қатысты оқытылады. Келе-келе оқытушының тіл үйрету практикасын ғылыммен ұштастыруы

кезек күттірмейтін қажеттілікке айналып, профессор Т. С. Сайранбаевтың жетекшілігімен 1995 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі мезгіл пысықтауыш» атты кандидаттық диссертация қорғады. 2001-2003 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Мінез-бітімі қарапайым, өзін әрдайым төменшік ұстайтын, ұстамдылығы кісіні таңдандыратын оның ерекше ұйымдастырушылық, білімпаздық қасиеттері, әсіресе ешқашан мойымайтын еңбекқорлығы осы кезде танылған еді. Кейін қызмет бабымен Астанаға барып, 2006 – 2010 жылдары Еуразия ұлттық университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарғанда еңбегі еселене түсті. Тіл үйретуді тынымсыз әрекет деп түсінетін ғалым: «Ғылым тоқтауды сүймейді» дейді. Ғылым мен практиканы ұштастырудың маңыздылығы 2001-2005 жылдары үздіксіз жариялана бастаған гуманитарлық факультетке арналған «Қазақ тілі оқулығының практикалық курсы» (2001; 2010;) және осы аттас 2002, 2003 жылдары әр түрлі мамандыққа арналып «Раритет» баспасынан бір емес, бірнеше дүркін басылып шығып жатқан оқулықтардың сол кезеңде және қазірде зор сұранысқа ие болғанын Зейнехан Сейітханқызының студенттері мен әріптестері жақсы біледі. Қазірге дейін кітапхананың кітап беру бөлімінде Күзекованың «Қазақ тілін» алуға тұрған студенттер кезегіне көз сүріндіреміз. Тіпті, сол кезеңнің өзінде-ақ ғалым-ұстаз 2003 жылы «Таным» баспасынан жарық көрген «Қазақ тілі. Тілді оқытып үйретудің екінші кезеңіне арналған оқулығында», «Қазақ тілі. Мемлекеттік қызметкерлерге арналған» оқулығында (2000) және осы аттас оқулықтың (2005) 2-ші басылымында өзге ұлт өкілдеріне тіл үйретудің жанаша әдістемесі сипатында танылған деңгейлік оқытуды сынға салған еді. Осы деректердің өзі-ақ Зейне-

хан Сейітханқызының үздіксіз ізденісін, еңбекқорлық қасиетін таныта бастады. 2005 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің Ғылыми кеңесінде «Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері» атты докторлық диссертациясын қорғады. Оқулық теориясын жазуына мұрындық болған ғылыми кеңесшісі көрнекті лингвист, профессор Элеонора Дүйсенқызы Сүлейменованың ұстаздық қамқорлығын, жолбасшылық еңбегін Зейнехан Сейітханқызы әрдайым жылы лебізбен әңгімелейді.

Тіл үйрету әдіскерлік шеберлікті терең меңгергенде ғана өнерге айналатынын, ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесі асқақтайтынын профессор З. Сейітханқызы ертерек сезінді. Оқытушының аудиторияға кіргенде алып кіретін материалдарының әдіскерлік әлеуетіне, ғылыми-инновациялық ерекшеліктеріне терең мән арта бастады. Бұл ұстаз-ғалымды оқулықтар мен оқу құралдарын, сөздіктерді үздіксіз жазуға мәжбүр етті. Өйткені, сол кезеңдегі өзге ұлт аудиториясына арналған кейбір еңбектер уақыт талабына жауап бере алмайтын еді. Десек те, тіл үйретудің дәстүрлі әдістері болғанмен, қандай тиімді әдіс-тәсілдер болсын қашанда уақыт талабына сай жаңғыртып отыруды қажет ететіні анық. Осы мақсатта Зейнехан Сейітханқызы 1996-2001 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазіргі шығыс тілдері кафедрасының доценті қызметінде жүріп, мамандыққа қатысты «Қазақ тілі (халықаралық қатынас факультетіне арналған) оқу құралын» (Алматы, 2-ші басылым, 2008), «Дипломатия: оқу құралын» (Астана: «Елорда», 1998. Бірлескен авторлықта), сондай-ақ «Қазақ тілі (бастапқы деңгейде оқытуға арналған) оқу құралы» (Алматы, 2005.), «Қазақ тілі практикумы жаттығулар жинағын» (В1, В2 деңгейге арналған. Астана, 2010.), «Қазақша сөйлейміз» сөйлеу жаттығуларын (Алма-

ты, 2010.), «Қазақ тілінің экономика факультетіне арналған оқу құралын», (4 – ші басылымы. Алматы, 2011.), «Қазақ тілінің гуманитарлық факультетке арналған оқу құралын» (2-басылымы. Алматы, 2011.) және осы типтес көптеген еңбектермен қоса, «Қазақстан республикасының мемлекеттік стандарты (Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері А1, А2, В1, В2, С1)» (Астана, 2009 жыл) атты сүбелі еңбектерін жазуы ереше ғалымдық қарым мен табандылықты талап еткен еді.

2010 жылдан бастап Назарбаев университеті Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебінің (SHSS) қауымдастырылған профессоры қызметіне ауысқан З.С. Күзекова аталған университеттің халықаралық деңгейдегі беделін арттыру бағытында тың ізденістерге жол ашып келеді. Көптеген оқулықтарында грамматика функционалдық аспект негізінде жазылды, бұл ғалымның ұзақ уақыт бойы қузап келе жатқан ғылыми мәселелерінің бірі, әрі тіл үйретудегі өнімді тәсіл болып табылады. З. Күзеваның «Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы: жоғары оқу орындары филология факультетінің студенттеріне, оқытушыларына, ізденушілеріне арналған оқу құралы» (Астана, 2015) осы бағдарда жазылған тың еңбегінің бірінен саналады. З.С. Күзекова оқулықтарының құрылымы тіл үйретуге ғана емес, қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушіге ұлттық құндылықтарымызды танытуға бағытталуымен ерекшеленеді. Ұстаз-ғалым өз тәжірибесінде жоғары лауазымды шенеуніктер мен шетелдік студенттердің де тілін сындыруға барынша күш салады. Алайда, тіл үйренуге деген құлық болмаса, барлық әдіс-тәсілің де зая кетері рас. Дегенмен, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі орнығып, тіл үйренгендердің қатары бұрынғы жылдардан әлденеше есе өскені әмбеге аян десек болады. Сондықтан, тілші-ғалым тіл үйренушіні қызық-

тыратын амал-тәсілдерді ғылыми-инновациялық негізде дамытуды көздейді. Оның әрдайым ізденіс үстінде жүруінің мәні де сонда болса керек. Профессор З. Күзекова өз тәжірибесі мен білім-білігін студенттерге ғана емес, өз әріптестеріне және республиканың әртүрлі жоғары оқу орындарының мамандарына үйретуден жалыққан емес. Республиканың алыс аймақтарынан Астана мен Алматыға келген оқытушылардың З.Күзекованы арнайы іздеп келіп, тәжірибе алмасатынына да куәмыз десек болады. Өйткені, Күзекованың оқулықтары қай кезде де сұранысқа ие болып келеді. «Күзекованы» іздеп жүргендерді кітап дүкендерінен де кезіктіресіз.

Ғалым З. Күзекова қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі, қоғамдық қызметі және қазақ тілін оқытып-үйретудің ғылыми-инновациялық негіздері, қазақ тілінің функционалды грамматикасы, қазақ тілі оқулығы теориясының мәселелері мен практикасының өзекті мәселелері жөнінде шетелдік және отандық халықаралық симпозиумдар мен конференцияларда баяндамалар жасап, 80-нен астам мақалалар жазғаны да ғалымның мұқалмас жігерінен хабардар етеді. Әсіресе, ғалымның басшылығымен айрықша қоғамдық сұраныс талабын қанағаттандыру мақсатында жазылған «Қазақ тілі тест теориясының негіздері және тестілеу практикасы» (көмекші құрал) (З.С. Күзекова, Г.С. Пазылова, Е.Қ. Әбдірәсілов. Алматы, 2009) еңбегінің маңызы ерекше бағалы деуге болады. «Қазақстан Республикасында қазақ тілін білу деңгейін бағалау жүйесінің тұжырымдамасына» сәйкес ҚАЗТЕСТ тестілеу жүйесін алғаш жасаған бұл ғалымдар еңбектің алғысөзінде: «Ұсынылып отырған әдістемелік көмекші құрал қазақ тілін халықаралық тәсілдер бойынша тестілеуге арналған. Бұл тестілеу техникасы – коммуникативті, танымдық, қызықты тест жасаудың жинақталған тәжірибесін және қазақ тілі мате-

риалдарын Х. Мэтсен, С.В. Аванесов сынды ғалымдардың еңбектеріндегі теориялық ұстанымдармен байланыстыра отырып тест тапсырмаларын әзірлеудің тиімді жүйелерін ұсынады»-деп жазады. Шынында да, халықаралық деңгейде мойындалған ағылшын тілін білуді бағалауға арналған TOEFL, IELTS жүйелерінің негізінде жасалған ҚАЗТЕСТ дайындалды. Авторлар айтуынша, қазақ тілін білу – қолдану, меңгеру деңгейін анықтайтын, жетілдірілген тәсілдер мен әдістер бойынша дайындалған шынайы бағалау жүйесі осыған дейін болмағанын ескерсек, авторлардың қаншама қиындықтарды жеңе білгенін сезінесіз.

Таңды таңға ұрып, көз майын тауысқан ғалым еңбегі елеусіз емес. Филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнехан Сейітханқызы Күзекова Қазақстан жоғары оқу орындары ассоциациясы жаңа талаптағы оқулықтары үшін (2003) А. Байтұрсынов атындағы медалінің, «Сорос – Қазақстан қоры» (1997) грантының, Қазақстан Республикасы «Үздік оқытушы» (2007) грантының, Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасының (2014) иегері.

Ғалымның қазақ тілін үйретуге арналған 20-дан аса оқулықтары мен қосымша оқу құралдары, ғылыми еңбектері ана тілімізді мемлекеттік тіл санатында дамытуға қосылған айрықша үлес болып табылады. Бүгінде Назарбаев университетінің профессоры, ғалым-ұстаз Зейнехан Күзекованың қазақ тілін ғылыми-инновациялық негізде өзге ұлт өкілдеріне үйретудегі өрісті үлгі-өнегесі қалыптасқаны анық. Елеулі іс тындырып жүрсе де, ұстамды мінезінен айнымайтын Зейнехан Сейітханқызы ғылыми ортада абыройлы, өнегелі ұстаз-ғалым ғана емес, асыл жар, ұл-қыз өсірген аяулы ана, немере сүйген әже. Қадірлі әріптес дос, асқар асулы мерейтойыңыз құтты болсын!

СЕНІҢ ДАРҚАН КӨҢІЛІҢДІ КІМ ҰҒАР?

Қазақтың қара сөзінің қадірін білетін, қай жерде жүрсе де оның қорғаны, қолдаушысы болып жүретін азаматтың бірі де, бірегейі де Медеу бауырымыз еді. Амал қанша, қапыда көз жазып қалдық. Орны толмас өкініш... Әрине, Медеудің есімін біреу білсе, біреу білмес. Өйткені, ол әлдекімдер сияқты ел үшін еткен еңбегін де, ақындық өнерін де ешкімге дақпырт қылмайтын. Жазғандарын да көп жариялай бермейтін. «Түнгі бекеттер» атты жыр жинағына сәт-сапар тілеген Қадыр Мырза Әли оның өлендеріндегі өзіндік өрнектерге ерекше ілтипат білдіріп: «Медеу Жұмабаевтың негізгі мамандығы заңгерлік болса да қара өлеңге ғашық жүрегі оны ақыры өлең өлкесіне алып келді» деген екен. Иә, мамандығы заңгер кеден қызметінің подполковнигі Медеу Жұмабаев ұйқысыз түндерде өлең жазды. Расында, кез-келген заңгердің қолынан келе бермейтін ақындық қасиеттің Медеуге жаратылысынан дарығанына өлеңдері куә. Тергеушілік қызметпен сонау Кавказға шейін барып, қиналған сәттерде де жап-жас заңгердің жанына рух берген қасиетті Муза еді. Ол өзінің өлеңмен қауышқан әрбір сәтін айрықша бақыт санайтын. Өлең оның жанына бәрінен жақын еді... Оны өзі де жырға қосты:

...Шығармын тағзы белеңге,

Тағдыр да әлі көп сынар...

Қазақы қара өлеңге

Дәл мендей ғашық жоқ шығар!..

Оның сол кездегі өмірі өлеңдерінде өріліп жатты:
*Өттім мен алуан түрлі жолдарыңмен,
Жасадым талай нұрлы іс қолдарыммен.
Мамандық аясында қалып қойған,
Сезімсіз әлдекімдей болмадым мен...* , – десе, енді бірде «Әке» деген өлеңінде:

*... Адалдықтың ақ туымен жүрдім мен,
Өсиетің жүрегіме ұялап.
Заңның жолы оңай емес білдім мен,*

Еш пендеге жасамадым қиянат, – деп ағынан жарылады. Иә, өзіміз көзіміз көрген Медеу біреуге қылдай қиянаты жоқ Мұқағали тектес нар тұлғалы, дарқан жүректі азамат еді. Қай жерде жүрсе де әділін айтып, ақ сөйлейтін мінезінен, өрлігі мен ерлігінен танған жоқ. Жетім-жесірге қол ұшын беріп, қамқорлық жасағанын да талай көзімізбен көрдік. Әдебиет пен өнердің жанашыры, тіліміздің қорғаны бола білді. Қолы ашық, жүрегі жомарт, қара нардай қайратты Медеуді марқұм Оразалы Досбосынов сияқты жас ақындар арқа тұтса, Секен Тұрысбек, Сәкен Қалымов сияқты өнерпаздар мен қазақтың небір қабырғалы ақындары оны айбар тұтып, жан сырласы, досы етті. Ол достыққа да адал еді. Медеудің саяжайындағы кең дастарқанында өнер майталмандары бас қосып, ресми емес поэзия, өнер кеші өтіп жататын... Бұл ақын Медеудің аңсары еді. Медеу қазақ әдебиетіне, поэзиясына қанық болатын. Бұл күнде қазақтың Лермонтовы атанған Қасымхан Бегмановпен Медеудің достығы айрықша еді. Ал, менің бұл жігіттермен отбасылық достығымыздың да дәнекері – айналайын әдебиет! Жұрт мені олардың рухани досы атайды. Медеу кейде Мұқағалиша сөйлеп, «Қызда болсаң мен саған мұң шағамын..» деп өлеңдерін оқитын.

Енді бәрі өткен шақта қалғаны ма?.. «Өлді деуге сыя ма...»..

«Сөз түзелді тындаушым, сен де түзел» деп қойып, әнгімені Абайдан бастайтын Медеудің отырған жері жыр-думан, әзіл-күлкі, сырлы әнгіме болатын.

...Кешегі өткен Мағжан,

Қасым ұлылар,

Жырларында туған дала мұңы бар.

Әр шумақта махаббаттың сыры бар,

Менің дарқан көңілімді кім ұзар?, – дейді. Бұл – Медеу.

«Өзіммен мәңгі бірге ала кеткен, Менің нәзік жанымды кім түсінер?» деген Мұқағали жолдарын Медеу жиі қайталаушы еді. Сөйтсек, өзі пір тұтқан Мұқағалиымен адами да, ақындық та үндестігі көп екен ғой... «Қарасазға барғанда» өлеңі ақиық ақынға деген сағынышы... Кейінгі Жұматайларды да жыр жолдарына сыйғызды. Бұларды айтпағанда, оның ақын екенін дәлелдейтін суретті, сазды жырлары, баллада, толғаулары да бар. Қайғылы кара сөзімде оларды талдап танытуды жөн көрмедім. Біраз өлеңдері танымал басылымдарда жарық көрді. Бірақ, Медеу жиі танылуға асығып аптықпады. Жүрегі оған өлшеулі өмірі қалғанын айтпады. Ал, өзі жемісті жылдарын алдан күтті ме, кім білсін?.. Ажал айтып келмейді деген екен..

Тұңғыш жинағы аттас «Түнгі бекеттер» өлеңінде:

... Жырыма мен де толғанып,

Тәуелсіздікті қосамын.

Қазағым үшін қорғанып,

Кеудемді оққа тосамын, – дейді. Бұл нәзік жүректі ақынның ғана емес, елін сүйген ердің сөзі емес пе? Шынында, өмірдегі Медеудің дене бітімі шомбал, баяғының батырларын елестетін. Көзінде өрлікпен қа-

тар өлең мөлдіреп тұратын еді. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, бұрынғы ақындар батыр, балуан, шешен де болған емес пе? Соның бәрі Медеуде бар еді. Қайсыбірін айтайын, жалған дүние, сұм ажал өлді деуге сыймайтын атпалдай азаматты ортамыздан ерте жұлып кетті ғой!..

...Түсінбейді түңілмеген,

Жұлдыз болып жанармын.

Тәңір жазса түбінде мен,

Өлеңіммен қалармын, – депті асыл дос бір өлеңінде. Өз тағдырын өзі пішіп кеткендей. Жұлдыздай жанып түскен Медеу Жұмабаевтың артында қалған жырларын ұрпаққа мәңгі мұра ету көзі тірілерге аманат деп білемін. Айта алмай кеткен сөзі, арманы көп, өмірді сүйген, өлеңге ғашық, көктемге ғашық еді Медеудің мөлдіреген ақын жаны..

...Ғашықпын мәңгі көктемге,

Сүйемін аққу,

қыранды.

Өмірден мынау өткенге,

Өлеңмен жаздым дұғамды..., – деп Медеудің өзі айтқандай, көктемге ғашық болып, өлең-өмірге ғашық болып, кісілік тұғырын биік ұстап, адалдықтан айнымаған асыл досым, ақын досым Медеудің қазасына қайғырып отырып жазған осы жолдарым оған дұғадай дарып, пейіште нұры шалқысын деймін.. Ал, оның артында қалған аяулы жары Гүлшаттың, қызы Дина мен бүлдіршін ұлы Ақарыстың қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын. Қайтесің, дүние жалған!..Айтылмай кетті ақын- арман... Сенің «дарқан көңіліңді кім ұғар?»..

III бөлім

СӨЗ СЫМБАТЫ



ЗАМАНА ЖЫРШЫСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Қанипаш Мәдібайдың құрастыруымен «Ана тілі» баспасынан ХІХ ғасырда өмір сүрген зар заман поэзиясының көрнекті өкілі Шортанбай Қанайұлының (1818-1881) шығармалар жинағы жарық көрді. Бұл еңбекті ғылым мен білімнің ғана емес, көпшілік оқырманның да игілігіне жарар басылым деуге болады. Әрине, алғашқы жинаушысы, бастырушысы атақты В.В Радлов болған Шортанбай шығармалары бұған дейін де сан мәрте жарық көргені белгілі. Тіпті 1927-1957 жылға дейін әдебиет оқулықтарына енгізіледі. Алайда, 1946 жылғы кеңес үкіметінің қаулысынан кейін Шортанбайды үлкен реалист ақын ретінде таныған С. Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Т. Нұртазин сияқты т.б. ғалымдар бастапқы пікірлерінен қайтуға мәжбүрленеді. Тоталитаризм Шортанбайдың ғана емес, Дулат, Мұрат, Нысанбай, Нарманбет сынды зар заман ақындарының да аттарын атауға тыйым салып, пікір алақұлалығын туғызып, ақындар өлеңдерін жарыққа шығаруда «түзеу» мен «күзеудің» қалғымас күзетшісі болғаны белгілі. Құрастырушы оқырманға осы жайттарды ғылыми негізде түсіндіру мақсатында жинаққа Шортанбай ақынның толғаулары, айтыстары және дас-тандарымен қоса, зар заман ақыны мұрасын таным талқысына салып, сыры мен сипатын бүкпесіз ашқан кешегі

ұлы М.Әуезов бастаған ғалымдар (Мұқанов, Ы. Дүйсенбаев, Қ. Жұмалиев т.б.) мен Шортанбай «зарына» жаңа уақыт биігінен қараған Т.Кәкішев, М. Мағауин, Т.Тебегенов сынды көрнекті ғалымдардың тұғырлы тұжырымдары түйінделген мақалаларды енгізеді. Сондай-ақ, жинаққа берген алға сөзінде Қ. Мәдібаева: «Не дегенде де, Шортанбай мұрасының жамандалып отырып-ақ, ақталып жатқан, айғақталып, саралана түскен тұстары көп» дей келіп, тоталитарлық саясат қыспағында оңды-солды сөйлеуге мәжбүр болған ғалымдардың сөз сорабынан соқталы ойларын аршып алғандай болады: «Шортанбай Шоқандай, Абайдай бола алмағанымен, заман шындығын шеберлікпен өлңге сыйғызған; Шортанбай дін сөзін көп қолданғанына қарамастан, діндар емес, мистік-ақырет ақыны болғанымен, оны халық санасынан сырып тастауға ешкімнің құдіреті жеткен жоқ; Шортанбай феодал табының көзқарасымен жауап берсе де, еңбекші халықты қанап отырған кім екенін көрді; Шортанбай құдайға сенген, мұсылман дінінің қабырғалы молдасы болғанмен, үнемі молдалық жолын қумай, заманында айтысқа түскен – суырып салма ақын; Шортанбай араб сөзін қолданады, бірақ жалпы елге таныс сөздерді ғана айтады; Шортанбай бұрынғы фольклор дәстүрінен алға кеткен, өлеңінің варианты біреу ғана; ол өз заманының елеулі ақыны, Абайдан бұрынғы әдебиеттің көрнекті уәкілі; Шортанбай ескі ақындарша әріден бастамайды, жыр дәстүрінен де Шортанбай озат тұр; ескі фольклордан көркем әдебиетке таянған, бірақ ат құйрығын мүлде кесіспеген; Шортанбай ауыз әдебиет пен жазба әдебиеттің арасында жатқан көпір; Шортанбай өлеңі тақ-тұқ қарабайыр көрінгенімен, ол сөз образын мықтап тізгіндеген, шебер ақын; әдебиет

тарихында халыққа баспа бетінде де, ауызша да көп тараған Шортанбай орны бөлек...» Әрине, көзі қарақты оқырман болмаса, Шортанбай өлеңдері жайлы кеше мен бүгін арасында айтылған алақұла ой-пікірлердің ақ-қарасын айыру қиын. Сондықтан Шортанбай Қанайұлының әдеби мұрасы жайында зерттеу еңбектер де жазған Қ. Мәдібаеваның сонау Әуезовтен бастау алған пікірлер ағынының ақ-қарасын айқастыра бір танапқа қуып әкеп, айқын да анық ғылыми интерпретация беруін қалың оқырман үшін десек те, бұнда айтылған қадау-қадау ойларлардың әлі де ғылыми мәселе қатарында шешімін таба беретіндігі көзделеді. М. Мағауиннің айтуынша, «күні бүгінге дейін жұртшылыққа жаңсақ немесе жадағай ұғындырылып келген» Шортанбай ақындығының жасампаздығы, қай заман қайшылығына да қайрат танытуға бар қуат-күші мен «көпке ұғымды» (М. Әуезов) тілінің ажарын жарқыратып аша түсу мақсаты да жоқ емес. Ал, әр кезеңдерде жарық көрген Шортанбай шығармаларының ғылыми текстологиясын жасау кезек күттірмейтін іс екені де түсінікті. Сондықтан біз де шағын мақаламызда құрастырушының бұл мәнді интерпретациясына тоқталмай кете алмадық.

Қазіргі Шортанбайтану сыңаржақтықтан, жалтақтықтан арылды. Шортанбайдың өлеңдеріндегі «зар заман» мотиві, азаматтық үн, ұлттық сипат, суреткерлік шеберлік шынайы қалпында танылуға көшті. Көрнекті әдебиет сыншысы Тұрсынбек Кәкішев жинаққа енген мақаласында Шортанбай «ұлы жарын, зар заманның зор да адуынды ақыны, гөй-гөйді мейлінше шегіне жеткізе, шындық деңгейінде айтып, зарлап кеткен қоғам қайраткері, ірі идеолог. Онда діндарлық та бар, отаршылдыққа қарсылық та бар. Бұл екеуін енді ашық

айтып, инабатпен баяндау шарт» деп кейінгі зерттеушілерге бағыт-бағдар да береді.

Шортанбай өмір сүрген заман ұлтымыздың орыс патша отаршылдығының езгісіне түсіп, шовинизмнің жан төзгісіз тұрпайы әрекеттерімен бет-бет келген тұсы болатын. Шортанбайдың «Зар заман» өлеңінің осы тұста туып, Шортанбайша заман зарын айтқан ақындардың «зар заман ақындары» аталғаны әдебиет тарихынан белгілі. Шортанбай өз заманының зарын айтып, тығырықтан шығар жол іздеп қана қоймай, «Келер заман сипатын» да көрегендікпен болжайды. Осы өлеңіндегі «Балаңды алар солдатқа...» және «Ақша деген мал шығар...» деген жолдар Шортанбайдың уақыт тамыршысы екенін айғақтайды. Белгілі ғалым Мұбарак Үмбетаев қырғыз-қазақ поэзиясындағы зар заман сарынын сөз ете келіп: «Өзегін өкініш өртеген Шортанбай Қанайұлы мына заманда жалған сөйлеушілер, арамды адал көретіндер, досына қастық қылатындар көбейді, бала атаға қарсы шығып, қыз анаға қарсы шығып, жасы үлкенді сыйламайтын масқаралар пайда болды, «Ақыр заман таянды» десе, Қалығұл Байұлы өз кезегінде қырғыз ішіндегі жайсыздықты термелеген» деп олардың ақырзаман көріністерін ашқан суреткерлік шеберліктерін танытады. Ғалымның пайымдауынша, зар заман ақындарының қай-қайсысы да кесапатты туғызушылар – жат жұрттық отарлаушылар екенін ашық айтып, зар заманның ақыры – ақыр заман екенін ұқтырады. Шынында, Шортанбай кейіптеуіндегі зар заман адамы:

«...Қолында тұрып ұрлығы,
Мойнында тұрып зорлығы,
Ойында тұрып жалғаны,
Көңілде тұрып арманы,

Баласын беріп моллаға,
 Көңілін беріп аллаға,
 Дүнияға көңіл жұбатты...
 Залым туған сұмырайлар
 Осылайша жеңіп тұр.
 Шолақ иттей діңкілдеп,
 Бір-біріне жетем деп,
 Аласұрып өліп тұр...
 Бұл заманның адамы,
 Ұстасады көре алмай,
 Аз болса бөліп бере алмай
 Шындық кетті қазақтан,

Ант сөзіне сене алмай», – деп суреттеледі. Кенеуі кеткен кемшілік қай заманда да табыларына бақсақ, Шортанбай өлеңдерінің өміршеңдігінің сырына тағы да қаныға түсеміз.

Әдебиетіміздің айтулы тұлғасы Т. Кәкішевтің: «Шортанбай жырларын ойлана оқып, көңілге тоқығандар талай шұрайлы да қомақты ойларға, түйінді тұжырымдарға кезігіп, шынайы адамгершілік жолын іздеген үлкен дарын екендігін көреді» деген тұжырымының ақиқаттығына көз жеткіземіз. Алайда, замананың ұлы жыршысы Шортанбай Қанайұлының өнерпаздығы жайлы өресі биік ғылыми толғамдарға ой тоқтатқанымызбен, ақын өлеңдерін өз қолымызға алып, поэзия шыңырауына шым бойлаудың бақытын сезінудің мүлде басқа дүние екенін ұмытпайық, қадірлі оқырман!

Сөз мәдениеті – мәңгілік ел мерейі

Қазіргі уақыт туралы айтқанда, Елбасымыздың өзі де аумалы-төкпелі заманда өмір сүріп отырғанымызды ескертеді. Дегенмен, қай заманда да халқымыздың ұлтын сүйген ұлы перзенттері елі мен жерін көзінің қа-

рашығындай қорғап, сақтап келді. Осы ұлы дәстүрді ұстараның жүзіндей қылпылдаған жаһандану заманындағы талай-талай «тар жол, тайғақ кешулерден» аман-есен алып өтіп, сақтап қалу да жанкештілікті қажет етеді. Жан-жақтағы «көршілерінің» бірін алдап, бірін арбап жүріп ел қорғаған Абылайдың ақыл-айласы да, даналығы да қаһармандықты қажет екені анық. Елдік егемендігімізді баянды етіп, бүгінгі Қазақстанды әлемге танытып, сонау ежелгі замандағы Тоныкөктей батыр бабамыздың мәңгілік ел туралы арманын қазіргі ел экономикасы мен мәдениетінің темірқазығына айналдырып, өркениетті ел болудың нақты бағдарламаларын белгілеп берген Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев диірменнің тасындай шыр айналған шырғалаң уақытта қандай жағдайларда болмасын төзімділік танытар болсақ, алмайтын асу жоқ екенін әмісе санамызға сіңіріп келеді. Рас, өтпелі қиыншылықтардың талайы артта қалып, Еңсегей бойлы ер Есім еңкеймей кіруді аңсаған Ақордамызды Астанадан тігіп, еңселі ел болдық. Ел көшбасшысы халыққа жолдауларының қайсысында да 30 өркениетті ел қатарына қосылудың нақты стратегиясы мен тактикасын белгілеп бергені анық. Дегенмен, осы күрделі міндетті жүзеге асыру оңай емес. Өйткені, бүгінде егіз ұғымға айналып отырған экономика мен мәдениетіміз саласында кезек күттірмейтін қыруар істер бар екені баршаға аян. Десе кте, осы тірлігімізге биліктегілердің ісі деп бейжай қарамай немесе «көш жүре түзеледіге» салып жүре бермей, қоғамымыздың барлық азаматтары қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да, дер кезінде өз үлестерін қосар болса, жүгіміз аз да болса жеңілдер ме еді деп ойлайсың кейде... Әрине, бұл ойымыз әлгі егіз екі

ұғымның екеуіне де қатысты ғой. Дегенмен, біздің айтпағымыз өзімізге тиеселі – мәдениет жағы, оның ішінде сөз мәдениеті десек, бұл да ұлт болып ұйысып, халық болып құралған сонау заманнан талқыланып-таразыланып келе жатқан тарихымыз десек болады. Қазіргі мәдениет, ғылым, білім салалары ғана емес, тіпті ежелгі сөз өнері мен дәстүрлі мәдениетіміз ұрпақты қашаннан сөз мәдениетіне, мәдениетті қарым-қатынас жасауға, әдептілік пен әсемдікке баулып келеді.

Тіпті, қазіргі заманда қай салада болсын кәсіби маман болу үшін бірнеше тіл білу қажеттігі туып отыр. «Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі білім біл» деп дана бабаларымыз тегін айтпаса керек. Ал, тіл біліп қана қоймай, сөз мәдениетін, шешен сөйлей білу өнерін меңгеру ел басқаруда, экономикада, мәдениетте табыс кілті болары даусыз. Оны ежелгі түркі данышпаны Жүсіп Баласағұнның «Кісіге құт тілден» деген нақылымен түйіндесек те болады. Бүгінде осы мақсатта жоғары мектептерде риторика, сөз мәдениеті курстары оқытылады. Шет елдермен, оның ішінде өркениетті елдермен экономикалық-мәдени байланыстарымыз күшейіп, әсіресе елімізді әлем таныған осы уақытта инновациялық даму экономикалық-мәдени өмірімізден таныла бастады. Алайда, кейбір қоғамдық орталарда жалпы ел мәдениетіне сөз келтіретін кемшіліктеріміз жоқ емес. Солардың көпшілігіне «көш жүре түзелерді» сылтау етіп, қол сілтей салып келе жатқанымызға қарап отырсақ, күндер, жылдар емес, замандар өтіп барады. Біздің айтпағымыз – түймедейді түйедей ету немесе тырнақ астынан кір іздеу емес, елеусіз, ұсақ-түйек нәрсе сияқтанғанмен жалпы елдік мәдениетімізге сын болатын құбылыстар деп ойлаймыз. Кісілік келбетіміз-

ге, жалпы мәдениетімізге нұқсан кетіретін жайларды ұлымыз да, кішіміз де баспасөз бетінде талқыға салып жүрміз. Мәселен, өзі ауылда тұратын, ел ішіндегі жағдайдарды бес саусақтай білетін белгілі жазушы Өмір Кәріпұлы «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған «1. Ұлттық қайнар немесе қажетсіз дағдылар» (№20 (3392) 16.05. 2014) және «2. Ұлттық қайнар немесе қажетсіз дағдылар» (№21 (3393) 23.05. 2014) деген көлемді мақаласында Елбасы Жолдауындағы «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруда ұлттық құндылықтарымызды жаңа заманға сай жаңғыртып, түлетіп мәңгілік ету мұратын алға тартады, сондай-ақ халқымыздың осы күнгі той өткізу, қонақ күту, кісі жерлеу сияқты салт-дәстүріндегі әсіре мақтанқұмарлық, малшашпақ сияқты жат қылықтарын сынға алған еді. Жазушының айтқаны айна-қатесіз. Көкейімізге қона кетті. Шынында да, жазушы айтқандай, ХХІ ғасырда өмір сүріп отырған біздің ағайын әлі де өз отбасын, түптеп келгенде ел экономикасын тұралататын кеңқолтық мінезден арылмай отыр. Елімізде мал басының азаю қаупі төніп тұрғаны бір бөлек әңгіме. Жазушы осы күнгі қонақ күту салтындағы жөнсіз тыраштық пен тантыма мінезді сөгіп, әркімнің «көрпесіне қарай қарай көсілгенін» қалайды. Ел ағасы Өмір Кәріпұлының «Табак тартуды жаппай рәсімге айналдыру-нарық заңына сыйыспайды» және «Ас ішіп, дәм жеу тәртібінің әлемдік стандартына сай келмейтін дағдыдан бой тартқанның еш әбестігі жоқ» деген ұлағаты, пайдасы зор кеңестер бере келіп, біздің барша тірлігіміз «сырт ел назарында» екенін де жанашырлықпен ескертіп өтеді. Қарыз алсаң да той жаса, табак тарт деп тұрған ешкім жоқ. Дақпырт, мақтан керек. Бұндай мінездер қала қазақтарында да бар. Ауыл-

да «ел күлмей ме» деген жалған «намысқойлық» бар, көршіне мақтануың керек. Қорасындағы мүйізді ірі қараның сүт-майын көшедегі алыпсатарға татымайтын тиын-тебенге беріп, «щадринское молоко» ішудің бір жағы баяғы кержалқаулық емес пе? Мақтаншылыққа келгенде ұлт дәстүрін «ұстанғыш» ағайынның, діл мен тіл жайын айтсаң «сен-ақ қазақ бол» деп тайқып шыға келетіні рас, Өмір аға!..Осындай жат мінез-құлықтардан қашан арыламыз, неге өркениетті елдерден салт-дәстүрлерімізді орындауда экономикалық мәдениетті үйренбейміз депсіз.. Өмір аға, ағайынға жанашыр сөз айта алатын Сіздей ел азаматтары көбейсе, көп нәрсеге тоқтам болар ма еді? Көп ақсақалдарымыз ел ішін жегідей жеп, бүлдіріп жатқан жат қылықтарды көріп отырып міз бақпайтындары несі?! Сіздің ауылдағы асқынған мал ұрлығын әшкерелеп, назалана жазған көлемді мақалаңызды да оқығанмын. Өттен, «баяғы жартас бір жартас» десек те, жылқы ұрылары мен олардың сыбайластары айылын жиған шығар-ау.. Иә, ұрлық-қарлық, жемқорлық, паракорлық, дәнкеуде мақтаншылық, астамшылық, дақпыртқұмарлық, адаммен қарым-қатынастағы дерекілікті, адамның сөзі мен ісінің бір жерден шықпауы, өндірдей жастарымыздың жалған сөйлеуге құмарлығы сияқты мәдениетсіздіктің шектен шыққан түрлерін қоғамды жайлаған дерт деуге болады. Сөз мәдениеті, адами құндылықтар хақында БАҚ құралдарында ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері айтып-жазып жатады. Мәселен, жазушы Несіпбек Дәутаевтың шығармаларынан бүгінгі билік тізгінін ұстағандар мен олардың маңындағы жалпаң-жәдігөйлердің сыйқын жазбай танысың. Бұл-жазушы шығармаларының шындықтан туғандығы. Мансапқұмарлар мен тоғышарлар,

олардың құйыршықтары – нағыз сыбайлас жемқорлардың өзі. Олардың іс-әрекеттері зығырданынды қайнатады. Әрине, телеарналар да ел ішін жайлаған кейбір кесепаттардың жойылғанын, кейбір жемқорлардың ауыздықталғанын халықтың көз алдында жайып салып көрсетіп жатады. Дегенмен, шынайы көркем шығарманың қуат-күші уақытпен санаспайды, Дәутаев шығармаларындағы кейіпкерлер – заманауи кейіпкерлер, жазушы таланты әділет пен әділетсіздік арасындағы бітіспес күресті өзгеше бір қырынан танытады. Жалпы, әдебиетте бүгінгі кейіпкер жоқ демейік, Дәутаев шығармалары киноға да сұранып тұр (оралған ойды айта кетейін деп едім, кешірім етіңіз, оқырман).

Сөз мәдениеті жөнінде де аз айтылып жүрген жоқ. Аудармашы Бекболат Әдетов «сұрқылтай», «құлағына алтын сырға» т.б көптеген сөздердің мағынасын мысалдармен терең ашып, көпшілік талқысына салып, түсіндіріп, қолдану орнын айқындап, жалпы «сөз түзеуге» бар күшін салып жүргенін білеміз. Жақында ғана газетіміз бетінде «Желқазық» айдарымен жарық көрген философия ғылымдарының докторы Бақытжан Сатершиновтың «Қазақтың құны қандай, қазақта адамның құны қандай?» атты («Қазақ әдебиеті», №1-2 (3427) 16.01. 2015) адамгершілік құндылықтар жөніндегі мақаласы да көпшілікке ой салды деп ойлаймын. Ғалым ғылым, өнер, әдебиеттегі арзанқолдылықты, даңғазалықты мін етеді. Шынында, рухани мәдениетімізде плагиат өрістеп өркештенсе, мәдениет өсе ме, шынайы рухани құндылықтарсыз өркениетке қалай жетпекпіз? Плагиатты әлемиленудің салдары деп сыныққа сылтау іздемей, әлемиленудің жетістіктерін дұрыс, қажетіне сай адамгершілікпен пайдалансақ озық елдерден қазақ-

тың несі кем? Осындай кем-кетігімізді айтып, тезге салып отыратын, ел қамын, ел мәдениетін ойлайтын азаматтар мен игі жақсылар көп болса деймін. Көш сонда түзелер.. Күнбе-күн экономикалық-мәдени өміріміз қарыштап өсіп келеді. Тәуелсіздік алғанымызға да ширек ғасырға жуық уақыт болды, 2030 бағдарламасын меже етіп, өркениетті елдермен терезе теңестіруге де ұмтылудамыз. Ел тыныштығы-басты байлығымыз екенін ұмытуға болмайды.

Рас, кіршіксіз ештеңе болмайды дегенмен, біз сөз мәдениетіне келгенде, ылғи қаға беріс қала беретін бір жайларды сөз етпекпіз. Қарапайым оқырманды айтпағанда, сөз мәдениетінен хабары бар деген ғалымдарымыз бен сыншыларымыз, жазушыларымыз, әсіресе мерейтойлық мақалаларында, ғылыми еңбектерінде кейіпкерінің аты-жөніне ғұлама, ұлы, қаған, көрнекті, белгілі, танымал, атақты, сөз зергері т.б сияқты эпитеттерді орынды-орынсыз тіркеп, асыра мақтауды, даңғаза жағымпаздықты әдетке айналдырып барады. Әсіресе, бұндай жағымсыз дағдылар жоғары оқу орындарында, қоғамдық басқа да мекемелерде өтетін мерейтойлық конференцияларда өріс алып келеді. Тіпті, қазіргі әдеби сынның қазіргі салмақсыздығының бір шеті де осындай құлықтармен шектесіп жатса керек (дегенмен, ол басқа әңгіме!). Орынсыз атақ қосқанын бетке айтсаң, атын атап жазсаң, біздің ағайын «жау көреді», орыс, еуропа халықтары ашық айтқанды ұнатады, асыра мақтау олар үшін масқаралық, бұл – асқан мәдениеттің белгісі. Әлемдік мәдениеттен үйрену көптік етпес. Мәселен, ағылшын жұрты сізбен танысқан сәтте есіміңізді құлағы дұрыс шалмай қалса, біз сияқты «естімей қалдым, кім дедіңіз» демейді, «кешіріңіз» деп қана қымсынады,

сол кезде сіз есіміңізді қайталауға тиіссіз. Бұл- олардың ұлттық діліне тән әдептерінің бірі.

Әңгімемізге қайта оралайық, мәселен, әл-Фарабиді ғұлама дейміз, осы қатарға Ахмет Байтұрсыновты, Әлкей Марғұланды тағы басқа шын мәніндегі ғұламаларымызды қосуға болады, Абай, М. Әуезов секілді ұлы тұлғаларымыз да бар. Ал, кез-келген ғылым докторларын, жазушылар мен қоғам, өнер қайраткерлерін ұлы, көрнекті, ғұлама деп дәріптеу орынды ма, шындыққа сай ма? Шындығында, данышпан, ғұлама, ұлы деуге лайықты ғалым, жазушы, ұлы тұлғалар бір ғасырда бір туады емес пе? Ұлы адамдар өмірін зерттеушілердің айтуынша, ұлы дарын ешкімге ұқсамайтын тұлға, табиғат ерекше жаратылған перзенті, олардың туындылары дүниені өзгертеді, адамзатқа бақыт әкеледі. Ал, осы күні сіз бен біз ұлы, ғұлама атап жүргендердің атқарған ісі алдыңғы аталған ұлы тұлғалардың еткен еңбегіне, қалдырған өнегесіне теңдес пе, алдымен соны ойланып көрдік пе, жазарман қауым? Арнайы академиялық титулдар (дәрежелер) бар, мемлекеттік марапаттар бар. Рас, академикті академик немесе көрнекті тұлға деуге әбден болады, ал ұлы деуге негіз болу қажет. Мәселен, қазақ тау-кен инженериясының негізін қалаған академик Қаныш Сәтбаевты ұлы тұлға деп тануымыздың жөні бөлек екені ақиқат. Бүгінде кейбір ғалымдарымызды ұлы, көрнекті, ғұлама, тіпті белгілі, танымал демей-ақ, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы бойынша атасақ та жеткілікті емес пе? Елбасының өзі айтқандай, ғылыми дәрежелер берудің науқандық «штампқа айналған» кезеңінің «жемістері» бұған да риза болмас па екен?! Жоғарыдағы керемет эпитеттер телінген тұлғасына лайықты болса құба-құп дер едік. Солардың ішінде көрнекті

(выдающиеся) деген сөзді кез-келген ғалым, жазушыға теліміз. Орыс халқы «көрнекті» деп дәріптеуді А.Н. Веселовский, М. Бахтин сияқты ғалымдарының, М. Шолохов, В. Распутин сияқты жазушыларының үркердей тобына ғана лайықты көреді. Мысалы, біз көрнекті жазушы Ғ. Мүсіреповті көбінесе сөз зергері деп атаймыз. Ал, енді жақыннан бері осы бір сирек талғамымызды өзгелерге де албаты тели бастадық. Белгілі деуге тұрарлық жазушы, ғалым, өнерпаздарымызды танымал деп, тіпті одан да асырып көрнекті деп жүргенімізге не жосық? Жә, сонда танымалы қайсы, белгілісі қайсы, көрнекті деп кімді айтпақ керек дейсіз ғой? Оны бекітіп қойған ештеңеміз жоқ, қалауыңыз білсін, бірақ даңғазалыққа бой алдырмай аздап бағамдай алсақ, басымыздан бағымыз таймас еді?

Мысалы, жазушы қауымы туралы айтар болсақ, мен оқырман ретінде О. Сәрсенбаев, Ә. Сараев секілді қаламгерлердің кейбірін жазушы деп қана танымын, бүгінде Р. Мұқанова, А. Кемелбаева, А. Алтай, Д. Амантай белгілі жазушылар екені өзі де белгілі, ал Ғ. Мүсірепов. І. Есенберлиндей текті тұлғалардың көрнекті, біртуар жазушылар екеніне сөз жоқ, М. Мағауин, Д. Досжан секілді әлем халықтарына танымал, көп оқылатын, тіпті көрнекті деуге лайықты жазушыларымыз бар. Бұл ұзақ-сонар көшімізді түгендемей-ақ қоялық, басымыз дауға қалып жүрер. Мен оларды сараптан өткізуден аулақпын, тек мысқалдай мысал болсын деп айтқаным және менің субъективті пікірім деп ойлаймын. Кімнің кім екені әрі-беріден соң әркімнің өзіне мәлім ғой, мүмкін «ұлы» дегеніміздің қызметі ғана «ұлық» болар, «кіші» дегеніміздің кісілігі зор шығар, десек те, асырамақтауға жол бермеу өз қолымызда емес пе? Артық-кем

айтқанымызға, қапа болмассыз, ағайын. Әркімнің талғамы әртүрлі дегенмен, кемеңгерді де кемерден асырмаған жөн болар. Асыра мақтаудың әсерінен өз орнын білмей, «мен сондай екенмін» деп астамшылыққа бой алдыратындар қай жерде де бой көрсетіп қалатыны белгілі жайт. Сондықтан аузымыздан шыққан сөзге абай болып, әркімді, әр құбылысты өз атымен атау да әр адамның сөз мәдениетін байқатса керек.

Бүгінде өнер сахналарында «жыпырлаған жасанды жұлдыздар» көбейді, солардың бірін белгілі жүргізушінің «эстрада гауһары» деп атағанын естідік. Режиссерлер бір мезет неге ойланбайды, эстрада гауһары деген әдемі эпитетті Роза Рымбаева сияқты санаулы санлақтарға телісе жарасар еді? Сондай данғазалықтан жиренесің. Қазір кім болса сол әнші ғой деп қолды сілтеп көзжұмбайлыққа салатын уақыт емес, қоғамдық ұйымдар тарапынан қай саладағы келеңсіз құбылыстарға да тежеу салатын уақыт жеткен сияқты. Өйткені мәңгілік ел болудың талаптарына сай өмір-салтымызды жаңғыртып, сөз мәдениетін жетілдіруді көздеу қажет-ақ. Өйткені, бұл айтылған мәселелердің қайсысы да рухани мәдениетімізге сын болса керек.

Әлеуметтік өмір-тұрмысымыздағы қарым-қатынаста дағдыға айналып кеткен бір келеңсіздік жайы. Әрине, орыстілді мекемелерде қызметтестер арасында қарым-қатынас ресми екенін бәріміз білеміз. Қызметтегі қарым-қатынастарда бір-бірін «ағай», «апай» деу қазақтілді мекемелерге тән. Бірақ, сол біздің ағайын орыс көршісіне «Нина Петровна» деп қиылып тұратынын қайтерсің? Өйткені, көршісі әу баста өзін солай таныстырады, олардың ұлттық мінезі алыстан сыйласуды жөн көреді. Ал, біздің қазақтілді мекемелерде

балабақша мен мектепті былай қойғанда, жоғары оқу орындарында осы уақытқа дейін қызметтестер бір-бірімен ресми қарым-қатынастарда «ағай», «апай» деген жалпақ сөздерді қолданады. Жаман сөз емес, жалпы атау, жақындықты білдіретін жылы сөз, құлағымыз да әбден үйренген, көшеде, үйде, қолдануға болады. Ал, бүкіл өмір-тұрмысымыз әлемдік стандартқа бейімделіп жатқан қазіргі кезеңде, мәжілістерде, түрлі жиындарда сөйлегенде, мекеме басшыларымен немесе әріптестерімізбен ресми қарым-қатынастарда немесе мерейтойлық мақала жазғанда «ағай», «апай» деп қайрылу қызмет этикасына жатпақ емес. Тіпті, бұндай жалпы үлгідегі қарым-қатынас мекеме басшысы мен қызметкер арасындағы лауазымдық шекке де (субординацияға) да нұқсан келтіреді деген ойдамыз. Кейбір мекеме басшылары қызметкерлердің бір-бірімен қарым-қатынаста «мырза», «ханым» деген сөздерді пайдалануын талап ететінінен де хабардармыз. Біздің ойымызша, бұл да дұрыс емес. Бұл сөздерді қызметте емес, театрда, той-думандарда, көшеде және тағы басқа қоғамдық орындарда қолдану жарасымды. Шетелдіктер қоғамдық орындарда «мсье», «мисисс» деп қайрылады ғой. Ал, Австрия еліне іссапармен барып қайтқан біздің университеттің ағылшын тілінің оқытушысы Насихат Өтеғалиева қала мәрінін қабылдауында болғанын, ол өзін Штефан деп таныстырғанын, солай атауды сұрағанын айтып таңғалдырған еді. Тіпті әлгі Штефан ақ жағалы әкімге емес, тынымсыз еңбек үстіндегі қарапайым адамға ұқсайды екен. Дегенмен, әр елдің салты басқа. Біз олай ете қоймаспыз. Десек те, қызметте, ресми орындарда бір-бірімізді «ағай», «апай» дегенді қойып, сондай-ақ жоғары оқу орындарында студенттердің

өз ұстаздарын «ағай», «апай» деуін тоқтатып, ресми қарым-қатынасқа көшуін талап еткен жөн. Мысалы, Анарбай Сағиұлы, Сәлима Әбдіраманқызы деудің еш сөкеттігі жоқ. Ендігі уақытта балабақша мен мектептерде бұл мәселені бірден жолға қоюға болады. Тілі шыққан баланың тәрбиешісінің аты-жөнін айта алатынына өз немерем баратын «Айналайын» аралас балабақшасымен қарым-қатынастарда көз жеткіздім. Бөбекжай меңгерушісі Мәрзия Жұмайқызы, Алиса Николаевна секілді тәлімгерлер ресми әдептерді біліктілікпен жолға қоя білген. Тағы бір есте болатын бір жай: жоғары мектеп оқытушыларының дәріс үстінде немесе басқа уақытта студенттерге «балалар» деп қайрылып, «қарақтарым, шырақтарым» деп айналып-толғанып жатуы да қазіргі студент пен оқытушы арасындағы ресми серіктестік қарым-қатынасқа сәйкес келмейді.

«Дәстүрдің де озығы бар, тозығы бар» дегендей, кейбір әдет-дағдыларымыздан арылатын кез келген сияқты. Өйткені, жер бетінде халықтық мәдениеті әлем жұртшылығына танылатын, ұлттық құндылықтарын жоғалтпай, биік ұстайтын, толқын-толқын ұрпақ өсіріп мәңгі жасай беретін өміршең ел болу оңай емес. Сондықтан, еліміздің әрбір саналы азаматы қоғами қарым-қатынастарда сөз мәдениетін сақтап, өнегелі елдің ұрпағы екенін әрдайым есте ұстар болса, мәдениетіміз бен өмір салтымызға нұқсан келтіретін кемшіліктер де азайған болар еді. Жаңаруға жанымыз құмар қауымбыз ғой, көкейде жүрген көп ойдың бірін тарқаттық, жөнсіз сөге көрменіз, оқырман!

ҰЛЫ ЖҮРЕКТЕН ТУҒАН «ҰЛПАН» РОМАНЫ

Менің Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ әйелі» (1982) деген кітабын Фурманов пен Абай көшесінің қиылысында орналасқан кітап дүкенінен сатып алғаным есімде. Мен оған жиі баратынмын. Өйткені, бұрын Пушкин аталатын кітапханаға бара жатып, оған соқпай кетпейтінмін. Ал, аталған кітап авторын тұңғыш көруім – жазушының мерейтойы үстінде. Ол кезде мен төл университетімізді бітіріп, «Жазушы» баспасында жұмыс істейтінмін. Баспаның сол кездегі директоры Әбілмәжін Жұмабаев Жазушылар Одағында өтетін мерейтойға арналған салтанатты жиында өзімен бірге ере жүріп, жазушыға үп-үлкен себеттегі гүл шоғын сыйлауды маған тапсырды. Өйткені, мен баспаның ең жас қызметкері едім. Солайша, мен асыл адамға ілтипат білдірдім. (О-о, ол кезде жазушы, ақындарды, кітап дегенді қалай қастерлеуші едік!..) Иә, Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ әйелі» кітабының ішінен «Ұлпан» романын құмарта оқығаным да есімде.

Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романы патша отаршыларының қазақ жеріне дендеп кіре бастаған кезеңіндегі жағдайларды суреттеуден басталады. Жазушының сөзімен айтқанда, Кенесарыны хан сайлауға Аманқарағай дуанына қарайтын елдердің көнбей жатқан кезі. Аманқарағай дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов болса, романның бас кейіпкерінің бірі – Есеней сол билік кеңесінің ең беделді биі. Жазушы оқырманға тарихи-кезеңдік жағдайлардың тынысын кейіпкерлерінің іс-әрекетін, бір-бірімен қарым-қатынастарын сипаттау арқылы аңғартып отырады. Рулық қоғамға тән сурет келеді көз алдыңызға: жайылым,

жер-суға талас көріністері.. Атышулы Шыңғыс төренің өзі «тұра келіп амандасатын» Есенеі би Артықбай батырдың қызы Ұлпанмен сондай бір «қақтығыста» – арызын айта келген тұста ұшырасқан еді. Қазақта ол кезде сөз сайыстырудың күші қарулы қақтығыстан да зор болғаны белгілі. Қыр басында тұрған Есенеі тобына жақындап келіп, үш ауыл кірме Күрлеуітті жайылымнан қыспауын сұрап, арыз айтқан «бала жігіт» Ұлпан еді ғой. Жазушының суреттеуінше, «бет аузына кісі тура қарай алмайтын қара шұбар, батыр денелі, биік бойлы адам кеудесінен ғана келетін Есенеіге «көз қиығын серпе тастап», асқақ сөйлеген Ұлпан қыз о баста өжеттігімен, шешендігімен көзге түседі.

Есенеідің ойына өзін өмірлік қарыздар санайтын досы Артықбайдың қызы Ұлпанның кіргендегі мазаң халін жазушы нанымды детальдармен суреттейді. Романда жазушы шеберлігі танылатын тұстар көп. Ұлпанды айттырып келуші оспадарлардан ажыратып алушы да – Есенеі, жасында адуын, озбыр болған би. Енді діндарлау.

Ұлпан ат үстінде ойнап өскен қазақ қызы, аңшылық өнеріне де қанық. Жазушы Ұлпанның анасына ұқсаған түр-тұлғасын да, жан әлемінің пәктігін де келісті кестелеп, психологиялық портретін динамикалық тұрғыда дамыта кемелдендіреді.

Ақыры, «алпысқа келгем жоқ» деген, «қатыным болса да, сұр бойдақпын» деген Есенеі Ұлпанды айттыруға досы «түрікпен» Мүсірепті аттандырады. Ұлпан Есенеіге қарсыласқан жоқ. «Ұлпан арзанға түспейтін қыз». Бұны тура мағынасында ұғуға болмайды. «Ұлпанда бір жұмбақ жымыыс бар.» Есенеі соны біле алмай дағдарады. «Есенеідің малы жетер!» Бірақ Есенеі Ұлпанға келгенде озбырлық көрсетпек түгілі біртүрлі жұмсарып кетеді. Намаз оқып отырып, бір кездегі сәби Ұлпанды арқасына мінгізіп ойнатқаны да есіне түседі. Сонда баласы бар адамдардың бақытын сезініп еді.. Ал...жұмбақ не? Енді Ұлпанды

әйелдікке алмақшы. «Мен үлкен үйге кіремін де, төрінде отырамын» дейді Ұлпан. Есенейдің жұмбағын Ұлпан да түсінеді: Есеней тұсаулы да емес, тұсаусыз да емес. Есеней алдыңғы әйелімен жеті жылдан бері бөлек тұрады. Есеней мен Ұлпанның арасы қырық жас. Ұлпан Есенейдің құрығынан құтылмасын білді. Бірақ бәйбіше боларына көзі жетеді. (Сол кез үшін аса шошырлық жағдай емес шығар. Жас айырмасы көп жұбайлар қазір де бар ғой.)

Бірақ, Ұлпан ел анасы Ақнар апа атанады. Елінің, жерінің қамын ойлайды, елдің ынтымағына, бірлігіне ұйытқы болады. Ұлпан – Есенейге айналады. Есенейден Біжікен атты қыз туады. Біжікен қайтыс болғаннан кейін, күйеу баласы Торсан Ұлпанға мейірімсіздік көрсетеді. Торсан өз атына лайық ел ішін де бүлдіріп бағады. Бір кезде Ақнар атанған Ұлпан қайғының қара кемесінде жалғыз қалады. Қарапайым елге қамқорлық жасаумен күн кешкен, Сибан жорығы тұсында қаһармандық танытқан ел анасының жасампаз істеріне қарсы тұрған жауыздар оны аянышты тағдырға ұшыратады. Ұлпан у ішіп өледі. Феодалдық қоғамның тығырығынан шығу ол кезде қиын екенін жазушының өзі де аңдатады.

Ел есінде Есеней мен Ұлпанның жақсы істері мен ізгі қасиеттері қалады. Ұлпан – қырық құбылған қиын кезеңде ел ішінің ынтымағын сақтап, іргемізді жауға да, дауға да бермей, жапа шектіре келген заманның жауыздығымен де, ауыздығымен де алысып, жаңалығын ұрпағына үрдіс етіп қалуға жан аямаған, ел ырысын шайқалтпай, шалқытуды көздеген көреген, асқақ қазақ әйелінің образы. Ұлпан сияқты қазақ ханымдары көп болған. Публицист жазушы Сарбас Ақтаевтың «Қазақ ханымдары» деп аталатын кітабында олар жайлы көп деректер келтіріледі. Менің көз алдымда өз заманының қаһарманы, ұлы әйел Ұлпанның бейнесі тұрып қалды. Бұл – сөз зергері Мүсіреповтің ұлы жүрегінен туған теңдессіз, қайталанбас туынды.

ЖАУҢАРДАЙ СЫЙ

Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры, әдебиет сыншысы Қанипаш Қайсақызы Мәдібайдың «Қазақ әдебиетінің жауһар ғасыры» атты монографиясы жарық көрді. Еңбек авторының «қазақ әдебиетінің жауһар ғасыры» деп атап отырғаны – XIX ғасыр. Өйткені, XIX ғасыр әдебиеті саяси-тарихи астары қалың тәуелсіздік үшін күрес әдебиеті болуымен бірге ауыз әдебиетінен жазба әдебиетке ойысу кезеңіндегі қисса өлең, тарихи жыр, төлтума сипаттағы дәстүрлі ән өлең, айтыс өлеңнің жанрлық түрлерін, сондай-ақ, әдеби дамудағы азатшыл, жаңа бағытты айғақтайтын Махамбет, Ыбырай, Шортанбай, Дулат сияқты зар заман ақындарын, Абай сынды жазба әдебиет алыбын тудыруымен ерекшеленеді.

Автормонографияда тұғырлы тұжырымға келу үшін аталмыш ғасыр әдебиетіндему бағыттары және танылым өрісі тарапынан қарастырады. Өйткені, XIX ғасыр әдебиеті бұрыннан зерттеліп-зерделеніп келе жатқаны белгілі. Сонау А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлынан бастап Б. Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиевтен Қ. Өмірәлиевке дейінгі және одан кейінгі зерттеушілер шоғырын айтсақ та жеткілікті. Демек, XIX ғасыр әдебиетінің танылым өрісі өте кең, ұланғайыр деуге болады. Автор сол ой-танымдардың, бағалаулар мен тұжырымдардың қай-қайсысын да шеткері қалдырмай, әдебиеттанудың жаңа бағыттары тұрғысынан зерт-

тейді. Әдеби-сыншылық сорабынан өткізіп, жинақтап, жүйелейді. Тіпті осы бағыттағы қайшылықты жайларды жаңаша көзқарас тұрғысынан бағалайды, соны қырынан танып, талдайды. Әрине, бағалауды бағалау, танылымды таразылау көтерер жүгі мол, бейнетті іс. Сондықтан зерттеуші Қ. Мәдібайдың «танылым өрісі» деген терминді қолдануының ғылыми құндылығы зор деуге болады. Автордың айтуынша, ХІХ ғасырдың қазыналы қойнауындағы әдебиет жауһарларының поэтикалық ерекшеліктері, әдеби мектеп дәстүрін ғылыми негіздеу мәселесі, тіпті кешелі-бүгінгі Махамбеттану, Абайтану мәселелері әлі дежинақтай жүйелеуді қажет еткені анық.

Расында, сыншы ғалым Қ. Мәдібайдың «Қазақ әдебиетінің жауһар ғасыры» атты монографиясы әдебиеттану ғылымына қосылған қыруар олжа ғана емес, бүгінгі білім жауһарын іздеген жастарға жауһардай сый болары даусыз.

IV бөлім

КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ



ВАСИЛЬ ШКЛЯР
(аударған Р. Әбдіқұлова)

АЛЫП ҚАНАТТЫ ҚҰС

Колька Петр Джуспен ешқашанда араласпаушы еді. Бірақ жақын уақыттан бері оған жиі барып тұратын болды. Анығында, ол Джусовтар ауласында, Петрдің әкесі ағаш ұстасынан таудай етіп қарағай тақтайлар әкеліп түсірген күні барып қалды. Хош иісті сары тақтайлар күнге шағылысатын. Тіпті бұлтты күні де Джусовтар ауласы күн сәулесі төгіліп тұрғандай жарқырап көрінетін.

Ал Колька Петрге келе қалса (әрқашан консерві қалбырын ала келетін), олар тақтайларға отыра қалып, әрнәрсені айтатын еді. Сонда Колька:

– Петь, естимісің, Петь? Рұқсат па, мен аздап?.. – деп сұрай бастайды.

– Сен кеше көп алып едің ғой?!

– Иә... тағы да керек болып тұр.

– Ол не, жей ме оны, немене? –деп Джус тұншығып күле бастайды.

Тіпті күлкілі болмаса да әрқашан осылай зорлана қиқылдап (қасақана) күлетін.

– Білесің ғой, Петь, –Колька Джустың көзіне байыппен қарады, –Оған скрипка үшін керек. Иә, әлгі ішек, ысқы үшін...

Иә, білем, Джус қиқылдап күлгендіктен дауысы жарықшақтана шықты. –Шешен аулада алқынып, ағаш

жарады, ал ол болса өзінше бір шетте отырып алып, скрипкасын сарнатады.

– Әкем сырқаттанып жүр, – деді Колька, – оған соғыска...

– Иә, сырқаттана қалғаны, – деп сөзін бөліп Джус.

– Күшік күйеулердің бәрі сондай, көрерсің, шешен бұны да қуып шығады!

– Ол жақсы кісі.

– Иә, оған скрипка керек деймісің? Оған ағаш жарып, су әкелетін адам керек.

– Алуға бола ма, Петъ?

– Маған керегі не, сыдыра бер.

Колька қалтасынан қолдан жасалған ағаш сапты бәкіні (Микитенко атай ұста дүкенінде соққан) суырып алып, ескіш шайыр шығып жатқан қарағай тақтайларды қарай бастады. Содан соң қарайған жүзбен балауыз сияқты сары тамшыларды қырнап қалбырға түсірді. Бұл сәтте ол Джустың қиқылдаған күлкісін естімеуге үйренген. Ол туралы ойлап та жатпайды. Не біледі дейсің ол.

– Адалдыққа келсек, – дейді Джус, – сен маған тағы қарызсың.

– Не дейсің?

– Менің әкем тақтайларды ақшаға сатып алды ғой, солай емес пе?

– Солай.

– Ал шайыр қайдан шығып жатыр? Тақтайлардан, солай ма?

– Солай

– Міне, саған «солай». Мысыққа бірдеме апаратын кез де болып қалды...

Джус құлағында тесігі бар, саз балшықтан жасалған кішкене құмыра мысығын өте жақсы көруші еді. Бір тиын тапса да, соған әкеп салады. Ол бірде шалғын шетіндегі бұтаның арасымен келе жатып, жұмыртқаға толы ұяның үстінен түсті. Біреудің тауығы қорасынан шығып, жұмыртқалап кетсе керек. Сол жұмыртқаларды дүкенге өткізіп, әбден байыды. Бұдан соң қай жерде бұта болса, соны тінтілеп жүретін әдет тапты. Тіпті, иен жердегі шөп-шаланды да жапырып із салып жүргені. Ал Колька Джустың иеліктен мырза бола қалғанын алғашында аңғарған жоқ. Маған керегі не, сыдыра бер дейді. Енді, не туралы сөз қозғап тұрғанын қарай гөр. Колька ақша таппайтын болса, оған не төлеп құтылмақ!

– Ал, сен қалай ойлап едің? – Джус күлген жоқ, бірақ көзі одан ары жіпсиіп, пышақтың жүзіндей жылтырай түсті.

– Жұрттың бәрін ақымақ еткің келе ме? Мә саған!

Сен менен құтылып кете алмайсың.

Қалбыр ұстаған саусақтары жайлап қалтыраған Колька қолын артына жасырды.

– Сен не, Петь?..Біз ғой...мен...

– Сен не? Сен не? Білеміз сендерді! Тақыр кедей.

– Мен...

Осы кезде ғана Колька шешімге келді. Бұрын ауызға алуға қорқатын бірдеңені Джусқа көрсетпек болды. Өйткені Джус, неге екені белгісіз, құстарды жек көретін. Әсіресе, торғайларды өзінің ең үлкен жауы санады. Олар нені құртпады.: бақшадағы күнбағыс, шиелерді шоқып бітірді дейтін Джус. Сондықтан қайда болсын: шатырда, інде, қуыста болсын, торғайлардың ұясын тауып бұзып жүрді. Егер терең қуыстардағы балапан-

дарды суырып ала алмаса, жай тентектік істеп, таяқпен шұқып: «Шоқисындар ма?» деп үрейлерін ұшыратын. Сонда оның беті ашудан қызарып кететін. Егер Колька шайыр үшін басқа бір нәрсе төлей алса, оған әлгі құсты ешқашан көрсетпеген болар еді. Бірақ не істейсің, ауыл маңында қарағайлы орман да жоқ. Әкесі екеуі іздеп те көрген, кездеспеді. Сонда әкесі Кольканың түкке тұрмайтын нәрсені іздеп әуреленгеніне қатты ренжіді.

Орманға барған олар олжалы болды. Өйткені Колька үлкендігі қарғадай бір құсты тауып алды. Тұмсығы да жалпак, темірден соққан тәрізді, қанаттары да үлкен, тек қана ұшпайды, әлі кішкентай, өскенде бүркіт сияқты үп-үлкен болады.. Тіпті күштілігі сондай Кольканы қанаттарына отырғызып алып, орман таулардың ар жағына жеті дарияға апарады... Иә, ол үшін жақсы қарап, жас шағынан қолға үйретіп, әлпештеп бағу керек. Сонда ол өскен кезде еңбегінді жүз есе қайырады деген әкесі. Өйткені, крук (кәдімгі қарға тұқымдас құс, бірақ бұл атауы сирек қолданылады) – жергілікті құс емес.. Бұрын сонды болып көрмеген, тіпті бұл өлкеге қалай келгенін де түсініе алмайсың. Жаңғақ ағашының түбінде отырған Колька құсты бірінші болып көрді. «Папа, анау қарғаны қараңыз» деп саусағын шошайтты. Олар жақындап келгенде де, құс ұшқан жоқ. Балдақ таянып тұрған сияқты, жайған қанаттарына сүйене, жартылай жабық көзімен қарағаны қандай аянышты. Әкесі оған иіліп келіп, сипап еді, ұшпады. «Е, Колька, бұл тіптен де қарға емес, – деді ол, –

Бұл-крук, тек кішкентайы және бұл жерге қайдан келген? Мұны үйге алып жүр, жақсы қоректендіріп, баға біл, қандай болатынын сонда көресің».

Колька аздап қорықса да, құсты қолына алды. Қандай ыстық еді. Шыныда да бұрын соңды болмаған құс екенін сезді. Құстың қанаттары Кольканың алақанын ысытып жіберді. Ол үрейленгенмен, қасында әкесі болған соң қорыққан жоқ. Кішкентай құстың ыстық денесін кеудесіне қысып әкеле жатқанда, оның жылуынан өз бойына қандай да бір қуат пайда болғанын сезінді.

«Папа, сонда ол қаншалықты өсетін болады?» – деп Колька алға жүгіріп шығып әкесінің көздеріне қарады.

«Құстар тез өседі».

Олар үйге ене бергені сол еді, шешесі қарсы шыға келді: «Екеуің мойнымда отырғандарың аздай, енді қарға алып келіпсіңдер!» «Мама, бұл қарға емес, крук, - тек кішкентай, өсіңкіресің, жарай ма?» «Көзін жоғалт әрі! Қайда апарсаң сонда апар, үйге әкелме».

«Мама бұл круктың балапаны ғой?..»

«Сен оны көбірек тыңдай түс, жоқтан өзгені айтсын» деп ашуланған шешесі тіпті құсқа қараған да жоқ.

Сосын Колька сарайға келді де, картонжәшіктің әртүрлі қалдықтарын жинап орын жасады. Оған крукты отырғызып, алдына бидай шашып, ыдыспен су қойды. Бірақ, круктың ішкісі де, жегісі келмеді. Мүмкі, кішкентай балапан болғандықтан шығар, мүмкін басқа бір нәрсені жеп үйренген шығар. Неге десең, крук-жергілікті құс емес. Мына жәшік те жақында оған тар бола бастайтын шығар деп ойлады Колька тағыда. Шешесі бұның қандай құс екенін көрсін сонда...

Ол осы ойларымен әруақта сарайға кіріп, крукқа қарайтын да, өздерінде осындай құс тұратынына сенбейтін секілді. Шіркін! Колька оны біреуге көрсетіп мақтанғысы-ақ келеді. Бірақ, әкесі біреуге көрсетудің керегі жоқ; бұл қайдағы бір торғай емес қой деген.

Әкесі күнде аулада скрипка ойнайды. Колька соның сүйкімді бір жақсы музыкасын ұнатушы еді. Олардың ауылында скрипка өзге ешкімде жоқ еді ғой: ақсақ Майсақ та сырнайда ойнайтын, біреудің үйлену тойы немесе қандай да бір мейрам болғанда ағайынды Комедиялар қолдарында сырнайы болмаса да, сөзбен айтып, дабыл соғатын. Ал скрипканы жұрт тек кинодан ғана көруші еді.

Колька енді үй жанынан ұзамай, ылғи әкесінің қасында айналшақтап жүретін болды. Бұрын ол жақта кешке дейін көше кезіп кететін немесе тоғанға көгергенше шомылатын. Бірде Колька шомылудан кейін үйіне жүгіріп келе жатқанда, кенет оған Джус жолыға қалды да: «Шешен саған тағы да әке тауып әкеліпті, өзі Мизоновкадан дейді. Жалғыз емес скрипкасымен келіпті» деп қиқылдап күлді. Сонда Кольканың кеудесі қысылғандай болып, қуанар -қуанбасын білмей, аулаға кірді де, терек түбінде тоқтап қалды (ауыл бойынша жалғыз терек бұлардынауласында өсетін). Скрипканы көруге асықса да, үйге кіруге батпады. Осылай тұра берді, тұра берді. Үйде нәзік те көңілді музыка естілгенде ғана кірді. Жүрексінетін дәнеңе де жоқ еді. Стол басында Микитенко ағай мен Христа әжей, жана , гүлді орамал жамылып шешесі отыр екен және... Ол орындығымен бөлменің ортасына жылжып отырып, скрипкасын иегінің астына қысып алдыды да, одан қарлығыңқыраған нәзік дауыс шығарды. Кольканы көргенде, ұялғандай болып, скрипкасын түсірді де, сарғыш көздерімен мейірлене қарады да: «Мен оны қадан болсада таныр едім, шешесінен айнамайды» деді. Шешесі болса: «Коленька, біз саған базардан бүлдірген әкелдік. Кел, ала ғой» деді. Жағымды сөйледі. Бірнеше күн осылай сөйлеп жүрді де, кейін-

нен Колькаға да, әкесіне айқайлай бастады... енді келіп, тіпті крукка да... Мейлі, әкесіне дімкәс, әлсіз қызметші болғаны үшін ұрыссын (бірақ ол қандай ақ көңіл адам), мейлі, Кольканы кешке дейін бір жақта безіп жүретіні үшін балағаттасын, ал крукка не үшін тиіседі? Ол ешкімнің мойнында отырған жоқ. Ештеңе жемейді де, әлі кішкентай. Ал, Колька оны Джусқа көрсетсе, шайыр үшін ақша төлемейтін де болады.

– Петь, естимісің, Петь? Мен саған бірдеңе көрсетем, тек сен ешкімге айтпа, жарай ма?

– Нені?

– Крукты.

– Қандай крук?

– Сондай бір құсты.

– Соқ, өтірікті, соқ.

– Жоқ, шын айтам. Тек ол әлі кішкентай, бірақ өскенде...

Колька шыдай алмай, уйге қайтар жолда оған бәрі – бәрін айтып берді. Ең дұрысы бұл туралы үндемеу керек екенін білседе, шыдамсыздық Кольканың тілінен скрипкадан ысқымен музыка шығарғандай құпияны шығарып қойды. Өйткені, Джустың көзі жаман, көзі тиюі мүмкін ғой.

– Ол өскенде, бүркіт сияқты, мүмкін одан да үлкен болады, сонда... – Колька тағы не болатынын айта алмай, ауа жетпей мүдіріп қалды.

Міне, олар сарайға да келді. Колька құстың үрейін ұшырмау үшін, есікті жайлап ашыңқырап, саусағымен ернін басып, аяғының ұшымен бұрыштағы картон жәшікке жақындап келді. Джус та мұрны ақырын ғана пысылдап көріп тұр. Колька алдамапты.

Крук бұрынғысынша жайылған қанаттарына сүйеніп, қалғып отыр. Есіктің саңылауынан түскен сәуленің жарығынан сығырайған көздері сәл-пәл жасқанғандай болды. Колька төккен дәнді де, ыдыстағы суды да қозғамапты.

Джус жүресінен отырып, саусағымен круктын тұмсығын түртті, бірақ құс оған қарай қоймады. Тек қанаттарын ауырсына қозғады.

– Қайдағы Крук бұл! – Джус ашулана айқайлап жіберді. – Бұл кәдімгі қарғаның өзі, оның үстіне ауру қарға.

– Жоға, Петь, сенбейсіңбе? Бұл крук, ол әлі балапан, сондықтан қарғаға да ұқсайды.

– Өтірік соқпа!

– Әкем біледі емес пе, ол соғыстан болған. Шекарадан ары қайдағы бір қиырда осындай құсты көргем дейді.

– Желікпесін сендердің күшік күйеу. Бізге крук қайдан келуші еді?

– Олар – бір кезде бізде де көп болған. Тек қоныс аударып кеткен.

– Ия, осы біреуі сендерді іздеп жүрген ғой. – Джус күлкіге тұншығып, қиқылдай бастады. – Қайдағы бір ауру қарғаны тауып алып, алдағылары келеді. Желікпелер!

– Жоқ, Петь! Ана Микитенько атай көріп, ол да бұл – крук, – деді – бұл жерде колька расын да да аздап өтірік айтып жібереді. Себебі, бұның ешқандай да қарға емес екенін Джустың басына қалайда сіңіру керекқой. Ал атай құсты көрген жоқ болатын. – Ол әлі сарыауыз балапан ғой...

– Мүмкін, қарға емес, кішкентай лашын шығар, – деп Джус көнген болды.

– Қайдағы лашын!

– Бала лашын деп тұрмынғой.

Ол Джустың көзін сүзе, ашкөздікпен қарап тұрғанын сезді. Джус еңкейіп құстың кішкентай аяқтарын ұстап көрді.

– Өзінің тынақтарын қарай гөр... сен білесің бе?... Лысянкода, аудан орталығында... Лашынның жыртқыш құс екенін білетін боларсың? Иә, солай, Лысянкода лашынның аяқтарын қабылдайды...елу тиыннан...

– Сен не деп тұрсың, есің дұрыс па – Кольканың қатты таң қалғаны сонша, крук қорыққаннан селк етіп, қанаттарымен сырғып кетті.

– Мен саған болған істі айтып тұрған жоқпын ба?

– Ал бұл жерге лашынның қатысы қанша?

– Барлық жағдайда біле жүрсін дегенім ғой.

– Құс шошымасын, кетейік бұл жерден.

– Ол адамның сөзін түсіне ме?

– Дауыстан қорқады, – деп Колька Джусты жайлап шығуға итермеледі.

– А-а-а... Жарайды, сен шайыр алуға кел. Аямай берем.

Үйіне сүйретіле басып келе жатқан Джус бұның крук екеніне сенген сияқты. Өйткені ақша туралы бір ауыз сөз айтпады.

Бұл кезде қолында қалбыры бар Колька әкесін қуанту үшін асығып келе жатып, босағада шешесіне соқтығысып қалды. Ол ашулы екен. «Жоғал, көзіме көрінбей!» деп айқай салды. Сосын Кольканы байқамағандай болып, басын жоғары шалқайта үйден шыға берді. Колька босағаны аттай бере тұрып қалды. Әкесі сап-сары

саусақтары дірілдеп скрипканы көнетоз қабына тығып жатыр. Ал тырнақтары нілге боялғандай. Колькаға қарады, оның қолындағы шайыр салған қалбырды көріп аянышты күлімсіреді. Колька мелшиген қалпы әкесіне күлімсірей де алмады

Тек оған кірпік қақпай қарады. Жанарына жас тола берді, тола берді...Әкесі қасына келіп, басынан сипады. Жеп-жеңіл қолдары тұлымын самал желдей желпіп өтті. Ештеңе айтпады, тек күрсініп: «Сен жақсы бала боп өсесің. Жақсы бала...» деді. Сосын скрипка салған қапты алды да, үйден үнсіз шыға берді. Оны енді қайтып көрмейтінін жүрегі сезген, Колька ізінен ере табалдырықтан атып шықты:

- Қайда барасыз, папа?
- Мизоновкаға.
- Бармаңызшы.
- Бару керек, ұлым.
- Мен біліп тұрмын! Сіз енді қайтып келмейсіз.
- Келем.

– Алдамаңызшы папа! – колька кенет айғайлап жіберді де, жүгіріп барып көнетоз қаптан ұстай алды. – Онда скрипканы не үшін алдыңыз?

– Мен ұзақ уақыт болмаймын. Ал сен ақылды бала бол. Крукты жөндеп бақ, естимісің? Келгенімде бәрі орында болсын.

- Мен сізді шығарып саламын, – деді Колька.

Әкесі автобуска бармай, жаяу дала жолына түсті. Кішкене жүреді де, қолын кеудесіне басып тоқтайды. Әрқашан бірденелерді айтатын ол, енді Колька екеуі көздерімен ғана үнсіз тілдеседі. Немесе тіпті басқа жаққа қарап, текке күрсінеді. Алдынан орман көрінген кезде, Колькаға уйге қайта бер деді. Өйткені, шешесі

оның қайда кеткенін білмей, тағы ұрсады ғой. Колькаға бәрі бір, мейлі ұрыса берсін, неге десен әкесі олардан ұзақ уақытқа кетіп барады. Қайтуын қайтып келеді ғой, бірақ оған әкесінің үнсіздігі ауыр тиді... «Ол жақта ұзақ кідірменіз» деді, де үйге қарай жүгірді. Бірақ әкесін орман жасырғанша, артына қарайлай берді, қарайлай берді. Орман алыстан түн басқандай қарауытып көрінді. Аспанда күн жарқырап тұр еді. Колька оған қарады да көзін жұмды: көз алды қып-қызыл, ып-ыстық болып кетті. Осылацша тағы біраз тұрды, сосын әл жию үшін өздерінің ауласында асқақтап тұрған терекке қарай жүгірді. Крук болмағанда уйге асықпайтын да еді.

Құс отырған жоқ, кеудесімен жәшік түбіне жабысып, канаттарын жайып жіберіп жатыр екен. Суда, тары да қозғамаған күйінде қалыпты. Колька еңкейіп құстың сұр тұмсығына ақырын ғана саусағын тигізді. Бірақ крук көзінде аспады, тек кіржиген қабақтарын әрең-әрең қағып қойды.

«Ақымағым менің, – деді Колька, – немене, сені кішкентай бала секілді тамақтандыру керек пе? – Әлде, сен аштан қатқың келе ме?... «Ол крутын тұмсығын ашып, аузына бір шөкім тары салды. Бірақ крук тарыны жұтқан жоқ. Тіпті, Колька ыдыстан су тамызып еді, ол да құстың қызыл көмейінен өтпей, ұсақ дәндерімен бірге қайта төгілді. Сонда Колька бұл жер көңілдегідей болмай тұрғанын түсінді. Біреумен ақылдассапм не істеу керек екенін сол айтып берер. Мүмкін, бұл құсқа қандай да, бір ерекше қорек беру керек шығар. Бірақ қарай гөр, суды да ішпейді, ал су барлық жәндікке бірдей ғой. Жоқ, Колька ертң барады да бәрін сұрайды. Ол кімге бару керек екенін де біледі, әрине, Кондрат Павловичке, жоғары класстарға зоологиядан сабақ беретін мұ-

ғалімге. Ол барлық құстармен аңдар туралы біледі, нені білгің келсе соны айтып береді.

Қай құстың немен қоректенетінін де айтып береді, деп ойлады Колька төсекте жатып. Көрпесін қанша тартқанмен, түк те жылына алмады. Круктын қасында жүрген бәле бұны да суық демімен үрлегендей. Ұйықтап кеткені сол еді, төбесіне аспан төне қалды. Сондай қараңғы бұлтты аспан. Сол аспанда орасан зор қара құс шарқ ұрып жүр. Ауыл үстінде қалықтап, жансыз көзімен бұлардың сарайына қарап қояды. Алыс өлкеге алып кету үшін өз баласын іздеп жүрген кішкентай круктын әкесі емес пе екен?

Танертен ол ерте оянды бірден сарайға жүгірді. Қараса, крук аяқтарын астына жиып бір бүйірлеп жатып қалыпты, тіпті қозғалмайды да, сары қабақтары жапқан көздері балаузбен желімдеп қойғандай. Колька сонда олардың ешқашан да ашылмайтынын түсінді. Ол құсқа ұмтылып еді, саусақтары тиіп кетті. Сұп-суық екен. Түнімен аязда жатқандай қатып қалыпты. Колька қорқып қолын қайта тартып алды. Бірақ, аяз қарыған саусақтарының ұштары мың-сан құмырсқа тұмсығын қадағандай шым-шым етті.

Одан әрі не болғаны Кольканың есінде жоқ. Сарайдан қалай атып шығып, аспанға не деп айқай салғаны, сосын өзіне-өзі: «Жалған, жалған» деп жүз рет қайталағаны да есінде жоқ. Күлетін де сияқты, бірақ көздерінен жас сорғалап тұрса, қандай күлкі болушы еді. Ал, ол болса «Жалған, жалған» деп қайталай берді. Әбден қажып әлсірегенде ғана тыншыды.

– Ешкімнің басын қатырмай, апарып көміп таста, – деді шешесі.

Колька үндеген жоқ.

– Мен оның ауру екенін, өмір сүремітінін де көргенмін. Үйге әртүрлі көр-жерді тасисын.

– Бұған сіз, сіз кіналісіз! – деп айғайға басты Колька

– Ақымағым деді шешесі татуласа сөйлеп. – не үшін қайғыруда тапқан екенсін.

– Крукты көмбеймін, түсінікті? – деді ол үлкендерше. Сол шақта шындығында үлкен адамға ұқсап кетті. Кенеттен қартайып қалғандай болды – Көмбеймін, соны біліп қойыңыз!

– Мейлің, бірақ ол сасып кетеді.

– Жоқ, – деді Колька, – Оны күтпеңіз

Сол жерде басына мынадай ой келді: крукты көміп керегі не, егер ол тірі сияқты болып Кондрат Павловичтің кабинетіе тұратын болса. Жүз жыл тұрады, барлығы оған қарап таңданып: «Қарандар, бұл әлгі алыс елден ұшып келген крук қой, тап сол крук, оны Колька тауып алған, әлпештеп баққан...» дейтін болады.

Колька көп кешікпей Кондрат Павловичке келе жатты. Ол қолдан өткен суықты соншалықты сезінбеуі үшін, крукты шүберекке орап алған алды. Сонда да суық қолынан өтіп, денесін түршіктірді.

Жолшыбай Колькаға адамдар ұшырасты. Қолындағы ен екенін, қайда асығып бара жатқанын сұрамас үшін, олармен ақырын ғана басын көтермей амандасты.

Мектептен өтті. Ал, Кондрат Павловичтің үйі де осы манда болатын. Бірақ, Колькаға біртүрлі қорқынышты бола бастады: бұл саған Микитенко атай мен сөйлескендей емес қой. Мынау былай да былай еді, солай істеп беріңіз деп айта салатын. Бұл мұғалім ғой.

Рас, ол өте мейірімді мұғалім деген балалар. Жақсы адам екені жүзінен де көрініп тұрады. Оның көңілсіз

қалпын Колька ешқашан да көрген емес. О, Кондрат Павлович қалай қуанар екен.

Колька есікке жақында ды, сосын бүгілген саусағымен ақырын ғана қақты. Аз кідіріп, жан-жағына сездірмей көз тастап алған соң, тағы қақты. Үйден дыбыс естілді. Колька кеудесін толтыра ауа жұтып алды да, есік ашылғанша дем шығарған жоқ.

Босағада көк майка киген мұғалім тұрды. Шаштары кобырап кеткен, мүмкін жаңа ғана оянған болар. Жүзінде таңдана күлімсіреу бар – бұл Кольканың көңілін көтерді.

– Қайырлы күн, – Колька мектептегіше сәлемдесті.

– Өлі таң сияқты ғой, – Кондрат Павлович есінеді де, аузын алақанмен жапты.

Колька сәл абыржып қалды.

– Мен ... – ол көзін төмен салды. – Менде міне...

– Иә, ол не сендегі? – Кондрат Павлович жылы шыраймен сұрады.

– Мен сізге... өйткені... ия... мен...

– Ал, кәне, көрсете ғой, – деп күлімсіреді мұғалім. – Ол не өзі?

– Тек сіз ойлап қалмаңыз – деп тез сөйлей бастады Колька. – Ойлап қалмаңыз бұл қандай да бір

... Иә, жарайды, өзіңіз көресіз ғой, бұл – крук. – Сөйтті де шүберекті жазды.

Иә, солай ма? – Кондрат Павлович шаштарын сала-лады, сосын майкасының ойығынан бұйралана шығып тұрған кеудесіндегі түкті сәл ғана сипап қойды. – Иә, солай де...

– Мен бұны орманнан ұстап алдым. Қолымда тұрды, бірақ бұл жергілікті құс емесқой, қалай асырау керек екенін кім білген, – деп ақталды Колька.

– Әй-әй-әй.

– Егер мен сізге ертерек келген болсам, бұған не керек екенін айтып берер едіңіз, сонда...

– Иә, сен кештеу келдің.

– Мен жазылып кететін шығар деп ойлап едім. – Колька құсты алақанына салып тұрып, одан көзін айырмады. Бұның бәрін мұғалімге емес, крукқа айтып тұрғандай. – Енді ойлаймын, ақыры өліп қалды, мұны не де болса... Иә, сізде анда әртүрлі құстар тұр ғой. Ал крук жоқ, солай емес пе?

– Жоқ, – Кондрат Павлович те, құсқа қарап әлі күлімсіреп тұр.

– Сіз, мүмкін оны спирттеп қоярсыз?

– Ә, сен не туралы айтып тұр десем! – Ақыры Кондрат Павлович түсінді. – Түсіндім, түсіндім. – Ол тағы да шаштарын салалап қойып: – Спирттеп қою – оңай іс, бірақ бізде қарға бар ғой. Және біреу емес.

– Қандай қарға? – деді Колька түсінбей қалып.

– Мына сендегі сияқты.

– Сіз көрмей тұрсыз ба? Бұл крук қой, тек қана кішкентай.

– Жоқ, – деп Кондрат Павлович басын шайқап, тағы да алақанымен аузын бүркеді. – бұл кәдімгі қара қарғаның өзі. Воронус вулгарус деп айтылады.

– Жоқ бұл...

– Егер білгің келсе, крук те осы тұқымдас құс... Бізде ондай түрі бар

– Сіз... – Күнге қарап, көзін жұмғандағы сияқты оның көз алды қызары кетті. – Сіз ғой...

– Бар, көміп таста, сен жақсы баласың, – деді де Кондрат Павлович есікт жапты.

«Иә, бұлардың бәрі де...» деп іштей күбірледі Колька. Ол крукты қайтадан орап алып, үйіне жөнелді. Оны жылы демімен үрлеп, өз денесімен жылытқысы келгендей кеудесіне қысып алды. Сен жақсы баласың деп қояды. Колька жақсы екенін онсыз да біледі, өйткені крукты жерге ешқашан көмбейді, ал сіз қандайсыз, Кондрат Павлович? Және сіз неге Колькаға әкесі ғана айта алатын сөзді айтасыз, а? Егер ештеңе түсінбейтін болсаңыз, ең дұрысы үндемеу еді, естідіңізбе? Ал бұл құс сіздің бүркітіңізден мың есе үлкен болып өсе алады, соны да білмейсіз, ә? Ал әкем біледі. Ол бәрін біледі.

Колька өзінің ауласына кіріп крукты терек түбіне қойды да, біреу көріп тұрған жоқ па деп, төнірекке көз салды. Иә, әне Джус көріп тұр. Бір жақтан албар қасына келе қалыпты, бері кел деп, қол бұлғайды, бірақ Колька оған қарағысы келмеді. Круктын аяқтарын көре салып, ойлағаны елу тиын, жоғалсын ары өзі, ал Колька қазір үйге барады да, әкесіне хат жазады. Қалайша бұрын осыны ойламаған, адресін біледі емес пе – село Мизоновка, ал, отыр да жаз: сонымен жағдай осындай, келіңіз, әке, өйткені круктын жағдайы жаман десе болды. Ал әкесі Кондрат Павловичтің түсіне де кірмейтін етіп, не керектің бәрін істейді.

Шешесі үйде жоқ болатын. Ешкім оған бөгет жасамады. Колька дәптерден таза парақ жыртып алды да, қаламсапқа жана қаламұш салып, әріптерді жазу үлгісіндегідей етіп көркемдеп жаза бастады:

«Қайырлы күн, әке.

Бізде қырсық болды. Крук өліп қалды. Маған оны күтіп, сақта деп едіңіз. Әке, тезірек келіңіз. Ары қарай не істеу керек екенін сіз белесіз ғой. Біз оны спирттеп

қоямыз. Тек қана орманмен жаяу келмеңіз. Өйткені уақыт ұзап кетеді. Автобуспен келіңіз. Сізді күтем»...

Колька қаламсаптың ұшын ойлана тістеледі. Өйткені, әкесі бұның тілін алып, тоқтаусыз келетіндей етіп жазуы керек қой. Әлгі жазған барлық сөздері жұтан көрінді де, Колька батылданып, төменгі жағына қоңыздың ізіндей иректетіп тез жаза бастады.

Кенет Кольканың есіне терек түбінде жалғыз қалған крук түсті. Ол уйден тез атып шықты да, сілейіп тұрып қалды.

Крук жоқ.

Колька жан-жағына сөз салып түгел шолып шықты.

Жел ұйпалаған шүберек терек түбінде жатыр. Ал құс жоқ, аулада да, көшеде де ештеңе көрінбейді. Ол әуелі, сең соққандай болды, күнді жапқан қара бұлт бұған төніп келе жатқан сияктанды. Ал содан кейін керемет қуанышқа бөленді: алдымен, теректің майда жапырақтары сыбдырлағандай болды да, күннің көзін бұлт басты. Бұны Колька соңынан түсінді. Күнді жапқан әлгі орасан зор құстың алып қанаттары екен. Ал, қанаттардың суылы жел шайқаған теректің сыбдыры секілденген еді...

АЙ АСТЫНДАҒЫ АҚҚУЛАР

әңгіме

Жасыл дүниені сабалаған бейбақ желдің азынаған зарлы үнінен еріксіз оянған қыз терезеден сыртқа қараған. Жазғы таң да осынша сұрапыл болып атады екен-ау: түбіт шәлінің түгіндей тұтасқан қап-қара бұлттар аспан жүзін енді ашпасқа бекіп, мәңгілікке тұмшап алғандай. Қияңқы жел ауыл көшесінің борпылдақ шаңын аспанға шашқанына мәз, жазғы жасыл дүниені аяусыз сабалағанына мәз, қияңқы жел... Онымен арпалысқан жасыл дүние! Табиғат өз бетін өзі жыртқан сұлудай долыруда. Ал ауыл қыбыр етер емес. Жұрттың бәрі де осынау сұрапыл таңның жүзін көруге сескеніп, көрпе астында бұйығып жатқандай. Ата-енесінен бұрын тұрып, таң атпастан күйбеңдеп жүретін ауылдың ұяң келіншектері де бүгін ұйықтап қалған секілді. «Япырмау, жазғы таң да осынша сұрапыл боп атады екен-ау!» Жайма шуақ мінезбен келген жаздың бүгін долдана қалғанына таңданған Ақбұрым таңдай қағып тұрып қалған. Кенет әкесінің «күн шықпай жолға шығып кетейік» деген түндегі сөзі есіне түсе кетіп, көрші бөлмеге жүгірді...

Елу жыл ғұмыр кешіп, бір ғана Ақбұрымды көрген әке мен шеше қаннен қаперсіз ұйқыда. Ақбұрым әкесі мен шешесінің бейкүнә бет-пішіндеріне аяй қарап, кідіріп қалды, кіндіктен жалқы екенін ойлап, бұлардың қартайып бара жатқанын ойлап, шаңырақ басар төл

туманың жоқ екенін ойлап... Өзегін өртеп өткен улы сезімнен тамағына жас тығылды: «Бауырым, жарық дүниеге келмеген бауырым, көп баланың бірі болып басқа отауға адасып бардың ба? Неге оралмадың, табиғат нақақтан жазалаған мына жандардың ортасына.. Әлде маған иек арттың ба екен? Олай етсең мүлде қателескенсің, бауырым. Міне, мен жиырмадамын. Бұлардан төсегімді әлдеқашан бөлектегенмін. Бауырым-ау, қарашы көремісің? Екеуі бетін екі жаққа бұрып, сені іздеумен кірпіктері айқасыпты. Ал, сен оралмай жүрсің. Білем, оралмайсың, оралғың да келмейді: әлдебір отаудың базары шығарсың...»

Ақбұрым өз ойынан өзі сескенді. «Таң атпастан жамандық шакырғандай күйінгенім қай сасқаным. Қой, бұларды оятайын. Барса да, бармаса да өздері білер...»

Қыз шешесін оң иығынан сипап оятып еркелей сөйледі:

– Апа, таң атты. Жолаушы жүрмек едіңдер ғой, әлде күн райын көріп айнып қалдыңдар ма?

– Ау, қызым-ау, таң атып кеткен екен ғой, –деп шешесі жастықтан басын жұлып алды. Бұлардың даусынан отағасы да ояна қалған.

– Оу, жазған, жолаушы жүрмегіміз қайда?! Әйел боп бір сергек жатқанды білмейсің, бәтшағар десе, –деп әзілдей сөйледі асыға киініп жатып. –Таң салқынында кеткеніміз жақысы еді.

– Шыжитын күн жоқ, әке. Сірә, бүгін бара алмасындар. Пердені сырып қарандаршы, дауыл, –деді арғы бөлмеге кеткен Ақбұрым.

– Шынында, бүгін қоя тұрайық, әкесі. Шаң борап тұрса, тау асуы көрінбес, –деді шешесі.

– Әпкемнің екі көзі төрт боп отырған шығар. Қалайда бару керек. Жел қойса, шаң басылар. Күн жаз ғой, – деп өрекіпіді отағасы, –Қорықсаң сен бармай-ақ қойғың, салт атпен өзім барып қайтайын.

– О не дегенің, секемшіл кемпір мені жоқтап басың бәлеге қалар.

Бұлар бір бітімге келе алмай жатқанда, иіліп сәлем беріп, шегір көз қара келіншек сөйлей кірді.

– Мына желдің құтырынуын-ай. Шаң деген көз аштырар емес. Қалай бүгін жүретін болдыңыздар ма, – Абысын абысынға сұраулы кейіппен қарады.

– Күн райы болмай тұр десем, қожайын бой берер емес. «Әпкемді көзі тірісінде көріп қалайық» дейді. Әрі «сәл» деген хабар да жетіп отыр. Ол кемпірдің қайбір сүйеушісі бар дейсің. Өле кетсе, бар салмағы бізге түседі ғой. Жалғыз төркіні – біз.

– Бірталай жасқа келген-ау?

– Жетпістің жетеуінде ғой. Бұ дүниеден не жақсылық көрді сорлы. Әлпештеп өсірген жалғыз ұл қарамай қатын артынан қалаға кетті. Өле кетсе, бір уыс топырақ салуға жарамас, сол шіркін бала..

Екі әйелдің асығыс әңгімесін сырттан желге шағылысып жеткен отағасының даусы бұзды.

«Шешесі-ау, тездет, арба жегулі».

Ақ шәлісін асығыс жамылып жатып, отағасының әйелі шегір көз абысынына сеніммен тіл қатты:

– Ал, келін біз келгенше қайынсіңлің қасында болсын. Қайыным үйде болса, малды жайғай тұрар. Біз де көп кідірмеспіз.

Ат-арбалы екі жолаушы аттанып бара жатты. Баратын жерлері алыс емес – көрші колхоз. Екі араны бөліп тұрған асу ғана. Әйтпесе, екі колхоз жалғасып жатпақ.

Тек сол...Сағымтаудың асуы ғана айырып тұрған. Тек сол ғана..

– Әй, бойжеткен, бұралмай кір үйге. Немене, әке-ше-шең Меккеге кетіп бара ма, сонша қарадың соңынан, –деген қалжың-шыны аралас шегір көз жеңге Балқыштың сөзінен кейін Ақбұрым іргелес тұрған оның үйіне бұрылған.

Есіктен бас сұққанда арақ пен темекінің ащы иісі мұңк етті. Төргі бөлмеде үй иесі Бүркіттің қасында екеу отыр. Бірі – көрші ауданнан инженер болып келген ашаң жүзді, кірпі шашты Бәрмен деген жігіт те, бірі – осы ауылдың табақ бет сары тракторшысы. Табақ сары – «жан достарының» қойған аты. Бүркіт пен табақ сары құзғын сәріден әлденеге даурығып, қызылөнеш болып жатқан жайы бар. Еңсесі биік, ірі денелі, орақ мұрын, қысық көзінен қулығы танылып тұратын Бүркіт өз тұрмысына онша-мұнша пайдасы тиіп жүрген екі қонағының таңдайын жібітіп отырғанына мәз.

Әлдекімнен жасқанғандай дағдарып отырған инженер жігіт қызға сыпайы көрінді ме, кім білсін...

Ауызғы бөлмеде шешесін жоқтап жылаған Бүркіттің баласы. Оны жұбатып Ақбұрым тұрды. Балқыш жеңгесі дарбаза аузында көрші-қоланның біреуімен демде шүйіркелесе қалыпты...Көшені жынды құйын кезіп жүр. Әйтеуір, бұл үйде Ақбұрым ұзақ отырған жоқ. Шанды дауылдың азынаған үні де сәскеге жетпей басылған. Ендігі сәтте жарқын жаз момақан мінезіне көшер еді. Иә, көшер еді... бірақ олай етпеді. Ендігі сәтте, бозборан дауылдың ұлыған үні өшіп, ару қыздың сыңсыған даусы, жамағайын-көршілердің зар төккен айғайы жаз бейнесін жамылған ауылды түбірінен теңселткендей еді. Қазақ шерін осылай таркатады емес пе?!

Рас айтамын, таңсәріде осы ауылдан аттанған екі жолаушы асуда алақұйын көздерін байлап, ат-арбасымен шыңырауға құлап мерт болыпты.

Ақбұрымның көз жасын сұрткен мүсіркегіш алақандар... Бірақ оның көз жасын қарадауыл да құрғата алмайды енді. Құрғата алмағандықтан, әлгі бір есірік жел де демін ішіне тартып жым болған.

Оқыс оқиғадан сескеніп жағасын ұстаған ауыл жаназадан соң, тылсым күйге көшкендей. Сондай меніреу тыныштық әкелер қарақұрым бір кеште ауыл ақсақалдары қаралы шаңыраққа жиналып, Бүркітті ортаға алған. «Енді қарындас сенікі, Бүркітжан. Құтты орнына қонғанша шекесінен шертпей өсіргейсің». Бұл – Бүркіт көнген ақсақалдар шешімі.

Туған үйінің түңлігін еріксіз жауып, ата-анасын мәңгілік тұрағына, әруақтардың ақ мекеніне аттандырған Ақбұрым жамағайын Бүркіттің босағасына келді. Іргедегі өз үйі әлдеқайда жырақтап қалғандай. Бүркіт үйі өзгеше жат, шыңылтыр сезілді. Бірақ, тағдырдың кесіп алар басы жоқ. Ертең атар таң бар тағы да. Дегенмен, іргедегі өз үйінің тұлыбын айналып бара беретін болды. Өз төрінен әлдекімдерді іздейді, таба алмайды. Сосын, қабырға кілемге өзі қастерлеп қыстырған әкесінің терсінді бөркі мен шеше көйлегінің омырауын иіскелеп сыңсиды оңаша үйде. Көзі теріскен шыққандай сүлесоқтанып, жас балаша сілесі қатқанда, құлағына ат тұяғының дүбірі естілгендей болады да, тысқа атып шығады. Өз қиялына алданғанына налиды: есік алдынан тірі пенде көрмейді. Аула жым-жырт. Бұрын

жоны аршылып жататын есік алдын биылғы көктемде шөп басып кетіпті. Адам аяғы баспаған жер осылай болады да!..Қыз қияңқыланып, бүкіл ауланы басқан шөпті жұлып-жұлып тастағысы келеді. Бірақ, қанша күйінгенімен батылы барған емес. Бала күнінде шөп жұлып ойнамақшы болғанда, шешесі айтатын: «Көкті жұлған көгермес» деп.

Мұндай жылымшы күндердің талайы сырғып өтіп жатты. Қыз еңсесін көтертпей көзі бұлауланған күз өтті, ақ етігі сықырлап қыс өтті. Даланың кірін шаяр көк нөсерімен көктем де жетті-ау!

Ақбұрым келгелі Балқыштың етек-жеңі едәуір жиналып қалды. Кеселерінің кірі кетіп, үйінің іші-сырты ағартылып, тазартылды. Бірақ, оны бағалап жатқан Балқыш жоқ. Өсек терумен-ақ күні өтеді. Соның көз алартуын көрмейін, соның көңілі тоқ болса болды деп Бүркіт те күн кешеді. Шіркін, кеуделерінде титтей сезім сәулесі болса, тұрмыстары қандай жарқын болған болар еді. Ойлап қарасаң, адамдықтан гөрі пенделіктері басым... Ақбұрым жаны бұларға ежелден ұксамайды. Ол өмірдің сұлулығын титтей болса да сезінгісі келеді. Бойындағы жастық жалынына қайғының қара суын себе бергісі жоқ. Қуанышы мен мұңы аралас жататын дүниеден әлдебір қуатты күшті іздейді. Қайда екен сол..

Мақпал түн. Ашық терезеден көктем иісі келеді. Қыз көзі ілінер емес. Неге екені белгісіз, шешесінен гөрі әкесі айқын елестеді. Қайран, әке! Өмірі шопандықпен өтіп еді-ау. Соңғы жылдарда ауру-сырқауы көбейген соң, еріксіз босанған.

Мектеп бітіргеннен соңғы екі жылда әкесінің қасынан бір елі қалмай қой бағысқаны әлі есінде, мектеп бітірерде әкесі: «Мұғалімдік оқуға барсаңшы, Акаш.

Жұрттың қызы мұғалім боп әке-шешесін асырап жүр
гой» деген. Бірақ, бұл: «Негізгі ойым – шопан болу, оқу-
ды сосын көре жатармын. Мұғалім қыз көп пе, қойшы
қыз көп пе, әке? – деп еркелей сөйлегенде, не дерін біл-
мей «өзің біл, ендеше, қалауың білсін» деп басын изей
берген-ді.

Бірақ, еріксіз тастаған әке таяғын алуға ұмтылғанда,
кейбір жанашырларының «жассың, оқысаңшы...» деген
сөзі көңілін бұзған да қалаға барған. Бір емес, екі ретін-
де де жолы болмаған соң, бала арман бүгежектеп қал-
ғандай еді. Енді міне, түлеген табиғатпен бірге сілкініп
түрегелген сыңайлы.

Ақбұрым қаракөк аспандағы сырлеске жұлдыздары-
мен тілдесіп жатқандай, олардан іздегенін сұрағандай
күбір-күбір етеді. Жұлдыздар жарығымен қызға жа-
қындағандай, қыз сыбырымен жұлдыздарға жақында-
ғандай болады кейде.

Көрші-қоланды бір шарлап қайтпаса көңілі көнші-
мейтін Балқыш қара борбай баласын бөксесіне салып
жатып:

– Қыз-ай, кір-қонды жуа сал, – деді. «Долыдан пері
қашыпты» деген. Құдықтың суы кір аша бермейді. Кір
ашылмай қалса, Балқыштың иегі дірілдей жөнелетіні
анық. Ақбұрым шелектерді мойынағашқа іліп алып,
ауыл шетіндегі өзенге беттеді.

Өзен анау белегірдің астында. Белегірге шықпасаң
оны көре алмайсың. Көлденең көк атты бұл ауылдың
өзені бар екенін біле бермейді, биік белегірдің бауыры-
на тығылып, көздің жасындай мөлдіреп аққан бұл өзен
көрінгеннің көзіне түсе де бермейді. Еті тірі кейбіреу-

лер ғана бұл ауылда аты аңыз болған Ақсу деп аталатын өзенінің бар екенін біледі. Егер өмір бойы Ақсудың бойын жағалап, колхоз малын баққан Сұлтан деген шалмен әңгімелесе қалсаңыз, ол Ақсу туралы аңызды былай баяндар еді. «Мына мен сияқты Ақсудың бойын жайлаған бір байдың Ақсұлу деген қызы болыпты. Бойжеткен шағында төрт жеңгесін ертіп Пішпек жаққа қырғыздардың тойына барған екен. Сол тойда қыз Бегалы атты қырғыз жігітімен танысады. Бегалы атақты атбегі екен. Сырт кескіні сұлу болғанмен, тілі сақау болса керек. Сонысына қарамай Ақсұлу Бегалыға ғашық болып қайтады. Бегалы мұны сезбей елінде қала береді қоштасып. Той аяқталып, Ақсұлу жеңгелерімен ауылға қайтады.

Қыз ауылға келген соң мазаң күйге түседі. Ғашықтық дерті асқына береді. Ақырында, бір жеңгесін қолқалап Бегалының аман-саулығын білмекке жібереді. Сақау жігіт деп менсінбеген жеңгесі: «Бегалы саятшылық құрып кетіпті. Ауылында жоқ» деп жалған айтып келеді.

Арада көп уақыт өтеді. Ғашықтық алапат дерт болып, қыз екінші жеңгесін қолқалап жібереді. Бұл да алғашқы жеңгенің жауабын айтып келеді. Ақсұлу қатты қамығып, арада жыл өткенде, үшінші жеңгесін жібереді. Бұл да алдыңғы абысындарының жауабын әкеледі. Амалы таусылған Ақсұлу ең кіші жеңгесіне сенім артып, Бегалыға деп кестелі орамал беріп жібереді. Кіші жеңгесі де бір саусағын ішіне бүгіп, Пішпекке аттанған екен. Бұл да Бегалының сақаулығын мін көріп, Ақсұлудың көңілін біржола суытпақ ниетпен жалған хабар әкеледі.

Ауыл мен өзеннің ортасында Ақсұлу кіші жеңгесін тосып алады. «Бегалыдан не хабар бар?!» деп жүрегі

лүп-лүп соққан Ақсұлудың білегінен ұстап тұрып кіші жеңге көзі шарасынан шыға жаздап, өтірік жылап:

– Қыз-ау, Бегалы кестелі орамалыңды алып, қуанып кетіп, асауға мініп шаба жөнелді. Шаба жөнелгені құрысын, мойны үзіліп мерт кетті!... – дегенде Ақсұлу өзенге қарай жан ұшыра жүгіріпті. – Қаражолтай болғанша өлейін, –депті. – Сақау үшін бе!, –деп жеңгесі сенбепті.

Ақсұлу иірімге секіріп кетіпті.

Алғашында Ақсұлудың не үшін мерт болғаны әкесіне де, ел-жұртқа да беймәлім болады. Ақыры, қыздың махаббатына бас иген жеңгелері барлық шындықты айтып, баяғы жасырып қалған кестелі орамалды Бегалының қолына табыс етеді.

Енді өлген қызға ғашық болған Бегалы көз жасы көл-көсір болып, осы ауылға келіп, өзен жағасын жағалап айғай салып жүріп алатын халге түскен екен. Су жағалап жүріп:

– Ақсұйу, Ақсұйу-у!.. – деп шақырады екен. Ақыры, жынданып суға секіріп кеткен екен.

Е-е, Ақсу деген бұл өзеннің аты «Ақсұйу» деп шақырған, алғашқы ақ сүю құрбаны болған сақау атбегінің сөзінен шыққан. Мынау биік белегір – Ақсуға ағып өлген қыздың кемері.

Су ішінде қол ұстасып тұрған қос ғашық тек адал махаббат иелеріне ғана көрінеді...»

Сұлтан шал аңызды осылай аяқтар еді

«Әсіресе, көктемде су тасығанда көрінеді екен» деген сөз есіне түскенде Ақбұрымның тұла бойы шымыр ете

қалды. Көздің жасындай мөлдіреген судан екі шелек іліп алды да, алды-артына қарамастан ауылға тартты.

Ақбұрым сонынан біреу қуып келе жатқандай өкпесі аузына тығылып, белегірден әрең көтеріле бергенде, ауыл жақтан шыққан салт аттыны көріп қуанып кетті. Сұлтан шал екен.

– Қызым, тұра қал, суыңнан бір жұтайын, – деп керзі етігі тырп етіп атынан түсті. Суды сіміріп алған соң:

– Сақпаншылар қажет боп, асығыс келіп едім. Ауылдағы жұрттың «шай іш» дегеніне де қарамадым. Мал төлдеп жатыр еді, – деді саудырлап.

– Ата, – деді Ақбұрым жанары жалт ете қалып. – Мені де сақпаншылыққа алыңызшы.

– Құба-құп, балам. Бірақ, аға-жеңгең не дейді?

– Не деуші еді. Жіберуге тиіс, жібереді..., – деді Ақбұрым жаудырай қарап.

– Жіберсе, ертеңнен қалмай кел, қызым, – деп Сұлтан шал белегір асып желіп кетті.

Ақбұрым мойынағаштың иығын жаншығанына қарамай ауылға құстай ұшты...

Ақсу бойын жағалай өскен көк құрақтар көктемгі самалмен майыса билейді. Шек-сілесі қатып жарыса жүгірген бала жылғалар сол көк нудың арасына барып ымыраға келіп, өзенге бас қойып жатыр.

Аспанды қара, мың-сан құстың қанаты алашарбы бұлғтарын әлдеқайда айдап әкеткендей таза. Міне, сонау мөлдір аспанға Ақсудан бір аққу қанат серпіді, көк құрақтар «қош» дегендей тербетіліп қала берді. Бірте-бірте биікке көтеріліп, бірте-бірте кең әлемге еніп шығыс көкжиекті нысанаға ала ұшқан дара аққуға Ақбұ-

рым көз айырмай қарады. Дара сапар, алысқа апар дегендей аққудың қанат серпісі де тым бекем, тым-тым асығыс. Асыққан сайын алыстап барады, алыстаған сайын шығыс шұғыласына шомып барады, шомып барады...Әне, көз талдырып көрінбей де кетті. Дара сапары алысқа апарды ма, апармады ма, ол жағы белгісіз... Әйтеуір, шұғыланы құшқаны анық.

Сақпаншылықтың көп қиындығы табиғаттың осындай тамылжыған шақтарымен ұштасып, Ақбұрымға сезілмей сырғи берген.

...Бүгін сақпан аяқталар күн. Таңертеңгі дастарқан. Ақбұрым қабағы кіртііп, ұзақ қамығып отырып, көзіне жас алғанда, Сұлтан шал мен кемпірі үрпиісіп қалды. Әуелде кемпір сасып қалып:

– Атасы, құран оқып жіберші, әке-шешесі түсіне кіріп жүр ме? – деді. Сұлтан шал құранды саудырлатып оқып салды. Ақбұрым сәл үнсіздіктен соң, жасқана тіс жарды:

– Сақпан аяқталды. Ал менің Бүркіт босағасына қайтып барғым жоқ.

Бұл сөзді Сұлтан шалдан бұрын кемпір құптады.

– Бармасаң бармай-ақ қойғын, қарағым. Атаң екеуіміз-ақ қой. Қасымызда бол. Бүркіт ренжісе, өзіміз жұқалап түсіндірерміз. Алыс емеспіз біз де. Бәріміз ағайынбыз.

– Иә, иә, жақсының жаттығы жоқ. Бүркіт пен Балқыш келінге өзім түсіндірем. Қолқанат балалары бар, ренжи қоймас, – деп шал да аңқылдап қуанып қалды.

– Ақыр шопан болам деп жүрсің ғой, қызым. Келесі жылы құдай бұйыртып, пінсияға шықсам, ақ таяғымды өзіңе тапсырамын. Ізін басар баласы жоқ жетім шалдың мына сөзі Ақбұрымға аянышты естілді. «Адамдар қызық, – деп ойлады Ақбұрым. – бірін-бірі қуанта да, жы-

лата да, жұбата да алады. Және бірін-бірі мүсіркейтiнi тағы бар».

Ақбұрым кейде осы шалға еркелеп, қойға кетпек боп тұрған оның қамшысын алып қоятын да:

– Ата, бүгiн мен-ақ бағамын, сiз ауыл жаққа барып, қарияларыңызбен қауқылдасып, көңiл көтерiп келiңiз, –дейтiн. Сұлтан шалдың:

– Мұныға шүкiр, қызым. Қояқ-қой, үйренген әдетiм ғой, өзiм-ақ, баға берейiн, –деп байбалам салғанына көнбейтiн. Бүгiн де сөйттi Ақбұрым. Қашан нағыз шопан болғанынша осы.

Жаздың тағы бiр күнi дала төсiнде өттi. Бүгiндiк шуағыныңсоңғысын себелеп, қып-қызыл күн балбырап батып барады. Отар бытырай жайылуда. Көк шалғыннан тұмсықтарын айырап емес. Бозшұбар аттың үстiнде қалт етпей отырған Ақбұрым әлденеден секем алды. Құлағына даланың түн құшағына бейiмделiп сөне бастаған тiршiлiгiнiң ақырғы дүбiрi жеткендей ме, қалай.. Батар күннiң аясынан шыға қалған әлдекiм желе жортып келедi.

Жақындаған сайын жалғыздың тыныс-демi анық естiлдi. Ендi таныды. Инженер жiгiт Бәрмен ғой. Қызылқасқаға қасқия мiнiп алуын... Жақындай берiп:

– Армысыз, аққу-қыз! – деп әзiлдей амандасқан болды.

– Сау боларсыз. – Кештетiп кездескен жолаушыға Ақбұрым таңырқай қарады.

– Аққу-қыз-ау! – дедi Бәрмен мұртына күлкi үйiрiп. – Сенiң құтты мекенiң көл емес пе, шөлде қайдан адасып жүрсiң?

– Бiр жақсысы, аққулар адаса бермейдi. Адаса қалса, шөлде жүрiп-ақ көлде жүргендерден ажарлы көрi-

неді. Оқу оқымай, мал баққан адам сізге де ұнамай ма? Қазіргі заманның малшыларының білімі анау-мынау «оқығандардан» кем болмаса ше?

– «Сөз тапқанға қолқа жоқ» дейік. Менікі жай әзіл ғой. Әйтпесе сізді осы сайын даланың падишасы дер едім, – деді жымыып.

– Қойыңыз, ағасы, бүкіл даланы маған бас идіріп қойдыңыз-ау, лезде-ақ. Бағындырсам бір отарды ғана бағандырып жүрмін. Ол да уақытша.

– Қазір көмекшімін-ақ деңіз, ертең нағыз шопан болмасыңызға кім кепіл?!..

Бәрменнің мына сөзіне қыз жаны жылып қалды. Қараңғылық бүркеген Бәрменнің кескіні қызға ұнамды көрінді. Үстіндегі торкөз ақшыл жейдесін батырлар киетін ақсауытқа ұқсатты ма-ау.. Тікірейген кірпі шашы да әлдебір күш-жігердің белгісіндей сезілмесі бар ма.. Еңсесі биік ер адамның кескінінен жабырқау көңілі жылылық іздеп аласұрғандай күйге енді. Сол сәтте жігіттің жүрегін өз жүрегіне балап, оны да бейкүнә етіп көрсеткен бір сиқырлы сезім, өз жүрегінде әлі де сейіле қоймаған бала сезім, дүниенің бәрін бір өңге бояп қана көрсететін көгілдір сағым сезім екенін Ақбұрым аңдамаған еді.

Жігіт те Ақбұрымның әрбір сөзінен сыр тартып, оның кеудесіне құлаған қос бұрымына ұрлана қарай берді. Сол құлаған қос бұрымда өзгеше салмақтылық, тұңғық көздерде қалың мұң бар екенін сезбей қойған жоқ. Қыздың әрбір демінен ескен кіршіксіз таза леп Бәрменді сол сәтте дір еткізгені рас. Кеше ғана махаббат жырын оқыған балғын қыз өзін Жібекке, мұны Төлегенге теңесе несі айып?!

Бәрмен әлдене уақытта Бозшұбарға көз сүзген қызылқасқасын бүйірден тебініп қалып, қыз қолындағы қамшыға қол созып:

– Тобылға сапты ма? – деп көріп тұрса да, көрмегенсіп сөз иінін жалғағысы келді.

– Жоқ, елік сирағынан. – деп ұсына берген қыз қолын сыртынан сипай ұстап, қамшыны ұзақ қарады. Сол сәтте Бозшұбар иесін қызғанғандай бүкіл денесін сілкілеп қалды. Сосын, жорықтан қалып бара жатқандай тыпыршыды. Ең әуелі жігіттің қызылқасқасына айбат қылып, екі аяғын аспанға көтере кісінеді. Қызылқасқа да құлағын қайшылады. Екі жануар бір кезде ымыраға келгендей меңіреу даланы бастарына көтере кісінесті. Жылқы баласы кісінескенше... деген осы-ау.

Қыз бен жігіт жарыса шауып барып, бытырап бара жатқан отарды асықтай иіргенде жұлдыздар жанды.

Сұлтан шал мен кемпірінің даусы:

– Ақбұрым!

– Ақаш! Ақаш-ай!

– Көріскенше, қадірлі қарындас!-деді жігіт қараңғы кеште қыз сымбатына ұрлана қарап.

– Көріскенше!-Қыз Бозшұбарға қамшы басып, меңіреу даланы дүсірлете шауып өтіп, отарды қараша үйге қарай маңытты.

Өлгінде жүрегін әлдебір отты сезім осып өткені анық. Балғын жанында бұрын байқалмаған бұлқыныс бар. Күні бойы шаршағаны да ұмыт. Өзінің заты әйел екенін тұңғыш рет сезінді. Бұл қыз-ғұмырдың заңды өзгерісі екен де.. Бұдан кейінгі күндердің қызығы өз алдына. Махаббат әуеніне толы жайлау күндерінде есеп болған жоқ. Көк өзеннің жағасында отырып айтқан жігіт сыры

қыз жүрегіне бойлай берген, қыздың тұңғық жанары да жігіт жанын тереңіне батырған.

Қыздың бұрымын саусағымен тарамдап отырып, жігіт шын сырын жайғандай:

– Ақаш, екеуміз де әке-шешеден тұл екенбіз. Бас біріктіріп, иесіз шаңырақтарға шырақ жағалық.

Бұл сөзді Ақбұрым іштей құптаса да, сыр берместен:

– Мендік арман әлі орындалған жоқ, – деп еді, жігіт бір сәт тіксініп қалды да, сендіре сөйледі:

– Арман бірден орындала қоя ма? Бәрі бірте-бірте.. Кейде арманның жақындаған сайын алыстай түсетіні бар. Білем, шопан болғың келетін шығар. Болсаң, несі бар. Келесі жыл Сұлтан шал пенсияға шығам деп жүр. Бас біріктіріп, бір отарды қолға алу қиын ба?..

– Мен – инженер, сен – шопан..Инженер мен шопанның арасы алшақтау емес пе? Транзистордан күнде айтылатын әлгібір қырғыз әніндей: «Мен – жылқышы, сен – шопан» десек бір жөн-ау!? – деп күлді қыз.

– Мамандықта тұрған ешнәрсе жоқ, татулық пен махаббат болса.. – деп сендіргендей еді жігіт.

Бұлардың осындай жарасымын, небір нәзік сырлары мен сезім күйлерін сыбырласқан ну қамыстар тына қалып тыңдайтын. Ағысы асау өзеннің бұйра толқындары талай сырды бөктеріп ала қашқан. Алысқа алып кеткен жоқ.

Келесі жылдың жазында ну қамыстың саясында сыбырласқан екі жас пәктігі мен жастығын мәңгілікке жоғалтып алды да, мәңгілікке бірігіп іздемекке бел буғанды.

Неге екені беймәлім, Сұлтан шал сол жазда зейнетке шықпақшы еді, олай етпеді...

Көрші ауылға келін болып барған Ақбұрым арманы алыстап кеткенін сезбеп еді. Үйелмелі-сүйелмелі екі балаға ана болған соң, от басынан ұзай алмады. Сол ұзамағаны тұзақталғаны екен.

Бүгін де Бәрмен үйге түнеріп кірді. Шешесінің етегіне үйіріліп мәз болысқан екі баланы:

– Немене, шешелеріңнің мәуесі үзіліп тұр ма, өшір дыбыстарыңды, – деп зекіп тастады.

Бұл құбылыстың жайын Ақбұрымға Балқыш қара телефон арқылы баяғыда-ақ жеткізген. «Қыз-ау, бір күйеуіңе ие болмай қайда жүрсің? Құдайдың құтты күніне көрші ауданның дүкеніне барам ғой.. Зылиха біздің ауылдан бекер кетпепті. Екеуі енді арбасып тұрғаны. Сайқал неме, майлы ішекше айналдырып алыпты. Шашын жұлмайсың ба, ұябұзар албастының!» деген сөзді естігенде сенер-сенбесін білмей дағдарып қалып ақырында: «Өзі жаққан отты өзі сөндіргісі келсе қайтеміз», – деп Балқышқа сыр бергісі келмеді.

Екі балалы болғанша шырқы бұзылмай келген тату тіршіліктің бүгінгі сиқына Ақбұрым аң-таң. «Шөлмек мың күнде емес, бір күнде сынады» деген осы-ау!.. Шын сүю мен жай ғана ұнатудың арасын бағамдай білмеген сол бір кезде жабырқау жүрегіне жұбаныш қана тілеген балғын кезін өкінішпен еске алды. Бұндай өткінші сезімнен гөрі шынайы махаббат тілесеші сонда.. Еңбек етпеді дей ме?.. Сыбай-салтаң кезінде ел қатарлы қара жұмыс та істеді. Алғаш отау тіккенде-ақ бір отар қойды алдына салмақшы еді. Бәрменнің « қойынды қоя тұр. Менің табысым да жетер. Үй ішін реттеп ал...» дегеніне көніп қалған. Келесі жылы сәбилі болды. Сонда тағатын кінәсі қайсы? Арманын аяқасты ғып бас біріктіргені ме, өзім секілді жетім ғой деп аяғаны ма?(Аяған-

нан махаббат тумайды екен.) Жо-жок, Бәрменді жолдан тайдырған мүлде басқа нәрсе. Ол – анау дүкенші жесір әйел Зылиханың қаңтарулы тұрған су жаңа машинасы, кең сарайдай үйінде сендей сығылысқан дүние-мүлкі, сыңғырлаған қуақы күлкісі мен алтынға малынған сау-сақтары. Бәрменді құрыққа түсірген осылар еді. Сондықтан екі сәби мен қарапайым жар қасындағы ел қатарлы тіршілік оны қанағаттандырмаған еді.

Тұңғышы Дастан беске толғанда Бәрмен кезекті табысын Ақбұрымға ұсынып жатып: «Біз де бір той жасайық. Баланың қуанышынан артық не бар. Ақыр байитын емеспіз.» деп бастама көтере қалмасы бар ма? Сараңқолдылау Бәрменнің бұл қылығы Ақбұрымды таңғалдырса да, ойына жамандық алған жоқ. Қайта бұған Ақбұрымның іші жібіп сала берді, тіпті одан күдіктеніп жүргеніне өзі ұялғандай болды. Екеуара қамданып жүріп, ауыл арасына кішігірім той жасады. Бұл күні түнде Бәрмен үйіне келген жоқ.

Тойға келген ауыл әйелдерінің ішінде Зылиха да бар еді. Зылиханың келгенін көріп, Ақбұрым іштен тынып бақты. Зылиха да сыр берер емес. Бірақ, Ақбұрымның жүрегін әлдебір күйік оты қари берген. Оған Зылиханың сөзі де қамшы болды. Сыр бермеуге тырысқанмен, Зылиха сөзі жымысқы ойын аңғартпай қойған жоқ. Меймілдеген шарапты Ақбұрымға ұсынып тұрып: «Алып жібер, Ақашжан, өмірдің өзінен ащы емес», – деді.

– Ащы өмір ащысын ұсынса не шара? – деп Ақбұрым шарапты төгіп-шашып аузына апарды..

Түн іші. Ақбұрым кара түнді қақ жарып ішек-сілесі ката күлді. Жұрт «жынданған ба» дескендей тарай бастады. Түкке түсінген жоқ олар. Зылиха да зып бермекші еді. Ақбұрым оны тоқтатып алып:

– Мен өзіме күліп жатырмын. Сендер шошыма. Мен адастым.. – деді. – Бір-ақ рет берілер өмірде өз махаббатын таппай адасып қалған, махаббатта да жолы болмаған жан екенін енді ғана шын сезініп аһ ұрды. Көзі қанталап кетті. Басы айналып тұрғаны белгілі. Зымияндықпен шошына қараған Зылиханың иығына сүйене беріп: «Мен бәрінен жиреніп тұрмын... сенен де...өзімнен де...» – деп күбірлейді. – Жүрегім қысылды. Сыртқа шығуға көмектес. Әзірше, көмектес, Зылиха!» – деді демі біткендей қыстығып.

Зылиханың да күткені осы. Ақбұрымды аула сыртындағы арықтың кара батпақтанған жиегіне отырғызды да зым-зия жоғалды. Ақбұрым қатты күйінді. Ішін өртеген күйік лоқсытты, тұла бойы өртеніп, миы солқылдағандай болды. Көз алды қарауытты. «Зылиха, Зылиха!..» деп қалтыраған қолын созған күйі, бәрінен түңілгендей дірмәні кетіп, шыны табан шалшыққа етпеттей құлады. Сол түні Зылиханың үйіне түнеп шыққан Бәрмен бұл іске қанық еді. Таңертең келді де, денесі тілім-тілім болып ісіп жатқан әйелін қамшымен осып өтіп, «бұзылған неме, кәсібің осы болды ма? Белгілі бір еңбек етіп еш пендені асырап жүрген жоқсың. Кесіп айтам – есің барда елің тап» деп тісін қайраған. Белгілі еңбек – белгілі мамандық дегені. Бұл Ақбұрымның бұрын да құлағы шалған сөзі. Жан жарасына тиетін сөз. Ал...ал...мына халі.. мына сиқы тіпті ауыр..түсінер жан жоқ-ау... түсінер жан..

Бұл «оқиға» Бәрмен үшін сыныққа сылтау болды. Енді Ақбұрымға не істеймін десе де еркінде...бұның жолын кесе алмасы белгілі. Ендігі жерде Ақбұрым Бәрмен алдында күнәсыз болса да, иіліп өтері тағы белгілі. Жоқ, жоқ Ақбұрым жүрегі адасқанын мойындаса да, бұл қорлыққа енді төзе алар емес. Кезінде Бәрменді сүйген-сүймегенін өзі де білмеген. Әйтеуір, ұнатқаны рас. Шын сүюдің не екенін енді ғана түсінгендей. Ендігі жерде бір күн де Бәрменмен тұрғысы жоқ. Өзара махаббат жоқ болса, өзіңді-өзің алдап күн кешудің қажеті не? Уақыт жүрегінің әрбір соғысынан айрылысып тыну керектігін түсінген Ақбұрым сотқа өзі арыз етті. Оның жүрек шешімі осылай болды.

Зұлымдығы бүркемеленген Бәрмен сот залында кінәсыз адамдай отырды. Ақбұрым өзін ақтап әуре болған жоқ, ойы «басқаларға» кедергі болмау. Бәрменнің «маскүнем» деген жала сөзін де есепке алған жоқ.

Зылиха барда Бәрменнің көңілі тоқ. Ал Ақбұрым баяғы жалғыз қалпы. Ешкімнен араша сұраған жоқ. Себебі, бұдан әрі Бәрменмен тұра алмайды. Бірақ..бірақ.. екі бірдей сәбиінен айрылып қалам деген үш ұйықтаса ойына кірмеген.. «Аналық құқығынан айыруды» Бәрмен алдын-ала жоспарлаған екен..Ана қампақ қарын соттармен ауыз жаласып, олардың қойны-қоншына Зылиханың ақшасын аямай-ақ тықпалаған екен...неткен жауыздық! Ақбұрымның жүрегі шаншып кетті...Дүние шыр айналды.

Сот залында отырған бейкүнә екі сәби анасына жолай алмай, тек Бәрменнің үйретіп қойған сөздерін қайталап, жыламсырай берді. «Әке, біз сенде қаламыз»

дейді анасына қарап қойып. Бәрменнің зілінен қорыққан сәбилердің көздері «ана» деп зарлап тұрғандай. Ақбұрымның жүрегі қарс айрылды.

«Аналық құқығынан айрылған әйел» деген жаманатты жамылып, сот залынан еңіреп шыға жөнелді. Бұл сәби жүректердің адасып айтқан үкімі болатын.

Істің ақ-қарасы жалпақ жұртқа аян еді. Ақбұрымның адалдығы, Бәрмен мен Зылиха ұйымдастырған сұмдық, сот уәкілдерінің жемқорлығы ел ішінде зу-зу әңгімеге айналды. Өз ауылына «аналық құқығынан айрылған әйел» атанып оралғаны Ақбұрым жанын ұзақ уақыт жаншыды. Бірақ, балаларына деген сағыныш, махаббат пен өз табиғатына жөргектен дарыған жігерлілігі уақыт-емшімен қосылып, оның қисайған басын сүйеді. Енді Ақбұрым қайткенде де балаларын қайтаруды үміт етіп, оларды болашақта оқытып-шоқытып, асырауға «қор» жинаудың қамына кірісуді ойлай бастады. Осы ой оны жігерлендіре түсті. Ол баяғы бала арманымен қайта табысты. Бірақ баяғы балалық таза күйінде емес, есейіп, қатайған шағында... Ендігі мақсаты – балаларының болашағы үшін ақша табу. Ақбұрым мынаған таң. Әлгі Сұлтан шал зейнетке әлдеқашан шықса да, еңбектен қол үзбепті. Қашан көрсен де тас жиренімен тепеңдеп жүргені.. Әнеукүні ғана мұның балаларына дамылсыз жіберіп тұратын құрт-май, азық-түлігін жеткізіп беріп маз болып келгені.. Осындай ақжарма, ақкөйлек жандар неге көп болмайды екен..

Айдалада жалғыз үй. Жалғыз өзі колхоз малын бағады. Тірлік осы ғана. Шопан әйелдің басын әртүрлі үмітсіз ойлар зәрезап етіп, күндер өтіп жатты. Ақ пен

қараны қатар жетелеген күндер, айлар, жылдар өтті... Жанардан нұр тайып, самайын ақ шалса да, ақ таяғын тастамаған Ақбұрымның алдында уақыт сырын ашпай қойған жоқ.

Бүгіндік шуағының соңғысын себелеп күн ұясына құлап бара жатқан. Ақбұрым да отарды иен даладағы қараша үйінің маңына иіріп аттан түсті. Қамшысын бо-сағаға іле беріп, селк етті. Ескі тұмағының құлағы сал-бырандап Сұлтан шал тұр.

– Мықтысың ба, қызым, мықтысың ба? – деп қос қолын ұсынып қауқылдай амандасты.

Ақбұрым аң-таң. « Екі кештің арасында атам неғып жүр...» деп ойлады да:

– Ата, өзіңіз қуаттысыз ба? – деді таңырқап. Шал жауап берместен өз жайын айтып саудырай жөнелді:

– Қол қусырып отыра алмай, атаң пәштелен болды. Пәштелен болғаны қандай жақсы. Бүгін жиендерінен хат әкеліп, жүрегі жарылып тұрғаны!.. Әмісе, жақсылық болса игі еді.. – деп ендіге сөйлеп, қалтасынан суырған хатты бұған ұсына берді. Ақбұрым аң-таң!

Бір жапырақ қағаз Ақбұрымды жылдар бойы шеңгел-деп келген қасіреттің қара тырнағынан ажыратар деп кім ойлаған?

– «Ат айналып қазығын табар» деген, – деді шал Ақбұрымның қолындағы хатқа үңіле қарап, үміттене қарап.

«Қадірлі анамыз, өзінді қор тұтпа, – деп жазыпты ұлдары. – Ақымақ ұлдарыңды кешір. Ол кезде біз не білдік? Сыртта жүріп асырадың. Сұлтан атайдан азық-түлік, киім-кешегімізді де өзің жіберіп тұрдың емес пе? Анажан, біз енді сенімен мәңгі бірге боламыз. Күт, біз саған жетеміз. Әкеміз тағы біреуге үйленіп әлдеқашан

көшіп кеткен. Сәлеммен Нұрперзентің мен Дастаның» депті. Хат ұстаған қолдары қалтырап, көкірегінен мәйегі тама еміренген Ақбұрым қуаныш боп аққан көз жасын ірке алмай, теріс айнала берді.

Қуаныштан белі босаған шал, босағадағы тоқымның үстіне отыра кетіп, қонышынан насыбай шақшасын суырып, оның түбін керзі етігінің тұмсығына тық-тық ұрып қойып:

– Еһ, қарағым, кейде жылатып, кейде қуантар перзентің болғанына не жетсін, – деді.

Түн шілтерінің тесік-тесігінен жұлдыздар сығалай бастағанда, Ақбұрым қараша үйінің маңынан ағып жатқан Ақсуға келіп көз жасын жуды. Осы сәтте жаңа туған ай астында аққудың қос балапаны қалықтап келеді екен. Баяғы дара аққудың балапандары ғой бұлар. Сынарын тапқан екен ол-дағы...Иә, баяғы Ақсуды мекен еткен дара аққудың балапандары.. Нақ соның балапандары...кештетіп келіп өзен үстіне қонып жатыр...

М А З М Ұ Н Ы

І БӨЛІМ

Жанр және шығарма

Жанртану негіздері.....	4
Әдеби тектердің шығу тарихын оқыту.....	16
Ашық монологтың көркемдік телімдері.....	25
Шешендік диалогтың құрылымы.....	33
Портреттелімдері.....	40
Академиялық шешендік және оның сипаттары.....	49
М. Әуезов шешендік сөздер хақында.....	57
Қазақ сөз өнеріндегі интертекст мәселесі.....	61
Абай және Шәкәрім поэзиясындағы интертекстқұбылысы.....	70
Жамбыл поэзиясындағы шешендік иірімдер.....	77
М. Әуезов – академиялық шешендік мектебі негізінқалаушы.....	86
І. Жансүгіровтің «Жолдастар» романының зерттелу мәселелері.....	94
Мотив және шығарма.....	99

ІІ БӨЛІМ

ҒЫЛЫМИ ПОРТРЕТТЕР ЖӘНЕ ЕСТЕЛІКТЕР

Х. Сүйіншәлиевтің әдебиет тарихы жайлы толғамдары.....	106
Р. Нұрғалидың драматургияны зерттеу әдістері.....	115
Бұла бастау. Тың толғамдар.....	123
Бақытжан Майтанов – қазақ әдебиеттануындағы	

жаңа бағыттың көшбасшысы.....	132
Б. Майтановтың «Портрет поэтикасы» зерттеуіндегі жаңашыл нысандар.....	155
Абыздар жолымен.....	163
Талғам. Толғам. Тағылым.....	174
Шортанбай ақын мұрасын зерттеу мәселелері.....	196
Ар ісін аялаған.....	204
Өрісті өнеге.....	214
Сенің дарқан көңіліңді кім ұғар?.....	220

III БӨЛІМ СӨЗ СЫМБАТЫ

Замана жыршысы.....	225
Ұлы жүректен туған «Ұлпан» романы.....	241
Жауһардай сый.....	244

IV БӨЛІМ КӨҢІЛ ТОЛҚИНЫ

Василь Шкляр. Алып қанатты құс (аударма).....	247
Ай астындағы аққулар (әңгіме).....	264

Раушан ӘБДІҚҰЛОВА

Жанр және шығарма

Зерттеулер, әңгімелер

(Қазақ тілінде)

«Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –

Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсенбай*

Бөлімдер Шәкен Бөкөтайұлының туындыларымен безендірілді.

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды

Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.

Пішімі 84x108^{1/32}. Шартты баспа табағы 15

Таралымы 2000+120 дана.

Тапсырыс №

«Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,

Абай даңғылы, 143. офис 400

Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.

Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ISBN 978-601-7505-24-0



9 786017 505240

Раушан ӘБДІҚҰЛОВА

Жанр және шығарма

Зерттеулер, әңгімелер

(Қазақ тілінде)

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –

Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Техникалық редакторы: *Талгат Әлімжанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсебай*

Бөлімдер Шәкен Бөкөтайұлының туындыларымен безендірілді.

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды

Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.

Пішімі 84x108^{1/32}. Шартты баспа табағы 15

Таралымы 2000+120 дана.

Тапсырыс № 369

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,

Абай даңғылы, 143. офис 400

Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.

Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

7

ISBN 978-601-7505-24-0



9 786017 505240

1205-55



© 1995-2000 წლები
შპს "საქართველოს ელემენტები"



00001516935



Раушан Әбдікұлова 1959 жылы 2 қаңтарда Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. 1981 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірді. 1981-1994 жылдар аралығында «Жазушы» баспасында, «Жалын» журналында қызмет істеген. Республикалық баспасөз беттерінде көптеген әдеби мақалалары, көркем туындылары, аудармалары жарияланып келеді.

2003 жылы «Бөлтірік Әлменұлының шығармашылығы» атты оқу құралы жарық көрді. 2004 жылы ЖОО Ассоциациясы шығарған «Қазақ тілі анықтамалығын» шығаруға қатысты. 2011 жылы «Қазақ тілі» оқулығы (авторлық бірлікте) жарық көрді. Раушан Әбдікұлова 1998-2016 жылдар аралығында ғылыми басылымдарда 100-ге жуық тіл және әдебиет мәселелеріне қатысты мақалалар жариялады. Ол «Әдебиет теориясы», «Жанр типологиясы», «Әдебиет поэтикасы», «Шешендік өнер поэтикасы» тектес негізгі теориялық пәндер мен элективті курстардан, магистратурада «Көркем мәтін теориясы», «Композиция поэтикасы және нарратология», «Интертекстуальдық компаративистика және текстология», «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» пәндерінен дәріс оқиды.